

ЖҮЗ
ТҮНҒЫШ



ЖҮЗ ТҰНҒЫШ

1-кітап



Алматы
“Жалын баспасы”
2005

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министірлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

38272

Ж 85 Жүз тұңғыш. Жинақ. 1-кітап. Құраст. — Бексұлтан
Нұржекеұлы. — Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2005. —
320 бет.

ISBN 9965-693-27-7

Бұл жинақ – қазақ халқының өміріне, тарихы мен мәдениетіне, ғылымы мен экономикасына қатысты әр саланы игеруге, ашуға, дамытуға тұңғыш із салған қазақ ұл-қыздары туралы жинақ. Мәселен, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, әлемнің тұңғыш жеті данағөйінің бірі болған қазақ бабасы Арыс, тұңғыш құн империясын құрған бабамыз Мүде, тұңғыш үйсін мемлекетін құрған Елсау Күнби, қазақ тайпаларының тұңғыш сөздігін жасаған Махмұт Қашқари, тұңғыш тарихын жазған Мұхаммед Хайдар Дулати, тұңғыш қазақ өлеңіне жаңа түрлер енгізген Абай, тұңғыш опера әншісі Күләш, тұңғыш археологиялық зерттеу жүргізуші Әлкей Марғұлан, тұңғыш кәсіби суретші Әбілхан, т.б. туралы деректі мағлұматтар мен мақалалар жинақталған.

Ж 4702250202-11
408 (05)-05 11-2005

ББК 63.3 (5 Қаз)

012



© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тарихының жазылуы мен танылуы жағынан қиындығы көп. Ең әуелгі себебі кеңес өкіметі кезінде ұзақ жыл мектепте оқытылмай келді. Содан соң тарихты әркім өзінше өз мүмкіндігінше оқыды. Өз бетінше оқудың өз бетінше кететіні белгілі: біреу оқығанды екінші адам оқымайды, соның салдарынан біреу білгенді біреу білмейді. Содан барып қазақы өркөкіректікпен біреудің білгенін екінші біреу мойындамайды, ал оныкін басқа мойындамайды. Сөйтіп, тарих байғұс ту-талақай болады: Бірізділік, қалыпқа түсу жағдайы қиындайды.

Көп білгеннің мәдениеті кеңдеу, аз білгендікі кемдеу, білгені де әрқилы, мәдениеті де сан қилы болған соң, қазақ та ауызбірлік қайдан болсын. Әркім өз тегін мадақтаңқырап, басқаны жамандап төмендетпесе де, айтпауға тырысып жатқаны – көз алдымызда. Әр тайпа мен әр рудың тарихы жалпы қазақ тарихының бұтағы мен жапырағы екенін біле тұрса да, өзгенікінен гөрі өзінікін көбірек, басыңқырақ айтқысы келіп тұрады, себебі өзгенікінен гөрі өзінікін тәуірірек біледі. Барлық тайпаның тарихи жағдайы жан-жақты, толық қамтылғанша, сірә, бұл өзімшілдік тоқтай да қоймас. Тарихи бір өтірік сол бір өтірікпен бітпейді, ол өзінен тарайтын мың өтірікті туындатады. Қазір бабаларын өтірік мақтау үшін оның туған жылы мен өлген жылын жалған белгілеу етек алып барады. “Ерте туған” батыр ертедегі тарихи оқиғаларға қатысып, бабалары атқаруға тиіс соғыстар мен биліктерге араласып, тарихымызды өтірік биліктер мен жалған жеңістермен толтырып жатыр. “Сондай аңыз бар”, – деген бір ауыз сөзбен бүкіл өтірігін дәлелдеуші патриоттар пайда боды. Ал ондайды

қолдаушылар тіпті көп, ішінде тарихшылар да, еместер де бар. Өстіп шындық өгірікке көміліп барады.

Тарих тарих болу үшін ол тек дерек пен дәлел арқылы ғана жазылуы керек, ал дерек пен дәлел жоқта жанама дерек пен дәлел арқылы жорамал ғана жасалуға тиіс. Дерекі мен дәлелі бар оқиғаның бетін дәлелі мен дерекі жоқ “намыс” тырнамауы керек. Ол – тарихтың мәдениеті. Бұл мәдениет сақталмаған жерде тарих шынайы жазылмайды. Тарихтағы ең обал нәрсе – нағыз атақты адам мен оқиғаның ұмыт қалуы және тарихи адам мен оқиғаның шын дәрежесінен өсіре, әсіре мадақталуы. Шын тарих атақтың да, оқиғаның да адал бағасын беруге тиіс.

Атақты адамдардың атына дәлелсіз айтылып жүрген мадақтың орынсыз екенін дәлелдеу ол адамның беделін төмендету болмайды, ол бар-жоғы шындықты анықтау ғана. Намыс үшін, атақ үшін айтыс-талас тарихтың қозғаушы күші боп табылмайды, оның ең нағыз және бірден-бір қозғаушы күші шындыққа жету ғана. Тарих үшін шындықтан басқа қызық та, қымбат та ештеңе жоқ.

Қазақтың арғы-бергі тарихында, арғы-бергі өмірінде әр істің әр саласын тұңғыш бастаушы, сөз жоқ, болған. Бірақ көбі ұмытылған. Мәселен, қазақтың сақ пен құн бабаларының бірі біздің дәуірімізге дейінгі дүниеде атты ерттеп мінуді ойлап тапқан. Соны ойлап тапқан сақ пен құн үзенгіні де, тартпасын да, ерді де, тоқымды да, құйысқан мен өмілдірікті де, ауыздық пен жүгенді де, тағы басқа ертұрманның түр-түрлерін түгел ойлап тапқан. Бірақ біз сол сақ пен құнның аты-жөнін білмейміз, өйткені оны тарих сақтамаған, сондықтан ұмытылған. Одан беріде де сақ, құн, қазақ бабаларымыздың ұрпағы талай істің тұңғыш көзін ашып, талай өнердің тұңғыш бастамашысы болды. Солардың біразы тарихта бар, көбі тағы да ұмытылған. Тіпті бергі тари-хымыздағы тұңғыштардың да талайы ұмытылып барады. Бұл кітаптың мақсаты – сондай ұмытылып кетуі мүмкін 100 тұңғыштың атын кітап бетінде сақтап қалу. Әзірше мың, сан мың тұңғыштың тек 100-ін ғана жазып отырмыз. Бұл да тарихымыздың бір тарамы. Бүкіл тұңғышты қамту – үлкен тарих, үлкен еңбек. Бұл – соның тек

басатамасы, үлгісі. Қазақта “күн – ортақ, жақсы – ортақ” деген аталы сөз бар. Халқымыздың болмысына, абыройына үлес қосқан тұңғыш бастамашыларды білу – ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Олар – күллі қазаққа ортақ.

Қазақстан тәуелсіз ел болмаса, қазақтың “Жүз тұңғышын” шығару мүмкін емес еді. Сондықтан кітап бетін қазақтың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевпен аштық.

“100 тұңғышты” толықтыру мақсатында талап, ұсыныс айтқандарға алдын ала алғысымызды білдіреміз. Біздің мекеніміз: 050009 Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143. “Жалын баспасы” ЖШС, 244, 245-бөлме (кабинет).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘНҰРАНЫ

Әнін жазған — Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский,
Латыф Хамиди

Өлеңін жазған — Мұзафар Әлімбаев, Қадыр
Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева

*

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен,
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте.

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі —
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте.

Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат.
Ар-ождан, ана тіл, өнеге — салтымыз,
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте.

НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

1

1940-жылы 6-шілдеде Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылында туған

* * *

**Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті;
Қазақстан Республикасының тұңғыш Жоғарғы Бас қолбасшысы;**

**Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының тұңғыш президенті;
Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Астана қаласына тұңғыш көшірген президент;**

Қазақстан Республикасының рәміздерін тұңғыш бекіткен президент;

Тұңғыш Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрушы, т.б.

* * *

Алпыстан асқан елбасына ақыл айту керек пе әлде одан ақыл сұрау жөн бе?

Қазіргі заманда ақыл сұрау мен ақыл айту аса қиын бола қоймас, оданда біз одан нені күттік, ол нені істей алды, нені істей алмады — соны ақылға салған орынды шығар.

Біз одан бәрін күттік, ол әлі бәрін істеп үлгіре алған жоқ. Қателеспесе екен деп тіледік, бірақ қателесті. Шуладық, сынадық, жамандадық, айтқымыз келгеннің бәрін айттық, жаздық. Сәл ес жиып, жан-жағымызға қарадық. Сонда ғана ұға бастадық: оның қателіктері 300 жылға жуық өз елін өзі билеп көрмеген ұрпақтың тәжірибесіздігінен, тәуелсіз елді басқарудың тосындығынан туындапты.

Алайда мың мәрте тауба: ел ішіндегі арқаулар мен үзіктердің бірі босап, бірі үзіліп қалуына жедел шара жасай алмағанымен, елдің өзекті-өзекті мәселелерінде, халықтың тұтастығы мен татулығын сақтауда, тарихи Отанымызды әлемдік саяси ортаға таныстыруда; сыйласуға, санасуға жарайтын ізгі ниетті ел

екенімізді ірі мен кішіге жалықпай ұғындыруда ол қателеспеді. Соның арқасында біз әуелгі кезде не болса соған байбалам сап, бір-бірімізді байыпқа бармай бас салсақ, қазір бірте-бірте айтысымыз да, пікірталасымыз да байбаламнан гөрі дәйектілік пен деректілікке зейін қойып келе жатқан, бірақ әлі де бәрін үйреніп, бәрін игеріп кете қоймаған, демократиялық мемлекет құру жолында татулық пен орнықтылықты бұлжымас басшылыққа алған ел болып отырмыз.

Бізге, шын мәнінде, ішкі айтыс та, сыртқы тартыс та — екеуі де үрейлі. Оның түпкі нәтижесін тарихымыздан білеміз. Күлтегін ескерткішінің үлкен жазуында мынандай ғажап ескертпе бар:

“Бектері, халқы (түз) болмағандықтан, табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылды. Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың күл болды, ару қыздарың күң болды” (“Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, Астана, 2005, 186-бет).

Соңу VIII-ғасырда Йоллығ тегін бабамыз айтқан бұл сөзден бүгінгі күннің көкейкесті ұраны атойлап тұр. Әрине, президентті сынау керек, себебі сынау деген — сақтандыру. Ал енді бас-көз жоқ “Америка біздің елді жамандап жатыр”, “Бөленше деген елдің бөленшесі біздің елбасымызға өйтіп айтты, бүйтіп айтты”, — деп, сырттың бізге суықтық танытқанына қуанушыларды ешқашан құптауға болмайды. Өйтетін болсақ, Йоллығ-тегін айтқан “бектер мен халықтың ымырасыздығына” ұшыраймыз. “Бақыт, қайда барасың?” — дегенде, “Ынтымағы жарасқан жерге барамын”, — дегенді бабаларымыз жай айтып қана кеткен жоқ, бізге аманаттап та кетті.

Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев осындай зардапты қателіктерді болдырмау үшін, кішігірім «қателіктерді» соның құрбандығына саналы түрде шалатын болу керек. Онысы шын мәніндегі қателік пе еді әлде тактика ма еді — оны келешек өмір өзі көрсетеді.

Айтқаны болатын, дегені жүретін, басқалар санасатын, қандастары сыйласатын беделді елдердің қатарына тез қосыла кеткіміз келетіні рас. Ондай дүние оңай орнай қоя ма бірақ?

— Әкеміз, ағамыз құрған халықтың Атақ, даңқы өшпесін деп, Түркі халқы үшін Түн ұйқтамадым, Күндіз отырмадым, — деген ғой Күлтегін.

Сөйтіп күндіз күлкісін, түнде ұйқысын бөліп ел басқармады ма Назарбаев? Кімге де болса еңбегінің зейнетін көру — бақыт. Пенде ретінде Назарбаев та күні ертең Йоллығ тегінге ұксап:

— Тәңірі жарылқап, құтым бар үшін, нәсібім бар үшін, әлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Ығыр (болған) елдікті, ығыр (болған) қағандықты игі қылдым. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым, — дегісі келетін болар-ау! Ондай жарқын үміті болмаса, «Қазақстан-2030» бағдарламасын белгілер ме еді?

Рас, Назарбаевтың кей шаралары қанатты құс та, тұяқты аң да — бәрі жапа-тармағай іше беретін жайдақ суға еш ұқсамайды; астарын, түпкі мәнін, қай себептің негізгі, қай себептің әншейін алдарқату екенін ә дегенде аңғара алмай қаласың. Әркім әрқалай бағалап, шуласып қалатынымыз да содан. Біз көреген боп талай сынадық, дәлелдедік, бірақ түбінде ол көреген болып шығып жүр. Мәселен, Семейді Шығыс Қазақстанға, Көкшетауды Солтүстік Қазақстанға, Торғайды Қостанайға, Талдықорғанды Алматы облысына қосып кеп жіберді. Ал кеп президентті жан-жақтан найзаладық. Байланысты бұзды, басқару икемділігін әлсіретті, аз ғана шенеуніктердің жалақысын үнемдеймін деп, одан әлдеқайда қымбат қалыптасқан басшылық жүйесін қиратты деп соқтік. Ол да қаржы үнемдеу үшін өстідім дегендей ыңғай танытты. Уақыт өте келе, басымызға тепкен қан бой-бойға тарай келе қарасақ, президент әріден ойлап, өзіміздің ішіміздегі іріткілер мен сыртымыздағы сөз жүгірткіштеріміздің аузына саяси құм құю үшін сөйткен екен: қазір сол біріккен облыстардың бәрінде де қазақ халқының үлес пайызы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Соны күнілгері көре білгеніне қайтіп ренжисің? Неге ренжисің?

Саясат деген, әрине, ақиқаттың өзі емес. Алайда ақиқатты қару ететін әдіс. Қауіптің алдын алу, ол мүмкін болмаған жағдайда, ушықтыратын сылтау-себептердің көзін жою да ақылды қулықтың әрекеті. Бір кезде Орал жақтан ұшқындаған қактығыс — соқтығысты есепке алғандықтан болар, президент еліміздің әкімшілік-басқару жүйесіне Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан деген атаулар енгізді.

Бәрін айт та, бірін айт демекші, ол астананы Алматыдан көшірем дегенде қандай дүрліктік!? Біреулеріміз: «Өзі де туып-өскен өлкеден астананы алыстатып әкеткені несі?» —

деп ренжісек, енді біреулеріміз: «Оңтүстіктің қазақтарын енді орталыққа әкелгелі жатыр», — деп күстәналадық. Екі пікірдің де әншейін аласа ұғымнан шыққан шығ-бығ екеніне енді-енді ғана көзіміз жете бастады: Алматыдай жақсы астананы халқыңның жақсылығы үшін қиып кетуге де болады екен; қазағы аз жерге қазағы көп жерден ел көшіру де елдігінді нығайтады екен. Ұсақтықтан туатын ұсақ-түйек реніштердің шығатынын біле тұрып, жалпыхалықтық мүдде үшін бәріне тәуекел деп бел буу — ол енді мақтап айтсаң да, жағымпазданып айтсаң да, бәрібір — ерлік. Ерлікті ерлік дей алмаудың өзі — қиянат. Тіпті, Ақмоланың Астана атанған бүгінгі күнін айтпай-ақ қояйын, алғаш астананың тұсаукесеріне барғанымда-ақ: «Қазақтар біраз көбейіп, ел де, жер де өзіміздікі екенін ұғып, еңсеміз көтеріліп қалды», — дегенді өз құлағыммен естіп, «Е, құдай, бере көр!» — деп қайтқанмын. Сөйтіп, «е, құдай» дегенге көзіміз жеткенше президентті ағаш атқа олай да мінгізіп, бұлай да мінгізіп жіберетініміз бар-ақ қой.

Кезінде «Жас алаш» газеті Тұрсынбай Жандәулеттің «Бәрінен қымбаты — азаттық» атты жаны ышқынып жазған мақаласын басты. Газет-журнал, теле-радио материалдарына қатысты ойын білдіріп: «Мемлекетті басқарып жүргендердің бәрі жебір, арамтамақ, оңбағандар болып көрсетіліп, қара халық зәбірленуші ретінде бейнеленеді. Сөйтіп, қалың бұқараның құқын қорғап, шыр-шыр болып жүргендер журналистер мен оппозиция ғана болып шығады», — депті. Шынында, жаны бар сөз. Кемшілікті сынау, келеңсіздіктердің бетін ашу, зиянды әрекеттердің бет-пердесін сыпырып көрсету — бәрі де халық үшін қажет нәрсе. Бірақ соларды ашқан боп, сынаған боп отырып, халық пен оның басқарушылары арасына от тастап, сенімсіздік пен күдік тудыру үшін, осының бәрі солардың қолымен әдейі істеліп отыр деуге солардың қалай дәті баратынына қайранмын. Біліп тұрып бүлік салатын осындайлар шығар қайта еліміздің даму қарқынын тежеп, ынтымақ күшімізді ыдыратып жүрген?

Қилы заманда, қысталаң уақытта елдің қаймағы саналатын зиялылардың ауызбірліксіз болуына президент қынжылмайды деп қалай ойларсыз? Содан да болар, белгілі емес адамдарды қызмет аренасына шығара бастады. Жауапты қызметтерге жаппай жастар жоғарылатылды. Осы тұста, өзі де мойындағандай, президенттің кадр таңдаудағы қателіктері көрініс берді. Алайда жаңадан мемлекет құрып жатқан кезде ондай қателіктердің орын алуы түсінікті де

болса керек. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегенді атам қазақ жайдан-жай айта салмаған болар.

«Қыруар қиямет кештік. Қатені де көп жібердік. Көп қатемізді өзіміз түзедік», — дейді ол «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында (104-бет). Қателік жіберу — құдайдан басқаның бәріне тән, ал өз қателігін түзей білу, түсіну — кез келгеннің қолынан келе бермейтін биіктік. Сондай биіктікке Нүрекең бір емес, сан мәрте көтеріле білді. Ол — Қазақстанның жас мемлекетімен қатарлас өсіп, сонымен бірге бұғанасы қатып келе жатқан, үнемі елімен бірге биікке шығып бара жатқан, басқару мен бас болудың даналығын тірнектеп үйреніп, ерінбей-жалықпай бойына сіңіріп келе жатқан президент.

Кейде оның мүмкін емес жағдайды мүмкін етпегендігін де қателігі санаймыз. Өйткені бәрін содан көреміз, бәрі үшін соны сынаймыз. Бір ойдан, өйтпегенде қайтеміз? «Анау кінәлі» деп біреуді көрсетпесек, көңіліміздің көншімейтіні рас қой.

Назарбаев Қазақстанның тұңғыш президенті болып 1990-жылы 24-көкекте сайланды. Кеңес өкіметі әлі құламай тұрған кезде, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі сайлады. Ол тұста кеңестік жүйенің экономикалық та, саяси жағынан да быт-шыты шыға бастаған-ды. Оған тосқауыл болу ешкімнің қолынан келмеді. Бұрынғы Одақтас республикалар бірінен кейін бірі өзінің мемлекеттік егемендігі туралы декларация жариялай бастады. Біз: «Назарбаев қайда қарап отыр? Неге декларация жарияламайды?» — деп сөктік. Ол әліптің аяғын бағып асықпады. Ақырында 1990-жылдың 24-қазанында — достың да, қастың да құлағы оған әбден үйренген кезде — біз де егемендігіміз туралы декларация қабылдадық.

1991-жылы Мәскеуде әйгілі «тамыз бүлігі» бұрқ ете түсті. Бұлқынбай, жүлқынбай, біз тағы да әліптің аяғын күткен әдіс қолдандық. Соның нәтижесінде, сыртта ешкімге ұрынбадық, іште өзара бүлінбедік. Сол жылдың күзінде бірінен кейін бірі бұрынғы одақтас республикалар өзінің тәуелсіздігін жариялап жатты. Біздің президент тағы әліптің аяғын бағып, тіпті тәуелсіздік дегенге немқұрайды қарайтындай қалып танытты. Біз тағы ойбайға бастық: жан-жағымыздағы елдің не істеп жатқанын неге көрмейміз, солардың істегенін неге істемейміз? Асыққандар озып кетіп, біз қалып қоятындай шыдамсыздандық. Президенттің асықпайтын, саспайтын сабырлылығы бір жағынан, зиялы қауымның еркін ел болуға ынтыққан төзімсіз мінезі екінші жағынан бір-бірімен ұшырасып,

халықтың саяси белсенділігіне кәдімгідей өршу туғызды. Бірақ түрлі ойлап, бір-ақ нұсқамен қызмет жасауға дағдыланған ел еркін сөйлеудің, батыл пікір айтудың алғашқы дәміне масая бастағандай да еді.

1991-жылдың 1-желтоқсанында Назарбаев жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде президент болып сайланды. Содан кейін сол жылдың 16-желтоқсанында «Қазақстан республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойылды. 1999-жылдың 10-қаңтарында тұңғыш баламалы президенттік сайлаудың нәтижесінде Назарбаев тағы да халық қолдауына ие болды. Демократиялық тұрғыдан салыстыра қарасақ, 1990-жылғы сайлаудан гөрі 1991-жылғы, 1991-жылғыдан 1999-жылғы сайлаудың көш ілгері ұйымдастырылғаны байқалады.

Демократиялық тәртіпті бірте-бірте бойға сіңіріп келе жатқанымызды сайлау жүйесін үнемі жетілдіріп отырған осындай бағытымыз да аңғартады. Бірақ жалпымемлекеттік нағыз әділ сайлауға қол жеткізу үшін, әрбір сайлау жүйесін басқарушы мен сайлаушы әділ болатын заманды күтуіміз қажет. Соған бет алып бара жатқандығымызды көргісі келмейтіндер ғана көре алмайтын шығар, сірә.

Меніңше, Назарбаевтың басшы ретіндегі айрықша бір өзгешілігі халықаралық, ұлтаралық мәселелердің шиелінісін асығыстыққа салмай, арандататын пікірлердің ығы мен ырқына жығылмай, әліптін аяғын баға сабырмен, уақыптың талабымен үйлестіре, жан-жақты мүдделердің тоқайласу нүктесін таба біліп шешуінде. Ол өзінің жетсем-ау деген саяси және ұлттық биік мақсаттарын әрдайым есінен шығармағанымен, соған жету үшін жақсы ұранды жамылып жақсы атақ алуға қызықпайды, қолдан келетін нақты мүмкіндіктерді ғана түгел пайдаланып, эволюциялық жолмен тұрақты жылжи бергенді жөн көреді. Өйткені, өзі айтпақшы, «саясаттың негізгі мақсаты-адам, қоғам, ел қамы екеніне» ол — көбімізден бұрын көз жеткізген адам. Адамның, қоғамның, елдің обалына қалмауды ар-ұятымен сезінген адам ғана сөйтсе керек.

Халықаралық мәселелерді шешу барысында АҚШ, Ресей, Қытай сияқты ірі, қай жағынан да күшті елдер біздің президентке әртүрлі қысым жасап, сес көрсетпейді дегенге өз басым сене алмаймын. Соның бәріне көре-біле төзіп, өз елінің пайдасына икемдеп ақылмен мәселе шешу президенттен зор білімділік пен парасаттылықты, мәдениеттілік пен мінезділікті қажет ететіні сөзсіз. ТМД елдерінің құрылуында, шекара және кеден мәселелерінің шешілуінде, Еуразия одағын ұйымдастыруда біздің президент үнемі бастаушы боп

жүргендігін ұмыта қойғамыз жоқ. Әлем үшін Қазақстан бейтаныс өлке еді, қазір, құдайға шүкір, әлемдік саясаттың аузына жиі ілігетін елге айналдық. 1994-жылы АҚШ, Ресей, Ұлыбритания тарапынан Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік берілген Будапешт меморандумына қол қойылды. Кейін мұндай кепілдік Франция мен ҚХР-дан да алынды. Жүзден аса мемлекет таныған, БҰҰ-дың және оның құрылымдарының толық қақылы мүшесі болған, өз ақшасы бар, аумағы жағынан әлемдегі тоғызыншы мемлекетпіз. Әрине, болып-тола қойған жоқпыз, бірақ барлық жағынан да болып-толуға талпынып келе жатқан елміз.

Президент Америкаға да аузын ашып таңданбай, Францияға да бас изеп көне кетпей, дамудың тек Қазақстандық қана жолын іздестіріп, үнемі соны табумен келеді. Ал ондай жол басқа жолдардың ешбірін де жоққа шығармайды, қайта бөрінен де бірдеме алады.

Президент жүзеге асырған ең жауапты жұмыс — жекешелендіру. Жекеменшігі жоқ, жекеменшілігімен жанын бағып өзін өзі асырап отырмаған адам ешқашан өзінің сөз, пікір тәуелсіздігін, экономикалық тәуелсіздігін жүзеге асыра алмайды. Өзін өзі баға алмайтын адам бәрібір басқаға тәуелді болады. Сонан соң өзін кім асырап отырса, соның сөзін сөйлейді. Адамдардың теңдігіне, бір-біріне бағынышты еместігіне тек жекешелендіру арқылы ғана қол жеткізуге болатындықтан, демократиялық жолға түскен Қазақстан да бұл істен тысқары қала алмайтын еді. Бұл өзі, шынын айтқанда, нағыз саяси-экономикалық өзгерістердің түп негізі болып саналатын нәрсе. Санамызға, тірлігімізге еніп жатқан бүкіл бүгінгі өзгеріс осы жекешелендіруден басталды. Бұл маңызды жұмыс та еш қателіксіз жүзеге асты деу артық болар. Дүние-мүлікке ие болып қалу үшін заңды ары бұрғандар да, бері бұрғандар да болды. Әуелі жұрттың баспанасы, содан соң үй маңындағы жер учаскесі жекешелендірілді. Соның нәтижесінде, бұрын совхозда істейтіндер 7 жүздік, колхоздағылар 25 жүздік жерге ие болды. «Ауылда жұмыс жоқ дегенді мен түсінбеймін», — деген президенттің танданысы да осындай жері бар жұрттың жерді пайдаланбай немесе пайдалана алмай отырғандығына қатысты болу керек. Меншігінде жері бар жұрт қалайша қайыр тілейтін күйге түспек деген сұрақ бәрімізді де ойландырады.

Мекемелер, өндіріс және өнеркәсіп орындары жекешеленгенде де халықтық мүдде мен жеке бастың мүдделері талай-

татай айқасқа түскені бәріміздің есімізде. Ол реніштің ең басты себебі, меніңше, мынада: ежелден 30-40 бөлмеге иелік етіп келе жатқан мекемелер жекеленгеннен кейін ең болмаса соның бір бөлмесіне де ие бола алмай қалды, өзі отырған үйге өзі жал төлейтін боп шықты. Соның салдарынан көбі тарап кетті, кейбірі өлермендік халге жетті. «Керек болса, тегін беріңдер!» — деп жатқан президентті біреу тыңдаса, біреу тындамады. Оппозиция мен басқа да реніштілердің: «Президент төңірегі нашар, заңды, жарлықты орындаушы орындар адал емес», — деген пікірлері осындай-осындайдан барып туындаса керек. Расында, оның төңірегінде, төменгі сатыдағы орындаушылар арасында елім үшін деп еңіреп тұрмағандар баршылық қой.

Мен мысалға өз басымнан өткенді айтайын. 1993-жылы өзімше уақыт талабына ілескім келіп, «Горный гигант» совхозының «Восток» бөлімшесінен әйеліме үй сатып әперіп, сол шаруашылыққа жұмысшы етіп қабылдатып, 1,5 га алмабақты жалға алдырдым да, енді соның негізінде бұрынғы үй иесінің учаскесін әйелімнің меншігіне айналдырып, шаруа қожалығын құруға әрекет жасадым. Совхоз деректірі де, ауылдық кеңестің төрағасы да ары созып, бері созып, әрі жүгіртіп, бері жүгіртіп әбден шаршатты. Содан соң 1997-жылы облыс әкімі С.Үмбетовтің алдына барып қана мәселені оңынан шештім. Соның өзінде ауылдық кеңес картасын қате сызып беріпті. «Түзетіп бер», — десем, «Қайтадан ақша төлеңіз», — дейді. Оның қателігі үшін де мен ақша төлейді екем. Сонымен, не керек, мен құжатымды жасап біткенше алмабақтың да шаруасы бітті: жабайы тоғайға айналып кетті.

Облыс әкіміне, аудан әкіміне кіре алатындай мүмкіндігім бар менің өзім 3-4 жылымды сарп еткен мәселеге ауылдағы қолы қысқа шаруалар қанша жыл әуреге түсті екен дегенді еріксіз ойлаймын. Әкімдердің, деректірлердің сондай қылығына ашынған жұрт, сөз жоқ, сондайларды басшы қып қойған президентке де ренжиді, себебі ренжуден басқа ештеңе де қолдарынан келмейді.

Өзінді өзін асыраудың қаладағы бір жолы — шағын кәсіпкерлікпен айналысу, ал оның қазақ үшін қолдан келетіндеуі — дүкен ашу. Президенттің бұл саланы дамыту қажет деп қаншама баяндама жасап, қаншама жарлық шығарғанын санап тауысу да қазір аз шаруа емес. Соған қарамастан бұл салаға атүсті қараушылық, істің нағыз мәнін түсінбеушілік әлі күнге дейін орын алып келеді. Өсірудің орнына, үнін өшіру әдісі әдейі қолданылатын сияқты.

Тағы өзім білетін бір мысал. Бірінші қабаттан үй сатып алып, оны дүкен жасадым. Аудандық салық инспекциясы есептеді де, айына патентке 49 762 теңге төлейтіндігім жайында құжат жасап берді, дөңгелектегенде, 50 мың. Сенерімді де, сенбесімді де білмедім. «Неге мұншама көп?» – дедім. «Сіздің сауда жасайтын нүктеңіз 43,90 шаршы метір, қазір патент мөлшері сол көлемге байланысты белгіленеді», – деді. «Сонда салық қанша сауда жасағанымға емес, қанша шаршы метір жерді сауда орнына айналдырғанымға салына ма?» – дедім. «Заң солай», – деді. «Бұл дүкенім айына 50 мың теңге салыққа, 20-30 мың теңге сатушылардың жалақысына, 5 мың теңге коммуналдық қызметке төлеуге, құрығанда солардың сыртында ең құрығанда 30 мың теңге өзіме пайда табуға жараса, онда бұл дүкен дүкен емес, нағыз қазына болды ғой, шырағым», – дедім де шығып кеттім. Бірақ мен шығып кеткенмен, қалада қаншама дүкен қызмет жасап тұр. Соның бәрі айына 105-115 мың таза табыс түсіріп тұр дегенге өз басым сенбеймін. Сөз жоқ, басқа амалын тауып жан бағып тұр. Өйткені соншама қатар-қатар дүкеннің бір-бірінен айырмасы жоқ тауарларын үздіксіз сатып ала беретін халық қайда? Оның ондай ақшасы қайда?

Біздің ойымызша, осыған да президент кінәлі. Дәл осындай тәртіп барын оған кім баяндайды? Мұндай-мұндайды да президентсіз шеше алмайтындығымыз, әрине, шаршатады. Ол білсе, білуге үлгерсе, мұндай сорақылықтың болмайтындығында дау жоқ. Бірақ ол мұндайдың бәріне өзім үлгерем десе, онда ештемеге де үлгермеуі мүмкін ғой. Ерте ме, кеш пе бұл келеңсіз жағдай жойылады. Тез арада жойыла қоймады деп қана қынжыламыз.

Тағы мысал. Сыбайластыққа қарсы күресу туралы президент жарлығы шықты. Дәл сол жарлық шыққан күні-ақ күрес басталды. Ол күрестің көп жағдайда қозбояушы, сыбайластығы жоқ жерден сыбайластық тапқан күрес болғанын көп жұрт біледі. Бірін мен де білем. Мектепте бірге оқыған досым туған ауданымдағы салық инспекциясының бастығы болатын. Аудандық қауіпсіздік комитетінің екі қызметкері соны «пәре алып жатқан жерінен» ұстады. Дереву республикалық телехабардан бергізіп, сыбайластыққа, парақорлыққа қарсы белсенді күресіп жатқандықтарын дәлелдеп бақты. Ал іс шын мәнінде қалай болды дейсіз ғой? Досым салық жүйесінің тәртібі туралы шыққан бұрынғы бастығының кітабын бір әйелге сатып беруге тапсырады. Аудандық әкім тарапынан туындаған қызмет бабындағы өштік пен кектестікті

басшылыққа алған аудандық қауіпсіздік комитетінің басшысы әлгі әйелді үгіттеп, екі қызметкеріне арнайы тапсырма беріп, сатылған кітаптың ақшасын әкеліп беріп тұрған заматта соны пәре алды деген жала қылып, досымды дереу қамауға алды. Өздері әдейі құрған торды өздерінің сыбайластық пен паракорлыққа қарсы күресі етіп көрсетті. Шындық іздеп кімге бармадық, кімнен көмек сұрамадық. Қарға қарғаның көзін шұқымайтынын сонда көрдім. Бұрыннан мені танытын облыстың әкімі ауданның әкімін қолдады. Қанша дегенмен қиянаттың қиянат екенін ажырата білетін адамдар бар ғой, досым ақырында толық ақталып шықты. Бірақ оның қызметіне сол әрекетті ұйымдастырғандардың өз адамы отырды, олардың о бастағы мақсаты да сол болатын. Ал досым жұмыссыз қалды. Айналып келгенде, жоқ қылмысты қолдан жасаған қауіпсіздік комитетінің екі қызметкері жеті жылға сотталып кетті. Біреудің бұйрығын орындаған байғұстар екі ортада өздері орға түсті. Өстіп жеке бастың кегін, өз нәпсісін күйттеген жандар әділдікті аттап қана қоймай, халықтың әділдікке деген сеніміне де ақау түсіреді. Заңды білетін ондайлар өз кінәсі үшін өзгені қалай құрбан қылып жіберудің де заңдары мен жолдарын жақсы біледі. Сөйтіп, нағыз сыбайластар өтірік сыбайластықты әшкерелеп, талай тағдырды талқан етеді. Адамдардың моральдық-мәдени дәрежесінің төмендігінен туындап жатқан осындай жағдайлар үшін де президентті кінәлаймыз. Сондай-сондайларды неге ондай қызметке қояды деп сөгеміз. Ал қойдыратын, ұсына-тын — өзіміз.

Осындайлардың бар екенін президент, сірә, бізден жақсы білер. Өйткені оның мәлімет жинау мүмкіндігі біздікінен әлдеқайда мол. Біледі, біле тұрып, ол да қынжылады деп ойлаймын. Өйткені соның бәрін қолын бір сермегенде-ақ сылып тастайтын сиқыр күштің жоқтығын, оған ұзақ уақыт, ұзақ жылы табанды күрес қажеттігін ол білмейді дегенге кім сенеді?

Алайда ананың орнына мынаны, мынаның орнына ананы қойса, бәрі дұрыс болар еді дейтіндей солардан артық істейтін адамдарымыз да асып-төгіліп жатқан жоқ қой. Сондықтан президенттің де барымен базар болып отырғанын түсіну қиын емес.

Президенттің өзі де, тағайындаған басшылары да әділ сынағаннан өз абыройынан айрылмайды. Сын жинақыландырады, жауапкершілігін арттырады. Алайда жалаға, бұрмалауға

негізделген сынаулар мен мінеулер елдің ұйтқысын бұзуға ғана бағытталады. Оның пайдасынан зияны басым.

Оппозициямен жұмыс істеуде де тәжірибесіздікті бастан кештік. Мәселен, Қасен Қожақмет 1991-жылы Назарбаевпен қатар президенттік сайлауға түспекші болды. Әрине, халық оны сайламайтын еді. Өйткені ол ел басқару тәжірибесі мүлдем жоқ, саяси-экономикалық жағдайды халықаралық бірлікте қарауға бұрын-соңды мүмкіндігі болып көрмеген жігіт-тін. Оның басы ашық бір қасиеті — өз халқын сүйетіндігі, сол үшін күйіп-жанатындығы. Амал не, құжаттары шынымен дұрыс болмады ма, әйтеуір, сол сайлауға ол жіберілмей қалды. Егер жіберілгенде, демократиялық жолмен баламалы сайлауды біз сол 1991-жылы-ақ өткізген болар едік. Жас мемлекетіміз үшін оның өзі жақсы бастама ретінде бағаланар еді.

Президентті «отырса, опак, тұрса, сопак» дейтін оппозицияның мүддесі, менінше, халық үшін өте қауіпті. Одақ қирап, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған тұста, біздің мемлекет өзгелерге қарағанда Ресеймен жақсы қатынасын үзе қойған жоқ. Ежелгі экономикалық байланыстарды сақтап қалуға тырысқан біздей бірде-бір ТМД мемлекеті болған жоқ. Сол кезде Назарбаевқа орысшыл деген кінә айтылды. Орыстай алып көршімен тек тату байланыста болғанда ғана қазақтың бағы ашылатынын ол сол кезде-ақ өз санасына сіңіріп қойған екен. Тәуелсіздік деген ешкімді менсінбей мұрынды көкке көтеріп жүру емес, ірімен де, ұсақпен де тіл табысу екенін Назарбаев, құдайға шүкір, дер кезінде ұғынған президент. Оппозиция кейде маған оның кінәсін сынағаннан бұрын жетістігін көре алмайтын іштарлығы, қызғанышы басым сияқты сезіледі. Өйткені...

Уақыт өткен сайын ел ішіне ірілі-ұсақты өзгерістер ене бастады. Біздегі орыстар мен немістер өз Отанына кетті, сырттағы қазақтар өз атамекеніне орала бастады. Енді оппозиция орыстардың ол кетуін Назарбаевтың қудалауынан, қысым көрсетуінен деп дәлелдей бастады. Олай еместігін біле тұра қасақана жала жапты. Олардың айтуынша, Моңғолиядан келген қазақтар Моңғол мемлекетінің қысым жасауынан, Қытай мен Ираннан оралғандар да ол мемлекеттердің қысымынан қашпайды екен де, тек орыстар ғана Назарбаевтың қысым жасауынан кетеді екен. Ресейге барып, содан қайта оралып жатқан орыстар «Назарбаевтың қысымын» сағынғаннан оралып жатқан болып шығады сонда. Оппозиция осыншалық жосықсыз жаланы неге жабады? Өйткені оның түп мәні елдің қамын ойлауда, демократияны күлдендіруде емес, бақталастық пен

тақталастықта. Сол өтіріктерінің негізінде Қазақстан мен Ресейді қырғи қабақ етіп қоюдан да, соғыс жағдайына итермелеуден де олар тайынайын деп отырған жоқ, қайта сондай жағдайға жеткіземіз дегенді ишаралап қорқытқылары келеді.

Баққа, таққа таласам деп жүріп, өз елінің ақыр түбіне жеткен Әмірсананы мен ылғи мысалға тартам. Әмірсана ақылды да, батыр да, өз елін, өз қалмақ халқын сүйген патриот та адам болған шығар, бірақ өз мемлекетін, өз халқын сақтап қалуға жұмсалмаған ақыл мен батырлықтың, ессіз елсүйгіштіктің кімге қажеттігі бар? Моңғол халқы оны ұлт азаттық көтерілісінің көсемі, халық батыры санап, әлі де ардақтайтын көрінеді. Бірақ бақталастарын мұқатам деп жүріп өз елінің түбіне жеткен батырдың қылығы біздер үшін тәлім-тәрбие болмауға тиіс. Таққа таласқан Әмірсана өз бақталасын жеңу үшін, Қытай мемлекетінен әскери көмек сұрайды. Себеп таба алмай отырған Қытайға бұл бір көктен сұрағаны жерден табылғандай жағдай болады. Қаптаған әскердің алдыңғы шебін Әмірсананың өзіне басқартып қойып тұрып жоңғарлықтарды қырады. Олардың ойын кеш түсінген Әмірсана енді Қытайға қарсы өзі соғыс салады. Бірақ, амалы не, бәрі кеш болады. Жоңғар мемлекеті өстіп жер бетінен жойылды. Өкінгенмен, опыққанмен орнына келмейтін осындай қателіктерден біздің оппозиция да ой түйгені орынды болар еді. Амал не, кейбір газет Вашингтон мен Мәскеу Қазақстан президентінің саяси қателерін жіті қадағалап отыр дегенді айтып, өз елін сырт елдің бағындыра, қорқыта саясат ұстағанына қуаныш танытады, тіпті сүйсінеді. Өз еліндегі ішкі ахуалды солардың қысымымен өзгерткілері келеді. Елінің еркіндігін тежейтін әрекеттен де тайынбау деген — сол («Солдат» газеті, №11, 2000-ж.).

«Ғасырлар тоғысында» президент былай дейді: «Хантингтон тауып айтқандай, бұрынғы халықаралық аядағы идеологиялық, таптық, одақтастық жанжалдар негізінен адамдар мен елдерге қойылатын: «Сен кімнің жағындасың?» — дейтін сауалдан туындайтын. Ал бүгінде атымен басқа сауал қойылады. Ол сауал азаматқа да, саясатшыға да, ұлтқа да, мемлекетке де қойылады. Ол: «Сен өзің кімсің?» — деген сауал» (258-бет).

Сол: «Сен өзің кімсің?» — деген сауалға біздің әрбір азаматымыз, ұлтымыз бен мемлекетіміз қандай жауап беруі керек? Ол үшін ежелгі, кешегі, бүгінгі тарихты терең білу — бірінші қажеттілік. Сондықтан да президент бір жылды тарих жылы, тағы бірін ұрпақтар сабақтастығы, мәдениетті қорғау жылы деп жариялаған болу керек. «Біз осындай ежелден

өзіндік тарихы мен мәдениеті бар елміз», — деп ауыз толтырып айтуға қақылы елміз. Тек соны біліп, талдап, жүйелі дәлелдеп айтуымыз керек.

Тарих — президент Назарбаевқа да, оппозицияның қай-қайсысына да, біздің бөрімізге де ұстаз. Тарихшыларға түрткі болсын дегендей, президент «Тарих толқынында» атты кітап та шығарды. Ол жазғаны тарих емес, тарихты арқау ете отырып халықпен сырласу-ды. Ежелден келе жатқан ел екенімізді, көне тарихта ата-бабамыздың айта қаларлықтай ізі қалған халық екенімізді еске сала отырып, бүгінгі заманда да тарихқа із қалдыратындай мемлекет құруға шақырды. Шынында, сақ-құн-үйсін-түрік-қыпшақ-қазақ аталатын тарихи тізбекке көңіл жүгіртсек, біздің ататегіміз қай жағынан да ешкімнен кем емес. Кем емес ұрпақ кем еместігін іспен дәлелдеуге тиіс деген үндеу, қайрау да, ата жолымен адаспай жол табамыз деген сенім де сол кітапта баршылық.

Өкінішке орай, тарихты біз әлі де саясаттың, жақсылау мен жамандаудың құралы етіп қор қылып келеміз. Ол, сөз жок, кешегі кеңестік саясаттың әлі үзілмей келе жатқан кесепаты. Одан арылмайынша, тарихи шындықты табам деу — далбаса, ал тарих шындығымен ғана күшті. Былтыр мен биылдың арасында әйгілі тарихшы екі ағамның мақалалары маған бір сыр ашты. «Егемен Қазақстанға» әуелі бірі Абылайдың хан болған кезі 1730-жылдардың басы емес, кейінірек, құжаттар соны дәлелдейді деген пікір жазды. Ол пікір басқа ағамның пікіріне қайшы келген екен, әлгі ағам қарсы мақала жазып, алдыңғы ағамның пікірін «батырлардың батырын», «әлемдік деңгейдегі алып тұлғаны кемсіту» деп бағалады. Аруағымен ойнайтын адам емес ол деп, қай-қайдағы ашу-ызаға да орын берді, кейіді. Ал енді соны оқыған өзгелер ондай ашу-ызадан қандай үлгі алады? Ондай әдіспен қайтіп тарихтың көсегесін көгертеміз? Аңыз тарихтан анық тарихты маман ағаларымыз ажырата алмай өзара жанжалдасып жатса, басқамызға не жорық? Кез келген тарихи тұлғаға қатысты пікірден тек әлдекімді немесе ру мен тайпаны қорлау мен мадақтауды ғана көретін болсақ, онда тарих туралы ауыз ашудың өзі мүмкін емес қой. Өйткені кез келген тарихи тұлғаның белгілі бір тайпадан, рудан шығатыны кімге құпия? Ру да, тайпа да, жеке адам да тек тұтас халықтың бөлшегі деп қаралуы керек емес пе?

Зиялы, бәрін біледі, мәдениетті деген қауымның арасындағы бақталастық пен шенталастықты, кекшілдік пен рушыл намысқойлықты президент өз қызметінде үнемі есепке алып

отыруға мәжбүр. Олар ызақорлықпен жақ-жаққа бөлініп жатқанда, елсүйгіштіктен гөрі елжіктегіш істердің өршіп кететінін біліп, соған қынжылатын да шығар, одан үрейленетін де болар. Қалайда, әйтеуір, ол қылығымыз оны қуанта қоймайды. Өйткені ол жағдай жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартқанмен бірдей. Президенттің ақылын да, мүмкіндігін де шашырататын осындай кемшіліктеріміз ұлтымыздың өсуін сөзсіз тежейді. Елдегі жағдайды түзеуді біз президенттен күтеміз, ал ел бірлігін ыдырататын қылыққа бармауды ол да бізден күтетін болар.

Алпы-жеті жыл бұрын зиялы қауымға: «Жоғарғы қызметте қай жақтан қанша адам жүргенін санатып қойдыңдар маған», — деп ренжігені есімде. Ондай санақшылардың ол кезде де, қазір де бер екені рас. Бұл, сөз жок, түбінде жойылатын, бірақ ұзақ уақыт пен сан түрлі шаралар қолдануды қажет ететін, адамдардың жеке бастық мәдениетінің дамуына орай шешілетін мәселе.

Қазақ тілін қайтсек нағыз мемлекеттік тіл етеміз деп шырылдап жүрген жанашыр көп. Кейде олар да елбасын кінәлайды. Өзі бастап қазақшадан басқа тілде сөйлемей қойса, соған риза сияқты. Сонда ғана көп тілді республика амалсыз бір тілде сайрай жөнелетін секілді. Бәлкім, сөйтсе сөйтетін де шығар. Бірақ ондай президент, ондай президенті бар мемлекет қайтіп демократиялық ел болады? Өз тілінде өзі сөйлей алмай отырған адамдарды отарлық жүйеде аяуға болар, ал тәуелсіз елде оларды тек, жұқалап айтқанда, тәрбиелеу керек. Қызмет үшін, билік пен бедел үшін, тағы басқа түрлі-түрлі итілік үшін кез келген шет тілді әп-сәтте менгеріп аламыз да, ал өз тілімізді айлап-жылдап үйрене алмай жүргенімізді біресе заңнан, біресе бастықтардан көреміз. Көп тілді елді бір мүдделі ел ету — президенттің басты міндеті. Ал оған тілдік мүддені бүкіл елдік мүддеден биікке қой деуге қақымыз бар ма? Тілдік, елдік қақтығыстар туып кетпесін ойлап, ол ылғи да әдеттегідей әліптің аяғын бағып отырса, біздер — ғалым, жазушы, тағы басқа зиялы қауым — ауық-ауық шыдамсыздық танытып, неге тездетпейсің деп сөгіміз. «Қой, мемлекеттік ұйтқыны бұзып алмайық!» — деген сақтық бізде үнемі бола бермейді. Ал президент мүддені де, нақты жағдайды да есептейді.

Мәселен, латын қарпіне көшуді алайық. Бізден басқа түрік елдерінің ол жөнінде біраз іс бітіргені рас. Кезінде арап қарпінен латынға көшкенде де олар бізден бұрын ұмтылған. Біздің мемлекеттің ұлттық құрамы, соған сәйкес тілдік құрамы бірде-бір басқа түрік мемлекетінің жағдайымен ұқсас келмейді.

Демек, шешімнің де сәйкес келмеуі заңды емес пе? Екінші жағынан, түрік бауырлардан бөлек шешім табу да өкпе-наз туғыруы әбден мүмкін. Соның бәрін сан рет таразылаған адам асығыстыққа қалай барады? Оның үстіне латынға көшірудің зияны көпе-көрнеу дәлелді де, пайдасы, қажеттілігі әлі дәлелденбей де келеді.

Елімізде тұратын қазақтың 40 пайызы өз тілін еркін бітпейді деген мәлімет бар. Әлі де сол шамалас ұл-қызымыз орыс мектебінде оқып жатыр. Орыс тілі өмірімізде әлі қажет, қажет бола береді де. Сондықтан балаларымызды кириллицаға да, латынға да еріксіз қатар үйрететін боламыз. Сонда, өзі, не ұтамыз, неден ұтыламыз? Бәрі латынға көшіп жатыр, біз де көшейік деген жалпылама ниет емес пе мұнымыз? Әлде орыс қарпін латынға өзгерту дәстүрлі орысшылдықтан күтқара ма? Жоқ әлде араға жік салып кете ме? Не себепті орыс қарпі жат та, латын қарпі туыс? Қай қаріппен жазсаң да, қазақтың сөзі қазақтікі емес пе? Қазіргі әліпбиімізде жүрген қ,ғ,ә,у,і,ә,ң,һ,ү қаріптері біздің төл қарпіміз саналмай ма? Бір мемлекет ішінде орыс және латын әліпбиін қатар оқытқанның мәселесі көп пе әлде бір ғана қаріппен оқытқанның мәселесі көп пе? Латын қарпі компьютермен жұмыс істеуге икемді деседі, олай болса, ол қаріпті ұлттық жазуына қолданбайтын қытайлар, жапондар, үнділер, араптар, орыстар не күн көріп отыр екен? Біз де солар қатарлы күн көріп кете алмаймыз ба? Осының бәрін ойламай, салмақтамай, қалайша асығыстық жасауға болады? Онсыз да күрделі білім алу жүйесін одан бетер қиындата түсу кімге пайдалы? Елдің арғы-бергі тарихы баяндалған дәстүрлі жазуын өзгерту, әдетте, отарлаушы елдің негізгі әрі басты әдісіне жатады: болашақ ұрпақты ата дәстүрінен алыстатудың бірден-бір тиімді жолы сол саналады. Сондай жолға өз еркімізбен барудың соншалық қажеттілігін өз басым, шынын айтқанда, түсінбеймін. Бәлкім, президент те сондай күмәнмен асықпай жүр ме деген сенімім бар. Айқын дәлелді, пайдалы екендігі күдік тудырмайтын іске жата ма бұл мәселе? Жылдар бойы орыс қарпінде жасалған ана тіліміздің ережелері мен қалыптасқан қағидалары, дәстүрлері қиналмай-ақ лақтыра салатын бірдеме болғаны ма? Осының бәрін ойластырғаны үшін де, әліптің аяғын бағып сабыр еткені үшін де елбасына ренжуге бола ма? Әуелі солай істеудің тиімді екенін тәптіштеп дәлелдеп бере алайық, сонан соң сөгейік.

Тіл туралы талай заң қабылдадық. Ол заңдардың қай-қайсысы да жаман емес. Және бәріне ортақ бір шындық: қай заңды қабылдарда да президенттің ана тілімізге мән беруі үнемі айрықшаланып тұрады.

Тіл заңын тек асықпай, күнделікті көңіл бөлумен ғана баянды етуге болатынын өмірдің өзі дәлелдеп те үлгерді, менінше.

Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына бір топ ақын-жазушы пойызбен бардық. Астанаға жақындағаннан-ақ оңымыз бен солымыздан біресе шоқ орман, біресе жал орман жарысты да отырды. Астана мен Көкшетаудың екі арасындағы табиғи сұлулық жүрегінді кеуденнен суырып алардай тандандырады: қарағай мен қайынның қалың тоғайы, алақандай да қара жерді көрсетпейтін ұшы-қиырсыз көгал осы жерді аманат қып кеткен ата-бабанды еріксіз есіңе түсіреді; неден айрылғаныңды, неден әлі де айырылып қалуың мүмкін екенін көзіңе нақты елестетеді. Қызылжар қаласынан Сәбит ауылы 200 шақырым жер екен, бүкіл жол бойы, барлық алқапта шоқ-шоқ, жал-жал ақ қайың сыңсып тұр; біресе оңыннан, біресе солыннан бірде көлшік, бірде кішкентай дөңтелек көл, бірде шалқыған үлкен көл алма-кезек көрінеді де отырады. Жұмақтың төріндей мұндай туған жеріміздің бар екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Сол жұмақ жердегі ел-жұрттың 17-20 пайызы ғана қазақ, қазақша сөйлейтіні тіптен аз. Ол жер де, сөз жоқ, өз тілін сағынған жер. Жүз жыл бұрын осы өлкеде қазақтың нағыз халық жазушысы Сәбит туғанын, одан арғы жүз жылда оның әке-шешесі, одан арыда ата-бабасы туғанын еске салу, ата-бабаның тілін атамекенге оралту президенттің де, бәріміздің де перзенттік парызымыз екенін сол тойдан тағы ұғып қайттық. Кейін Ғабиттің 100 жылдығында оған түбегейлі көзіміз жетті. Тойдың да тереңге меңзейтін тағлымы бар екен.

Елдің іргесін бекіту — елбасының ең үлкен міндеті. Дәл осы міндет жөнінен өз басым оған титтей де кінәрат таға алмаймын. Біздің көзіміз бүгін жетіп жатқан дүниені ол 5-6 жыл бұрын болжапты. Астананы Ақмолаға көшіру арқылы шешілуі қиын ең күрделі түйінді ол тап басып шешіпті: ана тілін сағынған өлке сусындап сөйлей бастапты. Қазаққа өз өлкесін өстіп қана қайта қайтаруға болатын бірден-бір дұрыс жолды ол даналықпен тапқан екен, сол үшін оған шын жүректен рахмет!

«Ұлттық идеология жоқ, оның бағдарламасы жоқ», — дегенді оппозиция да, басқамыз да жиі айтамыз. Сірә, ел қамын ойлайтынымызды білдіре түсу үшін айтамыз. Әйтпесе, «Қазақстан—2030» бағдарламасы, әр салада қабылданған, оның ішінде тіл, мәдениет, білім туралы заңдар ұлттық, мемлекеттік нығайымызды көздеп жасалмағанда, не үшін жасалған? Ендеше ұлттық идеология — сол, соны бұлжытпай орындау — ұлттық идеологияға қызмет ету. Еліміздегі заңдарды жүзеге асыру — алдымен қазақтардың міндеті, өйткені ол заңдардың орындалуы Қазақстанды нығайтады, ал қазақ мемлекеті нығайса, алдымен қазақ халқы нығаяды. Ұлттық идеологияның негізгі міндеті де сол — ұлтты саяси-мәдени, экономикалық жағынан жан-жақты дамыту.

Біз — Қазақстанның тұңғыш президентінің бастауымен жаңашыл жолға түскен елміз. Ол өзі былай дейді: «...жаңашылдықсыз біз тарихи дамудың кешеуілдік кезеңінен ешқашан шыға алмаймыз. Сондықтан жаңашылдық керек, бірақ біздің жағдайымызға бейімделген жаңашылдық керек» («Ғасырлар тоғысында», 119-бет). «Меніңше, жаңашылдықтың ең даусыз түрі тиімділік қағидасына негізделуі қажет сияқты», — дейді тағы да (121-бет). «Демократия жарлықпен орнатылмайды. Оны бастан кешіру арқылы жүзеге асырылады... Берлин қабырғасын сындыру оңай болғанмен, адамдар санасындағы қабырғаны қирата салу қиын екен», — дейді (143-бет). Соңғы сөзді оқығанда, ақырын күрсінгенін де естігендей болам.

«Адамдар санасын жақсартқанша аман жүрші!» — деп тілеймін.

Қазір, құдайға шүкір деп айтайын, қазыналы Қазақстанның ең қымбат қазынасының бірі — президент Назарбаев. «Мен өз халқымды сүйемін», — деген ол. Сол сүйіспеншілігі ғұмыр бойғы серігі болса екен!

(Бексұлтан Нұржекеұлы, “Президент”,
“Егемен Қазақстан”, 4-шілде, 2000.
ықшамдалған нұсқасы).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛАУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауының бейнесі бекітілсін;

2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады;

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Күн, шұғыла және қыран бейнесі – алтын түсті. Матаның сол жағында қызыл түсті ұлттық өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Жалаудың ені мен ұзындығының қатынасы – 1:2;

4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы мынадай жерлерде көтеріледі немесе тігулі тұрады:

а) Қазақстан Республикасы Президентінің Ақ Ордасында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының, халық депутаттары жергілікті Кеңестері мен жергілікті әкімшіліктерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының, Жоғарғы сотының, Жоғары төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының үйлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің үйлерінде – үнемі;

б) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мәжілістері, Қазақстан Республикасы халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің сессиялары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының, Жоғарғы сотының, Жоғары төрелік сотының және басқа да соттарының сот мәжілісі залдарында, сондай-ақ өмірге келген нәрестелерді және некелерді салтанатты түрде тіркейтін орындарда – үнемі;

в) егер халықаралық хұқық нормалары мен мемлекетаралық келісімдерде көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің және олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық және мемлекетаралық форумдар өтетін мәжілістерде;

г) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде және басқа қатынас құралдарында;

д) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқынындағы жалау ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауының бейнесі Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде орнатылады;

е) Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде – әскери жарғыларға сәйкес;

ж) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ұлттық ұланының әскери құрамалары мен бөлімшелерінде – ант қабылдаған кезде;

з) кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың үйлерінде, сондай-ақ тұрғын үйлерде – мереке күндері;

и) Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі бойынша.

5-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы және оның бейнесі, олардың көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауы үлгі нұсқасының түрлі-түсті және пішіндік бейнелеріне әрдайым дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

6-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұратын адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қастерлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.**

**Алматы қаласы,
1992-жылғы маусымның 4-і.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының, Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі бекітілсін.

2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған, оны аңыз әңгімелердегі пырақтар қанаты көмкеріп тұр, Елтаңбаның жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында “Қазақстан” деген жазу бар.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының реңдік бейнесі екі түсті – алтын және көгілдір түсті.

4-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі:

а) Қазақстан Республикасы Президентінің Ақ Ордасында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының үйлерінде, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының, Жоғарғы сотының, Жоғары төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының үйлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің үйлерінде;

б) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мәжілістері, Қазақстан Республикасы халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің сессиялары өткізілетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының, Жоғарғы сотының, Жоғары төрелік сотының және басқа да соттарының сот мәжіліс залдарына, өмірге келген нәрестелерді, некелерді салтанатты түрде тіркейтін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкіметтік наградаларын тапсыратын

орындарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

в) Қазақстан Республикасы заңдарында мөрлері мен құжаттарының беттеріне Елтаңба бейнесін орналастыру хұқығы берілген Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер кабинетіне бағынысты басқа да органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының, Жоғарғы сотының, Жоғары төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскер құрамалары мен бөлімдерінің, Ұлттық ұланының, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің, жергілікті әкімшіліктердің, мемлекеттік куәландыру кеңселерінің мөрлері мен құжаттары беттерінде;

г) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының және Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің ресми басылымдарында;

д) Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісі билеттерінде, мемлекеттік қазыналық билеттер мен металл теңгелерде; Қазақстан Республикасы мемлекеттік заем облигацияларында, ақшалай-заттай лотерея билеттерінде;

е) Қазақстан Республикасы азаматының паспортында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарына берілетін дипломатиялық және өзге де шетелдік паспорттарда;

ж) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында орнатылатын шекаралық бағаналарда орналастырылады.

Қазақстан Республикасы заңдарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнесін міндетті түрде орналастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

5-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бедерленген бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы үлгі нұсқасының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне әрдайым дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

6-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұратын адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын қастерлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.**
Алматы қаласы,
1992-жылғы маусымының 4-і.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ РЕДАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы бекітілсін.
2. Осы Заң, 1992-жылғы 6-маусымнан бастап күшіне енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.**
Алматы қаласы,
1992-жылғы маусымның 4-і.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ

Мұқан Төлебаев. Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Бөрлітөбе ауданында 1913-жылы 13-наурызда туған. Кеңестер Одағының халық әртісі (1959), қазақтың аса талантты композиторы, қоғам қайраткері. Анасы Тәжібала әрі ақындығы бар, әрі әншілігі бар кісі екен.

Ол 1928–1930-жыл аралығында көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысып, әнші ретінде кең таныла бастайды. 1933-жылы Алматы педучилищесінде оқыды. 1934-жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының Бүкілқазақстандық 1-слетіне әнші ретінде қатысып, 1936-жылы Москва

консерваториясының жанынан ашылған Қазақ студиясында оқыды. Консерваторияны кейін 1951-жылы Мяковский мен Ференің композиция класы бойынша бітірді.

1941-жылы денсаулығына байланысты Алматыға оралып, 1942–1944-жылы Қазақтың Халық аспаптар оркестірінің дирижері болып істейді. Оның “Таня туралы әні” Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған әндердің республикалық конкурсында 1-жүлдені жеңіп алды. Ол – қазақ сазгерлерінің ішінде романс жанрын тудырушылардың бірі. Оның “Кестелі орамал”, “Тос мені, тос”, “Көп жүрдім” романстары ел арасына кең тарады әрі үлкен іттипатқа ие болды.

1953-жылы “Коммунизм оттары” атты кантатасы үшін оған республикалық Мемлекет сыйлығы берілді. М.Төлебаевтың шығармашылық шыңы 1946-жылы жазып біткен “Біржан–Сара” операсы болды. 1949-жылы осы операсы үшін оған Кеңестер Одағының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл опера бүкіл қазақ өнерінің даму көрсеткіші болды.

Ол 1944-жылы жазылған Қазақ ССР гимнінің негізгі авторы болды. Қазақстанның жаңа мемлекеттік әнұранының әуені сол бұрынғы редакцияда қабылданды. 1956–1960-жыл аралығында Қазақстан композиторлар одағы басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Ол 1960-жылы 2-көкекте Алматы қаласында қайтыс болды. Зираты Райымбек даңғылының бойында.

Евгений Григорьевич Брусиловский. Дондағы Ростовта 1905-жылы 12-қарашада туған. Қазақстанның халық әртісі (1936). 1981-жылы 9-мамырда Мәскеуде қайтыс болды. Әнұран әуенін жазушылардың бірі. Ол туралы дерек 68-Тұңғышта.

Латыф Абдулхайұлы Хамиди. Татарстанның Апас ауданында 1906-жылы 17-шілдеде туған. Қазақстанның халық әртісі (1966). 1983-жылы қарашада Алматы қаласында қайтыс болды. Әнұран әуенін жазушылардың бірі. Ол туралы дерек 70-Тұңғышта.

Мұзафар Әлімбаев. Павлодар облысының Шарбақты деген ауданына қарасты Маралды ауылында 1923-жылы 29-қазанда туған.

Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Алғашқы өлеңі облыстық “Қызыл ту” газетінде он бес жасында жарық көрген.

1948-жылы “Пионер” журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі, 1956–1958-жыл аралығында “Қазақ әдебиеті” газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары,

1958-жылы “Балдырған” журналы ашылғаннан бастап 1986-жылға дейін сол журналдың бас редакторы болып істеді.

“Қарағанды жырлары” атты алғашқы жинағы 1952-жылы жарық көрді. 60-тан астам кітаптың авторы, шығармалары 20 тілге аударылған:

1982-жылы “Аспандағы әпке” жинағы үшін Қазақстан мемлекеттік сыйлығына ие болды. Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Қазақстан халық жазушысы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996). Әнұран мәтінін жазушылардың бірі.

Қадыр Мырзалиев. Орал облысының Жымпиты аулында 1935-жылы 5-қазанда туған.

1958-жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Еңбек жолын “Балдырған” журналынан бастаған. “Жұлдыз” журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, “Жазушы” баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болып істеген.

Тұңғыш өлеңі “Пионер” журналында 1954-жылы жарияланған. 40-тан астам кітап шығарды. 2001-жылы 15 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

1966-жылы “Ой орманы” кітабы үшін Қазақстан комсомолының сыйлығы, 1980-жылы “Жерұйық” кітабы үшін Қазақстан мемлекеттік сыйлығы берілді. 2000-жылы тәуелсіз “Тарлан” сыйлығын алды. Қазақстанның халық жазушысы. Әнұран мәтінін жазушылардың бірі.

Тұманбай Молдағалиев. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында 1935-жылы 20-наурызда туған.

1956-жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Еңбек жолын “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінен бастаған. “Пионер” журналында әдеби қызметкер, “Жазушы” баспасында редактор, аға редактор, “Балдырған” журналында жауапты хатшы, “Жалын” альманағының, “Жалын” баспасының бас редакторы болып істеген. 1984–1986-жыл аралығында Қазақстан жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметін атқарды. Қазір “Балдырған” журналының бас редакторы болып істейді.

1957-жылы тұңғыш өлеңдер жинағы “Студент дәптері” деген атпен жарық көрді. 40-тан астам кітабы шықты. 2004-жылы 14 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

1968-жылы “Жаңа дәптер” кітабы үшін Қазақстан комсомолы сыйлығын, 1982-жылы “Жүректегі жазулар” кітабы үшін Қазақстан мемлекеттік сыйлығын, 1992-жылы Бүкіл түркі дүниесі ақындарының Физули атындағы халықаралық сыйлығын алды. Қазақстанның халық жазушысы. Әнұран мәтінін жазушылардың бірі.

Жадыра Дәрібаева. Қызылорда облысының Тереңөзек ауданының орталығында 1948-жылы 4-қыркүйекте туған.

1968-жылы Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы Қыздар педагогикалық училищесін бітірген, Қызылорда пединститунда (1968–1970), Мәскеудегі Максим Горький атындағы Әдебиет институтының көркем аударма бөлімінде оқыған.

Қызылорда қалалық комсомол комитетінде істеген. 1978–1990-жыл аралығында Мәскеудегі Луначарский атындағы мемлекеттік театр өнері институтының қазақ актерлер бөлімінде дәріс берген. 1982–1990-жыл аралығында Қазақстан жазушылар одағында хатшалқа меңгерушісі, 1991–1992-жылы “Қазақстан әйелдер” журналында бөлім меңгерушісі болып істейді.

“Жалын” баспасынан 1979-жылы “Гүлжайна” атты, 1988-жылы “Мейір” деген, ал 1998-жылы “Біздің жақтың аспаны” деген өлеңдер жинағы жарық көрді.

1996-жылы Қазақстан Республикасының “Құрмет” орденімен сыяпатталды. Әнұран мәтінін жазушылардың бірі.

* * *

“Дамудың бірден бір жолы – реформа. Біз бұл жолдан ауытқымаймыз. Тек тұрақтылық, тыныштық, бірлік қана республиканы дағдарыстан алып шығады, қалыпты өмірімізге жол ашады”.

**(Н.Назарбаев. Жаңа жылдық үндеуінен.
31-желтоқсан, 1994-жыл)**

* * *

Біздің стратегиялық ниеттеріміздің байыптылығын түсіне отырып, мемлекет басшысы ретінде мен қолымыздан келмейтін міндеттер қоюға, Қазақстан мен оның халқы үшін мұны қанша қалағанымызбен, шынайы болжаудың шегінен шықпауға тырыстым. Егер әркім жоғарыда баяндалғандарды

өзінің жеке бағдарламасы ретінде, өзінің туған-туысқандары мен жақындары алдындағы, біздің орнымызды басатын келер ұрпақ алдындағы парызы ретінде қабылдаса, осы айтылғанның бәріне толығымен қол жеткізуге болады.

(Н.Назарбаев. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы, “Егеменді Қазақстан”, 16-мамыр, 1992-жыл)

* * *

Салынған жол, тұрғызылған ғимарат, тіпті ең озық ғылыми жаңалық саналатын жаңа технологияның өзі жыл өткен сайын тозады, ескіреді, ал бабаларымыз айтқандай, ешқашан азбайтын, тозбайтын, керісінше, уақыт өткен сайын сан қырынан жарқырап, ұрпақ санасына шұғыла шашатын мәңгі өлмейтін құдіретті күштің аты – ғылым мен мәдениет.

(Н.Назарбаев. “Мәдени мұра” бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс, “Егеменді Қазақстан”, 29-қараша, 2003-жыл)

* * *

Біздің Президентіміз шешім қабылдады. Әзірге бүкіл ТМД елдеріндегі бірден-бір ғана шешім.

2000-жылы наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығының жарыққа шыққанына бес жыл толды.

Бүгінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясында он үш ұлттың 298 мүшесі бар және мұнда 12 республикалық, 10 аймақтық және Астана мен Алматыны қосқанда 188 облыстық, аудандық ұлттық-мәдени бірлестіктер бар.

(Г.Толмачев. “Елбасы”, Алматы, 2000. 170-бет)

ЕРТЕДЕ



АРЫС

2

*Шамамен біздің дәуірімізге дейінгі
612-жылы туып, 547-жылы өлген*

* * *

Қазақтың арғы бабаларының ішінде тұңғыш шетелде білім алған сақ;

Тұңғыш әлемнің жеті данагөйінің бірі аталған сақ;

Қазақ шежіресі мен жазба тарихта аты бірдей сақталған тұңғыш сақ;

Қазақтың тұңғыш философ бабасы

* * *

“Арыс” сөзі шежіреде де, жазба әдебиетте де жиі айтылады. “Алты арыс қазақ”, “алты алаш қазақ” деп те айтылады. Шежіреде “алты арыс орта жүз” деген де бар. Тереңге бармағанның өзінде де қазақ тарихы үшін “Арыс” сөзінің кездейсоқ еместігі аңғарылады. Ал егер “алты арыс қазақ” деген сөздің мағынасына үңілсек, онда Арыс қазақтың арғы тегі, түбі немесе бастауы сияқты. Сиақты ма әлде нағыз бабамыз ба?

Қазақтың үш жүзі үш Арыстан тарағандығын барлық дерлік шежіре айтады, бүкіл қазақ Ақарыс, яғни Ақ Арысұлы (ұлы жүз), Жанарыс, яғни Жан Арысұлы (орта жүз), Бекарыс, яғни Бек Арысұлы (кіші жүз) аталатын үш ұлдан бастау алған боп шығамыз.

Дәлелденуі қиын тарихқа, сөз жоқ, сену де қиын. Алайда: “Осы Арыс деген сөздің қазақ атаулыға бекерден-бекер телінуі мүмін емес-ау, бір себебі бар-ау”, — деген дүдәмәлдіктің өзі де аз табыс емес. Бұл — қисынға жығылудың басы.

Ал енді ұлы жүз шежіресін басқа шежірелердің бәрінен де тианақты етіп байандаған Ата шежіреге — Шапырашты Матай шежіресіне — құлақ асайық. Онда: “Ақарыс, Жанарыс,

Бекарыс деп жүргеніміз — Арыстың үш баласының аты”, — делінген (Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-түқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993. 37-бет).

Бұған сенбей-ақ қояйық, бірақ осы сөзде тарихи қисын бар ма? Мұны айтып отырған адам қазақтың жауы емес, қазақтың бірі ғой. Ол да Арысты көзімен көрген жоқ, бірақ бабаларынан қалған сөзді жазып қалдырған. Сенейік, сенбейік, алайда бабадан келе жатқан сөзді жазып қалдырғаны үшін жазықты емес шығар.

Матай атасының шежіресін Қазыбек бек былай тізбелейді:

Қадыр, Қалша.

Алаш

Жайыл

Қазақ

Жұман, Тұман

Арыс, Сабыр

Ақ, Пан, Жан, Бол, Бек, Бал. (124-бет).

Арысқа дейінгі адамдар жайында Қазыбек бек: “Бұл аңыз сияқты әлде ертегі сияқты әңгіменің растығына, хақиқаттығына ешкім куәлік бере алмайды. Бұдан кейінгі айтылатындарға бұл кітапты оқыған адам шүбә келтірмесе де болады. Өйткені ендігі әңгіме тек біздің түп-түқианымыз Жұманнан тараған ұрпақ туралы болмақ, — дей келіп, — Жұманның екі ұлы Арыс, Сабыр аталады. Арыс деген кісі шамадан тыс ірі, өте күшті, айбатты адам болыпты. Міне, барлық қазақтың: “Ой, мынау Арысым екен”, “Арыстай кісі екен”, — дейтіні осыдан қалыпты. Міне, бүгінгі 1154-жылында (1776-жыл — Б.Н.) тірі жүрген қазақ атаулының атасы осы кісі”, — деп тұжырады (35–36-бет).

Мұндай шежіреге қазіргі тарихшылардың ұлттық дәстүрге ден қоятындары теріс қарамайды. Мәселен, Қытайда туып өскен қазақ тарихшысы марқұм Нығмет Мыңжан “Қазақтың қысқаша тарихы” атты кітабында Қазыбек бектің ағайынды Қадыр, Қалша дегенін “Қазақ арасына тараған тарихи аңызда ерте заманда Қалша Қадыр деген батыр қолбасшы болады”, — деп, екеуін бір ғана адам ретінде атайды. “Қалша Қадыр осы ақ қызға үйленеді, бұдан туған ұл “Қазақ” атанады. Қазақтан Ақарыс, Бекарыс және Жанарыс деген үш ұл туады. Ақарыстан ұлы жүз, Бекарыстан орта жүз, Жанарыстан кіші жүз тайпалары тарайды”, — дегенді жазады (Алматы. 1994. 24-бет).

Орыс шенеунігі И.И.Крафт 1898-жылы Орынборда жариялаған “Қырғыздардың орыс бодандығын қабылдауы” атты еңбегінде “әскербасылардың бірі Қалша Қадыр” делінеді. “Қалша мен қайырымды пері қызынан тараған ұрпақ Қалшаға

қиын сәтте көмекке келіп, құтқарушы және ұрпақ жалғастырушы қыздың құрметіне қаз-ақ немесе қайсақ деп аталады”, — деген аңызды келтіреді (“Қазақ тарихынан, Алматы, 2004. 346-бет”).

Әрине, мұның бәріне қолды бір-ақ сілтеп, ешбірін мойындамауға да болады, өйткені мұның бәрі дәлел емес, аңыз ғана. Алайда бұл аңыз бір кісінің аузынан бір кезде ғана айтылып тұрған жоқ, үш пікір үш заманда, бір-бірінен алыс жатқан үш мекенде айтылып тұрғанын ескерсек, осы аңыздың түбінде бір негіз бар-ау, сірә, деген ойға қалдырады. Өкініштісі сол ғана: ол негіздің қандай негіз екенін енді ешкім дәлелдеп айта алмайды, себебі сол Қалша мен Қадырдың немесе Қалша Қадырдың өзі жазып кеткен шындық жоқ, біз тек жорамал жасай аламыз. Бір ғана Қадыр немесе Қалша деген адамнан бүкіл халық тарады дегенге де біреу сенеді, біреу сенбейді. “Біздің жұртымыз, үйсіндерді айтамын, Үйсін, Абыл, Азық, Шығыл, Алүйсін, Қарүйсін, Сарүйсін, Түргеш, Дулат атанып келді. Сонда солардың бірде-бірі: “Жоқ, мен қазақ емеспін”, — деген жоқ. Ал, менің білуімше, осы аталған атаулар елді басқарған кезде бүгінгі Жолбарыс елі, Абылай елі деген сияқты ғана немесе билік еткен елдің нәмімен кете берген болса керек-ті”, — дейді Қазыбек бек (30-бет).

Қалай дегенмен де, осы жорамалдың қисыны шындыққа жақын секілді. Біз Қадыр мен Қалша, Алаш пен Арыс немесе Арыстың балалары басқарған елден тараған халық болармыз, сірә.

“Шындықтың әділетті сезімінсіз білім — жалған. Өзгелерді алдаймын деу — өзінді өзің алдау. Бұл — нағыз оңбағандық!” — депті Бауыржан Момышұлы (“Жалын” журналы, №3, 2005). Бұған қарағанда, әрнені білгеннің бәрі білім емес, бір деректі екінші дерек құптап отырса және ол дерек сенімді көзден шықса, жаның әділетті сезімге бөленсе ғана, нағыз білім — сол. Осы тұрғыдан келсек, Арыс бабамыз жайлы деректер оның тарихи тұлға екенін, оның аңыз адам емес, шын мәнінде белгілі уақытта, белгілі елді мекенде өмір сүрген адам екендігін, ең бастысы, біздің бабамыз екенін толық дәлелдейді.

Қазыбек бектің кітабында мынандай пікір бар: “Майқы бабамыз Анарыстың айтқаны деп, ел билеудің жолдарын айтып отырады екен. “Ең ақылды адам — ел билеуден аулақ болған адам”, — депті бабамыз Арыс”, — дегенді аузынан тастамайды екен... Бір күні Сүлеймен пайғамбар жөнінде, оның әйелінің құс сүйегінен салынған үйде тұрғым келеді дегені әңгіме болғанда, Майқы баба: “Ол әңгімеден біздің бабамыз Арыстың айтқаны күшпірек”, — деген. “Қалай?” — деген уәзірлерге

сонда Майқы айтыпты: “Біздің бабамыз Арыс өлі көп пе, тірі көп пе?” — деген сұраққа кері сұрақ берген:

— Кеме үстіндегілерді қай жағына қоссаң, сол жағы көп болады. Өйткені кеме үстіндегі адам өлімнен төрт-ақ елі жырақ тұрады ғой, — депті. Яғни кемеңің еденіндегі тақтай төрт-ақ елі” (57-бет).

Арыстың бұл сөзі — тапқырлық, табан астында тауып айтқан шешендік. Әрине, өлі мен тірінің көптігін тек сөйтіп қана анықтауға болмайды. Бірақ ойланбай айтқан Арыстың сөзі әсерлі, әдемі шыққан. Өлі кемеде жүзу өте қауіпті кезде айтылғандықтан, тапқыр сөз боп танылған.

Осындай ұшқыр ой үшін оны замандастары қатты бағалаған да болар.

“...Арыстың дүниені кезіп оқыған адам болғанын Майқы бабамыз үнемі айтып отырады екен. Арыстың өз аты **Анарыс болған** деседі. Шешесі еркелетіп Арыс атап кетіпті Ол **ілімді Еуропа елдерінде алып, көп ғұмырын өткізіп, өз еліне келгенде он екі-ақ жыл тұрыпты. Ол артына пәлсафа қалдырған. Жазба Майқы заманына дейін келген екен. Сол замандағы бір жер сілкіністе ол топырақ астында қалған. Арыс акын да, ахун да адам болған. Еуропада көрген өнегесінің жақсы жақтарын өздерінің патшалығына кіргізуге ұмтылған. Ол өзінің туған ағасымен осы жонінде келісе алмай мерт болған. Әсіресе табиғат сырына көп үңілген. “Дүние — шексіз, оның алды да, арты да жоқ, хақиқатта да мөлшер жоқ, өткен күннің белгісі жоқ”, — деген сөз қалған. Оның көп өлені сақталған екен, ол да жер сілкінгенде құрыған. Арыс Еуропаны өз туысқаны **Токсары диуанамен бірге аралаған. Патшаның қандай болуы керектігін айтамын деп, туысқанына жақпаған. Асқан шешен** Арыстың айтқаны көп екен, ол бізге жетпепті. Өз еліндегі он екі жылында артында алты бала қалдырған, — дейді Қазыбек бек кітабында, —...Атамыз, қазіргі бар әдет-ғұрпымыз, дәстүріміздегідей, алты баласын үшке бөліп, екі-екіден еншілес етіп қойыпты” (36-бет).**

Осындағы асты сызылған сөздер өзге деректермен қалай дәлелденер екен, енді соған зер салайық.

Алты баласынан тарағанымыз алты арыс ел аталып, екі-екіден бірігіп ел басқарған соң, Ақарыс басқарғаны ұлы жүз, Жанарыс басқарғаны орта жүз, Бекарыс басқарғаны кіші жүз атанып кеткен екеміз-ау деудің, меніңше, ғылымға ешқандай керағарлығы жоқ. Елге көп тараған шежіренің қисыны осыған келеді. “Бірақ мен бұл пікірдің дәлдігіне кепілдік ете алман”, — депті Қазыбек бек (37-бет). Өйткенмен одан гөрі сенімдірек пікір айту өте қиын.

Енді “тарих атасы” атанған Геродоттың тоғыз кітаптан тұратын “Тарих” атты шығармасынан пікір тартайық. Геродот – біздің дәуірімізге дейінгі 484-жылы дүниеге келіп, 431–425-жыл аралығында дүниеден өткен адам. Одан бері 26 ғасыр өткенін ескерсек, оның сөзін айрықша құрметтеу қажеттігі өз-өзінен түсінікті, өйткені бізден гөрі Арыс – Анарыс – Анахарсиске ол жақын. Ол былай дейді:

“Скифтер де басқа халықтар тәрізді жатжерлік салт-дәстүрді қабылдамауға тырысады әрі олар өзге халықтардан гөрі эллиндер дәстүрінен барынша қашқақтайды. Бұл Анахарсис пен Скил тағдырынан анық байқалады. Анахарсис көптеген елдерді аралап, өзінің керемет ақылдылығымен көзге түсті. Қайтар жолда скифтер елі шегінде ол Геллеспонт арқылы жүзіп келе жатып, Кизикке тоқтайды. Нақ осы күні кизиктіктер Құдай-Ананың құрметіне салтанатты мереке өткізіп жатқан болатын. Анахарсис әйел құдайға, егер ол үйіне аман-есен жетсе, оның құрметіне кизиктіктерден көрген діни жоралардың бәрін жасап құрбандық беретіндігін және салтанатты мереке өткізетіндігін айтып ант береді. Скифияға келген соң Анахарсис құпия түрде Гилеяға барып (бұл жер Ахиллес ат ойнату алаңында орналасқан, әрқилы ағаш түрлеріне бай қалың орманды мекен), өзі Кизикте көрген діни жора салтанатын түгел жасайды. Бұл кезде Анахарсис әйел құдай бейнесін мойнына тағып алып, тимпанды ұрғылап әуен шығарды. Мұны көріп қойған бір скиф дереу **Савлий патшаға** жеткізді. Осы жерге келіп, Анахарсисің не істеп жүргенін көзімен көрген **патша оны садақтан атып өлтірді**. Күні бүгінге дейін скифтер Анахарсис туралы сұрағандарға, оны білмейміз деп жауап береді, мұның бәрі – оның Элладада болып, жатжерлік салт-дәстүрді қабылдауының кесірі. Ариапифтің қамқоршысы Тимннен естуімше, Анахарсис скиф патшасы Иданфирстің немере ағасы, Гнурдің ұлы, Ликтің немересі, Спаргапифтің шөбересі болған. Егерде Анахарсис шынында осы патша әулетінен шыққан болса, **оны туған ағасының (дұрысы – “бауырының” – Б.Н.) өлтіргендігін бәрі біліп қойсын**. Өйткені Иданфирс Савлийдің ұлы, ал **Анахарсисі Савлий өлтірген**.

Дегенмен, пелопоннестіктерден мен тағы бір әңгіме естідім. Анахарсисі Элладаға **білім алу үшін** скиф патшасы жіберіпті. Отанына қайтып оралған Анахарсис патшаға, лакедемондықтардан өзге эллиндердің бәрі де көп біліп,

ақылды болуға тырысатынын, алайда тек лакедемондықтармен ғана парасатты әңгіме-дүкен құруға болатынын айтады. Меніңше, бұл әңгіме эллиндердің өздері шығарып алған бос сөз; **Анахарсис жоғарыда мен айтқандай қаза тапқан**” (**“Қазақ тарихынан”, Алматы, 2004. 108–109-бет**).

Енді Қазыбек бек жазып оырған Матай шежіресі мен Геродоттың айтқандарын салыстырып көрсек, Арыстың немесе Анарыс, яки Анахарсисінің Еуропада (Элладада) ілім алғаны – анық, көптеген елді аралағаны – шындық, керемет ақылды болғаны немесе пәлсафа қалдырғаны – нанымды, Скифияға келген соң Кизикте көргенін түгел жасырын жасапты дегені де қисынды, ол жөнінде Қазыбек бек: “Еуропада көрген өнегесінің жақсы жақтарын өздерінің патшалығына кіргізуге ұмтылған”, – дейді; оны туған бауырының өлтіргендігі де шежіре мен Геродотта бірдей айтылады. Қазақ, менің білуімше, өз шежіресіне сенбесе де, Геродоттың айтқанына шүбә келтірмейді. Шежіре Анарыстың бауырының атын Сабыр десе, Геродот оны Савлий дейді. Анарысты Анахарсис деген эллиндіктің Сабырды Савлий деуіне тандана қоюдың, меніше, қажеті де жоқ сияқты.

Салыстыруды осымен де доғарып, осы дәлелге де тоқтап: “Е, біздің Арыс – Анарыс деп жүргеніміз Анахарсис екен, гректердің Анахарсис деп жүргені біздің Арыс–Анарыс бабамыз екен-ау”, – деуге де болар еді, әйтседе өзге грек оқымыстылары Анарысты кормеді ме екен, білмеді ме екен деген үміт-күдік коксейінде кілкіді де тұрады.

Лукиан деген Самосаттан шыққан грек оқымыстысы әрі жазушысы – біздің дәуірімізге дейінгі 2-ғасырда өмір сүрген адам. Ол “Скиф немесе жат жердегі дос” атты шығармасында былай дейді:

“Скифиадан Афиныға эллин мәдениетін аңсап келген алғашқы адам Анахарсис емес, **одан бұрын келген Токсарид** ақылды әрі әдемілікті ұнататын, ең жақсы мінез-құлық пен әдет-ғұрыпты үйренуге күштар жан болатын. Өз отанында Токсарид киіз қалпақты “мұрақтылар” атты патша руынан емес, қарапайым халықтан, оларда “сегізаяқтылар” атанатын, яғни екі өгізі мен киіз үйі ғана бар адамдар қатарынан шыққан. Бұл Токсарид аяғында Скифияға қайтып орала алмай Афиныда олді, ол біраз уақыт откеннен кейін тіпті даңққа бөленіп, афинылықтар **“жатжерлік дәрігер”** құрметіне ант беретін болды: міне, ол қандай қаһарманға айналды” (**“Қазақ тарихынан”, 2004. 133-бет**).

Қараңыз: Қазыбек бек Тоқсары десе, Лукиан Токсарид дейді; Қазыбек бек туысқаны десе, Лукиан ол да скиф, “киіз қалпақты”, “киіз үйі” бар дейді, Қазыбек бек диуана десе, Лукиан “жатжерлік дәрігер” дейді.

Лукианды тағы тыңдай түсейік: “Алайда мен Токсаридті мына себептен есіме алып отырмын. Токсарид тірі кезінде-ақ жағалауға аяқ басқан Анахарсис Пиреядан қалаға келіп кірді. Жат жерге келген әрі өзі варвар Анахарсис, әрине, алғашқы кезде ештеңеге түсінбегендіктен, кез келген шудан абыржып әрі өз киімінің мұндағылардың күлкісін тудыратынын аңғарып, не істерін білмеді; скиф өз тілін түсінетін ешкімді кездестіре алмай, өзінің келген сапарына өкіне де бастады, енді тек Афиныны бір көріп шығып, ақырындап жөнін табуға, кемеге қайта мініп, Боспорға кері жүзіп кетуге, одан әрі онша алыс емес Скифиясына, үйіне оралуға нық шешім қабылдаған болатын. Осындай жағдайда жүрген Анахарсис кенет қаланың “құмырашылар” бөлігінде, нақ бір қолтығынан демеуге келген құдайдай, осы **Токсаридке тап келеді**. Токсаридті ең алдымен өзінің отандық пішіміндегі киім елең еткізді; содан кейін, әрине, **ол Анахарсисің өзін таныды**, өйткені ол текті әулеттен шыққан және атағы жер жарған скиф болатын. Ал эллинше киінген, сақалын қырған, семсер ілінген белдігі жоқ, Аттиканың топырағында туып-өскендей грек тілінде төгілте сөйлеп тұрған жанның өз тайпаласы екенін Анахарсис қайдан білсін? Токсаридті уақыт осынша өзгертіп жіберген еді.

Алайда Токсарид Анахарсиске скифше былай деп тіл қатты:

– Жаңылмасам, сен **Даукет ұлы Анахарсис** боларсың?

Ақырында ана тілінде сөйлейтін біреуді кезіктіргеніне және де ол өзінің Скифияда кім екенін білетін болып шыққанына қуанған Анахарсис жылап жіберді:

– Ал сен, бейтаныс жан, мені қайдан білесің?

– **Мен де сол өңірден шыққанмын**, – деп жауап берді ол, – менің атым Токсарид. Алайда сен танитындай текті тұқымнан емеспін.

– Неге білмеймін, мен **Токсарид туралы естігенмін**, – деді Анахарсис, – Токсарид деген біреу Грекияға құмарланып, Скифиядағы әйелі мен балаларын тастап, Афиныға кеткендігін, қазір осында ең құрметті де атақты адамдардың бірі екендігін естігенмін.

– Иә, сол менмін, – деді Токсарид, – ол жақта әлі де мені сөз қылатыны шын болса игі?

– Ендеше, біліп қой, – деді сонда Анахарсис, – мен сені ұстаз тұтып, сенің Грекияға деген құштарлығыңнан от алып, оны көруге құмарттым. Осы мақсат мені де алыс жолға алып шықты. Жол бойындағы көптеген тайпалар арасында неше түрлі қауіп-қатерден аман өтіп, ақыры осында жеттім. Егер сені кездестірмеген болсам, күн батқанша кемеге отырып қайтып кетейін деп едім: бұрын көрмеген жат өмір алдында соншалықты абыржып қалдым. Ата-бабамыз сыйынатын құдайдың, семсер мен Замолксис атынан өтінемін, Токсарид, жат жерде жалғыз қалдырма мені, өзің ертіп жүріп Афиныдағы, содан соң бүкіл Грекиядағы көруге тұрарлық тамашаның бәрін көрсет, ең дана заңдар жайлы әңгімелеп, ең жақсы адамдармен, олардың салт-дәстүрімен таныстыр, **бүкілхалықтық мерекеге қатыстыр**, мемлекет өмірімен, құрылысымен де таныс ет – осының бәрі сенің соңыңнан мені осында жетелеп алып келген құштарлық. Осылардың бәрін көріп-білмей қайтып кетуіме жол бере көрме” (**“Қазақ тарихынан”, 2004. 134–135-бет**).

Анарыс – Анахарсис “Элладаның озық мәдениетін көруге келген”, Токсары – Токсарид оны “эллиндіктің жиынтық бейнесі”, “аттикалық философияның гауһары” Солонмен таныстырады. “Менің ойымша, – дейді Лукиан, – Солон өлмегенде, Анахарсис Скифияға қайтып оралмаған болар еді” (сонда, 137-бет).

Лукианның “Анахарсис немесе дене жаттығулары туралы” деген кітабында Анахарсис Солонға: “Дегенмен мен, Солон, осынша алыс жерден, ұлан-ғайыр қорқынышты Эвксин теңізімен жүзіп Скифиадан келгенде, басқа ештеңе емес, эллин заңдарымен танысу, салт-дәстүрін түсініп, ең жақсы мемлекеттік құрылысын түбегейлі зерттеу үшін келдім ғой”, – депті (**“Қазақ тарихынан”, 2004. 139-бет**).

Ал Қазыбек бек: “Еуропада көрген онегесінің жақсы жақтарын өздерінің патшалығына кіргізуге ұмтылған. Ол өзінің туған ағасымен осы жөнінде келісе алмай мерт болған”, – дейді.

Әрі ақылды, әрі халық сөзін ұйып тыңдайтын бақталасынан құтылу үшін, бауыры Сабыр – Савлий, меніңше, эллиндерден үйренген дене шынықтыру жаттығуларын оңашада жасап жатқанын көріп, “Жат елдің жаман әдет-ғұрпын елге әкелді” деген жалалы желеумен оны атып өлтірген болу керек.

Анахарсис жайындағы әңгіме қазақтың өзінен гөрі Грекиада мол сақталған себебі олар бәрін жазып қалдырған,

біз, әйтеуір, атын ғана аман сақтап қалғанбыз, ал Қазыбек бектің жеткізіп отырған аз сөзі атасы Матайдың жазып қалдырған шежіресі арқасында ғана.

Анарыс – Анахарсис эллиндер арасында қаншалық сыйлы, даңқты болса, кезінде сақтар – қазақтар ортасында да соншалық сыйлы, даңқты болған шығар деп ойлаймын. Біздегі даңқы мен дақпырты тек көмескіленген, ұмытылған, ал Эллададағылар жазып қойған, біз сол жазып қойғанды сіңіріп, сіміріп алсақ та жеткілікті. Мен білмегенді бәрі білмейді, мен оқымағанды өзге де оқымайды, мен мойындамағанды басқа да мойындамайды дейтін білімділер тарихтың ежелден жазылып келе жатқан дерегін әлі зерттелмеген дерек санап, тарихымызға енгізгісі келмейтінін, себебі өзі ғана бастап айтпағанды жақтырмайтынын, өз айтқанын ғана жақтайтынын бәріміз жақсы білеміз, бірақ қазақ “екі ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады” демей ме, өз шежірешіміз Қазыбек бек те, өткен дәуірдің дүниеге мәлім оқымыстылары Геродот та, Лукиан да бір-бірін құптап, толықтырып жатса, сол пікірге неге тоқтамасқа? Орыс ғылымы көрсе де көрмегенсіп, бәлкім, салыстыра қарауға, шынында да, өресі жетпесе, олар айтпады екен деп, көре-біле тұра өз тарихымызды өзіміз түншықтыруымыз керек пе?

Біздің дәуіріміздің 1-ғасырында өмір сүрген грек оқымыстысы Плутарх “Дастарқан басындағы әңгімелер” атты шығармасының “Жеті данагөйдің тойы” деген тарауында сақ-скифтің данагөйі Анахарсисі жеті данагөйдің қатарында (төртінші егіп) атайды: 1-Солон, 2-Биант, 3-Фалес, 4-Анахарсис, 5-Клероул, 6-Питгах, 7-Хилон (“Қазақ тарихынан”, 2004. 148-бет).

Бұл арада бір ғана сәйкессіздік бар: ол Қазыбек бек Арыстың әкесін Жұман дейді, Геродот Гнурдің ұлы, Ликтің немересі десе, Лукиан Даукет ұлы дейді. Бұған сенімді жауап табу – қиын. Алайда бір елдің сөзін, сөз жоқ, екінші ел өз тіліне қарай өзгертіп айтады. Сонымен қатар шығыс елдерінде ел билеушілерге таққа отырған кезде қосымша лақап ат та беріледі. Бұл әртүрліліктің себебін тек содан ба екен деп қана жорамалдауға болады.

Біздің дәуіріміздің 2-ғасырында өмір сүрді деп есептелетін грек оқымыстысы Диоген Лаэртский “Атақты философтардың өмірі, ілімдері мен нақыл сөздері туралы” кітабында Анахарсиске арнайы бір тарау арнайды.

Ол былай дейді:

“Анахарсис – скиф, Гнурдың ұлы және скиф патшасы Кадунидің бауыры, анасы жағынан эллин, сондықтан екі

тілді біледі. Ол скифтер мен эллиндердің карапайым тұрмыстағы және соғыс кезіндегі салты туралы **800 жол өлең жазған**, ал еркін сөзде алдына жан салмағандығы сондай, “скиф сияқты сөйлеу” деген мәтел содан қалған.

Сосикраттың айтуынша, ол **Афиныға 48-олимпиадаға** Евкрат архонттығына келген. Гермипптің айтуынша, ол Солонның үйіне келіп, құлдардың біріне қожайынына оны көру үшін және мүмкін болса, оның досы және қонағы болу үшін Анахарсис келіп тұрғанын жеткізуді бұйырады. Мұны естіген Солон құлы арқылы, әдетте, досты өз отанынан іздеу керектігін айтады. Анахарсис табан астында сөз тауып, Солон өз отанында отыр ғой, ендеше дос табудан бас тартқаны несі дейді. Оның тапқырлығына тәнті болған Солон оны үйіне кіргізіп, екеуі жақсы дос болып кетеді.

Біраз уақыт өткеннен кейін Анахарсис Скифияға қайтып оралады; алайда онда исі гректерге деген үлкен құрметі үшін, ата салтынан бас тарту нистінде деген күдікке ұшырап, аң аулап жүргенде **өз ағасының жебесінен қаза табады**. Өлер алдында ол былай депті: “Элладада мені ақыл-парасат қорғап еді, өз елімде қызғаныш құрбан етті”. Енді біреулер ол гректің дәстүрлі ғұрпын орындау үстінде қаза тапты деп сендіреді. Ол жөнінде біз былай деп жырладық:

Жат жерді кезген Анахарсис Скифияға оралды,
Туғандарын эллипше өмір сүруге үйретпек боп.
Сөзі шығын алайда дегеніне жете алмай,
Қауырсын жебеден ажал тауып,
Өзі өлсе де, сөзі қалды мәңгілік”.
 (“Қазақ тарихынан”, 2004, 168-бет).

Бұл да Гнурдың ұлы дейді, Сабырды Савлий демей, Кадуи дейді. Сірә, Сабыр деуге тілі келмеген болар. “Скифияға қайтып оралды”; “Өз ағасының жебесінен қаза табады”, – дейді. Осыны оқығанда, оның Матай шежіресіндегі Арыс – Анарысты айтып отырғанына мен өз басым күмәндене алмаймын.

Ол Арыс – Анарыстың біз білмейтін, бізге жетпеген немесе бізде сақталмаған біраз сөзін келтіреді:

“Жүзім сабағында үш шок жүзім болады: рахат сыйлайтын шок, мас қылатын шок және жирендіретін шок, – деген сөзді айтқан Анахарсис болатын, – дей келіп, тағы біраз тапқыр сөздерін тізбектеп айтады да, – Кеме табанындағы тақтай қалыңдығы төрт-ақ елі скенін естігенде ол: **“Кемедегілер мен өлімнің арасы төрт-ақ елі”**, – депті. “Тірілер мен өлілердің

қайсысы көп?” – деген сұраққа ол: “Тенізде жүзіп жүргендерді қай жағына қосамыз?” – деп қарсы сұрақпен жауап қайтарыпты”, – дейді ол. Қазыбек бек кітабында бір сөзге біріктіріп жіберген тапқырлық мұнда екі бөлек және өте мағыналы айтылған, ол, әрине, жазба әдебиеттің артықшылығы, о баста қалай айтылса, солай, яғни дұрыс сақталған болу керек.

Қазыбек Анарыс – Арыс ақын болған десе, Лаэртский 800 жол өлең жазғандығын айтады.

“Кейбіреулердің айтуына қарағанда, – дейді Д.Лаэртский, – ол кеме зекірі мен көзе жасау дөңгелегін ойлап тапқан” (сол бетте). Және Анахарсистің Лидиа патшасы Крезге жазған хаты сақталғандығын да айтады. Мұның бәрі Анарыс – Анахарсистің өз заманында Еуропада да, Азияда да өте атақты адам болғандығын білдіреді.

Ал енді скифтің сақ екенін, сақтың қазақ екенін дәлелдеу қажет пе? Скифтің сақ екенін қазіргі ғылым дәлелдеді. Алайда әлі де оған бой бермеушілер бар. Меніңше, скиф деген – кең ұғым, ол ұғымның ішіне сақтар да кіреді, сол аймақта сақтармен бірге өмір сүрген сақ еместер де кіреді, бірақ солардың бәріне скиф деген жалпы атқа ие қылып отырған – сақтар. Сонда скиф деген көбінесе территориялық мәнге ие де, сақ деген таза тайпалық ұғымды білдіреді, яғни ол скифтің (скифианың) бір тайпасы ғана.

Геродоттың мына бір сөзі скиф-сақты сөзсіз қазаққа жақындата түседі. Бәлкім, сақ дегеннің қазақ екеніне сендіреді де.

“Эллиндер амазонкаларға қарсы соғыс жүргізеді (скифтер амазонкаларды зорпата деп атайды, ол эллинше “күйеуін өлтіруші” ұғымын береді: “Зор-күйеу, ал пата – өлтіру”), – дейді ол (**“Қазақ тарихынан”, 2004. 119-бет**).

Енді осы скиф – сақтың екі сөзін арада 26-ғасыр өткен соң қазіргі қазақшаға аударып көрейік. “Зор” дегені – ер (еор), яғни еркек, күйеу. Ал “пата” – сәл қате естіген немесе қате жазылған “опат” сөзі, ол “өлтіру”, “өлу” дегеннің синонимі, сонда зор+пата сөзі ері+опат деген қазақ сөзі болып шығады. Махмұт Қашқари өзінің әйгілі сөздігінде біраз сөздің арап пен парсыға түріктен сіңгенін айтушы еді, осындағы опат (офат) сөзі де түріктен арап-парсыға өтіп, содан өзімізге қайда оралды ма екен деп те жорамалдауға болар еді, бірақ жорамалдың аты жорамал ғой, алайда “бат”, “бату” деген ежелгі түрік сөзі бар. Ол “өлім” деген мағына береді. “Ай мен Күннің өлгені – қызарып барып батқаны”, – дейді жыраулар. “Қараң батсын, қараң өшсін!” – деп қарғайды қатындар. “Қаранды батыр!” – деп ұрсады қариялар. Геродот айтып

отырған **пата** сөзі қазақтың “**бат**”, “**батты**” сөзімен мәндес, мағыналас шығады.

Сонда деймін-ау, 26 ғасыр бұрын Геродот заманында, қазақша сөйлеген сақ қазір неге қазақ емес? Әлде біздің озық ғылым Геродотқа да сенбей ме?

Ал 26 ғасыр бұрын сөзі қазақша болған Арыс сақты қазір неге қазақ еді демейміз? “Сақтардың қай тілде сөйлегені белгісіз”, “сақтардың тілі туралы дерек жоқ” немесе “бізге жетпеген” сияқты өзге халықтардың іштар тұжырымдарын малданып, мыңк етпей қашанғы жүре бермекпіз?

Әлде жаңағы екі сөз аз ба? Кім біледі, біз сияқты бірінің айтқанын екіншісі қостай білмейтін халыққа аз болса аз да шығар, бірақ қап түбінде жатқан асыл семесердей екі сөз қап түбін жарып шықты емес пе?

Тағы сол Геродот “Эрато” атты 6-кітабында: “Марафон шайқасы ұзаққа созылды. Әскери саптың ортанғы тұсы, парсылар мен сақтар (скифтер емес – Б.Н.) тұрған тұсында варварлар ойсырата жеңді. Бұл жерде жеңімпаздар афинылықтар сапын жарып отіп, оларды елдің түкпіріне дейін қуалады...

Олардың арасында сагартилар деп аталған көшпелі тайпа болды. Шығу тегі және тілі жағынан — бұл парсы халықтары, бірақ киімдері жартылай парсыша, жартылай пактиалық. Олар 8000 атты жауынгер шығара алады, әдетте оларда қанжардан басқа қола немесе темір қару-жарақ болмайды. Оның орнына олардың қайыстан өрілген **арқандары** бар. Осы арқанмен олар ұрысқа кіреді. Шайқаста былай істейді: жауына жанаса бере олар құрықтап алған арқанды лақтырып қалады да, ілінгенін — ат па, адам ба, — сүйрей жөнеледі. Арқанға ілінген адам өлмей қалмайды”, — дейді (Сонда, 130-бет).

Мұнда бізді бірінші ойландыратын тайпа аты: сагарти. Қазақта қосарланған тайпа атынан туындаған біраз сөз бар: арғын (ар мен құн тайпасынан туындаған), найман (нау мен ман тайпасы), торғай (торы мен қай тайпасы). Осы дәстүрмен “сагар” атауы да сақ+ар тайпаларының бірлігі болуы мүмкін. Геродоттың үзіндісі орыс тілінен аударылып отыр, ал “арқан” орыс сөзі емес, қазақ сөзі, сондықтан Геродоттың түпнұскасында “арқан” болмаса, оны орыстар “арқан” деп аударар қоймас еді-ау деп ойлаймын. Оның үстіне жауына шалма, яғни “құрықтап алған арқанды” тастайтын жауынгер қазақ болмағанда кім болуы керек деп тағы ойлаймын.

Енді біздің дәуірімізге дейінгі 7-жылда 70-ке келгенде “География” атты таза ғылыми кітап жазған Страбонға жүгінейік. Ол: “Гомер тұсында өмір сүрген скифтер шынында

да болған халық және гректер оларды Гомер сипаттаған күйде қабылдап келді”, — деп жазады аталмыш кітабында (“Қазақ тарихынан”, 2004. 157-бет). Ол тағы былай дейді: Эфор Хериланың:

“Қой бағатын сақтардың түп атасы — скифтер,
Азида тұрады олар наны мол.
Көшпелілер ұрпағы болса дағы,
Жаны таза адамдар”, —

деген өлеңін мысалға келтіре отырып: “Эфор Анахарсисти данышпан деп атап, оның осы тайпадан (сақтан — Б.Н.) шыққанын және ар-иман, ақыл-ойының кіршіксіз тазалығынан жеті данағөйдің біреуі болғандығын айтады. Ол ұста көрігін, екі басты зәкірді және қыш құмыра жасау ұршығын ойлап тапқан Анахарсис дейді. Мен Эфордың барлық жағдайда тек қана шындықты айта бермейтіндігін білсем де, бұл туралы айтып отырмын. Өйткені бұдан көп бұрын өмір сүрген Гомер қыш құмыра ұршығын білген болса, оны қалай Анахарсис ойлап тапқан болады?”

Мейлі, қыш құмыраны таппаса да, ұста көрігі мен зәкірді ойлап тапқанының өз де Анахарсисти төмендетпейді.

Страбон тағы: “Скифтер тамаққа ет, оның ішінде жылқы етін көбірек пайдаланады, қымыздан жасалған ірімшік, сүт және айран, ерекше түрде дайындалатын айран оларда дәмді тамақ саналады”, — дейді. (Сонда, 159-бет).

Осының бәрі рас болса, онда сақ-скифтің қазақтан қандай айырмашылығы болғаны? Оның үстіне “сақ” дегеннің өзі ежелден қазақ сөзі емес пе? Шежіреде Майқының Ұзын деген баласынан туған ұлы Сақ аталады. “Сақ болу” деген сөз бар, жүзімнің сағы дейміз, сақылдап сөйлеу бар. Қысқасы, дау-дамайсыз, басы ашық қазақ сөзі.

Сонда Арыс — Анарыс дегеніміз сақ Анахарсис болса, қазақ шежіресіндегі қазақтың бабасы Анарыс пен Анахарсис бір адам болса, онда сақ тайпасы неге қазақтың арғы бабасы болмайды? Ол қазақ болмаса, қазақ оны бабам деп өз шежіресіне кіргізер ме еді?

Әрине, жоқ. Бұдан шығатын қорытынды мынау: сақ — қазақтың баба тайпасы, грек оқымыстылары Анахарсис атаған адам — біздің Анарыс — Арыс, ал Арыс — қазақтың арғы бабасы. Демек қазақтың тегі сақтан, Анарыс — Анахарсис ұрпағы билеген елден тарайды.

Ендеше: “Қазақтың арғы атасы — Алаш. Алаштан Қазақ туған. Қазақтан Бекарыс, Ақарыс, Жанарыс деген үш ұлы болыпты”, — дейтін (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы,

1994. 39-бет) қазақ шежіресі де шындықтың шырылдаған бір үні. Яғни “Алаш!” ұранды Қазақ ұрпағымыз біз: сақ та, құн да, үйсін де, қаңлы да, хазар да, қыпшақ та, бұлғар да, найман да, керей де — бәріміз.

Қазақ зиялыларының ішінде Анахарсис жайында мәлімет беріп, жан-жақты зерттеп, тұңғыш ғылыми мақала жазған — жазушы Тұрсын Жұртбаев. Ол “Дулыға” атты кітабында грек оқымыстыларының жазғанына сүйеніп Анақарыс деген атпен тек Анахарсис емес, Тоқсары, Тұмар, Сирақ, Иданбарыс, Зарина жайында, олардан ертеректе өмір сүрген Тарғытай, Ишпақай атты сақтар туралы да үлкен патриоттық сезіммен жазды. Алайда өзі жазып, өзі айтпағанның бәріне мұрнын шүйіріп қарайтын біздің осы заманғы ғұламалар Тұрсынның кітабы жайында тырс етіп пікір білдірген емес: не айта алмайды, не айтқысы келмейді, әйтеуір, бір терең де түпсіз жұмбақ. Қайсысы болса да халықтық мүддеден алыстау мінез сияқтанады.

Ол кітабында Тұрсын тек Анақарыс сақты қазақ шежіресіндегі Арыспен салыстырмайды. Платонның “Анахарсис шамамен жыл қайыруымыздан бұрынғы 620—555-жылдары өмір сүрген”, — деген пікірін беташар етіп алады да, грек оқымыстыларының Гнур дегенін Қоңыр деп, Анақарыс Қоңырулы “ол мөлшермен б.д.д. 625—620-жылдары дүниеге келген” деп жорамалдайды (“Дулыға”, Алматы, 1994. 140-бет).

Савлий дегенді Тұрсын Сабыл деп, шежіредегі Сабырға біраз жақындатады. Ол: “Анақарыс Элладада ұзақ жыл жүргенде таққа Савлий отырды. Ал мұрагер Анақарыс еді”, — деген қиял-жорамал да жасайды (158-бет). Бұнысы, меніңше, шындыққа жақын. “Аруна” баспасы 2004-жылы “Ертедегі Қазақстан” атты кітап шығарды. Оның автор-құрастырушылары: Т.Жұмаханов, Т.Шанбай, Б.Жұматаев, Л.И.Тетенко. Пікір жазған — Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, белгілі тарихшы ғалым Б.Комсков. Бұл кітапта қазақтың арғы аталары арилар, сақтар, құндар, түріктер деп көрсетілген. Арилар немесе ардың дәуірін б.д.д. 3000—1000-жыл, атақты адамы Тарғытай деп, ал сақтың дәуірін б.д.д. IX—III-ғасыр, атақты адамдарының қатарында Анахарсисі Анарыс, Токсаридті Тоқсары деп көрсеткен (47-бет). Сонда гректердің Анахарсисі бұл кітапта Анарыс, ал Қазыбек бекте Арыс боп, бұл үш түрлі аталған адамның бір-ақ адам — біздің Арыс бабамыз — екендігі бәлкендей қиындықсыз-ақ дәлелденеді. Осы шындықты біз енді жан-жаққа тартқыламауға тиіспіз. Ол да мәдениеттілік, ата сыйлаған елге ылайықты қылық.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарап отырсақ, Арыс бабамыз өте ірі тарихи тұлға боп табылады. Оны бабам деуді еш қазақ қораш санамаса керек, қайта мақтанарлық, мақтауға тұрарлық тұлға. Диоген Лаэртскийдің жазуына қарағанда, ол Афиныға келіп 48—Олимпиаданы көрген, бұл біздің дәуірімізге дейінгі 588—584-жыл аралығы.

Лидиа патшасы Крезге Арыс бабамыз бірнеше хат жазған. Ал Крез б.д.д. 560—546-жыл аралығында патшалық құрған.

Лукиан: “Менің ойымша, Солон өлмегенде, Анахарсис Скифияға қайтып оралмаған болар еді”, — дейді ғой, соған қарағанда, Арыс бабамыз елге өте кеш оралған. Себебі, Д.Лаэртскийдің көрсетуінде, Солон б.д.д. 559-жылы қайтыс болған.

Тіпті, 48-Олимпиада өткен 588-жылы келіп, Солон өлген 559-жылы қайтты дегеннің өзінде ол Элладада 29 жыл өмірін өткізген болып шығады. Бұл — ұзақ уақыт. Қазыбек бектің шетелде “көп ғұмырын өткізді” дегені дәлелді сөз екені бұдан да көрінеді. Ал енді оның “өз еліне келгенде он екі-ақ жыл өмір сүріпті” дегенін ескерсек, $29 + 12 = 41$ жыл өмірінің нобайы осы арадан көрініс береді. Солон өлген 559-жылға тағы 12 жылды қоссақ, онда Арыс бабамыз б.д.д. 547-жылы қаза тапқан болып шығады. Бірақ оның қанша жасында Афиныға барғанын анық біле алмаймыз, оны грек оқымыстылары да, қазақтың Ата шежіресі де айтпайды. Әйткенмен оның алғаш Тоқсарымен Афиныда жолыққан жағдайына зер сала отырып, оның сол кезде тым жас болмағанын байқаймыз. Лукианның жазуынша, Тоқсары оны бірден танып: “Жаңылмасам, сен Даукет ұлы Анахарсис боларсың?” — деп сұрайды. Бұған қарағанда, ол бұл кезде ержетіп, кәдімгідей танымал болып қалған жігіт сияқты. Меніңше, шамамен 20 жастан асып қалған кезі деудің жөні келіңкіреп, сонда $41 + 20 = 61$ болады. Осындай жорамал негізінде Арыс бабамыз жасы алпыстан асқан шағында өз бауыры Сабырдың қолынан қаза тапқан болар деп шамалауымыз шындыққа үйлесетін секілді. Бәлкім, Платонның 620—555-жыл аралығында өмір сүрді дегені дәл болмағанмен, 65 жыл өмір сүрді дегені ақиқат та болар, кім біледі. Қалай болғанда да, Арыс бабамыздың б.д.д. 547-жылы қаза болғаны өз шежіреміз бойынша анықталады. Меніңше, осыған тоқтағанымыз дұрыс (Бексұлтан Нұржекеұлы, “Жас Алаш”, 21-шілде, 2005).

ИДАНФИРС

3

*Біздің дәуірімізге дейінгі VI-ғасырда өмір сүрген.
Арыс бабамыздың немере інісі*

* * *

**Парсы патшасы Дарийге қарсы қаша соғысу әдісін
тұңғыш сәтті қолданған сақ патшасы әрі батыр қолбасы**

* * *

Дарий скифтерге қарсы жорыққа даярланып, қолас-тындағы өзіне бағынышты халықтардың бәріне жар салды. Патша бір халыққа әскер шығаруды, екіншісіне кеме жасақтауды және үшіншісіне Фракиялық Боспор үстінен көпір салуға бұйрық берді. Патшаның інісі, Гистасп ұлы Артабан скиф елінің шалғайлығын айтып, жорықтан бас тартуға шақырды. Алайда Артабан ақылды кеңестерімен патшаны алған бетінен қайтара алмады. Жорыққа дайындығын аяқтаған Дарий Сустан аттанып та кетті...

Скифтердің алдыңғы жасағы парсыларды Истрден үш күндік жол шегінде қарсы алды. Скифтер бір күндік жол мөлшерінде жаудың алдына түсіп, жолындағы бар өсімдікті құрға отырып, қосын тікті. Аттылы скифтерді көзі шалған жау дереу олардың ізіне түскенмен, олар үнемі шегінумен болды...

Парсылар Скифия мен Савроматия жерімен жүргенде құлазыған даладан басқа ештеңе көрген жоқ, ал будиндер жеріне енгенде парсылар ағаш қабырғамен қоршалған қаланың үстінен шықты. Будиндер бас сауғалай қашып, қала бос қалды, парсылар оны өртеп жіберді. Содан кейін шегінген жауын одан әрі қуалаған парсылар бұл елден өтіп, шөл далаға шықты. Тірі жан тұрмайтын бұл шөл дала будиндер елінен солтүстікке қарай жеті күндік жол шегінде

созылып жатыр. Бұл шөл даланың солтүстігінде фиссагеттер тұрады. Олардың жерінен ағатын төрт үлкен өзен меоттер жерін басып, Меотида көліне құяды, ол өзендер атауы: Лик, Оар, Танаис және Сиргис...

Шөлге келген соң Дарий Оар өзені бойына қосын құрды. Осы жерде патша бір-бірінен бірдей қашықтықта – аралары 60 стадий етіп сегіз үлкен бекініс тұрғызуға бұйрық береді. Бұл бекіністер қалдығы біздің заманымызға дейін сақталған. Патша бұл іспен айналысып жатқанда, скифтер оларды солтүстіктен айналып өтіп, Скифияға оралды. Скифтер аяқ астынан жоғалып кеткеннен кейін Дарий жартылай аяқталмаған құрылыстарды сол күйі тастады да, скифтер қайтып көрінбеген соң, батысқа бет алды. Патша бүкіл скиф әскері өзінің маңында жүр және олар батысқа қарай қашты деп ойлады.

Дарий әскері жылдам жүріп отырып Скифияға жеткенде, скиф әскерінің екі тобы да алдынан шықты. Жауын көрген патша олардың соңына түсті, скифтер бір күндік жол бойында шегінуден болды. Дарий қудалауды тоқтатпады, енді скифтер әскери жоспарына сәйкес, өздеріне әскери көмек көрсетуден бас тартқан тайпалар иелігіне, ең алдымен – меланхлендер жеріне қарай шегінді. Парсылар мен скифтердің басып кіруі меланхлендердің зәресін ұшырды. Енді скифтер жауды андрофагтар өңіріне бастады. Олардың да үрейін ұшырғаннан кейін неврлер жеріне жылжыды. Неврлерді де үрейлендіріп алып, енді агафирстерге ығысты...

Соғыс ұзаққа созылып, аяқталар түрі байқалмаған соң, Дарий скиф патшасы Иданфирске бір аттылыны жіберіп, мына сөзді айтқызды: “Қылжақбас! Сен неге үнемі қаша бересің, алдына таңдау қойылды емес пе? Егер сен менің күшіме қарсы тұрарлық шамам бар деп есептесең, кезбелікті қой да менімен шайқасқа шық. Ал егер өзіңнің әлсіздігіңді мойындасаң, қаша бермей, жерің мен суыңның иесіне сыйлық әкеліп, онымен келіссөзге келуге тиіссің”.

Бұл сөзге скифтердің патшасы Иданфирс былай деп жауап қайырды: “Менің жағдайым былай, патша! Мен бұған дейін де біреуден қорқып ешқашан қашқан емеспін, қазір де сенен қашып жүргенім жоқ. Мен бейбіт кездегі әдетіммен көшіп жүрмін. Ал мен неліктен сенімен айқасқа түспегенімді де түсіндірейін. Бізде қала да, өңделген жер де болмайды. Олар болмаған соң, киратып, тонап кетеді деп қорқпаймыз,

сондықтан сендермен шайқасқа түскен жоқпыз. Ал егер сендер қалай болғанда да бізбен соғыспақ болсаңдар, бізде ата-баба моласы бар. Соны тауып, бұзуға тырысыңдар, міне, сол кезде сендер біз сол мола үшін соғысамыз ба, жоқ па, көздеріңмен көресіндер. Ал оған дейін біз өзіміз қаламасақ, сендермен соғысқа түспейміз. Бұл (менің) соғыс жайлы сөзім. Мен өзімнің билеушім деп тек Зевсті және скифтер патшайымы Гестияны ғана танимын. Саған жер мен суды емес, сыйлыққа лайық деп тапқан басқа сыйларды жіберемін. Ал өзінді менің билеушіңмін деп атағаның үшін, сен әлі өкінетін боласың!” Скифтер жауабы осы болды...

Ақырында Дарий киын жағдайда қалды. Мұны білген скиф патшалары жаушы арқылы оларға сыйлық – құс, тышқан, бақа және бес жебе жіберді. Парсылар елшіден мұның мәнісін сұрағанда, ол өзіне бұл сыйлықты тапсырып, кері қайту ғана тапсырылғанын айтты. “Егер парсылар ақылды болса, бұл сыйлық мәнін өздері-ақ білуі керек”, – деді ол.

Мұны естіген парсылар кеңес шақырды. Дарий скифтер өзіне бағынуға шешім қабылдады және (бағыну белгісі ретінде) осы сыйды әкеліп отыр, өйткені тышқан адам сияқты жерде өмір сүріп, дәнін жейді; бақа суда өмір сүреді, ал құс бәрінен бұрын (жүйріктігі жағынан) атқа ұқсайды, ал жебе скифтердің қарсыласудан бас тартуын білдіреді деп жорыды. Гобрий (сиқыршыны құлатқан жеті қайраткердің бірі) оған қарсы пікір айтты. Ол сыйдың мәнін былай түсіндірді: “Егер сендер, парсылар, құс сияқты аспанға ұшып кетпесендер, тышқан құсап жерге сніп кетпесендер немесе бақа құсап батпаққа батпасаңдар, елдеріңе қайтпай, мына жебеден ажал табасыңдар”.

Парсылар осылайша сыйлық мәнін шешуге тырысты. Бұл кезде Меотида көлі маңында тұрған скиф жасағы Истрдегі күзетшілермен сөйлесуге келді. Скифтер ионалықтарға былай деді: “Ионалықтар! Сендер бізге құлақ салыңдар, біз сендерге еркіндік береміз. Біздің естуімізше, Дарий көпірді 60 күн ғана күзетіп, осы мерзім ішінде келмейтін болса, елдеріңе қайтуға рұқсат еткен көрінеді. Сендер осы айтқанды орындасаңдар, олардың алдында да, біздің алдымызда да айыпты болмайсыңдар. Аталған мерзімді тосыңдар да, содан кейін елдеріңе қайтыңдар”. Ионалықтар солай етуге уәде берген соң, скифтер кері қайтты.

Патшаға сыйлық берілгеннен кейін өз жерінде қалған скиф жасақтары – атты және жаяулар – әскери тәртіппен парсыларға

қарсы соғысқа аттанды. Скифтер сапқа тізіліп тұрған кезде араларынан бір қоян жүгіріп өтті. Қоянды көріп қалған скифтер оны қуып берді. Скифтер қатары бұзылып, айқай-шу шыққанын көрген Дарий бұл неткен шу екенін сұрады. Скифтердің қоян қуып кеткенін білген Дарий кеңеске жиналғандарға былай деді: “Бұлар бізді менсініп тұрған жоқ. Гобрий сөзінің дұрыстығына енді көзім жетті. Жағдайымыз қиын екенін енді білдім. Қалай аман-есен елге қашуымыз жөнінде ақылдасайық”. Оған Гобрий былай деп жауап қатты: “Татша! Мен бұл тайпаны жеңу мүмкін еместігін бұрыннан-ақ естігенмін. Ал мұнда олардың бізді келеке етіп жүргендерін көргенде, көзім жете түсті. Сондықтан ұсынысым мынау: қараңғы түсіміен, бұрынғы әдісімізге салып, мол от жағу керек те, әлсіз жауынгерлерді және байлаулы барлық есектерді тағдыр талқысына қалдырып, скифтер Истрге жетіп, көпірді қиратпай тұрғанда, әлде ионалықтар біз үшін қауіпті өзге бір шешім қабылдамай тұрғанда шегініп кету керек”.

Гобрий осындай кеңес берді. Түнде Дарий мұны жүзеге асыруға кірісті. Жоғалтуға өкінбейтін әлсіз жауынгерлерін және байлаудағы барлық есегін қалдырды, ал қалатын жауынгерлерге, өзі тандаулы әскерімен скифтерге шабуыл жасайтынын, ал әлсіздер бұл кезде қосты күзетуге тиісті екендігін айтып сылтауратты. Қалатындарға от жағуды тапсырып, Дарий асығыс Истрге беттеді. Есектер әскер шегінгенде бұрынғыдан қатты ақыра бастады. Оны естіген скифтер парсылардың қоста екендігіне сенімді болып жата берді.

Ертеңіне қоста қалған парсылар Дарийдің өздерін сатып кеткенін бір-ақ білді, Скифтерге жалбарына қол созған олар аяушылық студі өтініп, болған оқиғаны түгел айтып берді. Мұны естіген скифтер екі жасақтың басын қосып (бір жасақта савроматтар, екіншісінде будиндер мен гелоидар да бар), Истрге қарай парсылардың соңынан қуа жөнелді. Парсы әскері негізінен жаяу әскерден тұратын әрі жолды нашар біледі (ол жерде таптаурын жол да жоқ қой), ал атты скифтер (Истрге) тура жолды білетін еді. Сондықтан скифтер көпірге парсылардан анағұрлым ерте жетті. Парсылардың әлі келмегенін көрген скифтер кемедегі ионалықтарға былай деп тіл қатты: “Ионалықтар! Сендерге белгіленген (күтуге) мерзім өтті, сондықтан енді мұнда қалғандарың дұрыс емес. Өйткені сендер мұнда қорқыныш үшін қалдырылған

едіндер. Енді тездетіп көпірді бұзындар да, аман-есен елдеріне қайтып, құдайлар мең скифтерге алғыс айтындар. Ал сендердің бұрынғы билеушілерінді біз енді қайтып бірде-бір елге жорық жасай алмайтындай халге жеткіздік”.

Мұны естіген ионалықтар кеңеске жиналды. Геллеспонттағы Херсонестердің қолбасшысы және афинылық тиран Мильтиад скифтер ақылын алып, Ионияны азат етуге ұсыныс айтты. Милеттік Гистией, керісінше, басқа пікірде болды. Оның айтуынша, олардың әрқайсысы Дарийдің арқасында бір-бір қала тираны болып отыр. Егер Дарий билігі құлатылса, Гистией де, басқалар да қалалардағы билігінен айырылады: өйткені кез келген қала тиран билігінен гөрі халық билігін қалайды ғой. Мұны естіген кеңеске қатысушылар бұрынғы Мильтиад пікірін жақтағандарынан бас тартып, Гистией пікірін қостады...

Гистией ақылын тыңдаған ионалықтар оны мынадай істерімен және сөздерімен толықтыруға шешім қабылдады: көпірдің скифтер жағын, садақ оғы жетпес жерге дейін әрі скифтер ионалықтар өз талаптарын орындау үшін бірнәрсе жасап жатқанын көзімен көру үшін және де скифтер көпір арқылы өтуге ұмтылып жүрмес үшін біраз жерін бұзуға тиіс болды. Осыдан кейін бәрінің атынан Гистией скифтерге жауап қайырды: “Сендер, скифтер, дер кезінде келіп, дұрыс ақыл айттындар. Сендер бізге дұрыс жолды көрсетіп бергендіктен, біз сендерге ынтамен қызмет етуге даярмыз. Көріп тұрсындар, біз көпірді бұзып, азаттық алуға қадам жасап жатырмыз. Әзірге 615 көпірді бұзып болғанша, сендер парсыларды іздеп тауып, өздерің үшін де, біз үшін де жақсылап сыбағасын беріндер”.

Скифтер ионалықтар сөзіне сеніп, парсыларды іздеуге ат басын кері бұрды. Алайда олар парсыларды таба алмады (жолда). Бұған бұл жолдағы жайылымдарды таптап, су көздерін жауып кеткен өздері кінәлі еді. Жауды іздеген скифтер олар жемшөбі мен суы бар бетке бұрылған шығар деген оймен сол жаққа бұрылып кетті. Ал парсылар бұрын өздері жүрген жолдан айырылмай, үлкен қиындықпен өткелге келіп жетті. Түнде келген олар көпірдің бұзылғанын көріп, ионалықтар өздерін сатып кетті деп ойлап, қорқыныш биледі.

Дарий нөкерлері ішінде ащы дауысты бір египеттік болатын. Дарий осы адамға жағалауға барып, милеттік

Гистиейдің атын атап шақыруға жарлық берді. Египеттік солай істеді. Шақыруды естіген Гистией дереу бүкіл кемесін жеткізді және әскер өтуі үшін көпірді қайта созды.

Сөйтіп, парсылар құтқарылды. Скифтер жер сипап қалды. Сол кезден бастап скифтер ионалықтар ең қорқақ халық, ал құл ретінде өз қожайынына өте адал және қашып кетуді ойына да алмайды деп есептейді. Скифтер ионалықтарды осылай келекетеді (Геродот, “Тарих”, Ленинград, Наука, 1972. “Қазақ тарихынан”, Алматы “Жалын”, 2004, 112, 123–129-бет, Аударған – Әсия Орынбаева).

* * *

Дүние тарихына өзгеріс әкелген мұндай ұлы жорық адам-шежіресінде екінші рет қайталанбаған. Жеті жүз мың қарулы әскерге қарсы күресіп, ашық айқасқа шықпай, еш шығынсыз, жауының тең жартысын жер жастандырған “әскери тәсілді Иданбарыс бастатқан скифтердің жасағынан өзге ешбір жаһангер жүзеге асырып көрген жоқ. Көшпелілер қауымына екі рет арыстандай атылған “әлем әміршісі” Дарий екі ретінде де ажал аузынан қайтып, екі ретінде де көкірегін керген кең далада тұншығып өле жаздады...

Оның атын бірде Иданфирс, бірде Идантирс деп аударады. Ал біз Иданбарыс деп қолдандық. Барысқа теңесе теңегендей, ер емес пе, расында! Ондай ел ағасы бар ел – бақытты ел (Тұрсын Жұртбаев, “Дулыға-1”, Алматы, “Жалын”, 1994, 190, 199-бет).

ТОМИРИС

4

*Біздің дәуірімізге дейінгі
VI-ғасырда өмір сүрген*

* * *

Сақтан тараған массагет тайпасының тұңғыш әйел патшасы;

Парсылар державасының негізін қалаған Камбистің ұлы Кир патшаны біздің дәуірімізге дейінгі 529-жылы жөніп, соғыста өлтірген тұңғыш әйел қолбасы

* * *

Массагеттер – саны көп батыл тайпа. Олар күншығыс бағытында, Аракс өзенінің ар жағындағы исседондарға қарсы өңірді мекендейді. Кейбіреулер оларды да скиф тайпасына жатқызады...

204. Сөйтіп, батысында Каспий теңізі Кавказбен шектеседі, ал шығысында күншығыс бағытында көз жеткісіз шексіз жазыққа ұласады. Бұл ұлан-ғайыр жазықтың айтарлықтай бөлігін жоғарыда айтылған массагеттер жайлайды, Кир соларға қарсы соғыс ашуға ниеттенеді.

Бұл жорыққа Кирді итермелеген бірнеше маңызды себеп болды. Ең алдымен – оның өзін ең құдіретті адам санауы, содан кейін – барлық соғыста желі оңынан тұрған жолыболғыштығы. Өйткені Кир кәріні төккен бірде-бір халық оған қарсылық көрсете алмады ғой.

205. Массагеттерді марқұм болған патшаның әйелі билеп тұр еді. Аты Томирис болатын. Кир оған құдалыққа елші жіберіп, өзіне үйленгісі келетіндігін білдірді. Алайда Томирис оның өзіне емес, массагет патшалығына қызығатынын түсініп, күйеуге шығудан бас тартты. Қулықпен ештеңе

шығара алмаған Кир енді массагеттерге қарсы ашық соғыс жариялады. Өзеннен (Аракс) әскерін өткізу үшін, патша қалқымалы көпір салуға, ал көпір болған кемелерден мұнара тұрғызуға бұйрық берді.

206. Кир әскері осы жұмыспен айналысып жатқанда, Томирис Кирге жаршы жіберіп, мына сөздерді айтқызды: “Мидия патшасы! Ойға алған бұл ісіңнен бас тартқаның жөн. Бұл көпірді тұрғызу саған пайда әкелеріне әлі көзің жетпейді ғой. Мұны қойып, өз мемлекетіңе ғана билігіңді жүргізе бер, біздің де өз жерімізге билік құруымызды қызғаныш етпе. Алайда сен, әрине, бұл кеңесіме құлақ аса қоймассың, қалайда өз дегеніңе басып, бітімге көнбейсің. Егерде сен массагеттерді шабуға соншалықты құмартсаң, онда өзен үстімен көпір салу жұмысына әуре болма. Өзеннен жайбарақат өте бер, ал біз бұл жерден үш күндік қашықтыққа жылжып кетеміз. Ал егер біздің сендер жаққа өтуімізді қолай көрсең, онда сендер де сөйтіндер”.

Бұл сөзді естіген Кир парсы шонжарларын кеңеске шақырып, мәселені баян етті де, не істеу керектігін сұрады. Бәрі бірауыздан Томирис әскерімен осы бетте қарсы алуды жөн деп тапты.

207. Кеңеске қатысып отырған лидиялық Крез ғана бұл шешімді қостамады. Ол өз қарсылығын білдіріп былай деді: “Патша! Мен бұрын да (Зевс мені сенің қолыңа түсірген кезде) сенің үйіңе қауіп төне қалса, көмектесуге уәде берген едім. Менің көрген қайғы-қасіретім маған сабақ болды. Егерде сен өзінді жеңілмейтін әскерді басқаратын ажалсыз адаммын деп есептейтін болсаң, менің пікірімнен саған пайда жоқ. Ал егер сен өзіннің кәдімгі адам екенінді және қоластындағылар да ажалды пенде екендігін мойындасаң, ең алдымен мынаны есінде сақта: өмір деген алма-кезек, тек бір адамдардың ғана үнемі желі оңынан тұра бермейді. Сондықтан бұл істе мен сенің шонжарларыңның ойын құттай алмаймын. Егер сен өз жерімізге жау табаны тиюіне мүмкіндік берсең, бізге мынадай қауіп төнеді: сен жеңілген жағдайда, бүкіл державаның да түбіне жетесің. Өйткені сені жеңген массагеттер дереу кейін қайта қоймайды ғой, бүкіл иелігіңді жаулап алады. Ал енді жауды сен жеңген жағдайда да сенің жеңісің массагеттерді өз жерінде жеңіп, қашқан жауды дүркіретіп қуғандай даңққа бөлене қоймайды. Мен сенің және олардың артықшылықтарын салыстыра қараймын: жауды қирата жеңіп, сен Томирис иелігіне баса-көктеп енесің ғой. Әрі

Камбис ұлы Кирдің әйел талабына бас иіп, өз еліне аяқ басыуына мүмкіндік беруі сүйекке таңба салар ұят нәрсе болар еді. Сондықтан, меніңше, бізге өзеннен өтіп, олар мүмкіндік берген жерге дейін ілгерілеу керек те, мынандай тәсілмен жеңіске қол жеткізу керек. Менің білуімше, массагеттерге парсылардың өмір салты, жанға рақат тұрмысы мүлдем жат. Сондықтан, менің ойымша, біздің қосынымызда олар қызығатындай ағыл-тегіл дастарқан жасап, қойды аямай сояйық, күшті шарап толы ыдыстарды да молынан қояйық, тәтті-дәмділермен де түрлендірейік. Осыдан кейін аз ғана әскер қалдырып, қалың қолмен өзенге қарай шегініп кетейік. Менің сезімім алдамаса, мұндай көл-көсір тағамды көрген жау қарап тұра алмаса керек. Ал бізге ұлы жеңіске оп-оңай қол жеткізуге мүмкіндік туады”.

208. Сөйтіп, кеңесшілер пікірі екіге жарылды. Кир алғашқы пікірден бас тартып, Крездің ақылына ден қойды. Патша өзінің өзеннен өтуге бел байлағанын айтып, Томирисінің шегініп кетуіне жарлық берді. Өзінің уәдесіне сай Томирис (әскерімен) кейін жылжып кетті. Осы жерде Кир Крезді өзінің орнына тағайындаған ұлы Камбиске тапсырады. Патша өзінің ұлына Крезді құрметтеуді және қамқор болуды (өзеннен өту және массагеттер еліне жорық сәтсіздікке ұрынған жағдайда) атап тапсырды. Осындай аманатпен Кир Камбис пен Крезді жолға шығарып, Персияға аттандырып салды, ал өзі әскерімен өзеннен өтуге кірісті.

209. Аракстен өтіп, массагеттер жерінде қонған түні Кир мынандай түс көрді. Гистасп ұлдарының үлкені – иығында қанаты бар екен де, бір қанатымен Азияны, ал екіншісімен Еуропаны жауып тұр екен. Ахеменидтер әулетінен Арсам ұлы Гистасптың тұңғышы ол кезде жиырмаға толмаған жасөспірім Дарий еді (жастығынан әскери қызметке жарамай, ол Персияда қалған болатын). Оянып кеткен Кир көрген түсінің мағынасына ой жіберді. Патша бұл тегін түс емес деген шешімге келді. Содан кейін ол Гистаспты алдына келтіріп, оңашада оған былай деді: “Гистасп! Сенің ұлың маған және менің державама қарсы ор қазып жүр. Бұл айдан анық әрі оны қайдан білгенімді де жасырмаймын. Құдайлар маған жар болып, басыма төнер қауіптен хабардар етіп отырады. Өткен түні мен түсімде сенің үлкен ұлыңды көрдім, иығында қанаттары бар екен және бір қанатымен

Азияны, екіншісімен Еуропаны жауып тұрды. Осы түсіме қарағанда, сенің ұлыңның менің өміріме қастандық жасағалы жүргені айдан анық. Сондықтан сен жылдам Персияға орал да, мен мына елді бағындырып, үйге қайтып оралғанымда, ұлың менің алдымда жауап беруге даяр тұруын қамтамасыз ет”.

210. Кир мұны айтқанда, Дарийдің өзіне қарсы қастандық ойлап жүргеніне шүбә келтірмеді. Алайда құдай бұл түс арқылы патша осы массагеттер елінде ажал табатынын, ал патшалығына Дарий иелік ететінін сездірмек болған еді. Гистасп болса патшаға былай деп жауап берді: “Патша! Сенің өміріңе қол салар парсының дүниеге келмей-ақ қойғаны жөн! Ал егер ондай жан бар болса, тез арада өлім келсін оған! Өйткені құлдықта жүрген парсыларға азаттық әперген, өзге халықтарға алым төлеуден құтқарып, олардың бәрінің билеушісі дәрежесіне жеткізген сен емессің бе. Шынымен түсінде менің ұлымның бас көтеруі туралы аян берілсе, мен оны өз қолыңа тапсырамын: өз білгеніңше жазала!” Патшаға Гистасп осылай деді. Содан соң ол Аракстен кейін өтіп, [Кирдің тілегі бойынша] ұлын қолға түсіріп, күзетте ұстау үшін Персияға қайтты.

211. Бұл арада Кир Аракстен бір күндік жерге дейін барып, Крездің айтқан ақылын жүзеге асырды. Бұл жерге күші нашар әскерін ғана қалдырып, патша өзі қалың қолмен Аракске дейін шегініп кетті. Осы кезде массагет әскерінің үштен бірі Кир қалдырған жауынгерлерге тап беріп, табанды қарсылас-қандарына қарамастан, қырып салады. [Жеңістен кейін], парсылар қосынында жаюлы тұрған тамақтарды көріп, массагеттер тойлауға кірісті. Олар тойғанынша жеп, шарап ішіп, ұйқтауға жатты. Осының үстіне келген парсылар жаудың көпшілігін қырып салды, одан да көп бөлігін тұтқынға алды. Тұтқынға түскендер арасында Томирис патшайымның баласы, массагеттер қолбасшысы Спаргапис те бар еді.

212. Өзінің әскері мен ұлының жағдайын естіген Томирис патшайым Кирге жаушы жіберіп, мына сөздерді айтқызды: “Қанішер Кир! Жеңісіңе масаттанбай-ақ қой. Жүзім сабағының жемісінен жасалған шарап бастарына шығып, ақыл-естен айырылған кезде, сендер де, парсылар,

[ішіп алып] ауыздарыңа келгенін айтасыңдар, – осы шараппен арбап сен менің ұлымды зұлымдықпен қолға түсірдің, шайқас үстінде күшпен қапысыз жеңіп алған жоқсың. Енді менің мына кеңесіме құлақ сал: ұлымды өзіме қайтар да, басың аманда менің жерімнен табаныңды жалтырат, массагет әскерінің үштен бірін сұрқия айламен қырып салғаның бойыңа құт. Егер сен тыңдамайтын болсаң, массагеттер әміршісі Күн құдайының атымен ант етемін, қаншалықты тойымсыз болсаң да, мен сені өзің аңсаған қанға кеңірдектен батырамын!”

213. Алайда Кир жаушы сөзін құлағына ілмеді. Ал Томирис патшайымның ұлы Спаргапис, мастығынан айығып, өзінің қандай жағдайға тап болғанын түсінген кезде, Кирден өзін бұғаудан босатуды өтінді. Патша заданың бұғаудан босауы мүң екен, ол өзіне қол жұмсады. Сөйтіп өзін өзі өлтірді.

214. Кирдің өз сөзіне құлақ аспағанын көрген Томирис бүкіл әскерімен парсыларға шабуыл жасады. Бұл ұрыс варварлар арасындағы ұрыстың ең бір қатыгезі болды деп ойлаймын. Оның барысы туралы менің білгенім мынау. Әуелі қарсыластар бір-біріне қасқая қарсы тұрып, садақпен атысады. Жебе қоры таусылған кезде олар қанжар және найзалармен қоян-қолтық ұрысқа кіріседі. Қарсыластар ұзақ шайқасады, ешкім де шегінгісі келмейді. Ақырында массагеттер тықсыра бастайды. Парсы әскері түгел дерлік ұрыс алаңында қырылады, Кир де өледі. Ол 29 жыл бойы патшалық құрған еді. Томирис шарап құятын торсықты адам қанына толтырып, үйіліп жатқан парсы өліктерінің арасынан Кирдің денесін іздетеді. Кир денесі табылған кезде патшайым оның басын торсыққа тығуға бұйырады. Өлі Кирді мазақтап, ол былай дейді: “Мен аман қалып, сені шайқаста жеңіп шықсам да, сен бәрібір мені тірідей өлтірдің, өйткені менің ұлымды кулықпен қолыңа түсірдің. Сондықтан да, мен саған уәде еткенімдей, қанды тойғаныңша іш”. Кир қазасы жайлы көптеген әңгіменің неғұрлым шындыққа жақыны осы деп ойлаймын.

215. Массагеттер скифтер сияқты киінеді, өмір сүру салты да ұқсас. Олар ат үстінде және жаяу саппен шайқасады (екі түрінде де). Сондай-ақ оларда садақ, найза және жауынгерлік айбалталар да бар. Олардың бүкіл заты алтын мен мыстан

жасалған. Найза, жебе және жауынгерлік айбалтаның барлық металл бөлігін олар мыстан жасайды, ал баскиімдері, белдіктері мен аспа бауларын алтынмен өрнектейді. Аттарына да олар көкірекше етіп мыс сауыт кигізеді. Жүген, ауыздық және өмілдірікті алтынмен әшекейлейді (Геродот, Тоғыз кітаптан тұратын “Тарих”. Ленинград. Наука, 1972. Қазақшасы – “Қазақ тарихынан”, 2004. “Жалын баспасы”, Аударған – Әсия Орынбаева).

* * *

Қазақ тарихшылары Томиристі Тұмар деп жүр. Қазіргі белгілі деректер бойынша, оның дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу мүмкін емес. Алайда сақ жұрты оны дәл гректерше Томирис деп атамағаны айдан анық. Ертедегі эллиндіктер Анарыс (Арыс) бабамызды Анахарсис, Тоқсарыны Токсарид деп, одан арғы бабаларымызды Тарғытай, Ишпақай деп атаған. Бәрінде де сөз соңына -ис, -сис қосымшасын орынсыз қоспаған, тек есімінің соңында “с” дыбысы барларға ғана қосқан. Демек Томиристі Тұмар деп атау бұл тәртіпке үйлеспейді. Ол өзі “марқұм болған патшаның әйелі” ғой. Патша әйелді, сөз жоқ, әйгілі, текті тұқымнан алса керек. Біздің жорамалымызша, оның аты Томарис немесе Тұмарыс болуы және ол Арыс бабамыздың қарындасы болуы, сондықтан атын Тума+Арыс деп қоюы, бәлкім, бұл оның лақап аты да болуы мүмкін (Б.Н.)

МҮДЕ ШӘНҮЙ

5

*Біздің дәуірімізге дейінгі
230-жылы туып, 174-жылы олген*

* * *

**Тұңғыш құн империясын құрған шәнүй бабамыз;
Қытай Императорын әскерімен қоса тұңғыш қаша
соғысу әдісімен қоршап алған қолбасы**

* * *

Ата шежіреде Арыстың Жан деген баласынан Ар және Құн деген екі ұл, ал сол екі ұлдан алты арыс орта жүз тарайды. “Қазіргі Арғын деп жүргеніміз – осы екі ұлы адамның алты баласынан тараған ұрпақ, олардың бірігіп Арғын аталуы Алтайға ауған заманнан қалған”, – делінеді (Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 1993, 46-бет).

Тарихшылар бұған әзірше үрке қарайды. Тіпті құндарды қазаққа жақындатқысы келмейтіндер де бар. Бірақ, “таң атпайын десе де құн қоймайды” дегендей, құндардың біздің заманға жеткен бір-екі атау сөзі, әдет-ғұрпы мен тұрмыс салты, киімі, тамағы – бәрі қазақпен туыспын деп айғай сап тұрған дәлел. Соншама дәлелге дәлел деп қарамау ол да тарихшыл қылық бола қоймас деп ойлаймын.

Біреулер хұн деп, тағы басқалар ғұн, гүн, ьун деп, соларға ілесіп өзіміз де күн, хұн деп сан құбылта атап жүрген ежелгі халқымыз – осы Құн билеген немесе сол Құн ұрпақтары билеген елден тараған ұрпақ болу керек. Мен өз басым Ата шежіренің айтқанына ден қоям. Өйткені тарихи деректердің қисыны да оны теріске шығара алмайды.

Сырт тарихшылар қазақта арғын, үйсін тәрізді тайпа бар екенін біле бермейді, сондықтан кешегі өткен арлардың, құндардың, үйсіндердің мұрагерлерін қазақ ішінен іздемейді. Шындығын айтсақ, іздегісі де келмейді. Әлемге әйгілі халықтардың ұрпағы деуге қазақты бірі қимайды, бірі байланыстыра алмайды, себебі қазақ шежіресін білмейді, білетіндері оның тарихи шындықтың дәні бар нәрсе екенін түсінбейді.

Содан солар айтпаған соң, біз өз ата-бабамызды таба алмай, тани алмай жүріп жатырмыз.

Ежелгі тарихта үйсіндер мен түріктер жайында жазылып қалған бір-біріне өте ұқсас бір аңыз тарих бар: біріншісін Н.Мыңжан өзінің “Қазақтың қысқаша тарихы” кітабында келтіреді. Қытайдың “Хан патшалығы тарихы. Жаң Чиан өмірбаяны” тарауында жазылған дерекке сүйеніп, ол былай дейді:

“Ұлы иозылар Нәнді биді өлтіріп (үйсіннің күнбиін – Б.Н.), олардың жерін тартып алған, **халқы босып Һүн еліне барып паналаған**. Осы кезде жаңа туған жас бала күнмуды әкесінің туысы **Боже Онқа** қалың шөптің арасына апарып тастап кеткен екен. Ашығып жатқан жас нәрестені **көк бөрі келіп емізіп**, құстары ет әкеліп беріп асырап жүрген. Оны көрген Һүндер баланы “кие” деп біліп, еліне апарған, **Һүн тәңірқұты асырап ержеткізген**” (Алматы, 1994. 64-бет). “Үйсін күнмуы Елжау бидің (қасқыр асыраған ұлдың – Б.Н.) **он ұлы болған**” (68-бет. Сонда).

Енді Бичуриннің әйгілі кітабының айтқанын тыңдайық:

“Предки тукюеского Дома обитали от западного моря на запад и одни составляли аймак. Это есть **отдельная отрасль Дома Хунну**, по прозванию Ашина. Впоследствии сей род был разбит **одним соседним владетелем** и совершенно истреблен. Остался один десятилетний мальчик. Ратники, видя его малолетство, пожалели убить его, почему, отрубив у него руки и ноги, бросили его в травянистое озеро. **Волчица стала кормить его мясом...** В горах находится пещера, а в пещере есть равнина, поросшая густою травой на несколько сот ли окружностью. Со всех четырех сторон пещеры лежат горы. Здесь укрылась **волчица** и **родила десять сыновей**, которые, пришед в возраст, пережились и все имели детей”. (Собрание сведений о народах...“ Москва–Ленинград, 1950, 1-том, 220–221-бет).

Менің ойымша, бірі үйсін жайында, екіншісі түрік жайында айтылғанмен, осы екі әңгіменің де негізі бір. Екеуінің де айтып отырғаны бір оқиға. Әйтпесе бүкіл шығыс халқын көк бөрі емізе бермес. Және бұл аңыздың тәркінінде шындық барын мойындаған жөн. Себебі бабаларымыз бекерден-бекер “бөрілі байрақ” көтермесе керек.

Ал енді осы екі әңгімеден түйін іздейік. Бичурин көрші халықтың билеушісі қапыда қырған халықты Хунну Үйіннің жеке тармағы еді, яғни хұндардың туысы еді дейді. Ал Мыңжан ол халықтың үйсін екенін ашып айтады және қытай жазбасынан сөздәйек келтіріп отырып айтады.

Бұдан бізге қажетті үлкен бір қорытынды шығады: хұн (құн) мен үйсін – ағайын жұрт әрі олар түріктің арғы атасы. Бичуриннің сөзімен айтқанда, үйсіндер хұндар үйінің бір тармағы болып табылады.

Ал хұндардың өзі кім? Біреулер оны маңғол деп жүрген жоқ па?

Енді Қазыбек бек Тауасарұлының кітабындағы Матай атасынан қалған Ата шежіреге жүгініп көрелік.

“Дәуді (Н.Мыңжанда Нәнді биді – Б.Н.) өз туыстары Үйсін тұқымының бірі өлтіріпті. Әкесі өлген екі ұл ит көзі түтін танымас ғұмыр сүріп, қабырға ағайыны, әкесінің дүбірі болған **Бөже деген кісі** қолында тәрбие алған. Бұл жерде ел арасында не түрлі аңыздың бар екенін айту керек. Соның бірі – Елсауды (Н.Мыңжанда Елжауды – Б.Н.) нән бөрі емізді деген әңгіме. Бұл әңгіме нақ осындай болмағанымен, осыған жуық растығы бар болса керек.

Жетім қалған екі бала үлкені Жантай жеті жасар екен де, Елсау кішісі бір жарым жаста болған. Бөже әкесін өлтірген өз туыскандарынан екі баланы жерден-жерге, көрден-көрге тығады. Елсіздегі тау бауырындағы өткен жылдан қалған бір мая шөпке тығады. Бөже тамақ әкеліп береді екен де, түнде ғана келіп, түнде қайтып кетеді екен. Таң біліне кетіп қалады екен. Сөйтіп жүргенде, бір күні шөп астындағы жеті жасар Жантайдың қалғанын көреді. Жантай айтады: Елсауды қасқыр тістеп кетті. Сөйтсе, Дәудің екі баласын іздеген дұшпандар таудың қуыс-қуысын бірін қоймай іздеп жүріп, құздағы бір апаннан барыстың екі аланын көріп, әлгіні Дәудің екі ұлын тауып алғандай қуанып, алып жөнеледі. Екі аланның исін білген ит атаулы

осы үйдің төңірегінен шықпай, әбден шуылдап, Дәуді өлтіруге қатысқан Көрки деген жасауылдың үйінің жанын шу-шұрқан қылып тұрады. Оған бір-екі күн шыдаған Көрки үшінші күні ит шуынан құтылмақ болып, барыстың екі аланын алып далаға лақтырып тастайды. Екі аланды иттер сілкілеп, бірінен кейін бірі талап өлтіреді...

Аланның ізімен (ісімен) келген таутан сол ауылды жағалап бірер күн жүреді...

Енді Бөже жанұшырып, жер-көкті қарап алас ұрады... Сөйтіп жүрсе, бір үңгірден емшектері салпылдап бір таутанның шығып бара жатқанын көреді... Абайлай басып апанға келсе, кішкентай ұл басы көтіне қайырылып, бүк түсіп ұйқтап жатыр. Ішін басып көрсе, қарыны қабыспаған, тоқ... қой, олсыз да бес күн емізді, енді Дәудің ұлын аң қылып жіберермін деп, алып қайтады...” Міне, сол барыс емізген бала Елсау ержетіп, **арғындар көмегімен** еліне қайта ие болады. **Арғын бауырлары арасында** жүріп, соғыс өнеріне әбден жетіліп, одан өз елінен қашқан аталастары қол жинап, қайта өз елін, билікті қолына алады. (Алматы, 1993. 39-40-бет).

Бұл дерек, сөз жоқ, басқа деректердің бәрінен де толығырақ, егжей-тегжейін кеңірек баяндаған дерек. Себебі бұл – өз халқымыздан қалған дерек.

Бичуриңде хун, Мыңжанда хун деп аталған халықты Қазыбек бек арғын бауырлары дейді. Демек, бұл дерекке сүйенсек, қазіргі арғындардың арғы атасы құндар (хун, хун, гун, т.б.) болып шығады. Ал құн мен үйсін ол кезде ағайын халық болса, қазір бір халық болып отырғанын бәріміз білеміз.

Ертеде құндардың билеушісін шәни+үй=шәниүй немесе шәнүй депті, орысша жазылуы – Шаньюй. Оның әйелін қатын (орысшасы – Хатунь) деген (Бичурин. “Собрание сведений...”, 1-том, 228-бет).

Көп ғалым Шәньюйді қытай сөзі деп қабылдап, оның қазақшасын Тәңірқұт дейді. Меніңше, ол құндардың өз сөзі, қазіргі қазақшасы елбасы немесе үйбасы деген мағына беретін сөз болу керек. Өйткені “шән” немесе “шоң”, “шәни” деген сөздер қазақта әл күнге дейін бар. “Шан” сөзі қытайда да бар. Мысалы, Тиан-Шан. Оның түп төркіні қытайдікі ме, құндікі ме, бір құдай білсін. Бичурин жазған “юй” сөзі де ежелгі “үй” деген түрік сөзі “үй” екенін ғалым ағамыз

Ғ.Мұсабаев баяғыда дәлелдеген. Сонда бұл сөздің дұрыс айтылуы “шәниүй” емес, “шәнүй” болса керек. Тіпті “шәнүй” дегенді мойындағысы келмегендер “қатын” сөзі қазақтыкі екенін амалсыз болса да мойындайды деп ойлаймын. Біздің дәуірімізге дейінгі заманда “шәни”, “үй”, “қатын” (тоқалдарын “йенші” немесе “яншы” деп атағанынан қазіргі “енші” сөзі, Шәкәрімнің айтуында “жеңеше” сөзі шығуы да мүмкін) деп қазақша сөйлеген құндар біздің дәуіріміздің ХХІ-ғасырында неге қазақ болмай, қалайша маңғол болатынын түсіну маған өте қиын. Сақ, құн, үйсін деп ежелгі заманда әртүрлі аталғандарымен, Ата шежіремізде сақ Арыс (Анарыс) та, үйсін Майқы да қазақ болып таратылып жүрген жоқ па? Арыс біздің дәуірімізге дейінгі V-ғасырда, ал Майқы I-ғасырда өмір сүрген.

Бұқар бабамыз жазып алып жүрген арғынның 70 ата шежіресі бізге аман-есен жекенде, құн шәнүйі Мүде де арғы арғын боп айтылар еді деп ойлаймын, бірақ ол шежіре бізге жетпеген соң амал не.

Алайда жоғарыда айтылған жазба тарих та құн мен арғынның бір тайпа екендігін анық айтып тұрған жоқ па?

Енді үйсін мемлекетінің жазба тарихы мен Ата шежіренің бір тұсын тағы салыстырып көрейік.

Бан Гу “Үйсін мемлекеті” тарауында былай дейді: “Хан хандығы Юанфың жылдарында (біздің заманымыздан бұрынғы 105–106-жылдар) Жиянду бегінің қызы Шижунды ханшалыққа белгілеп, сонымен ол асқан салтанатпен ұзатып салынды. Үйсін Күнбиі оны оң тізесін басар бәйбішесі етті. **Нұндар да бір қызын Күнбиге әйелдікке ұзатып**, оны сол тізесін басар бәйбіше етті” (“Қазақ тарихынан”, Алматы, 1997, 34-бет).

Бичурин де аталмыш кітабында осыны айтады: “Усунский государь послал 1000 лошадей, чтобы получить супругу из Дома Хан... Усунский государь Гуньмо поставил ее младшею супругою. **Дом Хунну также послал свою княжну в супруги**, и Гуньмо поставил ее старшею супругою” (Москва–Ленинград. 1950. 2-том, 160-бет).

Мыңжан “Қазақтың қысқаша тарихында”: “Үйсін елінің Хан патшалығымен құдандалық байланыс орнатып жатқанын естіген нұн билеушілері үйсін елінің Хан патшалығы жағына шығып кетуінен қатты қауіптенеді.

Бұдан сақтану үшін, **хүн ханшасын дереу үйсін күнмуы Елжау биге береді**”, – дейді (Алматы, 1994. 72-бет).

Ал Қазыбек бектің аталмыш кітабындағы Ата шежіре бұл жайында былай дейді: “Олардың (қытайлардың – Б.Н.) бар арманы енді қазақтарды **терістіктегі қазақ бауырларына** (арғындарға, яғни құндарға – Б.Н.) айдап салып, егер соларды шапса, қыз алысып, қыз берісер едік деген құдандалығын да білдіреді.

Елсау атамыз әйелін арғыннан алған. Біздің шешеміз Ұмай бәйбіше Арғын Аспар деген кісінің қызы екен. Оның үстіне қытай патшалығы да ол кісіге қыз берген” (41-бет).

Меніңше, бұл салыстырулар өзгелер Күн (хүн, хун, т.б.) деп жүрген халықтың қазақ шежіресінде арғын деп аталып келгенін ап-айқын айғақтайды. Ең өкініштісі сол: өз шындығымызды өзіміз мойындай алмай келеміз. Әрі шежіреге сенбейміз, әрі қазаққа сенбейміз. Басқа біреу жазса, сенер едік, бірақ басқа біреу мұны ешқашан жазбайды, өйткені ешбір халықтың ішкі тарихын сырт елдің ғалымдары ешқашан білмейді. Қазақ жерін XII-ғасырда аралаған Марко Полоның айтуынша, “Бұл арада аргон деп аталатын халық бар... **Ол екі рудан пайда болған**”, аргон руынан тендук шығады (“О разнообразии мира”. Алматы, 1990. 85-бет). Марко Поло қазіргі қытай жерінде Сендук немесе Тендук деген мекен бар екенін айтады. Ол сөз арғыннан тарайтын Сүйіндікті еске түсіреді. Ал Марко Поло айтып отырған екі ру Ар мен Күн болуы керек деп ойлаймыз. Арғындардың ұраны Ақжол екенін шежіреден білеміз. Ал Ақжол деген – Дайырқожаның лақап аты, ол – Қарақыпшақ Қобыландының тұстасы әрі бақталасы. Дайырқожаны, яғни Ақжолды Қобыланды өлтіргені шежіреден аян. “Бұл хун, яки ғұн атанған түріктер” деп сөйлейді Шәкәрім. Яғни олардың түркі халқы екенін дауға салмайды. “Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылда хұндардың ханы Томын Танжу еді. Бұл Томын хан Ғайса пайғамбардан бұрынғы 206-жылы өліп, оның орнына Модэ, яғни Мөте деген баласы хан болып, Ғайса пайғамбардан бұрынғы 174-жылға шейін бек көп жерлерді алды”, – дейді ол (“Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі”, Алматы, 1991. 13-бет).

“Ром елі де таулы, қырат... Бұл – Хижра жыл санауынан 150–250 жылдай бұрын Күн тұқымы Ақжолдың екі ұлы

Еділадан мен Біледан соғыс салған, ромдықтарды тітіреткен жер”, – дейді. Қазыбек бек (Аталмыш кітап. 166-бет). Одесса қаласында оқыған, испан тілінің маманы, қазіргі заманның ғалым-тарихшысы Аттилатанушы Самат Өтенияз да бұл пікірді құптады”. Қазіргі қазақ халқының құрамындағы арғындар – хұндардың, яғни хун ордасының бүгінгі ұрпағы. Олардың **арғын** деп аталуына себеп – Аттиладан кейінгі хундардың бір бөлігінің “Уархун” деп аталуы... “Арғын” термінің негізгі түбірі “Уархун” болуы әбден мүмкін. Тарихтағы Уархун есімі көптеген тарихи деректерде “Авар” деген атпен берілсе, орыс совет ғалымдарының еңбектерінде “Вархон” делінеді. Алайда француз ғалымдары “Уар” (Ouargh) деген атпен жазады”, – дейді (“Аттила”, Алматы, 2000. 30-бет).

Ата шежіреге үңілсек, бұдан екі түрлі нұсқа туындайтын секілді. Біріншісі – **уархун** тайпасы **ар** мен **құнның** қосылуынан (Арқұн), екіншісі – **ау** мен **ар** және **құн** тайпасының бірігуінен (Ауарқұн) пайда болуы мүмкін. Өйткені Ата шежіре бойынша, Жанның Ар және Құн деген балалары болса, Ардың Ау деген де баласы болған (Қазыбек бек, 46-бет). Самат Өтенияз ғалым А.Н.Бернштамның Уар туралы пікірін талдай келіп: “Каспий мен Арал теңізінің аралығында II-ғасырдан бері жасайтын Уархун тайпалары V-ғасырдың ақырында Еуропаға келіп Аттиладан қалған хун тайпаларына қосылған. Хундардың жаңа ордасында Уархундардың санының көбеюіне байланысты “Уар қағанаты деп аталған”, – дейді (Аталмыш кітабы, 30-бет).

Қалай болғанда да, арғын тайпасының құндар ұрпағы екенін тарих теріске шығара алмайды.

Сонымен көне тарихта хұн аталып келген ел қазақтың Құн бабасынан немесе ол билеген елден тараған ұрпақ болса, қазақ халқының құрамындағы арғын тайпасы сол құндардың мұрагері болса, онда құн шәнүйі Мүде де бүгінгі қазақтың арғы бабасы болмақ.

Құндардың тарихта аты қалған тұңғыш шәнүйін И.Бичурин Тумань деп атайды, онысы қазақша Тұман немесе Түмен дегенге жақын. Оның мұрагер ұлын қытайлар Мау Дүн деп атайды. Тарихта оны Модэ, Мете, Мөте, Мөде деп жазу жиі кездеседі, ал біз Мүде дегенді тілімізге жақын ат санадық.

Құндардың көрші елі Бичуринде юечжы, Мыңжанда ұлы иозы деп аталады. Ұлы иозы деген – үлкен ауыл, үлкен ел деген мағына беретін сөз, қытайша оны “да юечжы” дейтін болса керек. “Ұлы хун империясының тарихы” атты екі томдық зерттеу жазған Бахаддин Өгел ол елді “йүзілер” деп жазады.

Тұман шәнүй тоқалының тәтті сөзі мен тәтті қылығының торына түсіп, үлкен ұлы Мүденің орнына тоқалдан туған ұлын тақ мұрагері етуді ойлайды. Ол үшін Мүденің көзін жоюдан басқа жол жоқ-ты. Осыны әріден ойластырған ол Мүдені көрші ел ұлы иозыға аманатқа береді. Аманат берудің тәртібі бойынша, егер Тұман шәнүй ұлы иозыға тұтқиыл шабуыл жасайтын болса, онда оның аманатқа берген баласы дереу өлтірілуге тиіс.

Мүде ұлы иозыға барған соң, Тұман шәнүй оларға тұтқиыл шабуыл жасайды. Ұлы иозылар дереу Мүдені өлтірмек болса, ол олардан бұрын қимылдап, бір арғымақты ұрлап мініп еліне қашып кетеді. Ержүректігін бағалап, Тұман оның қоластына он мың атты әскер бөліп береді. Мүде ысқырма жебе жасайды да, өз адамдарына: “Мен ысқырма жебемді қалай қаратып атсам, сол жаққа қарата өз ысқырма жебесін атпаған адамның басын алам”, – деп бұйрық береді. Содан кейін өзі ысқырма жебесін өз арғымағына қаратып атады. Жақындарының біразы арғымақты атуға батпай бөгеліп қалады. Мүде дереу олардың басын алады. Біраз уақыт өткеннен кейін ол ысқырма жебесін өзінің сүйікті әйеліне қарата атады, зәресі ұшып жақындарының біразы тағы атуға батпайды. Мүде олардың да басын шабады. Тағы біраз уақыттан кейін ол анда жүріп ысқырма жебесімен Шәнүйдің, яғни әкесінің арғымағын көздейді. Жақындарының бәрі де бұл жолы өз жебесін солай қарата атады. Енді нөкерлерінің өз дегенінен шықпайтынына Мүденің көзі біржола жетеді. Содан әкесімен бірге аңға шығып, ысқырма жебесін әкесі Тұманға қаратып атады. Нөкерлерінің бәрі де Тұманды көздейді. Сөйтіп, Мүде Тұманды, оның тоқалын, одан туған өз бауырын және өзін қостамай, соларды жақтаған ақылшыларды түгел өлтіріп, өзін Шәнүй деп жариялайды.

Мүде – біздің тарихта тұңғыш өз әкесін өлтіріп таққа отырған адам.

Мүде таққа отырған кезде оның көршісі Дун-хулар күшіне мініп тұрған ел болатын. Тақ алмасып жатқан кезде

күшті деген елдің өзінде де абыр-сабыр болып жатады. Соны пайдаланғысы келген Дун-ху Мүдеге елші жіберіп, Тұманнан қалған мың шақырымды бір күнде алатын арғымақты алғысы келетінін білдіреді. Мүде дереу атқамінерлерін жинап ап ақылдасады. Олар құндардың қазынасы саналатын арғымақты бермейміз деседі. Көршімізден бір атты аяғанымыз қалай болады, берейік дейді Мүде. Біраз уақыт өткен соң, Мүде бізден қорқты деп ойлаған Дун-ху тағы елші жіберіп, Мүденің сүйікті қатындарының бірін өзінің алғысы келетіндігін айтады. Мүде төңірегіндегілермен тағы ақылдасады. Олар Дун-ху ұяты жоқ адам, оған енді соғыс ашу керек дегенді айтады. Мүде тағы басу айтып, көршімізден бір әйелді аяғанымыз қалай болады, берейік дейді. Дун-ху енді қатты масаттанады. Дун-худың батысында құндармен екі арадағы шекарада қараусыз қалған, бірақ құндарға қарайтын бір белдеу жер бар еді, бұл жолы Дун-ху соны сұрады. Мүде тағы өзінің ел басқарушыларын жиып ап ақыл сұрайды. Сонда көбі ол өзі ыңғайсыз жер, берсе де болады, бермесе де болады дегенді айтады. Сонда Мүде: “Жер – мемлекеттің негізі, оны қалай беруге болады?” – дейді қатты ашуланып. Оның бұл сөзі – ешқашан өлмейтін және ешқашан ескірмейтін дана сөз. Соны айтады да, жерді беру керек дегендердің бәрінің басын алады. Содан Мүде атқа мініп, кімде-кім ілеспей қалып қойса, соның басын кесуге бұйрық береді. Сөйтіп, шығысқа аттанып, Дун-хуға тұтқиыл шабуыл жасайды. Менсінбей, бейқам жатқан Дун-худың тас-талқанын шығарып, елін, мал-мүлкін – бәрін иеленеді. Мүденің бұл қылығы – мәңгі үлгі қылық. Ол шексіз билікке ие бола тұрып, өзінің жеке мүддесін халық, яғни мемлекет мүддесінен жоғары қоймайды. Өзінің жеке иелігіне жататын арғымағын, әйелін Дун-хуға бергенмен, мемлекет иелігіне жататын жерді бермейді. Қайта оны қорғауды борышым деп ұғады.

Мүденің Дун-хуға әуелі арғымағын, артынан әйелін беріп қарсылық жасамауы, сірә, уақыт ұтып күш жинап алудың да амалы болу керек.

Дун-худан оралған соң, батыс жағындағы ұлы иозыларды да, үйсіндерді де шауып, батысқа қуып тастайды. Бұрын қытайлар басып алған жердің бәрін қайта қайтарып,

ел шекарасын қайтадан Ордосқа дейін кеңейтеді. Хан патшалығы ол тұста Хян-юйлермен соғысып жатқандықтан, Мүде соны пайдаланып, тез арада күшейіп алады, оның әскері 300 мыңға жетеді.

Құндар Мүде тұсында оңтүстік пен солтүстіктегі бүкіл көшпелі елді басып алып біріктіріп, аса үлкен империяға айналды. Тұман шәнүйден кейінгі мыңжылдықта дәл Мүде билеген кездегідей қуатты дәрежеге құндар тек Аттила тұсында ғана жеткен болар. Мүде басқарған құн мемлекетінің күшейгені соншалық, – әкесі Тұман ел билеген кезде одан хан патшалығы (қытайлар) тартып алған жердің бәрін қайтарып алумен ғана тынбай, ол енді Хан патшалығын өзіне салық төлеп тұруға мәжбүр етеді. **Мүде құрған құн империясы – түрік халқы құрған тұңғыш ірі империя.** Бұл империя түрік тарихшысы Б.Өгелдің тианақты зерттеуінше тұп-тура 350 жыл өмір сүрді. Дәуірлеп тұрған кезде құндар 24 қосынмен немесе 24 түменмен, яғни 24 басшылық арқылы басқарылды.

Мүде құн империясын біздің дәуірімізге дейінгі 209-жылдан 174-жылға дейін, яғни 35 жыл басқарды.

Б.д.д. 200-жылы Мүде мен Шин императоры Гаудың арасында өте есте қаларлықтай үлкен соғыс болады. Бұл өзі – аңызға бергісіз айтулы оқиға.

Шин императоры әуелі құн еліне өз жансыздарын елші етіп жіберіп, оның әскери жағдайын анықтап қайтуды тапсырады. Мүде көрегендікпен қулық жасап, императордың елшілеріне жұтаған ел-жұрт пен шал-шауқандары ғана қалған ауыл-аймақты аралатады. Олар императорға: “Құндар соғыстан әбден әлсіреген, жастары соғыста қырылып, елде тек шал-шауқандары ғана қалған”, – деп айтып келеді. Соған сенген император құнға қарсы 300 мың әскермен өзі бастап шығады.

Мүде император Гауға қарсы сайлауыт әскерін ғана жібереді де, өзі негізгі күшпен Петен тауында оны күтіп жатады. Гау жаяу әскерін артқа қалдырып, өзі атты әскермен құндарға бұрын жетеді. Ал құндар қытай әскерінің алдынан тұтқиыл шыға келеді де, жеңілгенсіп қаша жөнеледі. Қытай императоры соған масайрап оны қуа береді. Сөйтіп қуа-қуа қытай атты әскері жаяу әскерінен озып алыстап кетеді. Бұл қателіктің аяғы тағы үлкен қателікке ұштасады. Қытай әскерінен қашып келе жатқансыған құн сайлауыты

ақырында алдарқатып оларды Мүде күтіп жатқан Петен тауына әкеп қамайды да, Мүде қытай императорын атты әскерімен бірге қоршауға түсіреді.

Мезгіл күз айы және тау іші болғандықтан, қар жауып, күрт суық түсіп, қақаған аязда қытай әскерінің оннан үші саусақарын үсітіп алады. Қоршау жеті күнге созылады. Құндарды қуа-қуа, соның алдамшы қызығымен азық-түліктен де, негізгі жаяу әскерінен де қол үзіп қалған қытай императоры мен әскері әрі аштықтан, әрі суықтан қатты қысылады. Қоршау тағы екі-үш күнге созылса, олардың жаппай қырылатындығында күмән жоқ-тын.

Императордың Ген Пин деген генералы құпия бір жолдармен Мүденің аса сұлу бәйбішесімен хабарласып, содан көмек сұрайды. Бәйбіше сөзін Мүдеге өткізеді. Сөйтіп, сұлу бәйбішесінің ақылын алған Мүде қытай императорын аман-есен әскермен қоса босатады. Бірақ бірде-бір тарихшы бәйбішесімен Мүденің арасында болған құпия сөздің мән-мағынасын және оның неге соншалық шешімді болғанын дәлелді тарата алмай келеді. Қытайлар оған қыз беріп, жыл сайын тарту есебінде алым-салық төлеп тұратын боп келіседі. Бұл маскара жеңілістерін қытай тарихшылары намыстанып бұлдырлатып жазады. Бірақ шындықты жасыру тарихтың міндетіне жатпайды.

Мүденің бұл қаша соғысу әдісі сак бабасы Иданфирстің парсы патшасы Дарийге қарсы 300 жылдай бұрын қолданған әдісі ғой. Бұдан да ұрпақ дәстүрі көрінсе керек.

Мүденің бұл жеңісі оның аса тапқыр, соғыс психологиясын өте жетік білетін батыр да батыл қолбасшы болғандығын көрсетеді. Бұл жеңілістеріне қытайлар қатты намыстанып, айықпастай кек сактаған. Кезінде: “Мүдемен соғыспайық. Барлауға барып келген адамдарыңды ол алдап отыр. Қазір оның әскері өте күшті”, – деп, құндармен соғысуға қарсы болған генералын Гау: “Қорқақсың, намыссызсың, айтқаның өтірік!” – деп жазалап, шеншекпенінен жұрдай еткен болатын, енді соны шақырып алып: “Құндардан қалай кек алсам болады?” – деп ақыл сұрайды. Сонда генерал Лю Чын: “Құндар қазір аса қуатты. Оларды ашық соғыста жеңу мүмкін емес. Сондықтан олармен достық және бейбітшілік шартын жасау керек. Құндардың атты қосындары бір күн немесе бір түн ішінде-

ақ қытай жеріне жетіп келе алады. Құндардың оңтүстігі жақта тұратын халқымыздың саны тым аз, олар құндарға тосқауыл бола алмайды, сондықтан сол арадағы елді көбейту керек”, – дегенді айтады.

Сол генералдың ақылымен Гау дереу жүз мыңнан аса әскериленген отбасын сол жаққа көшіріп апарып, егістік жер, үй беріп орналастырады. Сол жоспардың жемісін қытайлар кейін көрді. Оған тарихи жағдайлар куә.

Бұл – біз де үйренетін әдіс. Шекаралы аймақтың берік болғаны – ел ішінің де беріктігі.

Мүде, сөз жоқ, қатал басшы болған: өзін өлімге қиған әкесін ол да өлімге қыйады. Бірақ ол елді, әскерді қалай басқаруды, жауды қалай жеңіп, қалай бағындыруды – бәрін білген. Ол ағайын халық боп есептелетін йүзілерді (иозы) де, үйсіндерді де шапқан. Солардың елін, жерін бағындыру арқылы ғана ұлы құн империасын құрған.

Құндардың түрікке, үйсінге, йүзілерге туыс халық екенін ешбір шынайы тарихшы жоққа шығарған емес. Ал қазақтың Ата шежіресі оларды арғындардың арғы бабасы санаса, онда Аттиладан жеті жүз жылдан астам бұрын тұңғыш құн империасын құрған Мүде шәнүйдің де біздің батыр бабамыз екендігінде дау жоқ (Бексұлтан Нұржекеұлы. “Жас Алаш”, 03.09.05).

ДӘУ (НӘНДІ) БАЛАСЫ ЕЛСАУ КҮНБИ

6

*Біздің дәуірімізге дейінгі 178-жылы туып,
104-жылы қайтыс болған*

* * *

Үйсін мемлекеттігін тұңғыш құрған ұлы Күнби

* * *

Асаудың Жүз, Дүз, Еркіл, Көркіл, Терең балаларынан-біздің бабамыз Жүзден Дәу, Бас туыпты. Бабамыздың аты Дәу болмаса керек, ол ірілігіне, батыр тұлғалығына қарай аталған. Өз аты Азан болса керек. Бірақ оны олай ешкім атамаған. Жұртқа белгілі есімі – Дәу.

Дәудің ұлы Елсау, Жантай мұсылман жылдығынан тоғыз жүз жыл бұрын Шүлен деген жерде дүниеге келіпті. Ағайын ала болып, Дәуді өз туыстары Үйсін тұқымының бірі өлтіріпті. Әкесі өлген екі ұл ит көзі түтін танымас ғұмыр сүріп, қабырға ағайыны, әкесінің дүбірі болған Бөже деген кісі қолында тәрбие алған. Бұл жерде ел арасында не түрлі аңыздың бар екенін айту керек. Соның бірі – Елсауды нән бөрі емізді деген әңгіме. Бұл әңгіме нақ осындай болмағанымен, осыған жуық растығы бар болса керек.

Жетім қалған екі бала үлкені Жантай жеті жасар екен де, Елсау кішісі бір жарым жаста болған. Бөже әкесін өлтірген өз туысқандарынан екі баланы жерден жерге, көрден көрге тығады. Елсіздегі тау бауырындағы өткен жылдан қалған бір мая шөпке тығады. Бөже тамақ әкеліп береді екен де, түнде ғана келіп, түнде қайтып кетеді екен. Таң біліне кетіп қалады екен. Сөйтіп жүргенде, бір күні шөп астындағы жеті жасар Жантайдың қалғанын көреді. Жантай айтады: Елсауды қасқыр тістеп кетті. Сөйтсе, Дәудің екі баласын іздеген дұшпандар

таудың қуыс-қуысын қоймай бірін іздеп жүріп, құздағы бір апаннан барыстың екі аланын көріп, әлгіні Дәудің екі ұлын тауып алғандай қуанып, алып жөнеледі. Екі аланның исін білген ит атаулы осы үйдің төңірігінен шықпай, әбден шуылдап, Дәуді өлтіруге қатысқан Көрки деген жасауылдың үйінің жанын шу-шұрқан қылып тұрады. Оған бір-екі күн шыдаған Көрки үшінші күні ит шуынан құтылмақ болып, барыстың екі аланын алып далаға лақтырып тастайды. Екі аланды сілкілеп, бірінен кейін бірі талап өлтіреді...

Алланың ізімен (иісімен) іздеп келген таутан сол ауылды жағалап бірер күн жүреді...

Енді Бөже жанұшырып, жер-көкті қарап алас ұрады. Таудың үңгір, апандарын қарап, ең болмаса баланың сүйегін тауып көмейін деп, қарамаған жер қоймайды. Сөйтіп жүрсе, бір үңгірден емшектері салпылдап бір таутанның шығып бара жатқанын көреді. Көреді де, таутанға қарай айғайлап тұра жүгіреді. Таутан адамнан қорқты ма, емшегін салпылдатып таз таудың тағы бір тауына өрмелсі жөнеледі, Бөже жасы келіп қалған адам, барыс шыққан жерге таман зорға келсе, ыңырсыған дыбыс білінеді. Абайлай басып апанға келсе, кішкентай ұл басы көтіне қайырылып, бүк түсіп ұйқтап жатыр. Ішін басып көрсе, қарыны қабыспаған, тоқ. Таутан ұрлап алып емізгенін ол сонда барып біледі де, сол таутанға еміздіре берсем бе екен деп сәл даққа қалып тұрады да: қой, олсыз да бес күн емізді, енді Дәудің ұлың аң қылып жіберермін деп, алып қайтады.

Мен мұны өтірік дегім келмейді. Аланын алғызған таутанның Алатау өңірінде бала ұрлап әкетіп емізген кезі кейін де болған. Қазірде де бар. “Алма апаннан аланды, таутан ұрлар баланды” деген осы дағы.

Міне, сол барыс емізген бала Елсау ер жетіп, арғындар көмегімен еліне қайта ие болады. Арғын бауырлары арасында жүріп, соғыс өнеріне әбден жетіліп, одан өз елінен қашқан аталастарынан қол жинап, қайта өз елін, билікті қолына алады.

Бұл кездері ел іші ала болған соң, Бақтиярдың біраз баласы екі-үш ауылы Иран жеріне өтіп кетеді. Оған Ұлы жүздің тағы бірсыпырасы ереді. Соларды қайтарып алу үшін, Елсау көп қолмен сақтарға шабуыл жасайды.

Бірақ атамыздың жауынгерлері жеңіске жеткенімен, олардың бәрін қайтару жөнге келмейді. Осы дәуірде олар

Бақтияр атпен тауарихқа мәлім. Қазіргі Иран жеріндегі Бақтияр атанатындардың бәрі-бұдан мың сегіз жүз жыл бұрын кеткен біздің аталастарымыз.

Бұл шақта бабаларымыз Іленің екі жағасын, Көктеңіздің батысын-шығысын, Лабастың (Алатаудың) бауырын алып жатады.

Еліміз қатты шарықтап өсіп, халқы да толып, жүз мың қол шығара алатын икемге келді. Елсауды ел ардақтап Күн би атандырған. Жалпы, мен Үйсіндер немесе қазақтар пәлен жақтан түген жаққа көшіп барды дегенге көңгім келмейді. Өйткені осы шақта қытай, иран жазбаларынан сондайды кездестіреміз. Үйсіндер де немесе жалпы біздің халқымыз қазақтар қазіргі мекеніне еш жақтан көшіп келген жоқ, олар атамзаманнан қазіргі 1154-жылы қоныстанып жүрген жерінде болған. Әрине, бұрын жерінің бұдан әлдеқайда кең болғандығын, сонау Сібір жерінің, тіпті Еренқабырғаның арғы жағы – Тұрпан да қазақтың ат шаптырып, той қылып, көкпар тартып жүрген жері еді. Аталарымыз қырылса да, жойқан төбе болса да, ол жерлерді ешкімге бермеген, япырмай, менің жерім тым далиып жатыр-ау, мынау артық демеген. Қайта соның бәрін қанымен, жанымен, қасық қаны қалғанша қорғаған. Біз сол ата мұрамыз үшін әлі де жан алып, жан беріп жатырмыз.

Елсау билік құрған кезде Үйсіндердің күшейуінен Қытай қатты іш жиып қалған. Оның миллионға тарта жұртынан екі жүз мыңдай сайлауыт шыққан. Қытай патшалығы нақ осы кезден біздің жерімізге көз алартуын көбейткен. Өйткені осыған дейін ұсақ-ұсақ мәмләкәт дәрежесіне көтеріле алмай келе жатқан елдерді көріп, ұзын арқан, кең тұсау салып қоямын, бұл елдер қашанда менің ашсам алақанымда, жұмсам жұмырығымда деп келген. Елімізді ішінен ірітуді де ойлап, не түрлі айла-шарғымен бірімізді бірімізге айдап салып отырған. Ұлы жүздің өзін өзіне айдап салу, Қаңлылардың Елсау елінен Ұлы жүз атымен бөлінуі, Бақтиярлардың Бақтияр атпен бөлінуі, Елсау елі кәдімгі Ұлы жүз еместей, Бақтияр Бақтияр еместей көрсетілуі сол шет жұрттардың ел арасына сына қағып, сабан арасына су жібергені болатын. Менің атам Матайдың айтуына қарағанда, Қалмақ байқұстарды (байқұс деп аяғанымға ғапу өтінемін) бізге күні бүгінге дейін айдап салып келген де

сол арқамыздағы көзі қысық, тісі қысық, тісін жасырып, тілін көрсеткен, беті күліп, іші ұлып жатқан қытай хандарының ісі, пәлесі болатын. Матай атамның айтқанына қарағанда, сол бір Елсау бабамыз ел билеп тұрғанда, бізге келген жансыздарында да сан болмапты. Олар тіпті сауда-саттықпен, байбатшылықпен, көпес-көрімдікпен елді еркін аралап, ішіне бітінәлықпен пәлесін тоқып жүріпті. Олардың бар арманы енді қазақтарды терістіктегі қазақ бауырларына айдап салып, егер соларды шапса, қыз алысып, қыз берісер едік деген құдандылығын да білдіреді.

Елсау атамыз әйелін арғыннан алған. Біздің шешеміз Ұмай бәйбіше Арғын Аспар деген кісінің қызы екен. Оның үстіне қытай патшалығы да ол кісіге қыз берген. Бірақ би Қыпайлардың күнбе-күн елшілігі-жаушылығын өзінің Арғын ағайындарымен ғақылдасып, оларды үнемі хабардар етіп отырған.

Арғын қызы Ұмай – біздің шешеміз – он үш құрсак көтеріпті. Жалпы, Елсау атамыз бес әйелінен 23 бала көріп, соның оны тіреп тұра қалыпты.

23 баланың үлкені Нулы, одан кейінгі тоғызы Дулы, Ерте, Кек, Бер, Көнбіс, Шор, Қалыш, Дүр, Көлби – бәрі он ұл, атамыз артында бір рулы ел қалыпты. Қалыш кейін хан болған.

Елсау бабамыздан кейін бізге қараған (яғни маған) жағында Майқыға дейін ел билеген, басшы болған бірнеше адам, көрнектісі Дулы болса керек.

Атамыз Нулы әкесі Елсаудың ұсынған көрші елдегі тағына отырудан өзі бас тартып, тете інісі Дулыны әкесіне балап таққа ұсыныпты. Сонда қалған сегізі атамыз Нулыға өкпелеп: “Басыңа келген бақты аяғыңмен тептің, өйтетінің бар, неге ортамызға салмайсың”, – деп, әрқайсысы артына ерген біраз елді бірге көшіріп, Алатауды сағалап кетіпті. Ол шақтар бидің ордасы Барсығанның шығыс жағында екен. Жазда ылғи көл жағасын жайлайды екен, одан қоныс ескірсе, соны керек болса, Көбін асып, Үйсін асқан-Көкайрық арқылы Үш Алматы келді деседі.

Таққа отырған інісі Дулы да ағасына лайықты сый көрсетіп, таққа отырып Үйсінді биледім демей, қызыметін таңертең оразасын ашпай тұрып, ағасына амандасудан бастайды екен, кешке жатарда ағасымен қоштаспай ұйқтамайды екен.

Сондықтан жеңгелері “Есен бек” атандырыпты. Жужандарға қарсы Үрбі одағын құрған тауарихқа мәлім Естем қаған да осы Дулының тұқымынан болатын. Оның ордасы үнемі Барсығанның шығыс жағында Құяста болған. Ол- жарты ғасыр қазақ даласын кезіп, жерін жаудан тазартқан адам. Бұл тауарихты Махмут атам жазғандықтан, мен ондай жерге бара алмадым. Атамыз Нулымен бірге туған Дулы ұрпағы кейін Бәйдібек немересі Дулаттың тұқымымен араласып кетті де, бәрі Дулат болды. **Моғол жерін билеген Дулаттар сол арғы Дулы тұқымынан келеді. Моғол деген атау да Абыл ұрпағына берілген есім. Ал Мұхаммед Хайдар, яки тауарихшы Дулати ол соңғы Дулат ұрпағынан.**

Нулы атамыз әкесі Елсаудан бұрын жастай жиырма екі жасында кетіпті. Сол жасында артында төрт ұлы-Абыл, Албан, Азық, Санжар (Жөңше нар) қалыпты. Жиырма екі жасында дүниеден жас кеткен, өзі ғақылды, патшалық таққа қызықпаған, орнын інісіне сыйлаған **Нулыны қатты ардақтап Үш-Қарашқа қойыпты.** Осыдан кейін-ақ Елсаудың да денсаулығы болмапты.

Елсау жетпіс төртке келгенде, Қытай ханы Жетісуға жіберген елшісінен мол мағлұмат тындап, Үйсінді алу үшін оларға қыз алысып, қыз берісіп, солар арқылы билеу керек деп қорытынды жасаған. Сөйтіп, қытай патшасы Ұранфай ырғап-жырғап бір қызы Шәйжанды біздің атамызға ұзатыпты. Сексенге тақаған, өзінің де бес әйелі бар шал оны алмай, Шәйжанды немересі Санжарға қосыпты. Үйсін ханының нақсүйері боламын, оң тізесін басамын деп, ханша болуға алдарқанып келген шешеміз енді жай ел билеуші көп қазақтың бірінің әйелі болғанына ыза болып, ақыры бес-ақ жыл тұрып қайтыс болыпты.

Елсау би дүние салып, осыдан 1980 жыл бұрын қайтқан соң, оның көзінің тірісінде-ақ таққа отырған Санжар-Жөңше нар қытай қыздарына құмарлау болып, бірнеше әйелді қытайдан алған. Ақыры қытайлар дегеніне жеткен. Қытай әйелдері қазақтың осы күшті мемлекетінің ыдырауына себеп болған. Өйткені қазақ әйелден туған балалар билікке қолы жетпесе де, олармен алағөз болып, ақыры елдің күші қашқан. Қытайға керегі осы, енді бұл ел өзіміздікі деп есептеген (**Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993, 39-43-бет).**

* * *

Осы арада Кемел Ақышев қазған Есік қорғанындағы “Алтын киімді ханзада” сол ұлы Күнбидің ұлы емес пе екен деген ой ұшығы қылт ете қалады. Оның жас мөлшері жиырманың ар жақ, бер жағы деп айтылып жүр. Ол кезде бидің баласы бесікте жатып-ақ қалыңдық айттыратынын ескерсек, шындықтың шылбырын аттамаймыз. Алтынмен аптап, күміспен күптеп қойлыуына және жас мөлшеріне қарағанда, пәлендей қайшылық байқалмайды (**Тұрсын Жұртбаев. “Жас Алаш”, “Ұлы Күнби”, 15-наурыз 1991-жыл. 3-бет**).

* * *

Қытай жылнамалары мен жазба деректерінен қазақ тарихшылары бұл Күнбидің атын Елжау деп оқып, жазып жүр. Бірақ төл шежіремізде Елсау деп айтылады, біз соған сеніңкірейміз, себебі балаға атты “жау” деп емес, қазақ “сау” деп қойса керек. Сондай-ақ Елсаудың әкесін Нәнді би, Нәнду би деп басқалар жазса, өз шежіреміз Дәу дейді. Нәнді де, Дәу де өз аты емес, лақап аты екен. Сірә, бұл сөз оның негізгі атын мағынасы бойынша аударып атап, содан біреу Дәу деп, біреу Нән деп тарап кеткен секілді (**Б.Н.**).

ҰМАЙ ЕНЕ

7

Біздің дәуірімізге дейінгі II-ғасырда өмір сүрген

* * *

Қазақтың ежелгі тарихында әулие атанған тұңғыш әйел;

Қазақ әйелдерінің сыйынатын тұңғыш енесі

* * *

Біздің дәуірімізге дейінгі заманда өмір сүрген Ұмай тұрмақ, біздің дәуіріміздің VI–VII-ғасырында өмір сүрген Домалақ шешемізді де ене атағандықтан, Ұмайды да ана дегеннен гөрі ене дегеніміз тарихылау. Енесай өзені солай аталған кезде Ұмай ене де солай атанған болар, оны ана деп, кейін пайда болған сөзбен атап жүрген – қазіргілер.

Аңыздың бәрі тарих емес, бірақ түп негізінде тарих жатуы сөзсіз. Ұмай ене жайындағы аңыздың да тарихи негізі бар ма, жоқ па?

Бұған алғаш ғылыми мән берген қазақ – Сәбетқазы Ақатаев. Оның “Күн мен көлеңке” кітабында “Ұмай ана кім?” деген арнайы зерттеуі бар (“Жалын” баспасы, 1990, 85-бет). Бірақ Ұмай аты оған дейін де тасқа қашалып жазылған, кітап бетіне түскен.

“Бізге ислам діні тарамай тұрған кезде даламызда Ұмай ана есіміне байланысты толып жатқан сенім-нанымдар да болған... Көне сенім-нанымдар бойынша, Ұмай ана жас нәресте мен екіқабат әйелдердің сыйынар пірі болған... Ұмай анаға хакастар, алтайлықтар, туалықтар (Тува), шорлар және қырғыздар табынған”, – дейді С.Ақатаев (86-бет). Ақырында: “Ұмай қазіргі орыс тілі арқылы қайта орныққан “мама” сөзінің көне көзі... Ұмай – Қазақстанды ертеде мекендеген

халықтардың Күн тәңірі, Ай тәңірі, Көк тәңірі секілді кереметтерінің бірі”, – деген қорытынды жасайды (92-бет). Және: “Көне жырларда”:

– Бөрі, бөрі, бөрі ием,
Кел, жебеуші бөрі ием!
Ұмай ене, Шашты әзіз
Еміп өскен бөрі ием! –

деп айтылады” (85-бет), “...қазақ бөбектерінің кіндік шешелері білектерін сыбанып жатып:

– Менің қолым емес,
Бибі Бәтима, бибі Зуһра қолы,
Ұмай ана, Қамбар ата қолы, –

деп, нәрестенің кіндігін де кеседі, кіндік бауын да баулайды, жөргекке де орайды, тұсау жібін де қияды”, – деп жазады (90-бет).

Бұдан көне жырларда Ұмай ене деп айтылғанын, сондықтан Ұмай ана емес, Ұмай ене дегеннің дұрыс болатынын әрі Ұмайды қазақ әулие дәрежесіне көтергенін аңғарамыз.

Иоллығ-тегін жазған VIII-ғасырдың тарихи ескерткіші Күлтегін мәтінінде “Ұмай текті анам қатынның құтына (бағына) інім Күлтегін ер атанды” (М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы “Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, Астана, 2005, 188-бет), ал бұрын Тоныкөк, Тоңұқұқ, қазір Тұй-ұқұқ деп оқылған ескерткіште: “Тәңірі, Ұмай, киелі Жер-су ықыласын берген екен”, – дейді (Сонда, 318-бет). Бабаларымыз Ұмай ененің атын тасқа жазып ардақтаумен шектелмей, Үш Күмбез тауының жартасына оның екіқабат кезіндегі бейнесін сызып та салыпты (Сонда, 185-бет).

Бұл тарихи шығармаларда Ұмай нақты тарихи адам қатарында айтылады, бейнеленеді. Ал М.Қашқари сөздігінде “ұмайды” “жолдас (қатын босағанда құрсағынан шығатын нәрсе)” деп түсіндіріпті (1-кітап, 1997, “Хант”, 153-бет). Ал мысалға келтірілген мақал бұл сөздің мәніне үйлеспейді: “Ұмайға тапынса, оғұл болұр” дегенді аудармашы А.Егеубаев “Жолдасқа табынса, ұл болар” деп аударыпты. Біздіңше, мұны Құлмат Өмірәлиевтің аударғаны дұрыс, ол “Ұмайға сыйынса, ұл табар” депті (VIII–XII-ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері”, 1985, 96-бет).

Күлтегінде, Тұй-ұқұқта “өгүм” сөзі “ана” деп аударылған. Бізше, соны “ене” деп аударған орынды. Сондай-ақ Тұй-

ұққ ескерткішіндегі “Ану сувуу баралум” дегенді “Аны (енесай) суына жеттік” деп аударғанша, “Ене суына жеттік” деген жөн секілді. Себебі “ана” сөзі біздің тілімізге шамамен IX – X-ғасырда ғана енген болу керек.

Тарихи Орхон тас жазбаларындағы жазуға қарағанда, Ұмай ене – VII–VIII-ғасырдан ертеректе өмір сүрген адам, себебі VIII-ғасырлық “Күлтегін”, “Түй-ұққ” ескерткіштерінде оның аты өткен шақпен еске алынады: “Мен, Білге Түй-ұққ, Алтын жынысын аса келдік, Ертіс өзенін кеше келдік. Келушілер батыр болар”, – дедім. (Олар бізді) түсінбеді. “Тәңірі, Ұмай, киелі Жер-су (ықыласын) берген екен. Неге қашамыз? Көп деп неге қорқамыз? Азбыз деп неге басындырамыз? Шабамыз!” – дедім. Шаптық. Жендік” (“Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, 318-бет). Ал Сәбетқазы Ақатаев мысалға келтірген:

“Ұмай ене, Шашты әзіз
Еміп өскен **борі ием!**” –

деген көне жырдың куәлігіне қарағанда, Үйсін мемлекетінің ұлы күнбii Елсауды көк бөрі емізген заманда, яғни біздің дәуірімізге дейінгі II-ғасырда не содан кейін өмір сүрген адам. Әйткенмен бұл екі аралықтың өзі 600-700 жыл.

Әлі де болса онша айқын болмай тұрған бұл жорамалды Қазыбек бек Тауасарұлының “Түп-тұқианнан өзіме шейін” кітабы нақты тарихи дерекке әкеп түйіндейді. Ол кісі “Матай атамның айтқанына қарағанда” дей келіп, “Елсау атамыз әйелін арғыннан алған. Біздің шешеміз Ұмай бәйбіше Арғын Аспар деген кісінің қызы екен. Оның үстіне қытай патшалығы да ол кісіге қыз берген. Бірақ би қытайлардың күнбе-күнгі елшілігі-жаушылығын өзінің Арғын ағайындарымен ғақылдасып, оларды үнемі хабардар етіп отырған.

Арғын қызы Ұмай – біздің шешеміз – он үш құрсақ көтеріпті. Жалпы, Елсау атамыз бес әйелінен 23 бала көріп, соның оны тіреп тұра қалыпты”, – деп жазады (1994, 41-42 бет).

Жас күнінде Елсауды бөрі емізгенін, оның он баласы, сол тізесін басатын бас бәйбішесі құн, яғни арғын қызы, ал оң тізесін басатын екінші бәйбішесі қытай қызы болғанын қытай жылнамалары да жазады. Бірақ Қазыбек бектің Ұмай 13 құрсақ көтеріпті дегені, қытай жазбаларына қарағанда, еш қисынға келмейді, өйткені арғын (құн) мен қытай қызын бәйбішелікке алған кезде Елсаудың жасы 70-тен асқан-ды. Сірә, бұл арада басқаша сыр бар болса керек. Бес әйелдің ішінде Ұмайдан басқа да арғын қызы болып, Ұмай енеміз

солардың бәріне бас бәйбішелік жасаған болар, бәлкім. Елсаудың бұрын алған әйелдерінің бірі Ұмай болған шығар деудің де нанымдылығы жоқ, өйткені сол 70-тен асқанда алған құн (арғын) қызын сол тізесін басатын, яғни бас бәйбіше еткендігін қытайдың “Тарихи жазбалары” да, “Ханнамасы” да анық, айқын жазады.

Ұмай ене хан сарайына келгеннен кейін Елсаудың үлкен ұлы Нулы (22 жасында қайтыс болып, оны Үш Қараштың етегіне жерлейді) мен одан кейінгі ұлы Дулының және Нулының ұлы Санжар (Жөнше) арасында тақталастықтан туған өкпе-араздық өршиді. Сірә, осы ұзаққа созылған арғын мен қытай жиендерінің арасындағы тақталастық пен бақталастықта Ұмай енеміз елдік, халықтық намысты қатты ұстаған адам болса керек. Ене деп сыйлау да, құрметтеу де, әулие санау да содан кейін өріс алған болар.

Қытайдың “Тарихи жазбаларында”: “Дан-уанның (күнмен көрші ел – Б.Н.) батысынан Парфияға дейінгі (Бактрия мен Қаңлының батысындағы ел – Б.Н.) елдердің тілі түрліше болғанымен, бір-біріне өте жақын. Бірінің сөзін бірі түсіне береді. Олар әйел затын құрметтейді. Еркектер әйелінің сөзінен шықпайды”, – деп жазылған (“Ежелгі үйсін елі”, Үрімжі, 2005, 191-бет).

Бұған қарағанда, үйсін елінде Ұмай сияқты ақылды әйелдің айтқаны мен істегені елге үлгі болуы заңды да.

Ұмай ене б.д.д. өмір сүрген үйсін күнбиінің бәйбішесі болса, оны VIII-ғасырда өмір сүрген түрік қағанатының батырлары мен даналары өз шешеміз деп әлі сыйынып жүрсе, онда үйсін мен түріктің бір тектен таралғандығы даусыз емес пе? Оның үстіне бұл пікірімізді Елсаудың Дулы деген ұлынан тарап, кейін Түргеш атты мемлекет құрған адам жайында Күлтегін жазуында: “Түргеш қаған түркіміз, халқымыз еді. Білместігі үшін, жаңылғаны үшін өлді”, “Он иелік әулетім Түргеш қағаннан Макараш таңбашы... келді”, – деген өзімсінген сөздердің болуы (М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы “Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, Астана, 2005. 187 және 190-бет) да құптап түседі.

Қалай болғанда да Ұмай ене әлдебір аспандағы аңыз бейне емес, нақты тарихи тұлға екендігін, жай әйел емес, қасиетті, ел-жұрттың басын біріктірген әулие ене екендігін біле жүргеніміз, аруағы алдында басымызды ие жүргеніміз – тәрбие (Бексұлтан Нұржекеұлы, “Жас Алаш”, 29.09.2005).

МАЙҚЫ БИ

8

*Біздің дәуірімізге дейінгі I-ғасырда туып, біздің
дәуіріміздің I-ғасырында қайтыс болған*

* * *

**Қазақтың үйсін дәуірінде тұңғыш билер басшылығын
күрған күнби;**

**Қазақтың арғы бабалары ішінде айтқандары мақал-мәтел
боп бүгінгі күнге сақталып жеткен тұңғыш би;**

Үйсіннің күнбилер әулетінен шыққан тұңғыш дана ақын

* * *

“Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би” деген өте
үлкен, қасиетті сөз Майқы бабамызға қатысты айтылады.
Сөз төркінінен-ақ зор құрмет аңғарылады.

Шежіреде оны көбінесе “Үйсін Майқы би” дейді, содан-
ақ оны Үйсін мемлекеті кезінде өмір сүрген-ау деп
шамалауға болар еді. Бірақ біраз шежіреде, қазіргі тарихи
шығармаларда, энциклопедияда да Майқы биді Шыңғысты
хан көтерген он екі бидің бірі дейді. Ал Үйсін мемлекеті
мен Шыңғыс хан арасында мың жылдық уақыт жатыр.
Әйткенмен кейбір шежіреде екі немесе бірнеше Майқы
болғандығы туралы да айтылады. Ата шежіреде Майқы бидің
сенімді серігі болған, аты аңыз-ертегіге айналған Аяз биді
Тұрсын Жұртбаев: “Аяз би X-ғасырдың аяғы мен XI-
ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген”, — деп біледі
 (“Егемен Қазақстан”, “Аяз би кім?”, 29.08.01). О.Қаймолдин
Ұлы билер ұлыстың тізгінін Сопиян деген атамыз “өзінің
үлкен ұлы Майқыға табыс еткен. Бұл — жыл санау есебінен
100 жыл бұрын”, — дегенді айтады (“Алматы ақшамы”,
“Құпиялы Бетпак”). Ғалым Құлмат Өмірәлиев 1820-жылы
Қазанда шыққан “Ахуал Чыңыс хан уа Ақсақ Темүр” деген
кітапта Шыңғысты хан көтерген он бидің басында Үйсін

Майқы би аталатынын, оның ұраны – Салауат, таңбасы – сірге болғанын айтады (“Жалын” альманағы, №5, 1985). Алайда өмір сүрген уақыты мен әкесінің, балаларының аты-жөндері әр шежіреде әр түрлі айтылғанмен, Майқы деген адамның өмірде болған тарихи тұлға екендігі және оның тапқыр, шешен адам болғаны ешкімге күмән туғызбайды. Өмір тарихын тәптіштеп білмесе де, бар қазақ оны сөз атасы санайды. Сөз атасы болу үшін ол адам, сөз жоқ, сөз басында тұруы керек.

Майқы би туралы өзге шежірелерге қарағанда жүйелілеу пікір айтатын – Қазыбек бектің “Түп-тұқияннан өзіме шейін” кітабындағы Матай жазған Ата шежіре. Бірақ қытай жазбаларымен салыстыра қараған кезде оның да түсінуге қиын тиетін тұстары баршылық. Ең әуелі онда көрсетілген уақыт әр жерде әрқилы боп келеді: алдыңғы айтқан уақытына соңғы айтқаны үйлеспейді. Мәселен, 45-бетте Майқы таққа біздің дәуірімізге дейінгі 12-жылда отырып, “табаңдатқан жиырма тоғыз жыл елді биледі” десе, 58-бетте: “Ол хижра жыл санауынан жеті жүз он бір жыл бұрын дүниеге келіп, сексен тоғыз жасында дүние салыпты”, – дейді. Онда ол біздің дәуірімізге дейінгі 89-жылда туып, дәл біздің дәуір басталғанға дейін ғана өмір сүрген болар еді. Олай болса, 29 жыл емес, бар-жоғы 12-ақ жыл ел билеген болады. Мұндай қате есептеулеріне қарамай, үйсін дәуірінде өмір сүргендігін шындық деп қарап, енді Үйсін мемлекетінің билеушілері жайындағы дерек көздерін бір-бірімен салыстырып байқайық. **Бірінші дерек** – Бан Гудың “Батыс өңір және Үйсін мемлекеті” деген шығармасы (“Қазақ тарихынан”, Алматы, 1997. Аударғандар – Байдәулет, Гу Уынчин); **Екінші дерек** – И.Бичуриннің “Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена” кітабы, Москва – Ленинград, 1950. 2-том; **Үшінші дерек** – Қазыбек бек Тауасарұлының “Түп-тұқияннан өзіме шейін” кітабы (Алматы, 1993); **Төртінші дерек** – Нығмет Мыңжанның “Қазақтың қысқаша тарихы” кітабы (Алматы, 1994); **Бесінші дерек** – “Ежелгі үйсін елі” кітабы (Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі, 2005).

1.	Бан Гу Күнби	Бичурин Гуньмо	Қазыбек бек Дәу	Мынжан Нәнді би (б.д.д. 177-ж. бұрын)	Ежелгі үйсін елі Нәнду би
2.	Елжау би (баласы Дару)	Гуньмо-Лиегюми (б.Далу)	Елсау би (б.Дулы)	Елжау би (б.д.д. 177–104) (б.Дулы)	Лапкөк (б.Датлук)
3.	Жунши би – Санзор	Сэнцзу – Гюньсюйми	Жөнше нар – Санжар	Жөнші би (б.д.д. 104-93)	Семзеу–Күнсүй
4.	Уынгөй – Семіз хан	Фэйван – Унгуйми (Далуың кіші ұлы)	Оңқай	Оңқай би (б.д.д. 93–60)	Оңғай би–Семіз хан (Буы хан)
5.	Най би – (Айбынды хан)	Куан-ван Ними (Сэнцзудің ұлы)	Айбын палуан	Най би (б.д.д. 60–53)	Ней би – Аусар хан (Гуаң-уаң)
6.	Оңғай би (ұлы Күнби)	Юаньгуйми (Унгуймидің ұлы)	–	Янгүй би (б.д.д. 53–51)	Нуангүт би
7.	Өжет (Кіші Күнби)	Уцзюту (Унгуймидің күн әйелінен)	Өжет	Өжет (б.д.д. 53–33)	Азоқда
	Шын би (ұлы Күнби)	Синми (Юаньгуймидің ұлы)	–	Шын би (б.д.д. 51–33)	Сең би
	Сыйлы би (кіші Күнби)	Цылими (Синмидің ұлы)	–	–	–

8.	Сыйлы би (ұлы Күнби)	—	Сыйлы би (20 жыл билеп, тағы бір жыл сөзін өпкізген)	Силы би (б.д.д.33—16)	Селет би
9.	Фули (кіші Күнби)	Юли (Уцзютудың ұлы)	—	Бөрі би (б.д.д. 33—30)	Бұла (Азокданың ұлы)
10.	Сыйлы би (ұлы Күнби)	—	—	—	—
	Әнре (кіші Күнби)	Аньжи (Фумидің ұлы)	—	Ер би (б.д.д.30—17)	Аннет (Бұланың ұлы)
	Сыйлы би (ұлы Күнби)	—	—	—	—
	Можынжан (кіші Күнби)	Мочженьган (Аньжидің інісі)	Ойжын	Ұйжынжан (б.д.д.17—12)	Бутженсан (Аннеттің інісі)
11.	Әнренің інісі)	Ичими	Майқы би	Еже би	Етет би
	Еже би (ұлы	(Цылимидің	(б.д.д. 12-жылынан	(Силы бидің	(Селет бидің көкесі)
	Күнби б.д.д.	немересі	б.д. 17-ж. дейін такта)	кіші әкесі,	—
	1-ж. такта,	б.д.д. 1-ж.	—	б.д.д. 10—7)	—
	Сыйлы бидің	әлі такта)	—	—	—
	әкесінің інісі)	—	—	—	—
	Әнли	Аньлими	—	Ел би	Анле (Алей би)
	(Әнренің ұлы)	(Мочженьганның	—	(б.д.д. 11—7)	(Аннеттің ұлы)
		немере інісі,	—	—	—
		ағасының ұлы)	—	—	—

Біздің дәуірімізге дейінгі 104-жылға дейін біраз уақыт – Елсау би өлгенге дейін – Үйсін мемлекеті үшке бөлініп басқарылған. Ұлы Күнби Елсаудың өзі Шығу атты астанадағы үлкен орданы, ортаншы ұлы Дулы екінші орданы, Елсаудың немересі Жөнше би үшінші орданы басқарды. Оңқай би мен Айбынды бидің тұсында біріккенмен, кейін біржола екіге бөлінеді, бірақ кіші күнби ұлы күнбиге ылғи да бағынышты болған. Дегенмен алауыздықтың кесірінен ақыры Үйсін мемлекеті әлсіреген, халқы кейін Түркеш мемлекеті болып дәуірлеп, одан соң түрік қағанатының құрамына кірген.

Қазыбек бек Оңқай би туралы айтады да, Оңғай (Янгүй) би дегенді ауызға алмайды. Сірә, аттары ұқсас болған соң, екеуін де бір адам деп қараған сияқты. Ал Майқы деген ат Қазыбек бектен басқада кездеспейді, тек жыл жағынан қуалағанда, оның ел басқару кезеңіне Еже би (Ичими – Ичи+ми – Ичи би немесе Етет би ғана жақындайды. Еже бидің хандық құрған уақытын Н.Мыңжан б.д.д. 10–7-жыл деп белгілеген. Бірақ Бан Гу өзінің “Батыс өңір шежіресінде”: “Ай-ди патшаның юаншу 2-жылы (жаңа эрадан бұрынғы 1-жылы) үлкен күнби Еже би тәңірқұтпен бірге (күн билеушісімен бірге – Б.Н.) Хан хандығы ордасына барды”, – деп жазады (“Қазақ тарихынан”, Алматы, 1997, 41-бет). Мұны Бичурин де растайды (II-том, 198-бет).

Бұл – тарихи, хатқа ертеде жазылып қалған шындық. Демек Еже хан, Мыңжан көрсеткендей, б.д.д. 7-жылға дейін ғана емес, біздің дәуірімізде де билік құрған хан. Егер Еже деп отырған Майқы бидің 29 жыл билік құрғаны рас болса, ол б.д.д. 12-жылы отырып, біздің дәуіріміздегі 17-жылға дейін ел басқаруға тиіс-ті.

Н.Мыңжан былай дейді: “Б.ж.с. дейінгі 16-жылы солтүстік иеліктегі Уижыңжан үйсін елін біріктіруге қарсы шығып, Силы биді өлтіреді. Силы бидің орнына Еже би отырады. Б.ж.с. дейінгі 12-жылы оңтүстік иелікке қарасты бектердің Наншы Оңқа деген адамы Уижыңжанды өлтіреді. Силы би қаза болғаннан кейін ішкі қырқыстар салдарынан әлсірей бастаған үйсін елі бұрынғы күш-қуатынан айрылып, еңістей береді” (81-бет).

Ал Қазыбек бек: “Майқы таққа Сыйлы биден кейін келіп, табандатқан жиырма тоғыз жыл елді биледі. Сыйлы би де аз отырмаған адам. Ол да жиырма жыл отырып, және тағы бір жыл бетіне жан қаратпаған беделді адам болыпты. Оны Ойжын өлтіргенде, оны халық отқа ортеп жіберген”, – дейді (45-бет). Бан Гу шығармасында Сыйлы бидің әуелі кіші Күнби, соңынан ұлы Күнби болғандығы анық айтылады. Ол жағын кейінгі тарихшылар тарата бермейді. Алайда Үйсін мемлекеті жайлы түп дерек Бан-Гуден тараған соң, оған күлақ қоймасқа болмайды.

Бұл екі дерек — Қазыбек бек пен Н.Мыңжан пікірі — негізінен бір жерден түйіседі. Н.Мыңжанда Еже би таққа б.д.д. 10—7-жыл аралығында, яғни 3 жыл ғана отырған деп көрсеткенмен, оның б.д.д. 1-жылда да ұлы күнби болғандығын Бан Гу мен Бичурин де анық жазады. Бұған қарағанда, Н.Мыңжанның Еже билік құрған аралықты дұрыс мөлшерлемегені байқалады. Өйткені Сыйлы биді б.д.д. 16-жылы өлтіреді, оның орнына Еже би отырады дегенді 81-бетте өзі жазып отырып, өзі содан қателеседі. Ал Т.Жұртбаев “Дулыға” кітабында Өже б.д.д. 16-жылы таққа отырды дейді де, билікте қанша болғанын көрсетпейді, өйткені ондай дерек Бан Гу де, Бичуринде де жоқ.

Алайда Бан Гу былай дейді: “Кіші Күнби Можынжан Сыйлы бидің өзін басып алуынан қорқып, мәртебелі адамы Урылиндігізе бүгу деген(ді) жалған атпен жіберіп, оны өлтіртті” (40-бет). Демек Можынжан, яғни Уйжынжаң кіші күнби болған кезде Сыйлы би ұлы күнби болып тұрған. Сыйлы биді өлтірткен соң, Бан Гу: “Көп жылдар өткен соң..., Можынжанды өлтірді”, — десе (40-бет), Бичурин: “По прошествии некоторого времени... убил Мочженьяна”, — дейді (2-кітап, 198-бет).

Яғни Сыйлы би б.д.д. 16-жылы өлтіріліп, сол жылы оның орнына Еже би отырған. Бұл жыл, Қазыбек бектің айтуындағы Майқы би таққа отырған жылдан төрт жыл ерте. Ол кісі, сірә, Можынжанды өлтірген б.д.д. 12-жылмен шатастырған болу керек. Қытай тарихында Үйсін мемлекетіне қатысты жазылып қалған негізгі мәселе біреу ғана: ол — қытай қыздарының үйсін Күнбилеріне тиіп, ағайынды күн мен үйсін халықтарын өзара араздастырып, әлсірету кезеңін жіті бақылап отыру. Сондықтан олар негізінен бір күнбиді екінші күнбиге айдап салып отырған. Сол себептен де олар үйсін мемлекетінде өз жиендерінің таққа келіп-кетуіне қатты көңіл бөлген. Ал үйсіндер қытаймен бірігіп күн елін тас-талқан еткен соң, яғни өз мүддесі жүзеге асқан соң, қытай басшылары үйсіннің өзіне де енжар қарай бастаған.

Бұлай дейтініміз: ұлы күнби Елсаудың наразы болған ұлы Дулы туралы, оның 10 мың әскермен жекеленіп кеткеннен кейінгі тағдыры туралы қытай жазбалары қасақана дерлік түк айтпайды. Алайда сол Дулы бастаған ұрпақтың үйсін мемлекетінің орнында Түркеш хандығын құрғандығы тарихқа мәлім. Оларды қазақ шежіресі арғы Дулат деп, Бәйдібектен тарайтынды бергі Дулат дейді. Дулыдан тарағандарды Дулат атау себебі, менінше, Дулылар дегенді көне түрікшенің көптік жалғауымен Дулы+ат=Дулаттар деп атаудан болса керек, себебі керейлер дегенді керей+т=Керейт дейтініміз бар ғой.

Қытайлардың үйсін тарихын жазып қалдырған кезені түп-тура Елсау би тірі кезінде ұзатылған қытай қызының тұсынан бастап, үйсіннің үш күнбиіне тиіп, мемлекетті ойран етіп 70 жасында еліне қайта оралған Жиейу ханшаның және содан туған қытай жиендерінің әрекеттерімен аяқталады. Дулыға да, біз сөз етіп отырған Майқыға да сондықтан қытай тарихшыларының қызығуы шамалы.

Еже биге келгенде тарихшылардың бүйтіп бірізді бола алмауының себебі де Майқы бабамыздың билікке тек ішкі жағдаймен байланысты, қытай билігінің араласуынсыз келгендігін және қытайлардың билік ісіне араласуына оның қарсы болғандығын, сондықтан қытай тарихшыларының оның егжей-тегжейін дәл біле алмауынан деп түсінгеніміз жөн сияқты.

Еже немесе Етет пен Майқыны дыбыстық жағынан бір адам деп қабылдау, әрине, қиын. Әйткенмен Елсауды Лапкөк, Елбиді Әнли, Ербиді Әнрс, Оңқайды Унгуйми дейтін қытайдың қай сөзіне күлдық ұрарсыз. Соңғы кезде қытайдағы қазақ тарихшыларының ежелгі түрік-қытай терминдерін негізсіз бұрмалап қолдануы жиі байқала бастады. Мәселен, ежелден біз Мөте—Мете—Моде—Мүде деп атап келе жатқан күн шөнуіін Бактүг деп; үйсін күнбиі Елсауды Лапкөк деп, Үйсін мемлекетінің астанасы Шығу (Чигу) қаласын Чекүк деп; юечжы — йозы — иүзі елін нүкіс деп, сол үлгімен ұлы иүзіні ұлы нүкіс деп аударулар көрініс берді. Бұл терминдер әлем тарихшыларының қатысуымен қалыптасқан-ды. Терминдердің қасақана бұрмаланып аударылатындығын 2005-жылы қытайда шыққан “Ежелгі үйсін елі” кітабындағы мына түсініктеу анық аңғартса керек:

“Бактүг — Ғүн тәңірқұты. Қытайдағы... деген екі иероглиф қазіргі қытай тілінде маудун болып оқылғанымен, алайда ол ... (моду) болып оқылу керектігі ескертілген. Сондықтан иероглифтердің арғы ерте заманғы дыбысталуын қалпына келтіруде моду бойынша оқыған жөн” (309-бет).

Солай бола тұра олар неге “моду” демей, Бактүг деп оқыйды? Бұл ғылым ба, саясат па?

Бірізді жазу, біркелкі оқу тарихи пікірді тұрақтандырады. Ал құбылтып, өзгертіп оқу адастырады, шатастырады. Майқы бабамыздың аты-жөні да, сірә, солай шатастырылған. Бұған көз жеткізу үшін “Ежелгі үйсін елі” кітабынан бірер мысал келтірейін: “Шин Чинжидің жанама аты — Зыжын” (203-бет); “Чын Таңның жанама аты — Зығұн” (205-бет); “Гың Гунның жанама аты — Бозұқ” (278-бет); “Бан Чаудың жанама аты — жүңшың” (279-бет); “Жүң Хаудың жанама аты — Жинбо” (282-бет), “Хән Уди Лю Чы... марқұм болғаннан кейінгі дін аты —

Шызұн, мінездемелік нәмі — Уди. Шяууди деп те жазылады (309-бет).

Бұған қарағанда, адамдарға жанама ат, лақап ат беру қытай дәстүрінде ертеде кең етек алған. Сондықтан Майқы бидің де жанама аты Еже немесе Етет болған шығар деп сезіктенудің жөні де бар деп ойлаймын. Өйткені өз шежіремізде оның Сыйлы биден кейін хан болғаны анық айтылған ғой. Ә.Марғұлан “Ежелгі жыр-аңыздар” кітабында: “Ажа — бұйрық, заң. Қазақтар “ай дерге ажа жоқ, қой дерге қожа жоқ” дейді” — дегенді айтады. (Алматы, 1985, 39-бет). “Еже” дегеніміз сол “ажаның” бір айтылу түрі болса, билеуші деген мағынаны берсе керек.

Алайда тағы бір нұсқа пікірге тоқтала кеткенім теріс болмайтын сияқты.

Тегін қуалап келсек, Еже де қытай жиені. Ал Майқы, Ата шежіре бойынша, Елсаудың күн, яғни арғын әйелінен, анықтап айтқанда, Ұмай енемізден тараған тұқымы болуы тиіс. Бұл жағдай кілдіреп тұрған дәлелді кулпарша етеді. Ата шежіреде Майқы ұлы күнби болды, басқалар кіші күнби болды деген дерек жоқ. Демек Майқы кіші күнби болуы да мүмкін. Шежіре — жазба тарих емес, адам жалында сақталған тарих. Сондықтан ода аздап ауытқулар, ұқсас нәрселерді шатастырулар болып тұрса керек.

Т.Жұртбаевтың мына есебі тағы бір жорамалға жетектейді: “Ел би (Әнли) — Ердің (Әніренің) ұлы, б.д.д. 12-жылдан бастап билік етті” (Сонда, 326-бет). Бұл есеп Н.Мыңжанда б.д.д. II—7-жыл деп қате көрсетілген, бірақ оның алдындағы кіші күнб б.д.д. 12-жылға дейін билік жасағанын дұрыс көрсеткен. Ал Ел би — Елсаудың Ұмайдан туған ұрпағы, Дулының ұлы Оңқайдан (оның да күн әйелінен) туған. Өжеттің немересі. Майқымыз, сірә, осы Ел би болар. Әніре—Аннет дегеннің Мән дегенге егтеп дыбыстық жақындығы бар көрінеді маған. Оның үстіне кезінде түріктер өз ханын Ел хан деген ғой, үйсіндер де өз биін Ел би десе, несі бар? Ұлы күнби Оңғай, Кіші күнби Өжет болған кезде “Үйсіннің халқы мен иелігі екіге бөлініп, ұлы күнби мен кіші күнби алды-алдына билік жүргізді. Ұлы күнбиге 60 мыңнан аса түтін, кіші күнбиге 40 мыңнан аса түтін қарады. Дегенмен Үйсін халқының ниеті Кіші күнби жағына ауып кетті”, — дейді қытайдың “Хәннамасы” (“Ежелгі үйсін елі”, Үрімжі, 2005. 256-бет). Себебі кіші Күнбилер күн (арғын) шешеден, яғни туыс жұрттан тараған ұрпақ, былайша айтқанда, өзі ғой.

Ұлы күнбилердің ордасы Шығу қаласында болғанын барлық дерек бірауыздан айтады. Ал Ата шежіре Майқы би

жайында: “...сексен тоғыз жасында дүние салыпты. Ғұмырын Алатаудың бауырында – Лабаста, Шуаста, Таласта, Шымбаста өткізіпті. Өлерінде Қазығұртты мекендепті. Аныт – қабыр қалмаған”, – дейді (“Түп-түқианнан өзіме шейін”, 58-бет).

Бұл да Майқының кіші күнби болғандығына айғақ болса керек. Лабасы – Алатау, ол осында туған болар. Шуасы – Шу, Таласы – Талас, Шымбасы – Шымкент жақ қой. Мұның бәрі Шығудан батыста жатқан жер. Яғни кіші Күнбидің иелігі де үйсін мемлекетінің батысында болған деп жорамалдауға негіз бар. Тағы бір дәлел: Ата шежіреде қызылбас елшісі Нөшір дегенді де Майқы Қазығұртта қарсы алады. Ата шежіренің “Өлерінде” дегеніне қарағанда, күнбиліктен кеткен соң да Майқы Қазығұртты мекендеп қалған сияқты.

Қысқасы, қытай жазбаларына қарап Майқының кім екенін анықтау мүлде мүмкін емес. Себебі Майқы – қытайлардың үйсін ісіне араласуын ұнатпаған адам. Тек бір-ақ жорамал қалады: билікке отыру мерзімі жағынан және оның Ата шежіреге үйлес келуіне қарап, не Ежелі би, Ичимі, Әжелі би дегендерді немесе Ел би, Аңле, Алей биді Майқы би деп тану. Қытай жазбаларында бұл екеуі де таққа Сыйлы би өлгеннен кейін отырады: Ежелі би б.д.д. 16-жылы, ал Ел би б.д.д. 12-жылы. Ел бидің таққа отыруы Ата шежіреміздегі уақытқа дәл келеді. Өз шежіремізді, яғни өз тарихымызды сыйласақ, соны тыңдаймыз. Себебі Ел би – қытай жиені емес, арғын нағашысынан тараған ұрпақ. Майқы бидің тегіне ол жағы да тура келеді.

Қытай тарихшыларының жазуында ұлы Күнбидің астанасы Шығу қаласы екендігі айқын айтылғанмен, (қазіргі Есік қаласының батысында, Рахат аулының үстіндегі тепсенде) кіші күнбилердің қай қаланы орталық еткені және Дулының қай арада билік еткені анық айтылмаған. Содан-ақ қытай тарихшыларының үйсін мемлекетінің тарихын жазуға емес, өз мүдделеріне қатысты жағдайларды ғана, атап айтқанда, қытай ханшаларының үйсін мен арғынға (күнға) істеген ойран-топаны мен жиендерінің тақ жолын ғана жазып қалдырғанын түсінуге болады.

Сонымен, Ел би Майқы би болса, ол ескі жыл санау жаңа жыл санаумен алмасып жатқан мезгілде өмір сүрген болып шығады, оның солай екенін қазақ шежіресіндегі “Қотан, одан – Майқы” деп келетін нұсқа да дәлелдейді. Бұл ретте Майқы VI–VII-ғасырда өмір сүрген Бәйдібектен көп әріде жасаған болып шығады (“Қазақ шежіресі”, Атамұра–Қазақстан, 1994. III-бет). Зайыр Сәдібековтің “Қазақ шежіресінде” де Майқы би ұлы жүздің ұраны болған Бақтыярдың және Ойсыл, Үйсіннің атасы

ретінде көрсетіледі (Ташкент, 1994. 37-бет). Ал Қазыбек бекте Бақтияр — Майқыға баба. Сонда күнби Майқы үйсін дәуірінде өмір сүрсе, XII-ғасырда Шыңғысты хан көтерген қай Майқы би?

Әрине, біздің дәуірімізге дейін туып, біздің дәуіріміздің басында дүниеден өткен, тарихта Ел би аталған Майқы емес, басқа Майқы. Сонда тарихта екі Майқы болған ба? 1990-жылы ҚХР “Іле” баспасынан “Қазақ шежірелері” атты кітап шыққан екен. Сондағы “Майқы би” дастанында:

“Өтіпті данышпан боп атам Майқы,
Кейбіреу түсіне алмай қылар сайқы.
Қойылған осы лақап бірнешеу бар,
Екенін ұғушым аз, заты қайсы?” —

деген шумақ бар.

Біз білетін үш Майқы бар. Бірі — жоғарыда сөз еткен, 1-ғасырға дейін туған “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би” де, екіншісі — Бабыралы деген аяғы ақсақ кісі. Оны жұрт әуелі Майып деп атап жүреді де, кейін пысықтығына бола Майқы атап кетеді. Оны мен бірінші Майқының арасында Ата шежіре бойынша 16 ата, яғни, шамамен, бес жүз жылдай бар. Ал одан кейінгі үшінші Майқы мен екіншінің арасында 800 жылдай бар, сонда ол Шыңғыс ханның заманында 12-ғасырда өмір кешеді. Оның шын аты Ұран болған, әділдігі мен шешендігіне бола Майқы атанып кеткен. Көп шежірешінің ежелгі Майқымен шатастырып жүргені — осы Майқы. XII-ғасырда ғана өмір сүрген адам, менінше, қазақ сөзінің “түп атасы” бола алмаса керек. Өйткені ол кезде Махмұт Қашғари (XI-ғ.) Жүсіп Баласағұн (XI-ғ.) кітаптары жазылып қойған, қазақ сөзінің түбі осы XII-ғасырда ғана қаланса, онда “түгел сөздің түбі” Махмұт Қашғари мен Жүсіп Баласағұн болуы керек-ті. Демек “түгел сөздің түп атасы” Майқыдай болған Бабыралы да, Ұран да болмайды, Майқының өзі болады.

“Майқының Аяз, Құмырсқа деген екі биі де ғақыл иесі адамдар екен. Бұлар қазылық құрудан гөрі елшілік-жаушылық жасаумен көп айналысыпты. Екі биіне Майқы ерік берген деседі. Бірде осындайды пайдаланып, Майқы сөйлеп отырғанда екі би тәртіпті мансұқ етіп, Майқы алдын кескестей берген. Сонда Майқы:

— Билер, бүгін Майқының алдын кесесің,
Ертең жұрттың тобесін тесесің.
Майқының да айтатын кебі бар,
Айтуға аузының да ебі бар.
Хан сөзінің қашанда бәрі дұрыс,

Әзір сөзімде болмас бұрыс,
Ғақылым алжыған жоқ,
Ондайды болжағам жоқ,
Орынсыз ауыз ашсаң,
Екі би, басарсың шоқ.
Аяз би, әліңді біл,
Құмырсқа, жолыңды біл! — депті.

Міне, мәтел осыдан қалыпты”, — дейді Ата шежіре (Қазыбек бек Тауасарұлы “Түп-түқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993, 49-бет).

Майқы бабамыздан қалған көп сөз бүгінде мақал-мәтел боп айтылатындықтан да біз оны “түгел сөздің түп атасы” санаймыз. Енді солай екеніне көз жеткізу үшін, солардың біразын салыстырып көрелік.

Біз қазір: “Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді” дейміз (**“Қазақтың мақал-мәтелі”**. Алматы, 1980. 9-бет). Ал Қазыбек бек Тауасарұлы бұл сөздің төркіні Майқы бидікі екенін, оның әуелгі айтылуы “Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, бесеу біріксс, берместі алады” болғанын айтады (54-бет).

Мақалда:

“Қойдан қойдың несі артық?
Қол басындай еті артық.
Ерден ердің несі артық?
Ойлап айтқан сөзі артық”
(Сонда, 244-бет)

Майқыда:

“Қойдан қойдың несі артық?
Қос табақтық еті артық.
Ерден ердің несі артық?
Ептеп айтқан сөзі артық”
(Қ.Тауасарұлы.
Түп-түқианнан... 50—51-бет).

Мақалда:

“Жаман ағайын бар болсаң,
көре алмайды;
жоқ болсаң, бере алмайды”
(299-бет);

Майқыда:

“Баршылық болса мал-жаның,
Көп ағайын көре алмас.
Жоқ болса егер өзінде,
Туысканың бере алмас” (53-бет).

Мақалда:

“Түбі бірге тебісер де
табысар”
(202-бет);

Майқыда:

“Түбі бірге түртпейді”
(54-бет).

Мақалда:

“Көсеуі ұзынның
қолы күймес”
(343-бет);

Майқыда:

“Көсеуің ұзын болса, қолың күймес,
Ағайының көп болса, ешкім тимес”
(129—130-бет).

Мақалда:

“Қорқақты көп қусаң,
батыр болар”
“Қазақ мақал-мәтелдері”,
“Ана тілі”, 1993. 20-бет).

Мақалда:

“Тамырыңнан түйе
сұрасаң,
Қорққанынан бие берер”
(Сонда, 79-бет).

Мақалда:

“Жаман айғыр енесіне
тап берер” (84-бет);

Мақалда:

“Аттың бөрі тұлпар болмас,
Құстың бөрі сұңқар болмас”
(86-бет).

Мақалда:

“Ит құтырса,
иесін қабар” (92-бет);

Мақалда:

“Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз”
(113-бет);

Мақалда:

“Арғымақты жамандап,
Көне тұлпар тапқаның?
Ағайынды жамандап,
Көне туған тапқаның?”
(113–114-бет);

Мақалда:

“Сыйласуға жат жақсы,
Жыласуға өз жақсы”
(145-бет).

Майқыда:

“Қуалай берсең жаманды,
Батыр болып шынығар” (60-бет).

Майқыда:

“Жекжатыңнан тай сұра,
Ең болмаса қой берер” (52-бет).

Майқыда:

“Жаман айғыр қашанда
жатырына шабады” (53-бет).

Майқыда:

“Еттің бөрі қазы болмас,
Иттің бөрі тазы болмас”
(50-бет).

Майқыда:

“Иттің дағы тегі бар,
Тексіз болса ол шіркін
Иесін де қабады” (53-бет).

Майқыда:

“Жаманнан жақсы туар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан жаман туар,
Бір жармаққа алғысыз”
(59-бет).

Майқыда:

“Жақынның бәрін жатсынған,
Туысқан қайдан табады?”
(53-бет).

Майқыда:

“Жыласқанға өз жақсы”,
Сыйласқанға жат жақсы
(53-бет).

Бұдан басқа да қанатты сөзге айналып кеткен пікірі толып жатыр, оның бірі шешендік сөз болса, бірі ақын-жыраудың аузынан ақыл сөз боп айтылып жүр. Мәселен, Майқы бабамыздан қалған мына сөздер әлі күнге дейін маңызы мен мәнін жоя қоймаған сөздер:

“Қыздан қыздың несі артық?
Қылмындаған козі артық”;

“Жыпырлаған жұлдыздан
Жартыкеш болса да Ай артық.
Биік-биік жотадан,
Су сыйлайтын сай артық”,

“Салмай жортқан жігіттен
Салмай құлындаған бие артық”,

“Жеті жасар бала асырамайды,
Жеті жылғы ағаш асырайды”,
“Қонақ койдан жуас-ты,
Май берсең де жей берер”;

“Жауға салма жалғызды,
Тұқымы құрып кетер-ді.
Жаман болса қыз балаң,
Жеті атаңа жетер-ді.
Қатының жаман болса егер,
Қонағың сыйлы кетер-ді.
Келінің жаман болса ше?
Астынан танау міңгірлеп,
Күнкілмен күнің отер-ді.
Ұл жаман болса ұрыншақ,
Сүргенің өмір бекер-ді”;

“Ақ тұрған жерде қақ тұрар”;

“Ер арыса, оуақ болар,
Ат арыса, тулақ болар”.

“Береке түбі – бірлік,
Жеңіліс түбі – шерлік,
Жеңіс түбі – ерлік”.

“Қанағат қарын тойғызар,
Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар”.

“Қырдың гүлі азайса,
Тікенге қонар бүлбүл құс”;

“Ауыр қайғы бөлісу –
Ағайынның парызы.
Ауыр жүкті көтеру –
Ақ атанның қарызы.
Сайрап жатыр шешеннің
Салып бір кеткен сара ізі.
Бәрінен де жаман-ды
Ағайынның аразы”.

Осының бәрін Майқы айтса, “түгел сөздің түп атасы” ол болмағанда кім болады?

“Қазақстан ұлттық энциклопедиясының” 6-томында:

“**Майқы би.** Байқы, Байка, Байку (т.ө.ж.б.) – аңызға айналған тарихи тұлға, атақты би, шешен. Шежірелерде М.б. деген атпен өмір сүрген бірнеше тұлға кездеседі. Кейбір зерттеушілер оны б.з.б. үйсін мемлекеті билеушілерінің бірі деп есептейді. Ол М.б. Мәнұлы деген атпен б.з.б. 178–89 ж. өмір сүрген және, аңыз бойынша, би атанған тұңғыш адам”, – делінген (Алматы, 2004-ж. 314-бет). Ал Шыңғыс ханның тұсында би болған Майқы (1105–1255-жж.) Рашид-ад-Диннің “Жамиғ-ат-тауарих” кітабында Байку деген атпен белгілі екен. Ол, сөз жоқ, Қазыбек бек кітабында айтылатын Майқы аталып кеткен Ұран атты адам болса керек. Ол Майқыдан біз айтып отырған ертедегі Майқының мүлде басқа адам екендігін оның қытай-үйсін арасын қозғайтын мына сөзі де қосымша дәлелдейді:

“Кордім талай қытайды,
Қоңілім одан жүтайды”...
“Құтылған соң шүршіттен,
Сонан соң барып мал-жаным
Байыды, байсал құтайды”.

Майқының қытайлар істеп отырған әрекетке қарсы екенін, “Ертеңгі күні Үйсінге осының бәрі жау боларын” біліп отырғанын бұл сөздерден аңғару қиын емес. “Жанның ұлы Ар мен Хүн, Тартқызбас бізге зар мен мұң”, – деуі де қытайлардың үйсін мен құндарды, яғни арғындарды (Ар+Хун=Архүн–арғын) өзара қырқыстыруына қарсы екендігін көрсетеді. Бұл пікірлер оның көрегендігін, ағайын ел-жұртпен тату тұруды бағалағандығын, сонымен бірге оның үйсін мен қытайдың арбасу дәуірін өз көзімен көрген адам екендігін білдіреді. Осының бәрін бергінде өмір сүрген Шыңғыс ханның тұстасы, қытаймен ешбір тікелей бақталастығы жоқ адам айтты демей, Күнбилер әулетінен тараған, біздің дәуіріміздің басында дүниеден өткен Мән баласы Майқы айтыпты дегеніміз тарих алдында әділдік болмақ (Бексұлтан Нұржекеұлы, “Жас Алаш”, 13.10.2005).

АТТИЛА

9

Шамамен 400-жылдары туып, 453-жылы олген

* * *

Еуропаның ортасында құн патшасының ордасында дүниеге келген тұңғыш құн көсемі;

Еуропада 434-453-жыл аралығында тұңғыш құн империясын құрған қолбасы;

“Тәңір қамшысы” деп атап, атағын, даңқын, батырлығын тұңғыш күллі Еуропа мақтаған құн билеушісі

* * *

Хундардың бір бөлігінен II-ғасырда Батыс Қазақстан жерінде жаңа орда пайда болды. Оның ең күшейген кезі Еділ Мундзукұлының тұсы (V-ғасыр) еді.

Ол (Еділ) – аты аңызға айналған қолбасшы. Сондықтан ол “Аттила” деген атпен көптеген халықтар әдебиеті мен тарихында белгілі. Мысал үшін айтсақ, неміс тіліндегі жырлар мен тарихи деректерде “Эцель”, ал Скандинавия халықтарының батырлар жырында “Атли”, дат халқының аңыз-жырларында “Артала”, испан тіліндегі деректерде “Атила”, қытай тіліндегі деректерде “Әтил” деген атпен, ал қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі атадан балаға мирас болып келе жатқан жырлар мен толғауларда “Еділ” немесе “Еділ батыр” деген атпен беріледі...

Еуропада бірінші рет хун тайпасы туралы 160-жылы жазған грек жазушысы Дионис Перигет болды. Сол кезден бастап хун тарих бетінен кеткен емес...

Каспий теңізінің жағасындағы Хун ордасы жылдан-жылға күшейе берген. Алғаш орданың негізгі құрамы Қазақстан мен Орта Азия территориясын мекендеген көшпелі тайпалардан

құралды. Олар негізінен хун тайпалары деп аталады. Кейінірек Каспий теңізінің жағалауындағы көптеген тайпалардың (дай, алан) қосылуы арқылы хун ордасы өте күшейді.

Әрине, уақыттың өтуімен хундар оңтүстік-батысқа қарай жылжып, өз территориясын ұлғайта бастаған. Оңтүстік-батыстағы Қара теңіз жағалауы мен Қырым түбегін ерте заманнан-ақ скифтер жайлайтын еді.

Бірақ дәл осы кезде скиф жерінің көп бөлігін герман тайпалары (остоготтар мен вестготтар) келіп басып алған болатын.

Мал шаруашылығымен айналысқан хундарды Қара теңіз жағалауындағы шұрайлы жерлер шексіз қызықтырған. Хундар алан және басқа тайпаларды бағындырып, өздеріне қосып алған. Тек аландардың бір бөлігі хун ордасына бағынбай, Рим империясының территориясына кіріп кеткен. Бұл дәуірдегі хун ордасының нығаюына әйгілі қолбасшы Бала әмір (Баламбер) көп еңбек сіңірді.

370-жылдан бастап хундар мен готтар арасында қақтығыстар басталды. Бірнеше рет хундар остоготтарға шабуыл жасайды және оларды түгелдей тізе бүктіреді. Бұл жөнінде Рим жазушылары талай рет жазған...

Қалай болса да, Дунайдың сол жағында хундар мықтап орналасып қалған еді.

Ульдтан соң Хун империясын әйгілі қолбасшының бірі Донат басқарған. Донат өлген соң империяны оның баласы Чарато басқарады. Ал мемлекет басына Руғила келгенде, Хун империясы қатты күшейеді... V-ғасырдың басында Хун ордасының қайтадан күшеюі осы хун көсемі Руғиланың атымен байланысты...

Ержүрек ұлы қолбасшы Руғила жер қайысқан атты әскермен Дунайдан өтіп, Рим империясының көп жерін бағындырады, Паннония провинциясы оған сыйға берілді. Бұл Паннония провинциясын кейінірек латын тілінде Хунгрия деп атап кетті. Әрине, бұл сөздің түбірі-хун. Сол себепті Хунгрия (латын тілінде-Hungria) болып қалды. (Әлі күнге дейін бұл мемлекеттің аты барлық халықтар тілінде осылай аталады. Тек орыс тілінде ғана Венгрия болып жазылады)...

Кейінірек Руғиланың ісін оның немере інісі Еділ жалғастырады. Еділдің есімін Еуропа жұртшылығы

ешқашан ұмытпайды. Оның есімі тарихқа көшпенділер қоғамының ірі өкілі болып кірді.

Еділ (Аттила) жөнінде А.Тиерри өзінің “Аттила тарихы” атты кітабында былай деп жазды: “Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар-Александр Македонский мен Юлий Цезарьдың қатарынан орын алады...” [20].

Руғила 433-жылы қайтыс болды. Ол өлгенде оның мұрагері екеу еді, олар Бледа мен Еділ болатын. Екеуі де, әрине, Руғиланың өз баласы емес, Руғиланың бірге туған інісі Мыңзықтың балалары еді...

...445-жылы Бледа өлген соң Еділ жалғыз өзі Хун ордасының басшысы болды. Көптеген тарихшылардың айтуына қарағанда, Еділ ағасы Бледаны өз қолымен өлтіріп, таққа отырған делінеді.

Иорданның айтуына қарағанда, Бледа мен Еділ екеуі бір әке, бір шешеден тарамаған. Руғила үш ағайынды (Руғила, Ақтар, Мундзук) болса, Бледа Ақтардың, ал Еділ Мундзуктың (Мыңзық) баласы болған. Сол себепті олар орданы жеке билеу үшін таласқан. Ақыры Еділ Бледаны өлтіріп тынған [21].

Еділ (Аттила) тұсында римдіктер Хун ордасымен достық қарым-қатынасты жалғастыруға тырысады. Сол себепті Рим империясы Хун ордасына өз елшілерін жіберген, қайраткері Еділ Рим империясымен достық қарым-қатынасты жүргізе берген. Бірақ арада көп келіспеушілік туған. Рим империясы Еділ ордасынан қашқан қашқындарға пана болған. Тыныш жатпай, көп қашқындарды әскер құрамына алып, хундарға қарсы соғысқа пайдаланған. Мұндай саясат айлакер Рим басшыларында бұрыннан бар болатын. Жауынгер герман тайпаларының жігіттерін әскер құрамына алып соғысқа пайдалану Рим саясатында сонау Юлий Цезарь заманынан қалған.

Еділ (Аттила) бұл қулықты түсініп, Рим империясынан өз қашқындарын қайтарып беруді талап етеді. Әрине, айлакер Рим басшылары бұл ұсыныстың мерзімін соза береді. Ақыры Кіші Феодосий қашқындарды қайтарып бере алмайтындығын айтқан. Бұл жағдай хундардың Иллирик және Фракия провинцияларын басып алуына себеп болды. Сол себепті Рим басшылары өз елшісін жіберіп, арадағы бейбіт қарым-қатынасты қайтадан орнатуға асықты. Рим елшілері Еділмен Одесса (қазіргі Варна) қаласында кездеседі. Бірақ бұл келісім ұзаққа бармады.

Паннонияда тұрған хундарға Рим империясының басқа жерлеріне шабуыл жасау қиын болған жоқ. Көп ұзамай Херсонес жанында хун әскері мен Рим әскерлерінің арасында үлкен шайқас болды. Жеңіл қаруланған Еділдің атты сарбаздары Рим легиондарын оп-оңай талқандаған. Бұл шайқаста да жеңіске жеткен Еділ Рим империясымен келісімге келді.

Келісім Рим империясына өте ауыр болды. Осыдан соң хун ордасына римдіктер салық төлеп тұруға міндетті болды.

Осылай ұлы қолбасшы Еділ Рим империясын күннен-күнге ыдырата берді. Қырық рулы хун ордасын басқару тек қана Еділ сияқты ұлы қолбасшының қолынан ғана келеді. Әртүрлі тайпалардан құрылған мұндай үлкен орданы бір орталыққа бағындырып ұстап тұру, әрине, Еділ сынды мемлекет қайраткеріне де оңай болған жоқ. Тарихта хун ордасының өте күшті нығаюы Еділдің (Аттиланың) атымен байланысты.

Сол кезде Еділ басқарған хундарды Рим империясының төменгі табы (құлдар) қолдаған. Тіпті кейбір құлдар Еділді өздерінің құтқарушысы деп есептеген. Міне, осы жағдайды Еділ жақсы пайдаланған.

Паннония мен Фракия арасындағы көп жерді өзіне қаратқан Еділ Рим империясынан өз қашқындарын қайтаруды қатаң түрде талап етеді. Рим империясының басшылары саса бастайды. Еділ жіберген әрбір елшіні сыйлап, Хун ордасынан келгендердің бәрінің қойны-қонышын алтынға толтырып отырған. Бірде Римге (Шығыс Рим астанасы Константинополге) елші болып Еділдің ұстазы Едекон (Едіге) де келеді. Еділ өзіне ұнаған адамдарының бәрін Римге елші етіп көп жіберген, себебі онда барған адам алтынға қарық болып қайтады.

448-жылы Шығыс Рим басшылары Хун ордасына елші жібереді. Елшілердің ішінде грек жазушысы Приск, хун тілін білетін адамдар болған. Елшілердің негізгі мақсаты қайтсе де Еділді өлтіру еді. Бірақ бұдан ештеңе шықпайды. Еділ ордасында біраз уақыт болған грек жазушысы Присктің Хун ордасы мен Еділ туралы жазып қалдырған құнды еңбегі осы күнге дейін сақталды.

Хун ордасынан қашқандар Рим империясында өте жақсы бағаланған. Мысалы, Хелхал деген хун жігіті Рим легиондарының басшысы дәрежесіне дейін көтерілген.

Достық қарым-қатынасқа уағдаласса да, осындай қастандықтарын доғармаған Шығыс Рим басшыларының ісіне Еділ керемет наразы болады. Рим басшыларының бұл қастандықтары тарихта заңды іс, себебі олар дүниені түгел билеп үйренгендіктен, жаңадан өсіп шыққан күшті Хун ордасын көре алмайды. Құртып жіберуге күші жетпейді. Сондықтан олар Еділді өлтіруді жоспарлайды. Бірақ мұндай арам пиғылдың сәті түскен жоқ.

Осы жағдайларды анық түсінген Хун ордасының басшысы ержүрек Еділ Рим империясына қарсы ұлы жорық жасауға мәжбүр болады...

Еділдің (Атиланың) Рейн өзеніне қарай жасаған ұлы жорығы өте сәтті болды. Бұл аймақтағы көптеген герман тайпаларын римдіктер ертеден-ақ “варварлар” деп атаған. Варвар рим тілінде “barbaro” – “шапқыншы” деген мағына білдіреді. Олар бірінен-бірі өткен аса жауынгер тайпалар еді және өмір бойы Рим империясымен соғысып келген. Ал қазір Риммен одақ болып бірігіп жатыр. Сол себепті Еділ олардың бәрін өзіне тез арада бағындырғысы келеді.

Бұл жорықта Еділ өзінің жер қайысқан қалың әскерін екіге бөлген. Бір бөлігі Дунай өзенінің оң жағымен жүріп отырып қарсы кездескен Рим легиондары мен қорғандарын талқандауға тиіс болды. Ал екінші бөлігі Дунайдың сол жағымен жүріп, қарсы кездескен тайпаларды талқандап, өзіне күшпен қосып алуы қажет еді.

Екі бөлінген Еділ әскері Дунай өзенінің басталған жерінде қосылады. Осынша жерді тез арада жүріп өткен қалың әскер қарсы келген қалалар мен талай тайпаларды бағындырып, тізе бүктіреді.

Неккара өзенінің бойында тұратын германның франк тайпасы өз кәрәлін өздері өлтіріп, Хун ордасына келіп қосылады. Сол сияқты тюринг тайпасы және басқалары қосылған. Ал бургунд кәрәлдігі бұрын бағынған еді.

Алайда Аттилаға бағынбаған бөліктері де болды. Осылай Рейн өзенінің бойындағы көптеген герман тайпалары біріккендіктен, Еділ қолы өте күшейген-ді.

Герман тайпалары ешқашан мұндай болып біріккен емес. Бұлардың бәрінің басын қосу – Римнің бұрынғы жауы, қазіргі одақтасы болған германдықтарды бағындыру – Еділ сияқты ұлы қолбасшының қолынан келді. Алайда германның вестгот

сияқты тайпалары мен Хун ордасынан қашқандар сол шайқастарда Рим әскері қатарында хундарға қарсы соғысты.

Еділ жасаған ұлы жорық Галлия мен Бельгия провинцияларында көтеріліс отын бұрқ еткізді. Әсіресе Лютеций (қазіргі Париж қаласы) бекінісіндегі көтеріліс күшті болды. Бірақ Еділ (Аттила) Лютецийге кірмеген.

Хун ордасының жер қайысқан қолы 451-жылдың 6-сәуірінде Мец қаласын талқандайды. Одан соң Галлияның басқа да қалаларын бағындырады.

Труа қаласының маңындағы Каталун жазығында римдіктер мен хундардың арасында үлкен шайқас болады. Осы шайқаста римдіктер хундарға жойқын қарсылық көрсеткен. Римдіктер жағында вестгот, алан сияқты көптеген одақтас тайпалар болды. Осы үлкен шайқаста екі жақтан 165 мыңға жуық жауынгер қаза табады. Рим әскерін басқарған көрнекті әскербасы Аэций мен оның баласы Торнэмед еді. Аэций – жас кезінде, Руғиланың тұсында Хун ордасында Еділмен дәмдес болған кісі.

Осы Каталун жазығында болған шайқастан кейін Еділдің (Аттилань) қалың қолы Трир қаласын тізе бүкітіреді. Каталуния соғысынан кейін Хун ордасы ерекше күшейеді.

452-жылы Еділдің қалың қолы Солтүстік Италияға кіріп, Аквилей және Милан қалаларын талқандайды. Содан соң Галлияға тағы бір рет шабуыл жасаған. Рим қалалары бірінен соң бірі Еділ қол астына өте бастайды. Дәл осы жерде Рим империясының соңғы әскерін Еділ оп-оңай жеңеді, соңғы тірегі талқандалған Римнің қақпасы Хун ордасының қалың қолына ашық тұрды. Бірақ Еділ қалаға кірмей, Паннониядағы ордасына қайтып келіп үлкен той жасап, Бургунд кәрәлінің қарындасы, сұлулығымен дүйім жұртты таң қалдырған әйгілі ару Илдионаға үйленеді. Бұл тек Еділдің үйлену тойы ғана болған жоқ, хун әскерінің жеңіс тойы болды, себебі енді дүниеде Хун ордасына қарсы тұратын ешқандай мемлекет қалған жоқ...

Бірақ ұлы қолбасшы, атышулы Еділ той болған күні түнде кенеттен қайтыс болды.

Еділ (Аттила) өлімінен соң қырық рулы Хун ордасы әлсірей бастайды. Еділ екі әйел алған кісі еді. Сондықтан оның ұлдары мен қыздары көп болған. Тарихи деректерден біз оның жеті баласының есімін білеміз. Үлкен әйелі Кере-

кеден үш ұлы болған. Солардың үлкені – Эллак. Еділдің тірі кезінде Еділ-Жайық пен Қара теңіз арасындағы ұлы территорияны осы үлкен ұлы Эллак билеген. Бұл жердегі көптеген тайпалар Хун ордасының қол астында болған. Кейін орта ғасырда бұл территорияда Хазар мемлекеті пайда болды. Еділ тірі кезінде өзінің мұрагері етіп үлкен ұлы Эллақты белгілеген. Бұған оның басқа ұлдары наразы болса керек...

Еділ (Аттила) өлімінен соң қырық рулы Хун ордасының ыдырай бастауына себеп – Эллақтың өлімі. Ордада алауыздық басталып, әр тайпа өзінше бөлініп кете бастайды. Соның бірі – герман тайпалары... Себебі көптеген тайпалардың басшылары Еділ әмірінен қорққанынан ғана Хун ордасы құрамына бірігіп жүрген. Ал Еділ қаза болған соң, ордадағы жағдайды пайдаланып, өз елдеріне кете бастайды...

Біз назар салатын негізгі жәйт мынау: қазіргі қазақ халқының құрамындағы арғындар – хундардың, яғни хун ордасының бүгінгі ұрпағы. Олардың “арғын” деп аталуына себеп Аттиладан кейінгі хундардың бір бөлігінің “Уархун” деп аталуы... “Арғын” термінің негізгі түбірі “Уархун” болуы әбден мүмкін. Тарихтағы Уархун есімі көптеген тарихи деректерде “Авар” деген атпен берілсе, орыс совет ғалымдарының еңбектерінде “Вархон” делінеді. Алайда француз ғалымдары “Уар” (Ouar) деген атпен жазады (Самат Өтенияз, “Аттила”, Алматы, 2000, 16–17, 21–27, 30-бет).

* * *

“Бұл – хижра жыл санауымен 150-200 жылдай бұрын Хун тұқымы Ақжолдың екі ұлы Еділадан мен Біледан соғыс салған, ромдықтарды тітіреткен жер”. Бірақ осы ұрыста Еділадан інісі Біледан қайтыс болған жер. Қасиетті бабамыздың атының тұяғы тиген, Ром билеушісі Теодористі бабамыз Еділадан жер жастандырған жер” (Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 1994. 166-бет).

* * *

Тарихшылардың айтуынша, Аттила Тараз қаласының іргесін қалаған ғұндардың патшасы Чжи Чжидің 14-ұрпағы болып табылады. Еділ шамамен 400-жылдары туған...

Немістер оны біздікі деп ашық айтады. Берменде Аттила атында көше, тау, Венгрияда университет, өзен-көлдер бар **(Еренғайып Омаров, “Жас Алаш”, 20.02.99).**

Аттила туралы шетелде 500-дей кітап, мақала жазылған... **(Еренғайып Омаров, “Қайнар” университетінің ректоры, профессор, “Егемен Қазақстан”, 21.11.03).**

* * *

Галлияда одақтастар бір армияға бірігіп, қоршауда қалған Орлеанға көмекке ұмтылды Аттила... қалаға шабуылмен басып алмақ ойынан бас тартты да, әскерін Труа қаласының маңындағы Капталаун жазығына қарай алып кетті. Әлем тарихында “халықтар шайқасы” деп аталатын Капталаун қырғыны осылай басталған...

Иорданның мәлімдеуі бойынша, екі жақтан сол шайқаста 165 мың адам өлген **(Сауытбек Абдрахманов, “Жас қазақ”, 26.12.03).**

БУМЫН ҚАҒАН

10

552-жылы қайтыс болған

* * *

**Тұңғыш Түрік қағанатын құрған адам;
Қаған атанған тұңғыш түрік ханы**

* * *

Қадым заманғы тарихи шежірелердің жүйесіне жүгінсек, қазақтың “Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады” деген қанатты сөзінің астары тереңнен тамыр тартады. Тартысқа толы сол бір толассыз арпалыс тұсында тұқым-тұяны құрып кетуге айналған ұлысының басын біріктіріп, елдікке жеткізген ерлердің бірі, түркі халқын өзге ұлттар мен ұлыстардың деңгейіне көтеріп, мойындатқан дара тұлғаның бір де болса бірегейі – Бумын қаған, яғни исі түркі жұртының басын қосқан аты бар.

Қытай тарихшылары 442-жылы солтүстіктегі түркі тайпасының империя шекарасына шабуыл жасап, тыныштық бермейтінін жазады. Алайда олардың қолбасының аты аталмайды. Ал түркі халқының ресми түрде қағазға түсіп, оны дербес мемлекет есебінде мойындаған елшіліктің аттануы 545-жыл. Әлем халықтары өзінің даму тарихын өздері үшін ең бір елеулі оқиғадан бастаған. Мысалы; римдіктер Римнің іргетасы қаланған низамды, араптар Мұхаммедтің Мекеден Мәдинаға көшкен хижра күнін, орыстар 862-жылды өз халқының жыл басы ретінде тандап алды. Ал түркілер үшін мұндай ұлыстың ұлы күні-545-жыл. Бумын қағанның – Елханның – көсемдік құрып тұрған кезі.

Бұл оқиғаның өзіндік себебі бар.

Біздің жыл қайыруымыздың IV-V-ғасырларында түркі тілінде сөйлейтін, тілі де, тегі де бір тайпалардың басы қосылмай бет-бетімен билік құрды. Берекесіз тірліктің салдарынан әркімге басыбайлы, бодан болды. Соның бір парасын Тұйғын хан мен Көкбөрінің қасіретті тағдырынан білесіздер. Сәнбилердің, жужандардың (аварлардың), қытай империясының қасақана арандатуларына, “тағыларды тағыларға таластырып қойып, өзін өзі құртуға” итермелеген аярлығына алданған көшпелі қауым 5 ғасыр бойы отаршылдықтың тепкісінде қалды. Оларды ата мекені Ордостан-Сардайлаудан, Хуанхэ-Сарөзеннен қуып шығып, хан династиясы “тың жерді игеру үшін” (Бань-Гу) Ұлы Қытай қорғанының сыртына ішкеріден жүз мыңдаған үйді көшіріп әкеп, мәңгілікке қоныстандырды. Алайда Алтай тауының аңғарын паналаған Көкбөрі әулеті ес жиып, елдігін қалпына келтіріп үлгерді. Елхан ел қамын ойлаған түркінің тұңғыш көсемі болып тарихта қалды. Ол әуелде жужандардың бодандығына көне отырып, елжұртының нығайып, қолға қару ұстап, қарсылық таныта алатындай дәрежеге жеткізгенше “Өзің жеткенше – көшінді итке арт, өзің жеткен соң – көшінді тарт” деген көне түркі мәтелінің тағылымындағы саясатты ұстанды. Бұл айла-амал өзін өзі толық ақтады. Түркі қағанаты тірілді.

Сөйтіп, 545-жылы ұлы империя Бумын қағанға елші жіберді. Бумын (Шығыстүркістандық қазақ тарихшысы Нығымет Мыңжанұлы бұл есімді қытай иерологифінің танбалануында Тумын–Түмен деп жазады) өзінің сәт сағатының соққанын білді.

– Армысыңдар, қандастарым түркілер. Менің де бойымда соғдының қаны бар. Сондықтан да ұлы батыс вэй тәңірқұты мені сендерге андастыққа – елшілікке жіберді. Енді исі түркінің жаңа дәуірі басталады. Тай-зу тәңірқұты сендерді өзімен тең дәрежедегі іргелі ел деп таниды, – деді арғы тегі соғдылық Ань-Нопаньто. – Мына сыйды қабыл алыңдар. Бұл – ынтымақтастықтың басы, Бумын қаған!

– Бар бол, тәңірқұтының құтты елшісі. Біз тоз-тозымыз шығып, тұқымымыз құруға айналған Көкбөрінің бөлтірігі едік. Алтайды паналап, телемен тең, жужандармен жағаласатын болдық. Тіземіз бүтулі, басымыз июлі еді. Енді тік

тұрдық. Төрлет, қандасымыз Ань-Нопаньо! – деді Бумын. – Қаруымызды көр, халқыммен таныс. Құрметімізді қабыл ал.

Ұлы вэй империясының елшісінің сый-сияпатын қабыл алып: “Ордадағылар бір-бірін құттықтап, қуанышқа кенелді. Ұлы тәңірқұтының өзі елші жіберді, енді біздің мемлекетіміздің тасы өрге домалап, мерейі үстем болады десті” (Л.Гумилев). Ань-Нопаньоға барынша сыйапат көрсетіп Тайцзу тәңірқұтына қымбат аң терісін, алмас қылышты, ақ сауытты базарлыққа жіберді.

Алайда бірнеше ғасырдан бері түркілерді тұқыртып келе жатқан жужандармен жекпе-жекке шығып, қақтығысуға әлі ерте еді. Бумын қаған жужан қағаны Анағұйға да алым-салық төледі. Ол қандас теле жұртымен одақтасуды ойлады. Бірақ теле тайпасының көсемі Бумынға бағынғысы келмеді. Ань-Нопаньтоның елшілікке келуі Бумынның беделін өсіріп, жат тайпаның шабуылынан сақтады. Жужандардың езгісінен әбден титықтаған теле тайпасының арасында наразылық күрт күшейіп, батыс Жоңғариядан атой сала көтеріліп, Халқадағы жужандарға аттанды. Сұңғыла ойлы Бумын қағанның күткені де сол еді. Ол қарауындағы әскерін сапқа тізіп, Гоби Алтайының қысталаң шатқалына жетіп, теле әскерінің жолына тосқауыл қойды. Шашақты найза, жебелі садақ, алдаспан қылыш асынып, құр атқа мінген қайысқан қол алдарынан шыға келгенде, телеліктер сасып қалды. Өздерінің қандас түркілер екенін білгенде ғана көңілдері орнына түсті. Бумын қаған атын ойқастатып алға шығып:

– Түркілер, абыржымандар! Жауласып, қан төккелі келгіміз жоқ, түсініскелі келдік. Біз сендерден, сендер бізден жамандық көрген жоқсындар. Екі елдің де жауы ортақ. Ол – екі өкпемізді тескен жужандар. Оған сендердің күштерің жетпейді. Өздерің арып-ашып, аттарың болдырып, эзер келесіндер. Ес жиып, бірігіп ел болайық. Қосылып, қол бастасақ қана тәуелсіздік аламыз. Олардың бұғауынан құтылар сәт келді. Не билік айтасындар! – деп жар салды.

Орынды сөзге, орайлы тілекке тоқтаған теле әскері сол арада аттарынан түсіп, Бумын қағанның әміріне көнді. Сөйтіп 546-жылы 50 мың теле түтіні Бумын қағанның қосынына қосылды.

Өзіне тәуелді екі туыс тайпаның бірігуі жужан қағаны Анағұйдың тынысын тарылтты. Ашу-ызасын келтірді. Батыс вэй империясының одақтасы Бумын қағанға ашық қарсы шығудан сескенді. Енді Бумын қағанның өзі сынықтан сылтау іздеп, қалайда Анағұйды ашық майданда жеңіп, ел-жұртын азат етуді ойлады. Ол үшін ежелден келе жатқан ескі дәстүрді қолданды. Бумын қаған Анағұйға жаушы жіберіп:

– Анағұй қаған маған қызын әйелдікке берсін! – дейді.

Бұл деген сөз Бумынды өзімен тең дәрежеде құрметтеу болып шығады. Ашуланан Анағұй:

– Күні кеше ғана сен менің темірімді балқытып, қаруымды соғатын басыбайлы боданым едің. Бүгін кісі бола қалыпсың. Мұндай талапты қоюға қайтіп қана дәтің барды? Келіспеймін, дәмесін қара. Аулақ жүрсін менен! – деп Бумынды қорлай жауап қатты.

Бумын қағанға керегі де сол еді. Ол Анағұймен біржолата ат кекілін кесу үшін, оның алым-салық жинауға келген елшісінің басын алады да, іле батыс вэй тәңірқұтына анда болайық деп сөз салады. 551-жылы вэй ханшасы Чанлені алды. Төрт құбыласы түгелденген соң ғана Бумын қаған бар әскерін жиып, жар салды:

– Туысқан түркілер! Сендердің батқан күндерің шықты. Өлгендерің тірілді. Басымыз бірікті. Ата-бабамызды құлға айналдырған жужандардың бұғауынан құтылатын қасиетті шақ туды. Анағұймен шайқасамыз. Ол осал жау емес. Сондықтан да күтпеген кезде – дәл қыс айында – тосыннан шабуылға шығамыз. Не азат ел боп бостандықта өмір сүреміз! Не майданда құрбан боламыз! Қашанғы жужандарға темір қорытып, өз мойнымызды қиятын қылышын соғып береміз?! Көк Тәңірі мен Көкбөрі жар болсын! – деді.

Бұл тәуекелге толы әскери жорық 552-жылы қыс айында басталды да, жеңіспен аяқталды. Үш ғасыр бойы қарақшылық пен тонаудың арқасында түркі жұртын қан қақсатқан жужандардың тас-талқаны шықты. Құса мен ызаға булыққан Анағұй қаған өзіне-өзі қол салды. Оның ұлы, тақ мұрагері Яньлочен қашып құтылды. Сөйтіп, түркі жұртының аңсаған азаттыққа қолы жетті.

Барша түркі жұртын бостандыққа бастаған Бумын қағанды ақ киізге орап, арбаның үстіне көтеріп отырғызып, хан

сайлады. Сол күннен бастап исі түркінің қамын ойлап, намысын қорғаған Бумын қағанды Елхан – бүкіл елдің ханы – деп жариялады. Бас-басына бытырап жүрген түркі тайпаларының басы бір тудың астына бірігіп, тарихқа әйгілі болған түркі қағанатын құрды.

Елін құлдықтан құтқарып, қағанат дәрежесіне жеткізген Елханның маңдайына бұл қызықты ұзақ көруге тағдыр жазбапты. 552-жылдың аяғына қарай Елхан қайтыс болды. Бірақ оның арманы да жоқ еді.

Бумынның тағдырын тарихшылардың Спартакпен салыстыруы тегін емес. Тәуелді елдің ұғланы боп туып, тәуелсіз елдің Елханы болып өлді. Оның орнына ұлы Қара Ыссық хан таққа отырды... (Тұрсын Жұртбаев, “Дулыға-2”, Алматы. “Жалын”. 1994. 63-67-бет).

* * *

“Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасына адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бумын қаған, Істемі қаған (таққа) отырған. Таққа отырып түрік халқына, еліне, төріне (билік) тұтқа болған, қалыптастырған.

Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген” (“Йоллығ тегін”, “Күлтегін”, “Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, Астана, 2005. 186-бет).

* * *

Түркі халықтарының бірлесуін тарихшылар Бумын қаған үстемдік еткен 545-жылдан санайды.

Бумын – саясатқа мықты, айлакер адам болса керек. 551-жылы өзімен көршілес жужандарды талқандап, көшпелілердің арасында даңқы асқан ол Елханы деген атқа ие болады. Бумын қайтыс болған соң, таққа бірінен кейін бірі қатарынан оның үш ұлы отырады. Солардың ішінен тарихта Муганханның есімі ерекше аталады. Ол өзімен көршілес жужандарды, татабыларды, қидандарды түгел бағындырды (Мырзатай Жолдасбеков, “Асыл арналар”, Жазушы. 1990).

ҚОРҚЫТ

11

Шамамен VIII-ғасырда өмір сүрген

* * *

**Қазақтың тұңғыш ажалмен арбасқан бабасы;
Аңыз бойынша, тұңғыш қобыз тартқан күйші қазақ**

* * *

Қорқыт-тарихта болған өнер иесі, заманының ақсақал биі, байырғы, даңқты ақылгөй адамы.

Аты аңызға айналған Қорқыт – ерте кезде оғыз, қыпшақ, қаңлы жұрттарын басқарған данышпан адам. Ол туралы халық ескі дәуірдің өзінде (VIII–IX-ғ.) әдемі жыр шығарып, халық эпосының көркем суретіне айналдырған. Оны Дрезден мен Ватикан кітапханасында тұрған Қорқыт кітабының екі нұсқасы ашық дәлелдейді.

Бұл кітаптың негізгі сюжеті – Оғыз-қыпшақ заманында ел басқарған кемеңгер ойшылдарды қадірлеу, ғажайып ерлігімен халыққа қорғаныш болған, халық сүйінішпен ардақтаған жойқын алыптарды суреттеу... Солардың ішінде көзге бірінші түсетіні алып Ер Қазанбек – барлық алыптардың ұлы ағасы, Түркістанның тірегі.

Қорқыт жырында кездесетін Үйсін қожа, Қаңлы қожа, Қазылық қожа, Қазан алып, оның атасы Ұлан (Абылғазы бойынша Эңкеш) – бәрі бір заманның кісілері. Қазан алыптың жетінші атасы Оғыз ханға қосылады. Демек, Оғыз хан “пайғамбар заманынан” көп жыл бұрын өткен.

Қорқыт кітабында жақсы суреттелетін алыптың бірі – Ораз-“От көзді Ораз”. Ол Қазанбек пен Бөрте сұлудан туған, әрі алып, әрі ақын, әрі қобызшы. Оның тоғызыншы ұрпағы

Үгіршік. XI-ғасырда Қаңлы елімен бірлесіп, Сырдың бойында отырады. Ораз, Оразбек – қазақ ертегісінде, халық эпосында жиі кездесетін, аңызға айналған эпикалық есімнің бірі.

Қорқыт кітабының ең құнды жері-онда исламнан көп заман бұрын қазақ сахарасын ғасырлар бойы мекен еткен тайпалар мен олар қоныстанған жер-су аттары жиі кездеседі. Олар: Ұсұн қожа (Үйсін), Қаңлы қожа (Қаңлы), Қазалық қожа (Қарлық), Рашидединнің Оғызнаме баяндауынша, Ұсұн қожа мен Қаңлы қожа Көл-Еркі, Тұман, Қайы хан заманында Қорқытпен қатар, оларға кеңес берген билер. Ол екеуі де Қорқыт хикаясына ұлы сюжет болған кемеңгер кісілер, бұл жырдың басты тараулары “Хан Турашалы мен Қаңлы қожа жыры”, “Секрек пен Усун қожа жыры”, Кітапта: “Қаңлы қожаның бір ұлы бар еді, аты Тұралы (қазақтарда Тұраналы), атақты қобызшы әрі асқан алып ер. Ол қыз іздеп оңтүстікке барады, бір сұлу қызды тауып, онымен “бөрі ойнақ” жасады, атпен қуды, садақ атып, қобыз тартты”, – деген жолдар бар...

Усун қожа туралы айтылған жырлар түгелдей көне Қазақстан жерін суреттейді, сол кездегі ескі тайпа Үйсін (Ұсұн) елінің өмірін баяндайды. Олар мекен еткен жерлер Арқаның белі, Алатау Көкше теңіз (Балқаш көлінің ескі аты). Бұл хикая – Қорқыт әфсанасының Үйсін, Қаңлы заманында (V-IV ғ.) шыққан ең ескі түрінің бірі, халық аузында әдемі аңызға айналған ғажайып әңгіме...

Бұл Қорқыт кітабында суреттеліп отырған Ұсұн қожа – Қазақстанның ең ескі тайпаларының бірінің аты, ұлы жүзге негіз болған үйсіндер. Олар біздің заманымыздан үш ғасыр бұрынғы Жетісудағы ең атақты елдің бірі, өзінің ықпалын олар мың жыл бойы биікте ұстап, оны түрік қағанатына дейін сақтап келді. Ұсұн туралы Қорқыт хикаясының мазмұны осы дәуірлерді еске түсіреді...

Қорқыт кітабына негіз болған ескі жырдың бірі – “Қамбарұлы Бамсы Берік”, оны Байбөрі деп атайды...

Қорқыт жырының енді бір тарауы-қият тайпасынан шыққан “Доқа-Қожа ұғлы ер Домрул”, қазақ әфсаналарында мұны “Тоқа ұлы Домбауыл” деп атайды. Қазақ шежіресінің айтуы бойынша, Домбауыл мен Шабасоқыр – Қорқыттың замандасы. VI-VII-ғасырларда тұрғызған Домбауылдың күмбезі осы кезге дейін Сарысудың бір саласы Кеңгір өзенінің жағасында тұр.

Қорқыт жырында суреттелген Төбекөз сияқты жалғыз көзді дәу қазақ ауыз әдебиетінде өте көп, “Дәу баба”, “Аю дәу” аңыздары мұның кепілі. Шоқан Уәлихановтың терең зерттеуінде Жалғыз көзді дәу – қазақ сахарасына кеңінен тараған ескі мифтің бірі. Ол – гректердің Циклоны сияқты адам жейтін алып дәу. Одиссейдің орнынан дәумен аяусыз алысатын қазақ ері “Батырхан”...

Қорқыттың нақыл сөздері бүгінде Берлин кітапханасында сақталып келеді. Олардың кейбіреулерін неміс ғалымдары жарыққа шығарды. Тақпақ сөздің жалпы саны төрт жүзге таяу. Оның алдыңғы беттері (75 нақыл сөз) Қорқыт атымен жазылған. Қорқыт кітабының ойларымен бірдей. Кітаптан Қорқыт дәуірінде жасаған 366 ұлы алып, 24 данышпан би, 32 білгіш ел басқарушы орын алған. Нақыл сарындарының түбегейлі сюжеті-жойқын алыптардың ерлік қасиеттерін ардақтау, оларға үлгі сөздер айту.

Қорқыт айтты дейтін тақпақ сөздер қазақ халқының мақал-мәтелдерінде осы күнге дейін көп кездеседі. Олардың ашық дәлелі ретінде Көрұғлы, Алиямыс, Бозұғлан, Бозжігіт, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, тағы толып жатқан хикая, аңыздарды келтіруге болады. Бұл жырларды оқығанда көзге ерекше түсетін мәселелер олардың сюжет құрылысы, эпикалық бейнелері, “Қорқыт” дастаны мен “Оғыз намеде” айтылатын эпикалық сарындармен өте ұқсастығы. Мәселен, Оғыз-қыпшақ дәуірінен дәстүр болған әлеуметтік көріністің бірі – ақындардың той үстінде ерлік жырын айтып, өткен ерлік дәстүрді еске түсіруі, Академик В.А.Гордловский бұл дәстүрдің қазақ пен қырғыз халқының тұрмысында кейінгі заманға дейін жақсы сақталғанын мысалға келтіреді.

Бұдан шығаратын тұжырым – қазақ халқының рухани тіршілігіне, әлеуметтік құрылысына оғыздардың қосқан үлесі аз емес. Өзге тайпалармен бірге Сыр бойын монғол дәуіріне дейін қоныстанған кейбір Оғыз тайпалары кейін қазақ қауымын құрысуға қатынасып, соның белгілі құрамының бірі болады. Академик В.В.Бартольд те осы пікірді қолдайды. Ол кісінің зерттеуінше, XVI-ғасырда қағаз бетіне түскен “Қорқыт” дастанының негізі ол баста Орта Азияда, Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша көп заман ауызша айтылып келген (Академик Әлкей Марғұлан, “Қорқыт ата туралы”, “Білім және еңбек”, 1982).

Қорқыт демекші, біздің осы бір бабамыз да өліммен тірескен, араптардан бізді баса-көктеп кірген ислам дініне қарсы болған, оның терістартпа пиғылын айқын түсінген адам болған. Осыған дейін маған жеткен әңгіме-аңыздарға қарағанда, менің атам Матай шежіресіне қарағанда, ол – біздің Бәйдібек бабамыздың замандасы. Әрине, Қорқыт бабаны ислам жоктаушылары қазақтың өзіне оны құбыжық етіп, діннен безген, құдайдың ақ өліміне қарсылық білдірген деп түсіндірді. Ал, шынтуайтқа келгенде, Қорқыт баба Көктүріктің бөлшектеңіп, жіктелуін жек көрді. Оның аяғы елдің бұғау киюіне соғатынын жұрттан бұрын байқады. Егер маған салса, мен Қорқыт атаны Майқыдан кейінгі қазақ жеріндегі айтулы тұлғаға бағалап, шекпен жабармын дағы. Қорқыт бабадан қалған мұра қобызбен тартатын бірнеше күйді мен оқудан елге келген жылы жазып, хатқа түсіргенмін. Бірақ сұм соғыстың ол да құлы болып жоғалды. Хижраның екі жүзінші жылының ар жақбер жағында ғұмыр кешкен Қорқыт ата Оғұздардың Бұзық тайпасынан шыққан Баяттың Парқын тұқымынан. Әкесі Қарақоға көзі ашық адам болған да, Қорқыт бабаны Еуропа елдерінде оқытқан. Оған Бұзық тайпасынан шыққан белгілі саудагер ақшалы Науман деген кісі себепші болды деседі. Ол Қорқыт бабаны Еуропаға апарып тастап, өзінің керуен саудасымен қайтып әкеліп тұрған. Қорқыт бабаны ислам дінінің өкілдері дерлік Һәммәсі жек көрген. Қаракорғанның ағасы Қарабұға жиырма қос жылқысы болған өте бай адам екен, сол малдың арқасында інісінің жалғыз ұлы Қорқытты дүниесін шашып жүріп оқытқан. Көзінің тірісінде Қарабұға Қорқытқа ертеден кешке дейін желі басында қобыз тартқызған. Қарабұға өлген соң Қорқыт баба қобызды күнірен-те тартып, қайғымен көп күй шығарған. “Қорқыттың қобызы түгіл, қияғы да сөйлейді” деген мәтел болған. Қорқыт ата – әуезді қазақта алғаш саралаған Әбунәсір бабадан бұрынғы күйші. Оның әуез-әуендері адам жылатады, жүйе-жүйенді босатпай қоймайды. Қорқыт баба Жойқын дарияның бойындағы Кәмірлен деген жерге қойылған. Оны ажалынан бұрын өлтірушілер – діндарлар. Қорқыт баба өлген соң, оның әкесінің атын өзгертіп,

Қарақожа қойғандар да солар. Ислам дінінің тазалығы да бар, зияны да мол. Ал ағайынды Қарақоға мен Қарабұғаның әкесі Домбай бақсы деген сөз бар. Сондықтан да бақсы-балгер жынын шақырғанда: “Ей, ер Домбай, ер Домбай, шақырғанда кел, Домбай!” – деуі сондықтан деген ел арасында әңгіме бар. Мен жер мойыны алыс, жас келіп қалған соң Қорқыт баба басына бара алмадым. Һәр-қашақ-ақ: “Жаны жәннәтта болсын!” – деп бата оқимын (**Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993, 317–318-бет).**

* * *

Қорқыт есімімен байланысты аңыздар түркі тектес халықтар арасында әр алуан түрде әңгімеленеді. Академик Ә.Марғұлан былай деп жазады: “Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Орта Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың, түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, ән-күйлер қазақ пен түрікмендерде көбірек жолығады” (“Лениншіл жас”, 1970, 20 январь) Қорқыт жайындағы деректердің белгілі бола бастауы XII—XIII ғасырлардан бермен қарай. Атақты тарихшы Рашидеддин қыр сахарасында Қорқыт пен “Оғыз-наманың” қатар хикаяланатынын жазған.

Қазақ арасына таралған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мұхнәт азабымен өлместікті арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді.

Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт Ата – көпті көрген батагөй, сәуегей, атақты музыкант әрі ойшыл дария. Ол айтқан болжау дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлық, тағдыр жайында тұңғыш, кемелді толғаулар қалдырған.

Әлішер Науаи Қорқыт жайында былай деп жазады: “Түрік ұлысы арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келмейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжап айтқыш данышпан еді, оның таң қаларлық нақыл сөздері осы күнге дейін бар”.

Қорқыт атадан қалды дейтін, шешендік нақыл, ойшыл, өсиет сөздер өмірден түйгені көп кәрі дананың алып бейнесін бүгінгі оқушы қауымға анық елестетеді: “Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді”, “Ажал келмей кісі өлмес, өлген адам тірілмес”, “Шыққан жан қайтып кірмес”, “Бетеге биікке теңесе алмас”, “Есекке қанша жүген салғанмен, ат болмас”, “Қар қанша қалың жауғанмен, көктемнен қалмас”, “Бақ қанша гүлденгенмен, күзден қалмас”, “Ескі темір біз болмас, ескі дұшпан дос болмас”, “Ат шалдықпай, жол түгесілмес”, “Қанжар тимей жау қайтпас”, “Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас”, “Қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ”, “Шаба білмеген атты қинайды”.

“Адам кірмес қара үйдің құлағаны мақұл. Жылқы жемес арам шөп өспегені мақұл. Адам ішпес ащы су ақпағаны мақұл. Данқ әпермес баланың әкесінің белінен шықпағаны мақұл, құрсағынан ананың шықпағаны мақұл. Жалған сөздің дүниеге келмегені мақұл. Жер құнарын шөппенен қоректенген аң білер. Жер тегісін құлан білер, ауыр-ауыр сілемін түйе білер, жер жапсарын түлкі білер, ұлының кімнен туғанын анасы білер. Ел арасындағы ер мен езді қолына қобыз ұстап аралаған жыршы білер”.

Қорқыттың толғаулары мейлінше дәл, осылай өлең-жыр, даналық сөз болып ел жадында сақталған. Осы қасиетпен Қорқыт қазақтағы жыраулардың жырауы, жыраулардың атасы болған Сыпыра жырауға көбірек ұқсайды (**Мырзатай Жолдасбеков, “Асыл арналар”, Алматы, 1990, 110-111 бет).**

ЙОЛЛЫҒ ТЕГІН

12

VIII-ғасырда өмір сүрген

* * *

Тұңғыш тас кітапқа тарих жазып қалдырған баба жазушы

* * *

“Күлтегін” (немесе “Түркі қағанаты туралы сөз”) – тарихи шығарма. Ескерткіштің авторы – Йоллығ тегін. Ол – өз дәуірінің ірі идеологы, саяси қайраткері, үлкен тарихшысы. Йоллығ тегін бұл еңбегінде Түркі қағанатының қашан, қалай туғанын, бұл қағанатты құрған ұлы қағандар мен батыр ұлдардың өмірбаянын, халықтың өз мемлекетін ұстап тұру үшін жүргізген ерлік жорықтарын айтуды мақсат еткен. Сонымен қатар автор күшті де айлакер Қытаң және табғач сияқты империямен көршілік қарым-қатынастың ұзақ жылдық тарихын айта отырып, даланың аңқау сенгіш жұртын бұл Қытаң, Табғач билеушілерінің айлакер саясатынан сақтандыруды нысана етеді. Қара бастарының қамымен болып, “екі тізгін, бір шылбырды бердік” дейтін біртұтас елдікке нұқсан келтірген, алауыздық көрсеткен тақ мұрагерлерін – түркі бектерін – қатты сынайды, бірлікті, ынтымақты уағыздайды...

Қысқасы, бұл тарихи-әдеби шығармада Ертедегі Түркілердің өзін, өзінің елдігін, айналасын тануы, өзін сол кездің тарихи-географиялық ортасында тануы, тарихи-саяси оқиғаларға баға беруі, оның себебін дәлелдеуі, болашақ жайлы толғануы сияқты халықтық сана, ойы пайымдаулары көрініс берген, елдіктің тынысы, өз дәуірінің үні айтылған.

Ертедегі түркі халқында осы “Күлтегінге” дейін де тарихнама болды ма? Әрине, болған. Ол халық жадында

сақталған бабалардың шежіресі, солардың ерлік істерін мадақтаған жыр, аңыз, әңгімелер еді. Ертедегі Түркілерде ауыздан көшіп, ел ішінде айтылып жүрген тарих болған.

Әрине, “Күлтегін” түркілері өздерінің Хун ордасына барып тікелей тірелетін өздерінің шын тарихын өте көмескі білген. Олар арғы аталары жайлы тек баяғы заманғы аңыз түрінде жеткен деректі ғана біген...

Олардың Хун Ордасынан басталатын бұл тарихты білмеуінің түрлі себептері болды: біріншіден, көне тарих пен “Күлтегін” түркілерін II–VI-ғасырлар аралығындағы езгіде өткен 400 жыл бөліп жатты, екіншіден, VII-ғасыр түркілерінде ортақ билік династиясы тек V-ғасырдан – Тумын қаған (қазір тарихшылар Бумын деп жүр – Б.Н.) мен Естемі қаған таққа келген дәуірден басталады, бұдан арғы ғасырларда ондай династия болған жоқ, үшіншіден, VI-ғасыр түркілері жаңа рулық жігі бар жаңа халық болды да, өздерінен басталатын тарихтан арғы жердің бәрін мифке апарып тіреді. Өзге де ежелгі рулар сияқты өздерін мифологиядан шығару VI-ғасыр түркілеріне де тән болды.

Бірақ “Күлтегін” авторы VIII-ғасыр түркілерінің тарихын осы түркілердің тарихи аренаға шыққан кезі VI-ғасыр ортасынан ғана бастайды. Тумын (Бумын – Б.Н.) қаған билік құрып Түркі ордасын құрған дәуірден бергі 200 жылдық тарихты сөз етеді. Сөз жоқ, мұның өз мифтік, образды ойлаудан арылудың, таза тарихи тұрғыдан ойлаудың көрінісі, шындықты танудағы аса зор прогресс еді.

Біз мұны “Күлтегін” авторынан да анық көреміз. Ол өткен екі жүз жылдық тарихты тәптіштеп түгел тізіп шығуды мақсат етпеген. Халық жадында аруақты образға айналған әуелгі екі қаған жайлы екі-үш ауыз ғана сөз айтады. Тумын және Естемі қағанның “түркі халқының мемлекетін құрып, билігін ұстап тұрғанын”, “төрт жағын қаптаған қалың жауға әскер жүргізіп, тізеліні шөгеріп, бастыны жүгінгендірген”, шығыста Қадырқан тауы, батыста Темір қапығ арасын Көк Түріктің еркін жайлағанын, “қағандары бұйрықты, бектері ақылды, алып болғаны, халықтың түзу болғанын”, осындай ел ұстаған, билік жүргізген қағандардың да дүниеден өтіп кеткенін баян қылады.

Автор бұдан кейінгі қағандар билік құрған дәуірге – 553-жыл мен 630-жыл аралығына көп тоқталмайды. Бұл дәуір

туралы: “Одан кейін інісі қаған болған екен, баласы қаған болған екен, бірақ інісі ағасындай, ұлы әкесіндей етіп іс қылмаған екен, зердесіз қаған ел билеген екен, бұйрықшылары да биліксіз болған екен, жәутік болған екен”, – десе, былайғы жұртты: “бектері, халқы түзу жолдан шықты, табғач жұртының алдап берген сыйына қызықты, біріне-бірін айдап салған аяр саясатының құлы болды, ағалы-інілер бір-бірімен кектесті, жау болды”, – деп қана қояды.

Автор бұл дәуірде негізгі назарды Суй және Хань сарайының айлакерлік саясатына аударады және даланың аңқау жұртының сенгіш мінезіне, сый-құрметке қызыққыш, алдына салар аңқаулығына осы саясатты қарама-қарсы қояды: “алтынды, күмісті шарапты, жібекті есепсіз берер табғач жұртының сөзі тәтті, сыйы қымбат келеді, тәтті сөзімен қымбат сыйымен алдап-арбап алыс жатқан халықты өзіне жақындатады, ал жақын қонған соң, бұл халық олардың жаман пиғылдарын өзіне жұқтырады”. Ал осы құлық торына түскен түрік халқының бір бөлігі туралы: Тәтті сөзіне, қымбат сыйына арбалып, түркі халқы, көбің өлді.. Жаман кісілер: Жырақ жүрсең: жаман сый берер, жақын жүрсең, қымбат сый берер деп сен үгіттеді. Ақылы жетпеген кісілер ол сөзді қабыл алып, жақын барып, көп кісі өлді дейді.

Мұнымен автор түркілердің біраз тобының Ордосқа барып қоныс тепкенін сол жерде қатты жеңіліске ұшырап, қырғын тапқанын, тірі қалғандарын өздеріне табғачтарға бағынғанын саясаттағы алданыс деп біледі.

“Күлтегіннің” “...жақын барып, көп кісі өлді” деген тарихи дерегі 630-жылдың оқиғасын мезгейді. 630-жылы Шығыс Түркі қағанатының Хиелі ханы (Қатты Ел хан) Суй сарайынан күйрей жеңілді. Қағанат құлады. “Түркілер Қытайға бағынды. Орталық империя оларға жат тұрмыс түрін күшпен танды: егіншілік және тоқымашылық кәсіппен айналыстыру үшін, оларды тұтқындар есебінде ішкі Қытайға қоныстандырды”. Оларды төрт губернияға, жиырма төрт округке бөліп, әрқайсысын басқаруға кінәздер тағайындады. Қытайға күшпен апарып қоныстандырылған түркі халқының бұл бөлігі жат жерде 630–679-жылдар аралығында езгіде күн кешті. Суй әкімдігінің егінші, тоқымашы жұмыскері болды.

“Күлтегін” авторы осы түркілер жайлы былай дейді: “Түрік бектері “түрік” атын тастап, табғачша ат алып (Қытайша дәрежені айтып отыр – Қ.Ө.), табғачқа қарапты,

текті ұл баласы құл болып, сұлу қыз баласы күң болып”, “Табғач қағанға қол жаулық болып, елу жыл ісін, күшін беріпті; Табғач қаған үшін шығыста Бөклі қағанға дейін әскер жүргізіліпті. Табғач қағанға ел алып, билік алып беріпті”. Бұл жерде автор “жұрт болған елін тоздырып қаған тұтқан қағанын өлтіріп, табғачқа көшкен” бектерді, жұртты айыптайды және бұл түркілердің табғачтарға тәуелді болған мерзімін өте дәл көрсетеді.

Тарихта бұл түркілер тек 679-жылы ғана “Нишуфи кі-нәзді хан көтеріп, 24 округтің старшиналары түгел көте-ріліске шығады”. Бірақ көтерілісті қытай әскерлері күшпен басады...

681-жылы түркі халқы қайта көтеріліс жасайды. Бұл жолы оларды Қутлу Елтеріс қаған бастап шығады...

“Күлтегін” түркі халқының азаттық үшін болған осы көтерілісінің тарихын, Түркі ордасының қайта құрылуын жан-жақты баяндайды. Бұл тарихта Қутлу Елтеріс қағанның “он жеті ермен” түркі халқын аралап жүріп, жұртты көте-ріліске жар салып шақырғаны, оның ұран салғанын “есітіп, халықтың жиналғаны”, “жиналып жетпіс ер болғаны”, бұл жетпіс ерді соңынан ертіп Елтеріс қағанның күн шығыс пен күн батысқа хабаршы-әскер жүргізгені, сөйтіп, “жеті жүз ер жиналғаны”, бұл “жеті жүз ер мен мемлекетінен айрылған”, қағанынан айрылған халықты, күн болған ха-лықты, билікті қолдан кетірген халықты қайта жинап “арғы ата-баба орнатқан әкімдікті қайтадан орнатқаны” айты-лады. Қытай езушілеріне қарсы күресте жеңіске жетіп, Түркі ордасын байырғы ата-бабаның орнатқан тәртібінше билеу барысында Елтеріс қаған мен Қапаған қағанның, Елтеріс балалары Білге қаған мен Күлтегіннің жүргізген саяси шараларын, ел іргесін сақтау үшін табғач, татабы, отыз татар сияқты сыртқы жауға қарсы соғыстарын, тоқуз оғуз, он оқ (түркеш), қырғыз бектері мәжбүр еткен ішкі соғыс-тарын баян етеді, отыз бес жылдық тарихты баяндайды...

Осында көңіл бөлетін бір жай бар. Күлтегін 731-жылы қайтыс болды. Бірақ автор бірінші бөлімді де (“Түркі қағанаты тарихын да”) және екінші бөлімді де (“Күлтегін батыр туралы сөзді”) 716-жылдың оқиғасымен-таққа қағанның келуімен аяқтап, бұл скі бөлімді де “Күлтегін қайтыс болды” деп бітіреді. Арадағы он бес жылдың тарихы

жазылмайды. Автор Қапаған қағанның тоғуз оғуздар қолынан өлуін де, Білгенің таққа келуі кезіндегі сарай төңкерісі жайлы да, сарай төңкерісі кезінде Күлтегін жүргізген күресті де сөз етпейді.

Ал “Күлтегін некрологы” үш бөлік: бірінші – Күлтегінге арналған “Қоштасу сөз” (жоктау сөз), екінші – Күлтегіннің асына (жерлеуіне) қай-қай елден кімдердің келгендігі жайлы ұзын тізім, үшінші – Күлтегіннің қашан, қанша жасында өлгені, ескерткіш “бітік тастың” қай кезде қойылғаны жайлы дерек.

Қорыта айтарымыз, “Күлтегіннің” авторы өз кезінің қоғамдық пікірінен бөлектенбейді. Ол болып өткен және болып жатқан жағдайларға баға бергенде түрік халқының, қағанатының ортақ мүддесі талабы тұрғысынан келіп отырады. Сол үшін де “Күлтегін” авторы көтерген ой-пікір – өз кезінің ортақ қоғамдық ой-пікірі.

“Күлтегінде” автор, біріншіден, Түркі ордасын VII-ғасыр ортасында Табғач сияқты ірі империяның жаулап алуын, күресін баяндайды. Бұл тұста “Күлтегін” авторының пікірі жалпы түркі халқына ортақ пікір болып келеді. Екіншіден, “Күлтегін” авторы Түркі ордасын нығайту, бір орталыққа бағынған мемлекетті құру жолында қағандар жүргізген әрекеттерді, түркі тайпалары бектерінің бұл тұстағы ішкі алауыздығын, Табғач қағанына сатылып, соларды жақтап жүргізген іс-әрекетін, т.б. баяндайды. Автор түркі жер-суының бүтіндігі үшін, қағанаттың тұтастығы үшін кіші хандар мен бектерді тізгіндеп ұстауды олардың қарсылығын күшпен басуды дұрыс деп қолдайды. Бұл жерде автор хандық үкіметтің мүддесін, қостап, құптап отыр. Үшіншіден, “Күлтегіннің” негізгі қаһарманы, қозғаушы күші сөз етер объектісі – **халық, түркілердің жері, суы**. “Күлтегінде” түркілердің жер-суы мен түрк халқының белсенді әрекет-қимылы мол көрсетілген. Табғачқа тәуелді күйден құтылу үшін бірінші болып үн қатқан да халық, автор “Түрк қара қамуғ будун анча тіміс”, “Үзе түк теңрісі түрк ыдук йері, суы анча тіміс” дегенді жиі айтып отырады. Ал қағандар әрекеті халық мүддесін көздеуші ретінде баяндалады. Сол үшін де “Күлтегін” сөзі тұтастай “түрік будуына” арналады. Төртіншіден, “Күлтегін” авторы – өз кезінің идеологы. Ол Суй сарайының түркі халқына қарсы жүргізіп отырған идеологиялық күресін ашық әшкерелейді, империяның

“дала халқын” қымбат сыймен, жақсы уәдемен өзіне қарату, бір-біріне айдап салу сияқты саясатының бет-пердесін сыпырады.

Бесіншіден, “Күлтегін” авторы Түркі ордасының әкімшілік территориясы шығысы Хинган тауынан, батысы Арал теңізіне дейін, ал оңтүстігі “Йашыл өгүзге, Хуанхэ (Қуаң, Сары өзен), Ордос жайлауына дейін созылып жатқанын”, осы географиялық ортаның тұтастығы үшін Ертедегі Түркі қолы жүргізген ерлік соғыстарды мақтанышпен айтады. Бірақ автор соғыс жүргізіп барып қаратып алған, өзге елмен шектесетін мекеннен Ертедегі Түркілер әуелде орда көтерген мекенді – “түріктің ыдуқ (қасиетті) жер-суын” бөліп айтады. Ол – **Орхон өзені, Өтүкен тауы, Алтай мен Жоңғар** (*Сол қар – Сол қол*). Ол – **Алатау** сілемдері, **Іле** бойы. Автор осы “ыдуқ жер-суда” түркі халқын қозғалмай отыруға үгіттейді. Түркі ордасының бөлініп, жерді тастап, қаша көшуге, әсіресе Хуанхэ өзеніне, Ордосқа қарай баруына қарсы. Ол: “Сен көшпе, ол жерге барсаң, түркі халқы, құрып бітесің. Өтүкен жерде отырып, алым үшін керуен жіберіп тұрсаң, дүниенің көп, қайғың жоқ болады. Өтүкенде отырсаң, мәңгілік бірлігің бұзылмайды”, – дейді.

Ал бұлардан мынадай жайлар аңғарылады: “Күлтегін” түркілерінің өз бірлігі мен елдігін сақтау жолындағы әрекеті, өз болашағына деген үміті мен қаупі, Табғач сияқты империядан келетін қауіптен сақтануы анық көрінеді. Сонымен қатар тарихты әсірелеусіз, мифсіз, шындық аясында баяндай білген біліктілігі көрінеді, өздерінің сол тұстағы жағдайын ел аралық көлемде, сол кездің күн тәртібінде тұрған тарихи проблемалар аясы тұрығысынан қарай алатын саяси білімділігі анық аңғарылады. Сол сияқты Түркі ордасының өткен тарихын, ішкі-сыртқы соғыстарын, тақ тартысын, бұқара халықтың көңіл күйін, соғыс суреттерін, қаған мен бектердің, олардың халықтық және жеке бастық мүдде-мақсаттарын барша-баршасын соншалық қисынды тілмен жеткізудің форма-моделін табу, сөйтіп, біртұтас шығарма жасау сияқты жазушылық шеберліктері көрініс береді. Бұлар – үлкен әдебиетке ғана тән ерекшеліктер... (Құлмат Өмірәлиев, “VIII–XII-ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері”, “Мектеп”, 1985, 38-46-бет).

* * *

Мұншалық тастағы жазуды Күлтегіннің аталығы (ұстазы) Йоллығ тегін (мен) жаздым. “Жиырма күн отырып бұл тасқа, бұл тамға арнап Йоллығ тегін (мен) жаздым” (М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы. “Орхон ескерткіштерінің толық атласы”, 2005, “Күлтегін”, 191-бет).

* * *

“Білге қаған бітігін (жаздым) Йоллығ тегін мен жаздым. Осыншама барықты, мүсіндерді түрік Білге қағанның аталығы (ұстазы) Йоллығ тегін мен бір ай төрт күн отырып жаздым” (Сонда. “Білге қаған мәтіні”, 261–262-бет).

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

13

870-жылы туып, 950-жылы қайтыс болған

* * *

Тұңғыш ғылым әлемінде “Екінші ұстаз” атанған адам;

Қазақтың тұңғыш психологиялық шығармалар жазған бабасы;

Музыка саласында “Музыканың ұлы кітабы” атты тұңғыш ғылыми еңбек жазған ғалым

* * *

Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, әмбебап-ғалым, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласында туған. Фараби ілкі ортағасырлық білім-ғылымның барлық салаларының негізін қамтитын орасан мол мұра қалдырды, сол үшін оны көзі тірісінде-ақ *“Екінші ұстаз”* (Аристотельден кейінгі екінші ұстаз) атады. Тәжік академигі Б.Ғафуровтың мағлұматтары бойынша, Фараби трактаттарының саны екі жүзге жуық деп есептеледі. Осы еңбектер дүние жүзінің көптеген тіліне арап, парсы, еврей, латын, ағылшын, неміс, француз, испан, орыс, қазақ, өзбек, т.б. аударылған, бізге ойшылдың 80-нен астам шығармалары жетті.

Тәрбие мен білім, педагогика мен психология, этика мен әдістеменің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының құрамдас, оның дүниестанымының ажырамас бөлігі болып табылады.

Әл-Фараби психология жөніндегі көптеген еңбектің (“Ақыл-ой туралы”, “Жан туралы”, “Темперамент туралы”, “Түс көру туралы сөз”, “Жанның мәні туралы”, “Ақыл-ой

және ұғым”, “Жас өспірімнің ақыл-ойы туралы кітап”, “Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап”, тағы басқалар) авторы ретінде де танылады. Ол арап тілді халықтар арасында жан туралы ілімдердің сындарлы жүйесін тұңғыш баяндап, психологиялық терминдер жасады. Өкінішке қарай, оның еңбектерінің көбі бізге жеткен жоқ... (**“Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы”**, Алматы, **“Рауан” 1994, 95–96-бет**).

* * *

Китапхана сол кездің өзінде бірнеше үй алады. Біз ақысын жақсы бергендіктен, кітапхана ішінде арнаулы жай бөлген. Онда бізге күндізгі тамағымызды да әзірлеп береді. Дүниедегі өте шанжағай кездесетін қолжазбалар бар мұнда, Бірақ оның бәрін түгесіп оқу қиын. Мен қарашоқылық Әбунасыр бабамыздың кітаптарымен осында тахристым. Біраз уақытымды менің Өтен алады. Ол кейде өзі оқи алмайтын болғандықтан, көп кітаптардың мазмұнын менен сұрап, оған қолма-қол түсіндіремін. Өзі кейбір кітаптарды ол оқымаса да, менің жақсы түсіндіруімнен болу керек, кейде менің ұмытып қалғандарымды есіме түсіріп отырады.

Қарашоқылық бабамыздың фәлсафалық жазбаларын, әуен-әуез жазбаларын құныға оқыдым. Бабамыздың әлеумет-тәрету, фәлсафа, тауарих жазбаларын түсіне алмадым. Оны білу үшін тағы да арнаулы ілімді білу لازым екен. Мағрифаттың бәрін білу парыз да емес шығар, ләкин білгенге не жетсін. Елді билеу, ондағы тәртіп-тебіздіктің өлшемдері, билеуші мен бағынушының арасындағы ара қатынастар, дәулеттің құрылуы, қирауы жөніндегі оның ой-жүйесі менің ойымнан шықты. Бірақ жалғыз менің білгенім не болады, бабамыз жазбаларының бәрі тіні ғарап тілінде. Өзінің айтпағаны да жоқ десем де болады, тіпті отбасындағы, қазан-ошақ төңірегіндегі әңгімелерді де шертті. Бірақ бабамыздың адамның ұрпағы өлген соң, денелері құрыған соң, олардың жаны азат болады, бақытқа кенеледі дегенін мен құптай алмадым. Тіршілігімде көрмеген бақыт адыра қалсын, мен өлгеннен кейінгі бақытты тіпті дұшпаныма да қия аламын. Рас, бабамыз рахат бірінен бірі артық болады депті. Онымен келісуге болар, мысалы, байдың көрген рахатынан ханның көрген рахаты артық шығар. Бірақ байдың жеген, тартқан жан

азабы, қайғы-қасіреті жүз есе артық болатынын да ойлау керек. Дене опат болғанда жан опат болмайды деп жазады бабамыз, ал денесіз жанды мен не қыламын? Денеден құтылған соң жан бақытты болады екен. Сонда ол не бақыт? Басшылық туралы баба пікірінің көп дұрыс жері бар. Бірақ басшылыққа бағынған адамдар ғана қайырымды, абзал, бақытты адамдар болады деу тек өзіңнен жоғары тұрғанға бағын да, өз басыңмен жұмыс істемей, бастықтың айтқанына мөнді-мөнді деп көне бер деу болып шығады ғой. Сонда мен тек өзімнен жоғары лауазымды адамның айтқанын істесем ғана бақытты болады екем. Мен қарашоқылық атамның осы пікірін Өтенге айтқанымда, ол оны дәл түсінді және өз пікірін ашулана айтты: “Онда менің адам болып керегім не, мал болсам да жетеді, өріске біреу айдап барады, біреу айдап қайтады. Мал болу керек онда”, – деп ол күйіп-пісті.

Кейін ел басқару ісіне араласа бастағанымда, атамның атаққұмарлар туралы айтқанының дұрыстығына көзім жетті. Ол “элеумет-тәрету қағидасы” деген жазбаларында: “Хәкім барлық найла – амалды пайдаланып, сопа басының һәм тек өз балаларының атын мәңгі қалдыруға, өз ұрпағына немесе өз ұруының адамдарына билікті қалдыруға тырысады”, – деп айтқан еді, Әбілқайырдың қаракетін көргенде, маған данышпан бабаның айтқаны ылғи ойыма түседі.

“Хәкім болып байып, барлық игілікті қолына ұстаған соң, – деген еді данышпан Әбунасыр баба, – барлығы маған қарап тұрса, өзім ерекше тұрсам деуі мүмкін”, – деген еді. Билікке араласқан соң, осының бәрі дұрыс екенін көзбен көрдім. Бірақ бабаның ол пікірі біздің сайын даламызға қашан жетеді, оны енді кім жеткізеді әлде ол мәңгі араппарсының ғана еншісі болып қала бере ме?!

Бабамыз бастағы қасиетті дамытпаса, оны елеусіз қалдырар болса, кезеңді өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болады деп еді, мына осы кітапты жазып отырған Қазыбек бек байқұстың басына ол дәл келді емес пе? “Адамның ғұмыр сүру мақсаты ең биік бақытқа жету болмақ”, – деген еді қарашоқылық баба. Онысы рас-ақ. Ол үшін алдымен бақыт дегеннің не екенін білу керек деп еді ол, ал біз сол бақытқа жету ойымызда болса да, сол жеті жүз жыл бұрын өткен бабамыздай ғұмыр сиқырын біле алмай, оған талдау-талғау жасай алмай өттік. Осы жерде

қазақтың “әкеден артық тудым деген бала сынық сүйем кем туады” дегені келіп-ақ тұр. Әрине, Әл-Фараби – данышпан адам, данышпандықты табиғатта құдай екінің біріне сыйлай бермеген. Бірақ ілкім уақытта ғұмыр сүрген адамнан кейінгі ілгері жылжыған адамдар артық болуы керек қой. Ал іс жүзінде олай болмай, біз жеті жүз жыл бұрын өткен бабаның білгенін біле алмай сорлы болып отырмыз ғой. Егер ілгері оқулы жұрт сияқты біздің де мектеп-медресеміз болса, ұрпағымызға тебіздік тәрбие беріп, Әл-Фараби, Махмұт, Жүсіп, Қожа Ахмет бабалардың білімін білгізсек, ең болмаса солардың білгенінің жүзден бірін, тіпті тамтығын ұғындырсақ та қандай абзал болар еді.

“Адам баласы қарқатты кездейсоқ жасауы мүмкін,- деген еді Әбунасыр данышпан, – ол бірақ ешқашан бақытқа жеткізбейді”, – деген. Ал сонда ықтиярымызбен біз ойраттармен соғысқа аттандық, бару-бармауымызға ешкім бізді итермелеген жоқ. Сонда біз соғысқа баруымызды оқта-текте ғана жасағанымыз жоқ, жауды жеңейік, жерімізді босатайық деген ұлы мақсатпен-ақ бардық. Бірақ соған жұрттың бәрі бақытты болып кетпеді ғой. Демек, адам ғұмырындағы кездейсоқтық та адамның бақытын байлауға әсер етеді ғой. Мысалы, менің ғұмырымда ойраттармен болған соғыс кездейсоқ болды. Менің үш ұйқтасам соғысқа барамын, қан төгіс көремін деген долбарым болмаған-ды. Бар ғұмырымды елімді бақытты тұрмысқа жеткізуге бағыттармын деген ой болған. Өтен екеуміз қазағымызға ерекше қызмет етеміз, өйткені біздің жұртымыздай дені таза, ойы таза ел жоқ деп бекігенбіз, сондықтан да Бағдатта қара қой сойып қолымызды қанға матырысқанбыз, бар ғұмыр-өзегімізді соған арнамақ болғанбыз. Бізге қалмақ шабуыл жасайды, бар алдағы күніміз ұрыспен кетеді деп ойлаппыз ба, осы жағына келгенде, Әбунасыр бабаның жазбаларында да, фәлсафасында да ойлай түсетін жағдаяттар бар. “Жасанды ғақыл-парасат, қарқат арқылы адам бақытқа жете алмайды”, – деп түйеді баба ойын, онда неше түрлі қулық-сұмдық жолмен өкімет билігіне жетіп, өмірбақи соның қызығын көріп кеткен адамдарды қалай деп ұғамыз? Тауарих біреуді жылату арқылы қуанған және сол қуануының баянды болғанын да біледі. Бұл жерде де ашылмаған құбылыстар бар болар. Адамның қабілеті бірге туатыны рас

шығар, бірақ жүре келе оқу-білім, яғни мағрифат арқылы ие болатын нәрселері де бар болуы әбден мүмкін деп есептеймін. Адам өзінің табиғатында бар қасиетімен ғұмыр сүргені жөн ғой (**Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, “Түп-түқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993, 148-151-бет).**

* * *

Әл-Фараби мирасын меңгерер болсақ, оны дамытар болсақ, алдыңғы қатарлы халықтар арасынан орын алатын боламыз. Мен сіздерді осы сынды ұлы бақыт жолына шақырамын... (**Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани, “Әл-Фараби заманы жаңа басталады”, “Өркен”, 17.11.90).**

* * *

Мұхаммед Әбунасыр Фараби 870-жылы Сырдария бойындағы Отырар (Фараби) қаласында туған, қазақ тайпаларының бірінен шыққан адам. Мұны жазылып қалдырылған тарихи мәліметтер толық растайды.

Ертедегі ғылымның жоғары сатысы болып есептелінген эллиндік (Александриялық) дәуір ұстаздары Платон, Аристотель болса, ғылымның одан кейінгі дамуындағы бағдаттық дәуірдегі ұстаз-біздің жерлес ғалымымыз Фараби болған... (**Ақжан Машанов, “Лениншіл жас”, 8-апрель, 1969).**

* * *

Ғылым мен діннің, прогресс пен реакцияның сол 900 жылдық күресінен әл-Фараби бірінші орын алады. Ол-бүкіл шығысқа мәлім ұлы ғалым. Шығыс Ренессансының атасы еді. Біздің ұлы жерлесіміз, Отырардың түлегі, бүкіл Шығыс философиясы мен ғылымының ұстазы Фарабиге біз көп қарыздармыз... (**Әуелбек Қоңыратбаев, “Лениншіл жас”, 22-февраль, 1973).**

* * *

Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоретик болған. Оның “Музыканың ұлы кітабы” (“Китаб ал-мусики ал-Кабир”) деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бірауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес...

Бұл еңбек XV-ғасырда-ақ латын тіліне аударылып Европада музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсер етті.

“Музыканың ұлы кітабында” тек музыка ғана емес, философия, математика, физика, тарих, этнография, т.б. ғылым мәселелері мол ұшырасады... (Ауданбек Көбесов, “Лениншіл жас”, №147. 1969).

* * *

Фарабидің ежелгі гректің математигі және астрономы Птоломейдің “Алмагест” деп аталатын еңбегіне түсініктеме жазғаны мәлім. Кейінгі кезде Фарабидің “Алмагестке қосымша кітап” деп аталатын еңбек жазғаны анықталып отыр. Міне, осы еңбегінде Фараби Евклидтің “Негіздерінің” әсерімен Птоломейдің еңбегінде қамтылған математикалық астрономия мен география мәселелерін математикалық теоремалар түрінде қайта тұжырымдап дәлелдейді. Мұндай теореманың саны 60-қа жетеді... (Ауданбек Көбесов, “Білім және еңбек” журналы. “Евклид “Негіздері” және Фараби”).

* * *

Фарабидің тригонометрия саласындағы жаңа бастамалары Шығыста тригонометрияның жаңа қарқынмен дамуына үлкен ықпал етті...

Ұзаққа созылған тригонометрияның даму тарихында Фарабидің рөлін толық көрсету үшін әлі де бірсыпыра зерттеу жұмысын жүргізуге тура келеді... (Физика-математика ғылымдарының кандидаты Ауданбек Көбесов, “Білім және еңбек” журналы. “Фарабидің тригонометриясы”).

* * *

Әл-Фарабидің астрологиялық трактатында айтылған көп пікірі оның шәкірттері тарапынан үлкен қолдау тауып ары қарай дамытылады. Мәселен, Ибн Сина (Авиценна) ұстазы Әл-Фарабиді қуаттап, астрологияның жалған ғылым екендігін әшкерелейді. Ал атақты Әл-Бируни Әл-Фарабидің аспан жүйесі жайлы білімнің шарттылығы жайлы идеясын дамытып әлем кіндігі үшін тек Жерді ғана емес, Күнді алуға да болады деген гелиоцентрилік тамаша тұжырым жасайды... (Ауданбек Көбесов, “Білім және еңбек” журналы. “Фарабидың астрологиялық трактаты”).

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

14

XI-ғасырда өмір сүрген

* * *

**Тұңғыш түрік тілінде дидактикалық дастан жазған
бабамыз**

* * *

Қазір бүкіл зерттеуші ғалымдардың назарын күн санап өзіне аудара түскен “Құтадғу білік” 1069–1070-жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы – Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тарихқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Құзорда деп те аталған) туып, өскен Жүсіп Баласағұн. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық программасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұн қаласында бастап Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін жоғары бағалап, “Хас Хажыб” деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған.

Бізге “Құтты біліктің” үш қолжазбасы жеткен. Бірі – қазір Венада сақтаулы тұрған Вена нұсқасы. Кейде көшіріп алынған жеріне қарай Ғират (Герат) нұсқасы деп те атайды. Академик А.Н.Кононов көшірушінің есімі Хасан Қара Сейіл (?) Шаме болу керек, біздің эрамызда 1439-жылы 17-июньде көшіріп біткен деген пікір білдіріпті. Арап әрпімен жазылған жазбадан ұйғыр әрпімен көшірілген.

Екіншісі – арап әрпімен жазылған Каир (Мысыр) нұсқасы, 1896-жылы Каирда Кедивен кітапханасының директоры, неміс ғалымы Б.Мориц тапқан. “Құтты білік-

тің” Каир нұсқасының көшірмесін 1898-жылы В.В.Радлов Петербург Ғылым академиясының Азия музейіне алдырған.

Үшіншісі – ең толығы, жақсы сақталғаны Наманған (Ферғана) нұсқасы. Арап әрпімен жазылған. 1913-жылы Наманған қаласынан (Өзбек ССР-і) Мұхамедхожа ишан Ләләріш дегеннің жеке кітапханасынан А.Валидов тапқан. Кейінірек 1925-жылы өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте қысқа сипаттама жазады. Қазір Наманған нұсқасы Өзбек ССР Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы.

Кітап атын “Құтадғу білік” қойдым –

Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың! –

дейді Жетісудың Құзорда (Баласағұн) қаласынан шыққан ұлы ойшыл Жүсіп аталмыш дастанның алғашқы тарауларында.

Біз үшін “Құтадғу білікті”, оның жазылған дәуірін терең білу, зерттеу, түсініп бүгінгісімен ұштастыру кейінге ысырмайтын, өмірлік мәні терең проблема. Бұл орайда, ағайындас туысқан халықтардың ықыластары мен үлгі-өнегелері құптап, қуанарлық. Өзбек ғалымы Қажом Каримовтың Ташкентте “Құтты біліктің” жолма-жол аудармасын, түпнұсқасының транскрипциясын жасап бастыруы, ғылыми болжамдар, түйіндеулер транскрипциясын жасап бастыруы, ғылыми болжамдар, түйіндеулер жасауы, ғылыми-зерттеушілік маңызын былай қойғанда, азаматтық іс.

Ө.Қараев дастанда кездесетін “арпа ас, қымыз сүт, жүн, киіз, тон, қой, қодас” тәрізді сөздерге, терминдерге назар аудара келіп: “Тұтастай алғанда, Жүсіп Баласағұн поэма-сының күллі терминологиясы Советтік Шығыс халықтарының әртүрлі тарихи мәселелерін зерттеу үшін аса бағалы материал”, – деп түйеді. Ноғай ғалымы А.Сикалиев Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырадағы жазу туралы еске түсіре отырып: “Бұл деректің өзі, біздіңше, атақты ақынның ноғай елінде кең танымал екендігінің дәлелі, оның арасындағы көптеген найман, бұғы, байтегі, тағы басқа руларының өкілдері Жүсіп Баласағұнды өздерінің туған ақыны деп санауына да болады”, – деген ойды білдіреді.

“Құтты білік” тек қана әдеби мұра емес. Бұл – бүтін бір тарихи кезеңнің сипаты-белгілерін сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқауы дерлік құнарлы дүние. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің бұрын-соңды зерттеу,

ғылым тіліне түспеген алуан қырлы ерекшеліктерін осы ұлы мұра беттерінен табар едік. Әрине, осыдан он ғасырға жуық бұрынғы поэманың тілдік-көркемдік ерекшелігі, қарапайымдау тұстар кездеседі. Соның өзінде, арнайы шешендікке, қызыл-сөзділікке салынбаған тегеуірінді, түбірлі тілдің, қарапайым да қарымды даналықтың куәсі боламыз. Бүкіл тіл орамдары, тарихи мекен-жайлар, сөз толғамдары туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үндес. Поэтикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәні жағынан, философиялық терең тұжырымдарымен дүниежүзіне жақсы танылып, тарап үлгірген “Құтты біліктен” туған еліміздің рухани, моральдық-этикалық тұлғасын, Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің бай тарихы мен дәстүрін көреміз. Қазіргі жазба әдебиетіміздің көшбасы саналып жүрген жыраулар поэзиясының соншалықты кемел, соншама керемет шеберлік деңгейіне көтерілуі бірер ғасыр төңірегінде ғана қалыптасып, туа қалған деуге сену қиын. Жыраулар тебіренісі мен шешендік сөздерді, жырлар мен ертегілерді еске түсіріңіз. Сөз өнерінің ғажайып даму биігі, самғау шырлары емес пе?! Адалына жүгінсек, біздің философтарымыз бен әдебиетшілеріміз, тарихшыларымыз осыншама бай қазынаны ғылыми тұрғыдан талдап-танып, жан-жақты, толық игеріп үлгірген жоқ.

“Құтты білік” алғаш жариялана бастағаннан-ақ оның авторы дүниеге “Жүсіп Баласағұни”, “Юсуф Баласагунский” ретінде танылды. Кейінгі кезде түркі халқының бұл үлкен еңбегіне ықылас-ынта күшейе түсті. Орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде аударалып жарияланды. Бірақ солардың екеуінде ғана (Юсуф Баласагунский, “Наука быть счастливым” Москва. “Худ.Лит.” 1971 г., Юсуф Баласагунский “Благодатное знание”, Москва, Наука, 1983) автордың аты-жөні толық көрсетілген. Ал өзбек баспагерлері Юсуф Хос Хожиб “Құтадғу билик” (1971), Юсуф Хос Хожиб “Құтадғу билиг”, “Ташкент, “Фан” баспасы, 1972), ұйғыр аудармашылары да “Юсуф Хас Нажиб “Құтадғу билик”. (Пекин, ұлттар баспасы, 1984) деп ат, дәрежесімен ғана қысқа қайырады. Неге? “Хас Хажыб” – атағы да, шын аты-жөні “Жүсіп Баласағұн” ғой. Мысалы, Махмұд Қашқари деген сияқты. “Баласағұн” сөзінің не кітаптың сыртында, не титул беттерінде берілмеуі түсініксіз. Бұл, былай қарағанда, елеусіз көрінгенімен, біз тарихи мәдени мұра туралы әңгіме қозғап отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Ғылымда қалыптасқан атауды түрлендіргенін көпшілік оқырманды

аландатқаннан басқа ұтарымыз шамалы... Жүсіптің Баласағұнда туғаны, өскені, Баласағұн қаласының тарихта болғаны шындық қой...

Көне түркі мәдениетінің тарихы, ерекшелігі, даму сипаты – дүниежүзілік мәдениеттің, адамзат цивилизациясының ортақ қазынасы, биік шындарының бірі. Жүсіп Баласағұн классикалық еңбегінде адамды бақытқа жеткізу жолдарын, адам баласының құтты тұрмысын жырлады. Адам баласының бақыты да, күдіреті де, сұлулығы да оның қоғамға, халыққа берген пайдасында дейді ақын.

Бір ерекшелікті ашып айту керек, дастанда жалпы адамзаттық, халықтық мәселелер қозғалады. Ауызға алып, атағаны болмаса, ру, тайпа, ел, жер деп саралаудың қылаудай сарыны сезілмейді. Бұл тұрғыда Жүсіптің ақындық, ойшыл-философ ретіндегі тұлғасы биіктей түседі. Сондықтан бүгін де ұлы ғалымды нәсілі “ұйғыр”, не “ноғай”, я “қазақ” демей, ұлы мұраны қазіргі әдебиет, тарихи прогресс мақсатында терең талдап, зерттеу – ұрпақ мұраты.

Қалай десек те, “Құтадғу білік” – бауырлас түркі халықтарының ортақ қазынасы. Бұған екінші бір дәлел – бірінші тюрколог, түркі ғұламасы Махмұд Қашқаридың өз сөзі: “Мен ең бір қызылсөзге жүйрік түркілерінің бірімін, бәрінен (жұрттың) жақсы түсінісем, бәрінен жақсы түсінем, тегімнен де ең бір жауынгер, өжетпін, ең бір озығымын. Оның үстіне түркілердің күллі тайпа, ауыл мен даласын аралап шықтым. Түркілердің, түркімен, оғыз, шығыл, яғма, қырғыздардың сөздерін терең зерттеп, үйрендім. Білгендігім сонша, әр рудың сөз ерекшелігін еркін менгердім. Ұзақ зерттегеннен соң барып өз сөздігімді жасап... оны “Диван лугат ит-түркі” деп атадым”, – дейді ол. Ал өзі осылай жазып отырған Махмұд Қашқариды бір халыққа меншіктеп жатсақ, бұрмалау болмай ма?!

Ол дәуірдегі түркі мәдениетінде қазіргі түркі халықтары әдебиетінің қай-қайсысының да сипат белгілері бар. Сондықтан ортақ мұра деудің тарихи да, мәдени де растығына ешкім күмәнданбас. Ал одан қазіргі әдебиеттер тамырластығын, туыстастығын тауып жатса, ол да тарихи негізі бар заңдылық. Қазақ жазба әдебиетінің де тарихын сонау көне дәуірлерден, ғасырлардан бастап санап, әлі де терендей зерттеп, жүйелейтін кез жетті.

Орхон-Енисей, Талас жазулары (V–VII-ғасырлар) – жазба мәдениетіміздің, тіліміздің ең көне дәуірдегі үлгілері, тарихи мұра ескерткіштері. Олардың қазақ тілімен, қазақ әдебиетінің тілімен тамырластығы, етене жақындығы жөнінде көптеген мақала, зерттеулер, оқу құралдары қалың көпшілікке, тіл мен әдебиет мамандарына жақсы таныс. Орхон-Енисей жазбаларын қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеген белгілі тюрколог ғалым С.Аманжолов дулат диалектісінде жазылғандығын дәлелдесе, белгілі ғалым Ғ.Мұсабаев Талас жазуының ескерткіштерін үйсін диалектісінде жазылған деп болжап, жүйелеген-ді. Бірнеше түркі тілінің ортақ қазынасы деген тұжырым да бар.

Қазақ халық әдебиетінде қазаны естіртудің, жоқтау мен жұбатудың, көңіл айтудың небір үздік үлгілері бар. Бұл орайда да “Құтадғу білікте” рухани да, көркемдік тәсіл жағынан да туыстық белгі бұлтартпастай берік. Түс. Түс жору жөніндегі тарауларды былай қойғанда, Айтолдының, одан кейін Одғұрмыштың өлерінде өсиет айтуы, өсиет жазып қалдыруы көп жайды сездірмей ме?! Қолбала шәкіртінің Өгдүлмішке Одғұрмыштың өлімін естіртуі, оның Өгдүлмішке көңіл айтып, тоқтау айтып жұбатуы, Өгдүлміштің Одғұрмышты жоқтап, аза тұтуы туралы, ханның, Өгдүлмішке тоқтау, көңіл айтуы сияқты тараулар тақырыбы, аталуы жағынан да, мазмұн-мәнері жағынан да халқымыздың әдеби дәстүрімен үндес, сарындас бірегей дүние.

Осынау бірқатар ойларымызды жинақтасақ, “Құтадғу білік” қазақ жазба әдебиетінің тарихынан үлкен, белесті орын алатын ұлттық мұрамыз екені күмән күдіксіз. Қазақ жазба әдебиетінің үлкен бір дәуірі жыраулар поэзиясының (XIV–XVI-ғ.ғ.) алдында әрі ғылыми-философиялық трактат, әрі дидактикалық поэзияның әлемге танылған асыл маржаны, әрі акындық шеберліктің биік шыңдарының бірі “Құтты білік” тұр. Қазақ халқының моральдық-этикалық тұлғасын, ұлттық қасиеттерінің хатқа түскен сипатын, рухани кескін-келбетін, жан-дүниесінің ғасырлар бойы қалыптасқан бедерлі белгілерін осы көне де өнегелі шығармадан айнытпай танимыз (Асқар Егеубаев. Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастанын көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне тұңғыш аударушы, ақын, Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты. Аударма кітабы 1986-жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрді).

МАХМУД ҚАШҚАРИ

15

XI-ғасырда өмір сүрген

* * *

Түрік әлемінде “Түрік сөздігі” атты тұңғыш кітап құрастырып жазған ғалым;

Тұңғыш түрік тілтану ғылымының, яғни тіл білімінің негізін қалаушы;

Тұңғыш түрік халықтарының мекенін көрсететін дөңгелек қарта сызған ғалым

* * *

Махмұт Қашқари түрік жұрты, түрік ұлысы жөнінде былай деп сөз қалдырыпты:

“Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды “түрік” деп атады. Әрі оларды мемлекетке ие қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады”.

Тағы да сол түрік жұртының тілі жөнінде ғұлама тілші ғалым Махмұт Қашқари былай деп білдіріпті:

“Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты да парызды іске айналды. Өз дертін айту уа түріктерге жақын болу үшін оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан безіп, түріктерге мұнайып келсе, түріктер оларды қанатының астына алып, қауіптен құтқарады; олармен бірге басқалар да қамқорлық, пана табады”.

Түрік елі мен түрік тілі туралы осындай ой айтқан Махмұт Қашқари өзі жайында:

“Сонымен, мен сол түріктерді қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым.

Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған “Диуани лұғат-ит-түрк – Түрік тілдерінің диуаны” деген ат бердім”, – деп баян етеді...

Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің де мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы “Түрік тілдері жинағының” үш томдығы да ерекше шоқтықты биігінде бағаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты “Құтадғу білік” дастаны хижра бойынша 462-жылы жазылса, Махмұт Қашқарлы бұл үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітаптан тұратын тілтану жайлы еңбегін хижра бойынша 464-жылы бастап 466-жылы аяқтап шыққан. Екі білге де бұл тарихи деректерді аталмыш еңбектерінің қолжазбасында жазып, көрсетіп кеткен. Арасында небары 4 жылдай ғана уақыт айырмасы бар. Әрі екеуінің өмір сүрген дәуірі мен жері де, білім түзіп, ғылым сүзген топырақтары да бір. Бір өркениаттың, бір мәдениеттің өзгеше дәуірлеу тұсының мәңгілік бәйтеректері. Басқа да ежелгі түрік ескерткіштерінің ішінде жазылу мәдениеті, поэзия мен ғылыми-зерттеу еңбектеріне тән ерекшеліктердің аса қиын, маңызды әрі кемел сипатта көрініс табуының өзі-ақ “Құдатғу білік” пен “Түрік тілдерінің жинағы” байтақ Туран даласындағы қоғамдық ойдың, көркемдік-эстетикалық танымның қаншалықты таңқаларлық жоғары дәрежеде толысқанының тарихи құжатына айналған. Бірі – аса шебер

толғанған философиялық-дидактикалық дастан, екіншісі – бүкіл түрік тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы. Түрік тілдес халықтардың қай-қайсысының да ұлттық тіл біліміне кіріспе кадамдары ежелгі руна жазуларымен қатар, арнайы ғылыми сипаты қанық осынау үш томдық “Диауани лұғат-ит-түрк” еңбегінен басталуы тиіс.

Философиялық әрі поэтикалық трактат пен тіл білімін түзген осынау ұлы зерттеудің биігінен қарағанда, күллі түрік мәдениетінің көюкиегі әлемдік деңгейде кеңейіп, тынысы ашылып аруақтанып кетеді. Осыған дейінгі ұлан-ғайыр даму белестері бедерленіп көрініп, шоқтықтана түседі.

Махмұт Қашқаридың толық аты-тегі: Махмұт Құсайын ұлы, бабасы – Мұхаммед. Ата-бабасы Барсғанда туған. Яғни ата-тегінің шыққан жері, өзінің өсіп-өнген жері осы көне түрік шахарларының аумағы. Баласағұн, Барсған жері. Өзі де осы құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсхан қаласында дүниеге келген. Өз басым Махмұд Қашқари өзінің картасын жасағанда, нақ ортасында дүниенің кіндігіндей етіп Барсғанды көрсетуі тегін емес деп сезінемін. Ғалымның өзі де Барсған жөнінде толық мәлімет келтірген: “Барсған – Афрасиаб ұлының есімі. Барсған қаласын сол салдырған”, – деп бастап, тиянақтап түсіндіреді. Жері шүйгін, ауасы таза, жақсы жер екендігін, сол жерде жылқы баққандығын, кейін оның есімімен Барсған аталғандығын түсіндіре кетеді. Сонымен бірге, сөздігінде осы аймақтағы бірнеше ауыл, жайлаулардың атауы кездескенде “біздің жайлау”, “біздің жер” деп қосымша мағлұмат білдіріп отырады. Сондықтан әртүрлі пікір-болжамдар болғанымен, Махмұт Қашқаридың туған, өскен жері турасында күмән, күңгірттік болмаса керек.

Ал ғұлама ғалымның туған-қайтыс болған жылдары белгісіз. Ол жөнінде кітапта да дерек кездеспеді, басқа зерттеулер мен сол тұстағы жазбаларда да ештеңе демейді. Қолжазбада Махмұт Қашқаридың бұл еңбекті қай жылдарда не үшін бастағанын, не үшін жазғанын һәм қай жылы, қай күні тәмамдағанын түсіріп кеткен мерзімге қарап шамалауға болады. Сондай-ақ кейінгі, бертінгі түпнұсқаны көшіріп сақтап, таратушылар қай жылдары көшіріп жазғандарын білдіріп отырған.

Кітаптың өз мәтініндегі деректер бойынша, хыжра бойынша 464-жыл мен 466-жыл аралығына төрт рет редакцияланып, түзетіліп жазылып шыққан екен. Әрине, осыншама ұлы еңбекті жазуға Махмұт Қашқари білге талай жылдарын сарп еткені анық. Бүкіл түрік жерлері мен тайпаларын тегіс аралау, тіл ерекшеліктерін салыстыра талдап саралау, әр ру-тайпаның тіл байлығы мен тіл құнарына ден қойып зерделеу үстіне айтылу, жазылу заңдылықтарына дейін жерге жеткізе зерттеп, тіршіліктегі, тұрмыстағы қолдану аясына байланысты өміршеңдік жағын қарастырған қағидалар шығару – ғұлама ғалымның ғұмырлық мұраты болғанға ұқсайды. Егер “Құтадғу білік” (“Құтты білік”) дастанын жазған кезде Жүсіп Қас Хажыб Баласағұн 51 жас (А.Ділашар), 54 жас (Р.Р.Арат) шамасында деп сенімді түрде түйіндесек, Махмұт Қашқариға келгенде, жас шамасын айқындау біраз қиындықтарға түседі. Жүсіп Қас Хажыб дастанында өзінің жас шамасына қатысты, шығарманың жазылу мерзіміне қарай (он сегіз айда жазған) тамтұмдап болса да деректер ұшқыны бар. Ал Махмұ Қашқари өзінің ең бір қызыл тілді шешен, батыл, өжет, найзагер екендігін айтады. Әрі арап, парсы және түрк мәдениетіндегі, олардың қоғамдық-эстетикалық дамуындағы ағым үрдістерді еркін ажыратып, салыстырып отырады. Әрине, ел-жұрт ішінде танылып, белгілі болмаған, мойындалмаған болса, Махмұт сияқты ұлы хәкімдер құр мақтанға бармас еді. Демек, осы сегіз кітаптан тұратын еңбегін жазуға кіріскенде ғалым кемеліне келіп, ел ағасы боларлық жасқа жеткен кезі деп шамалауға болар еді. Еңбек, біздің жыл санауымызша, 1072 не 1078-жылдарда жазылған деп жобаланып келсе, оны жазған хәкім елулерге кең-мол қадам басқан адам. Әйтсе де, 1029–1038-жылдар аралығында туған (О.Прицак) деген болжам бар.

Ғалымның тегі, елі жөнінде де түрлі болжам, қайшылықты пікір жеткілікті. Оның қайсыбір кереғар бағыттары көзі ашық, құлағы түрік оқырмандарға мағлұм. Кереметтей еңбек тындырып, тарихи маңызы терең зерттеулер жазған, аудармалар жасаған ғалым-хәкімдеріміздің осындай “нәзік” тұстарда тарихи ұлы тұлғаларды жанына жақын санап, іштартқан ниеттерін, адамға тән таза да бейкүнә ұлағатқа құштарлық сезімінен туған ықыласты болжамдарын бұл

жерде олай-былай еді деп жіктеп-жіліктеп жатудың реті жоқ. Бұрынғыдай емес, қазір бүлінген түрік дүниесі қайтадан тұтастыққа бейіл бұрған кезде ондай пікір-таласының ғылыми да, әлеуметтік те дәрежесі қатардағы ғана әңгіме. “Түрік сөздігінің” өзі исі түрік тақырыбын мұрат еткендіктен, ондай ұлы тұлғаның да ежелгі тұғыры – тұтас түрік әлемі. Ал тегімізге тән дәстүрмен ой жүгіртер болсақ, кітаптың мазмұн-сипатына, автордың өмірі мен қызметіне, ой-ниетіне қатысты деректер мен болжамдарды шолғанда, оғыз-қыпшақ ортасынан шыққан Тұран жұртының ұрпағы. Әрі ғалым, аяулы ақсақал Әмір Нәджіб өзінің “Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв.” деген еңбегінде: “Оның Қашқари деген лақап аты Қашғарда дәріс алып, сонда тұрғандығын ғана аңғартады. Автордың өзінің сөзі бойынша, ол Орта азиялық әскери қолбасшы, белгілі отбасынан, оғыз ортасынан шыққан. Ол жайында өзі “Біздің бек бабамыз “әмір” деген сөзді “хамир” деп атайды. Себебі оғыздардың “әмір” деген сөзді айтуға тілі келмейді. Сондықтан олар міндетті түрде “хамир” деп айтады”, – деп жазған.

Махмұт Қашқари Самани әулетінен Орта Азияны тартып алған бектің есімі Хамир Темір екендігін білдірген. Осындай тұжырымдар автордың оғыз тайпаларының бірінен шығуы мүмкін екендігін меңзейді”, – дейді. Ал Әмір Нәджіб ақсақал – білікті түріктанушылардың көшбасындағы ғалым.

“Диуани лұғат-ит-түрік” кітабының бізге жалғыз қолжазбасы жеткен. Ол Түркияның Стамбол кітапханасында сақтаулы тұр. Кезінде Бағдаттағы халифат кітапханасында сақталып, кейін әртүрлі жағдайда көшіріліп, жер-жерге таралған. Түркиядағы қолжазбаны көшіруші сабалық, кейін Шамда тұрған Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фати Махмұт Қашқаридың өз қолымен жазған түпкі нұсқасынан тікелей көшірілгенін куәландырып, хаттаған. “Бұл кітапты түпнұсқадан көшіріп болған күн 644-жылғы шәууәлінің 27-күнгі базар еді”, – деп жазған осы кітаптың соңында. Соған қарағанда, бұл қолжазба нұсқа “Диуани лұғат-ит-түрік” жазылғаннан кейін 180 жылдан соң көшірілген. Біздің жыл қайыруымызда 1266-жылғы 1-тамыз, Броккельман тұжырымы бойынша 2-тамызда көшіріп біткен.

Кезінде “Түрік сөздігі” (“Диуани лұғат-ит-түрік”) көптеген зерттеу еңбектің жазылуына негіз болды. Көптеген ғалым Махмұт Қашқари еңбегі туралы құнды пікірлер айтып, жоғары бағалады, тіл біліміне қатысты соны жаңалықтар ашты. Мысыр, неміс, венгр, түрік, орыс ғұламалары қызыға зерттеген. Насихаттаған. Әйгілі мысырлық тарихшы Бәд-реддин Махмұт ибн Ахмет ибн Мұса (хижра бойынша 758-жылы өлген) “Замана ақыл-ойының ақық-інжулері” деген еңбегінде түрік жұртының ру-тайпалары, таңбалық белгілері, тілі мен тұрмысы туралы тұжырымды, тиянақты да ықшам мағлұматтарды Махмұт Қашқаридың кітабынан оқығанын жазған. Бірқатар ежелгі Шығыс дүниесінің ғалымдары Махмұт Қашқари еңбегіне сүйенгендерін айтып, пікір білдіріп, сілтеме жасап отырған.

Махмұт Қашқаридың тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл арап, шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты десе де болады. Араптың мәшхүр тілтанушы ғалымы Жамаладдин ибн Мұхан түрік данасы Махмұт Қашқариды өзімнің ұстазым деп атаған.

Стамболда сақтаулы тұрған осы жалғыз дана қолжазба тарихы да бір аңыз. Оны 1914-жылы түрік ғалымы Әли Әмір мұқтаждықпен сатып тұрған адамнан кітап жаймасынан сатып алады. Содан кейін Рифат білге баспаға әзірлейді. Жариялатады.

Неміс ғалымы К.Броккельман “Диуани лұғат-ит-түріктің” табанды зерттеушісі ретінде танылды. 1919-жылдан бастап зерттеу мақалаларын жазып, жүйелі зерделеді. Ал 1928-жылы жинақтың неміс әліпбиінің ретімен түзілген немісше индекс сөздігін жариялады.

Махмұт Қашқаридың ұлы қызметі мен еңбегінің жемісін танып, бағалап, болашақ ұрпақ игілігіне айналдырудағы түрік ғалымы Басым Аталайдың талантты да ыждахатты еңбегі күллі түріктану ісіндегі ғажайып зор әрі зейнетті ғылыми іс болды. (Бұл жерде Б.Аталайға дейін Рифат білге, тағы басқа бірнеше зерттеуші аударған. Бірақ олардың ғылыми нәтижелері қауымға кеңінен мәлім бола қоймаған сияқты). Басым Аталай көп зерделеп ізденіп, өлмейтін, түрік тарихымен бірге жасай беретін ғұмырлық қызмет сіңірді. “Диуани лұғат-ит-түрік” кітабын Түркия түріктерінің қазіргі

тілінде тәржімелеп, жүйелеп 1939-жыл мен 1941-жыл аралығында 3 томы мен индекс сөздігін жарыққа шығарды. Сонымен қатар, қолжазбасының факсимильді басылымын жүзеге асырды. Басым Аталай қолжазбадағы түсініксіз тұстарды парақтап, талдап түсіндіріп, өзіне дейінгі зерттеу жұмыстарын саралап зерделеп, К.Броккельман еңбегінде орын алған жаңсақтықтарды дәлелді түрде түзетіп, тиянақты ғылыми түсіндірмелер жасап, кейінгі түрік танушы мамандарға аса пайдалы, халық тарихына да жарайтын академиялық іс тындырған.

Батыс пен шығыс зиялыларының назарын біртіндеп аударып келген бұл ғылыми ескерткіш осы 1939–41-жылғы жарияланымнан кейін мүлде жаңа белеске көтеріліп, тынысы кеңейіп, екінші бір өмірін бастап кетті. Дүниежүзіндегі аса құнды энциклопедиялық асыл қазыналардың қатарына қосылды. Шындығында да, Брокгауз, Даль, Радлов секілді ұлы зерттеушілердің іргелі еңбектерінің қатарында адамзат баласының игілігіне айналды.

Махмұт Қашқаридың дөңгелек картасы әлемнің ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі. Осы картада Барсған, Баласағұн, Тараз, Екөгіз, Қашқардан бастап түрік дүниесінің ежелгі шаһарлары, елді мекендері, жер бедері түгелдей дерлік қағаз бетіне түскен. Әрі сол X–XI-ғасырлардағы атауларымен жазылған. Махмұт Қашқари осы картаны назарға ұсынып, сипаттаумен қатар Рүм жерінен сонау ұлы мұхитқа дейінгі аралықтағы түрік тайпаларының барлығына сипаттама беріп шығады. Әрі жер көлемін көрсетеді. Қай жерден қай жерге дейін мекендейтінін айтады. Әрі әр тайпаның тілдік ерекшеліктеріне тоқталады, тілді таза сақтаудың әлеуметтік, географиялық алғышарттарын сөз етеді. Осынау ең көне дәуірдегі түріктің әлемдік картасы, түрік дүниесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттама, талдаулар ғалымның өлмес мұрасының басты бір қасиеті. Түрік елінің әр шаңырағында сақталар, төрінде тұтар, санасына сіңіретін қасиетті атамекен суреті. Шұғылалы түрік жерінің үкілі ескерткіші.

Махмұт Қашқари еңбегін түрік жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы деген дұрысырақ.

Түрік елінің құрал-жабдықтары, қару-жарақ, сауыт саймандары жайлы да, ас-ауқаты, алуан қырлы дәм тағамда-

рының кейбірінің пайда болуы, кейбірін әзірлеу әдістері туралы да, толып жатқан дәрі-дәрмектер жөнінде де қазіргі замандастарымыз біле бермейтін бай деректер әрі таң қалдырады, әрі ежелгі өркениеттің қасиетті топырағына тәнті етеді.

Түрік сахарасының жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктері туралы да бұрын-соңды көпшілікке жете таныс бола қоймаған деректер жеткілікті. Хайуанаттар мен мақлұқаттардың біразының ежелгі атауларына, өсімдіктердің, шөп, ағаштардың, жемістердің атауларына, табиғи жаратылыс ерекшеліктеріне, қандай жерлерде, қандай жағдайларда өсетініне қаныға түсеміз...

Тарихи тұлғалар жайлы аңыздар, шағын-шағын өлең, жырлар өзінше бір поэтикалық ғалам десе де болар.

Көптеген тайпа, ұлыстардың тіл ерекшелігін саралап, түрік тілінің бітімін ежіктей түседі. Бірқатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректеріне қанығамыз...

Өзен, су, жер аттарына қатысты құнды мағлұматтар қаншама. Еділ, Іле, Ертіс секілді ұлы өзендер, олардың бойындағы тіршілік, тұрмыс сымбаты, тайпалардың өзгешеліктері қысқа да тұжырымды хатталған. Егер ғылыми стиль, ғылым тілі дегенді ойласақ, бұдан ұғынықты, бұдан айқын мәнер болмайтын шығар. Шеберлік деген осы. Тіл шеберлігі, көркемдігі туралы өзі де ойларын айта отырады. Мәселен, ең жеңіл тіл ретінде оғыздардың тілін атаса, иағмалар мен тохсалардың, Іле, Ертіс, Иамар, Еділ бойындағы жұрт пен ұйғыр атырабына дейінгі аймақта тұратын тайпалардың тілі ең дұрыс тіл деп кесімді тұжырым түйеді.

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, сонымен қатар, тұрақты тіркестердің сонау IX–XI-ғасырлардан бүгінге дейін жалғасқан тарихи жолы сайрап жатыр. Оларды әлі де зерделеп, жүйелі түрде зерттеу қазақ тілінің, жалпы түрік тілінің бай мазмұн өрнектерін, мағына құнарын аша түсетіні күмәнсіз...

Махмұт Қашқари – тұңғыш тіл маманы. Тұңғыш түрік тілінің оқулығын жасап шыққан, грамматикасын түзген, жалпы түрік әлемінің тіл өнерінің өрісін мәңгілік кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Күллі түрік тілдерінің тұтастығын

білдіретін қасиеттерін, өзара айырмашылық белгілерін айқындап, өзекті заңдылықтарын жүйелеп түзіп ұсынған тұңғыш ғалым. Ұлы еңбек, ұлағатты дәстүр. Түрік тілдерінің диалектологиясының, грамматикасының, лексикасының түп-тұғыры осы сөздікте қалыптасқан. Салыстырмалы сөздік қана емес, тіл саласындағы салыстырмалы тәсілді алғаш рет кеңінен қолданған тынысы кең байсалды зерттеу.

“Түрік сөздігі” – қазіргі қазақ тілінің де ерекшеліктерін, мол шығармашылық мүмкіндіктерін, көркемдік мағыналық мәнін тереңдеп біле түсуге жол ашатын құнды еңбек. Тілге қатысты сан қырлы қорытындылар мен ережелер, ортақ заңдылықтар қазақ тіліне де өте-мөте тән...

Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сынды білімі дария, өресі ен жайлау, өз заманындағы ілім-білімді жете игеріп, ілгері апарған ұлы тұлғалар – адамзат өркениетінің жарық жұлдыздары. Олардың қоғамдық-әлеуметтік ойлары, ғылыми зерттеулері мен тұжырымдары түрік тектес елдерді танымның таусылмайтын тұнық көздеріне бастайтын күретамыр арналар.

“Диуани лұғат-ит-түрік” – қарапайым оқырмандардан бастап, маман ғалымдарға дейін аса қызғылықты, байсалды, ұлттық мәдениет бастауларына бастап, рухани дүниемізді байытатын ұлағаты мол, болашағы зор кітап (**Асқар Егеубаев. Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат-ит-түрк” сөздігін қазіргі қазақ тіліне тұңғыш аударушы, Қазақстан комсомол сыйлығының лауреаты, акын).**

* * *

Махмұт Қашқаридың “Түрік сөздігінде” 45-тен астам түрік тайпасы мен руының аты аталып, сөзі талданады, олар: оғрақ, арғу, елке, оғыз, түрік(тер), арамұт, йабаку, йағма, түркмен, иемек, шігіл, хакания, түбүт, қашқар(ша), қарлұқ, көшет, қыпшақ, ұйғұр, қырқыз, бұлақ, жарұқ, соғды, жомұл, ұш жұрты, көже, барсыған(ша), тохса, татар, кенжек, бұлғар, табғаш, басмыл, қай, жұмұл, хақандық, тат, бешенек, атлық, шарұн-қола, сувар, Баласағұн тілінде, басмыл, башғырт, таңғұт, хотан, т.б.

Махмұт Қашқари сөздігіндегі басқа халықтардың сөзі болып жүрген кейбір қазақ сөздері:

Ош – тауда өсетін ағаш (Қырғызстандағы қала);
эбэт – мақұл, дұрыс (ұйғырлар “эйбэт” жақсы);
адаш – дос (ұйғырлар қазір де “досты” “адаш” дейді);
үтік – үтік (орыстар “утюг” дейді);
ұқрұқ – құрық (орыстар “укрюк” дейді);
иоғұрт – ұйыған қатық (орыстар “иогурт” дейді);
бүк – тоғай (орыстарда “бук” ағашы бар);
тауар – тауар, мал (орыстар “товар” дейді);
ыштон – іштон (орыстар “штан” дейді);
барс – барыс (орыстар “барс” дейді);
Түрк – түрік қалаларының бірінің аты (сірә, Түркбасы,
қазіргі Түлкібас болар);
күпік – күпік, мақта сырған шапан (орыстар “фуфайка”,
қазақтар “күпі”, “күпәйке” дейді);
кабан – кабан, ерлер есімі (орыстар “кабан” дейді);
керкі – керкі, шаппа шот (орыстар “кирка” дейді);
қошна – көрші қолаң (ұйғырлар “қошына” дейді);
қафтан – тон, сырт киім (орыстар “кафтан” дейді);
ныждағ – қайрақ тас (орыстар “наждаг” дейді);
дада – ата, баба (орыстар “дядя” дейді);
ұма – ана (орыстар “мама” дейді);
қобзар – қобыз тартушы (украиндықтар Тарас Шевчен-
коны “Кобзарь” дейді).

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ

16

*Шамамен 1103 (1104)-жылы
Сайрамда туып, 1166 немесе 1167-жылы
Түркістанда (Асыда) қайтыс болған*

* * *

Қазақстанда тұңғыш сопылық, тақуалық, діни-мистикалық өмірді уағыздаған діндар;

Құран сөзін, оның негізгі канондарын түрік тілінде өлеңмен баяндаған тұңғыш ақын, әулие

* * *

Қожа Ахмет Иасауи есімі түркі халқына танымал. Оның “Диуани хикмет” атты кітабын мұсылман баласында білмейтін жан жоқ. Ол бұл еңбегін бүкіл өмірін сарп етіп жазғаны мәлім. Ол былай дейді:

Құдай сөзінен шыққан бұл хикмет,
Естігенге жаңбырдай жауар рахмет.

Қазан төңкерісіне дейін біздің білімдар ата-бабамыз Қожа Ахметтің сөзін де, өзін де қасиет тұтқан

Құл Қожа Ахмет Иасауиге дейін ислам діні барлық түркі халықтарына арап тілі арқылы келгені шындық, сондықтан аса қасиетті “Құранды” арнайы молдадан, мешіт-медреседен оқыған адам болмаса, жай бұқара халық ұғынып мән-жайын түсіне бермеген. Иасауи халыққа шариғаттың ақ жолын, оның неше алуан құпия сырларын, ішкі мән-маңызын жан-жақты баяндап, таудай биік, теңіздей терең дүниенің салмағын да, заңғарлығын да аласартпай тұтас жеткізген. Атақты бабамыздың бұл еңбегі негізінен төрт нәрсенің бірлігімен үйлесім табуын қуаттайды. Оларды ақын былайша сипаттайды:

Өтті ғұмырым, шарифатқа жете алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым,
Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым,
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар, —

деп толғаса, ақын сөзінде иненің жасуындай жалғандық жоқ.

Қожа Ахметтің осы аталған кітабы негізінен қара өлең үлгісімен жазылған, екінші сөзбен айтсақ, төрт жолдан тұратын он бір буынды байырғы дүние. Бұл асыл туындыда егіз жолмен бірге шалыс ұйқастардан жасалған хикметтер де кездеседі. Осы шығармадағы шумақтардың соңғы жолы үнемі басынан аяғына дейін қайталанып отырады. Мысалы, “Сол себептен хаққа сыйынып келдім, міне” немесе “Надандардан күдер үзіп келдім, міне”, әйтпесе “Насихатын халыққа айтып кетті, достар” деп хикметтің өн бойында тұтас шумақтардың соңында осылай қайталанып отырады. “Диуани хикметтің” ешбір шығармаға ұқсамайтын мұндай өзіндік ерекшелігіне қарағанда, бұл еңбектің айрықша ішкі ырғаққа, сазға, үнге, әуенге, әуезге, мақамға құрылғаны байқалады. Аталған кітаптағы мұндай оқшау қасиет оның көп адам алқақотан отырып, бірлесе айтылуына да лайықталған сияқты.

Құл Қожа Ахметтің барлық өмірі бір Алланы сүйіп, соған құлшылық етуге арналған. Бұл кісі ішсем-жесем, кисем-мінсем деген, бір ғана тілегі халайық-қауымға Алланың кереметін, пайғамбардың шарифатын түсіндіру еді. Сол жолда бар күш-жігерін, қажыр-қайратын аямай жұмсады, ол:

Жаназамның артынан тас атыңдар,
Аяғымнан ұстап-сүйреп көрге атыңдар.
Хаққа құлдық қылмадың деп тепкілендер,
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне, —

дейді. Осы бір төрт жол өлеңде қаншама кішілік, кісілік, парасат, тіпті ерлік деуге татырлық дүние жатыр. Өлеңнің өлшемінде, көркемдігінде, ішкі ырғақ, әуезділігінде қылдай мін жоқ. Содан кейін аса ғұлама жан бір Алланың жүзін, нұрын, дидарын көруге соншама асық, соншама ықыласты:

Көзім жұмып-ашқанша жетті алпыс,
Белім буып мен қылмадым бір жақсы іс.
Ертелі-кеш бейғам жүрдім, жаз және қыс,
Бір және барым, дидарынды көремін бе, —

деп шабыттана жырласа (мұнда “Бір және барым” деп бір Алланы айтып отыр), бізге бәрі де түсінікті: уақыттың құстың қанатынан да ұшқыр екені, кешегі баланың демде ата жасына жетуі, екінші сөзбен айтсақ, ақсақал атануы. Бір қызығы, бар өмірім босқа өтті дегенді “қыс пен жазым бейғам” өтті деп беруі – адам қызығарлық жағдай.

Адам баласының бір-біріне деген қиянаты көбіне мал-мүлікке қатысты болады, дүние нәжіске ұмтылған жандар обал-сауапты түсінбейді. Қожа Ахмет Иассуаи:

Әй, бейхабар, Хаққа көңіл жүгіртпедің,
Дүние харам, одан бойың суытпадың.
Нәпсіден безіп, бір Алланы толғамадың,
Бұл нәпсі үшін зарлап, қайран болдым, міне, –

деп екі аяқты, жұмыр басты пенденің қас жауы сыртта емес, адамның өз ішінде екенін терең түсіндіреді.

Қожа Ахмет мешітін салдырған Әмір Темір екені белгілі. Бұл жағдай Жүсіпбек Аймауытов мақаласында: “Әзірет Сұлтан мешітін 1397-жылы салдыра бастап, 3 жылдан кейін өзі өліп, мешіт бітпей қалған. Мешітті салушы шебер хажы Құсайын Ширази деген адам екен”, – дейді. (“Жаңа әдебиет” 1929, №1). Ал осы ғимараттағы киелі Тайқазан жайында да Аймауытов аталған еңбегінде: “Жүз кісі болмаса қозғай алмас дегізгендей кесе түптес он екі құлақты дәу қола қазанның жан-жағы бұрандалы шүмек, үсті-басы оюлы машихы жазу. Қазанның биіктігі кісі бойы, қол ұсыным. Қодастың желкілдек қара жүнін таққан құрықтарының басын мосылап байлап, қазан үстіне келтіріп қойыпты”, – дейді...

Қожа Ахмет бабамыздың Түркістан қаласынан отыз бес шақырым жердегі “Иасы” деген жерде туғаны белгілі. Бір деректе Сайрамда дүниеге келді деп те айтады. Өйткені әкесі Ыбырайым да, шешесі Қарашаш та осында жерленген. Әлі күнге ел арнайы алыстан келіп, олардың басына зиярат етеді. Ал осы ғұламаның жарық дүниеге келген жылы жайлы әлі де зерттеушілер бір тоқтамға келе қойған жоқ. Дегенмен, қайтыс болған мерзімінің 1166–1167 екеніне ешкім де шүбә келтірген емес. Мәселе оның алпыс үштен кейін пайғамбар жасынан әрі қарай жарық дүниені көру күнә деп, жер астына (қылуетке) түсіп кетуінде. Бұл туралы:

Аппак таңда дүйсенбі күн жерге кірдім,
Мұстафаға қайғы тұтып кірдім, міне.
Алпыс үште сүннәт деді естіп, білдім,
Мәңгілік деп жер астына қадам қойдым,
Жарық дүниені талақ етіп, хақты сүйдім, –

дейді.

Мінеки, қай жасында жердің астына түсті, қай жасқа келді – бәрін де өзінің атақты хикметінде сайрап айтып тұрса, біз бұған қалай сенбейміз, осыншама қасиетті жанға қалай ғана шүбә келтіреміз? Шынында, ғалымдардың айтқанындай, бұл кісінің қайтыс болған жылы 1166–1167 екені рас болса, онда Қожа Аметтің туған уақыты 1103-жылға сай келері белгілі (**Сәрсенбі Дәуітұлы, “Құл Қожа Ахмет Иасауи”, “Егемен Қазақстан”, 06.03.93).**

* * *

Бұл әңгіменің бас-аяғы былай болған. Қыстың аяғын ала, көктемде Рашид сұлтан Моғолстанға кеткенде, хан Йанги Хисарда болатын. Немере ағам хан қызметінде еді. Мен Жаркентте болатынмын. Ханнан әлденеше рет естігем, ол айтатын: “Бірде түнді ішімдік ішумен аяқтаған соң, түн етегі түріле бір нәрсе есіме түсті”. Өлең:

Түні бойы құмарлық: күндіз де – мас, түнде – мас,
Киелі уақыт өтті деп зарлағанды ол тыңдамас.

Енді, міне, уақыт жетті, енді иманыңа келіп, Аллаңмен қайта қауышуың керек. Осы ой көңілге орныққан соң да бәрі бір маскүнемдік асқынып кеткен шығар деп күдіктендім. Кімнің оған шыдамы жетіп бас тарта қояр дейсің? – деп, ой-қиялмен жатып ұйқтап кетіппін. Ұйқыдан ояңғанымда жыландай жиырылып, құмарлығымды басу үшін щарап сұрадым, оны алып келді. Бірақ кешегі ой көңілімде орныққан еді. Сейіт Мұхаммед мырзаны шақырдым да айттым: “Менің мына істен жаным қиналып жүр, осыған тәубә еткім келеді”.

Немере ағам көп уақыттан бері шейхтардың қатарында Йасауи тариқатын ұстанып жүрген. Сондықтан ішімдіктен бойын аулақ ұстап, ханның мына іс-әрекетіне, мінез-құлықтарына ренжулі еді.

Сөйтіп, осы сопылар қауымының сөздері ханның (Сайд ханның – Б.Н.) жүрегіне қатты әсер етті. Ол [хан] сопы-

лардың кітаптары мен рисалаларынан (трактат) ол бұл іске толық берілмейінше бақытқа жету мүмкін еместігін білді. Осындай себептен хан дүниеден және билік істерінен көңілін бұрып, іштей дүниені тәрк етті.

Оның әңгімелесетін адамының бірі менің немере ағам еді <Алла оны жарылқасын> ол Йасауи шейхтарын құрмет тұтатын және оның уағыздарын орындайтын, соның қағидасын ұстанатын, жағымсыз тағамдардан сақ болатын (Мырза Хайдар Дулати. “Тарих-и-рашиди”, “Тұран” баспасы, Алматы. 2003. 408, 409-бет. Кітапты тұңғыш түгелдей қазақшалаған – Мұхтар Қазыбек).

* * *

Тәжіктің ХІХ-ғасырда жасаған даңқты ақыны Һаират Йасауи шығармаларының сыншылдығын жоғары бағалап, өзінің сатира жазудағы ұстазы Йасауи болғанын ескерткен. Кейін жасаған белгілі Махтұмқули өзінің ілкі ұстазы деп Йасауиді атайды екен. Татар зиялылары да Йасауиды жақсы білген. Әсіресе мұсылманша оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі – Ахмет Йасауидей адамды туғызған қазақ халқына рақмет айтуға тиіспіз деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз “Шора” журналынан ұшыратамыз.

Көпшілікке аты әйгілі ақад. А.Н.Самойлович өзінің 1909-жылы жазған бір еңбегінде Йасауи шығармаларын жоғары бағалап, оны Орта Азия елінің ұлы ақыны санаған. Нобель сыйлығының лауреаты профессор Мухамед Фуад Куприли-зада өзінің Йасауи туралы көлемді зерттеуін 1928-жылы Стамбул қаласында бастырған-ды (Х.Сүйіншәлиев. Ғасырлар поэзиясы. Алматы, Жазушы. 1987).

* * *

Әйгілі ақын, терең ойлы философ Қожа Ахмет Йасауидің көне түрік тілінде жазылған “Диуани хикметі” 1993-жылы тұңғыш рет қазақ тіліне жолма-жол аударылып, “Мұраттас” орталығынан жарық көргені мәлім (Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға түсіргендер: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұы, М.Шафиғи, көлемі 16,5 баспа табақ, таралымы 25 000 дана). Қолдарыңыздағы бұл жинақ сол жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен табылған қолжазба

негізінде беріліп отыр. “Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи” деп аталатын бұл қолжазбаның (Қор. №3999, инв. 459624-47) иесі Ибраһим Оразымбет баласы, тапсырылуы 1947-жыл делінген, ал қолжазбаны тапсырушы кісінің аты-жөні көрсетілмеген. Көшірменің ең соңғы 412-бетіндегі белгіге қарағанда, бұл екі жинақтан тұратын қолжазбаның біріншісі болса керек. Қара сиямен көркем көшіріліп, уақыт табынан көмескіленіп сарғайған бұл нұсқаның көп жерлері өше бастаған. Кейінгі көшірілген жылы ескіше санақ бойынша 1250, ал жаңа санақпен 1834-жыл деп жазылған.

Аталған қолжазбаның өзіндік ерекшеліктері мен хабары кезінде “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланып, артынша Ұлттық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Түрік, Иран, Арап елдерінің Алматыдағы елшіліктерінен кісілер шақырылып, арнайы таныстыру рәсімі жасалды.

Сөз болып отырған қолжазбаның 48, 49-хикметтерінде Махшар күнгі аласапыранда Мұхаммет пайғамбарымыздың қайтыс болған барлық үмбеттері “Жүз жиырма мың сапта тұрған” қиын кезеңде, өзі аралап көріп, адал, арамынан жауап алып жүрген Исрайылдан лайықты үмбеттерін қалай құтқарып қалғанын, күнәлілерді алапатқа келтіре әсерлі сипаттайды.

Сонымен, бұл қолжазба ақынның өмірі мен көзқарастанымындағы кейбір даулы мәселелердің бетін ашып тануға көмектесетін құнды мұра болып табылады (**Мұхамедрахым Жармұхамедұлы. Хикмет. Алматы, “Жалын баспасы”. 2002. 6, 14-бет).**

* * *

Қожа Ахмет Иасауидің әкесі – Әзірет әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим деген кісі – Сайрамда (Исфиджабта) аты шыққан әулие. Анасы Айшаның әкесі Мұса шейх та әулие адам болған. Анасын жұрт Қараша ана деп те атайды.

Қожа Ахмет Иасауидің шәкірттері арасындағы ең көрнектісі – Бақырғани. Оны ел Хакім Ата деп атаған.

“Қазақстан ұлттық энциклопедиясының” 6-томында ол туралы: “Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенімнанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Иасауи шығармалары сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды”, – деп жазылған (7-бет). Ол өзінің сопылық ұстанымдарын шағатай тілінде жазған.

БЕЙБАРЫС СҰЛТАН

17

*Шамамен 1223-жылы туып,
1277-жылы 1-шілдеде қайтыс болған*

* * *

Шетелде тұңғыш құлдық дәрежеден ел билеуші дәрежесіне жеткен қазақтың бабасы;

Әйгілі “крес жорығы” мен маңғол жаулап алушыларына Мысыр елінде тұңғыш тосқауыл жасаған мәмлүк;

Мұсылман заңдылықтары бойынша тұңғыш рет Египетте соттық жүйе енгізуші

* * *

“Бейбарыс. Толық аты-жөні – Әл-Мәлік әз-Зәкір Рух-ад-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари әл-Салиһи. Бейбарыс, ғалымдардың шамалауы бойынша, 1223-жылы түрік-қыпшақтар елінде, Қара теңіздің теріскей бетіндегі далалық өңірде туған, 1227-жылы, 1-шілдеде Дамаскіде (Сирия) қайтыс болған. Египет пен Сириядағы мәмлүк сұлтандарының арасындағы ең көрнектісі, 1260-жылдан 1277-жылға дейін билік құрған. Крес жорығын бастаушылар мен маңғол жаулаушыларына қарсы жүргізген әскери күресімен ғана емес, сондай-ақ елдің ішінде жүзеге асырған әкімшілік реформаларымен де танымал болған. Оның ғұмырбаянын фәлкілорлық тұрғыдан әңгімелейтін “Зерат Бейбарыс” атты роман – арап тілді дүниедегі әйгілі шығармалардың бірі.

1242-жылы маңғолдардың қыпшақ еліне шапқыншылығы тұсында Бейбарыс басқа да қыпшақ ұландарымен бірге құл базарында сатылған. Түркі тілінде сөйлейтін құлдар ислам мемлекеттерінің көпшілігінің әскерінде негізгі күшті құрайтын, сондықтан да қымбат бағаланатын. Ақыры

Бейбарыс Аюби әулетінен шыққан Египет әміршісі сұлтан әс-Салих Нәжім-әд-Диннің иелігіне өтеді. Сұлтанның өзге де жаңадан сатып алған құлдарының қатарында Бейбарыс та Ніл дариясының ортасындағы аралға жіберіледі, сол жерде жүріп әскери өнерге алабөтен қабілетімен көзге түседі. Әскери мектепті бітіргеннен кейін біршама уақыт соғыс өнеріне шындалып алады да, сұлтанды күзететін жасақтың басшысы болып тағайындалады.

Бейбарыс Аюби әулеті әскерінің қолбасшысы ретінде басты жеңісіне әл-Мансұр қаласының түбінде 1250-жылғы ақпан айында Франция кәрәлі Людовик IX-ның өзі бастап шыққан қрес көтерушілердің армиясымен шайқаста қол жеткізді. Ұрыста кәрәлдің өзі тұтқынға алынып, кейін орасан көлемде құн төлеп барып босатылған. Әскери тұрғыдан күш алып келе жатқанын, оның үстіне Египетте беделдері арта түскенін көрген мәмлүктердің бір топ сардарлары Бейбарыстың бастауымен сол жылы жаңа сұлтан Тұран-шахты өлтіреді. Аюби әулетінен шыққан соңғы сұлтанның ажал құшуы елге біраз уақытқа дейін не болары белгісіз бұлғақ кезеңін бастан кешіртті. Бір жылдан кейін мәмлүктер сұлтандығының ресми жыл санауы басталды.

Бейбарыс тұңғыш мәмлүк сұлтаны Айбектің қаңарына ілініп, басқа да мәмлүк әскер басыларымен бірге Сирияға қашып кетіп, ол елде 1260-жылға дейін болады. Сол жылы бір топ мәмлүктерді үшінші мәмлүк сұлтаны әл-Мұзаффар Сайф-әд-дин Құтұз елге шақыртып, әскердегі бұрынғы лауазымдарын қайтарып бергізеді, Бейбарыстың иелігіне бір ауылды бөлгізеді. Бейбарыс әскер басына қайтып келген 1260-жылдың қыркүйегінен кейінгі бірнеше айдың ішінде мәмлүк әскері Палестинадағы Набулус деген жерде маңғол қолын қирата жеңді. Бейбарыс өзін қан майданның хас батыры ретінде танытты, көптеген маңғол жауынгерлерін ұрыс даласында тұтқынға алды.

Өзінің жауынгерлік ерліктері үшін Бейбарыс Алеппо (қазіргі Халеб) қаласын сыйға алатын шығармын деп дәмеленген-ді. Алайда Құтұз сұлтан сөзінен тайқып кетті. Сириядан қайтар жолда Бейбарыс Құтұздың алдына келіп, тұтқынға түскен маңғол қызын қалыңдыққа беруін сұрайды. Сұлтан келісім еткен кезде Бейбарыс разылық белгісі ретінде Құтұздың қолын сүйеді. Бұнысы жанын-

дағы мәмлүктеріне алдын ала айтып қойған нышан болатын. Бейбарыс семсерін сұлтанның кеудесіне сағаттатып салып жібереді. Бейбарыс осылайша тақты тартып алып, төртінші мәмлүк сұлтаны болды.

Ол крес көтерушілерге қарсы Сирия жеріндегі ғазуат соғысында Аюбилер әулетінің негізін салушы Саладиннің (дұрысы: Салах-ад-дин – С.А.) жеңістерін қайталауды мақсат тұтқан еді. Сұлтан тағына қол жеткізісімен Бейбарыс өзінің әскери позицияларын нығайтуға кірісті. Сириядағы маңғолдар қиратып тастаған барлық қамал-қорғандарды қалпына келтіріп, қару-жарақ, оқ-дәрі сақтайтын жаңа қоймалар салдыртты, әскери, сауда кемелерін жасауды жолға қойды. Әскербасылардың крес көтерушілерге қарсы күресінде ауызбірлігі болуы үшін, Бейбарыс мұсылмандық Сирия мен Египетті бір мемлекетке біріктірді. Аюби әулетінен үш бірдей үлкен қаланы тартып алып, олардың Сирия жерінде билік құруын біржолата тоқтатты. 1265-жылдан 1271-жылға дейін Бейбарыс крес көтерушілерге ұдайы жорық бастап тұрды. 1265-жылы госпиталиерлер ордені Арзуфты Бейбарыстың қолына берді. Бейбарыс Атлит пен Хайфаны жаулап, 1266-жылғы шілдеде Сафедті ұзақ уақыт қоршаудан кейін крес көтерушілердің храмдықтар ордені гарнизонынан тартып алды. Хайфа Бейбарысқа қарсылықсыз берілді. 1268-жылғы мамырда Бейбарыс тағы бір маңызды қаланы – Антиохияны – басып алды. Мұнан кейін крес көтерушілердің бірнеше қамалдары Бейбарыстың иелігіне өтті. 1271-жылы Бейбарыс тағы да бірнеше қамалды басып алғаннан кейін крес көтерушілердің тағдыры біржола шешілді. Мұнан кейін олар өздерінің айырылған жерлерін қайтара алған жоқ. Бейбарыстың әскери жорықтары оның ізбасарларының соңғы ондаған жылдардағы жеңістерінің негізі болды.

Бейбарыс маңғол әскерінің Сирияға солтүстіктен де, шығыстан да тынымсыз шапқыншылығын тойтарып отырды. Бұл соққы исламның шығыстағы қақ жүрегіне бағытталған-ды. Өзінің 17 жылғы билігі кезінде ол Иранда өктемдік жүргізіп тұрған маңғолдармен тоғыз рет қан майданда шайқасты. Сирияда Бейбарыс мұсылман фанатиктерінің сектасы – ассасиндермен ұстасты. 1271 – 73-жылдарда олардың маңызды бекіністерін жаулап алғаннан кейін Бейбарыс әлгі сектаның Сириядағы мүшелерінің біразын өлтіріп, біразын елден алыстатты.

Бейбарыс сондай-ақ маңғолдармен одақтасып алған христиан-армяндарды да шапты, жерін ойрандап, қалаларын қиратты. 1276-жылы селжұқ әскерлерін, олардың маңғол одақтастарын жеңген соң Бейбарыс тікелей өзі қол бастап шығып, тарихи Каппадокия провинциясындағы Цезарейаны (қазіргі Түркиядағы Қайсери қаласы) басып алды. Египетті оңтүстіктен, солтүстіктен, батыстан қорғап-қымтау үшін Бейбарыс Нубия мен Ливияға әскери экспедициялар жөнелтті. Жалпы, Бейбарыс он бес соғыс компаниясында әскерді жеке өзі бастап шығып, бас қолбасшы ретінде әмір жүргізді, жорықтарда талай рет ажалмен ойнады.

Византия империясымен жақсы дипломатиялық қарым-қатынас орнату мақсатымен Бейбарыс Константинопілге, Михаил-VIII Палеологтың сарайына елшілерін жіберді. Византия әміршілері осыдан кейін сондағы көне мешітті қалпына келтіруді тапсырып, Египет саудагерлері мен елшілеріне Геллеспонт және Босфор бұғаздары арқылы жүзуіне рұқсат етті. Бейбарыс билік жүргізген кезде мәмлүк армиясына түркі құлдарын неғұрлым көп алуды өзіне мақсат етіп қойды. Оның тағы бір мақсаты Алтын Орда маңғолдарымен бірлесіп, Иран маңғолдарына – хулағулықтарға – қарсы одақ құру болатын. 1261-жылы Бейбарыс өзінің елшісін Сицилия кәрәлі Манфредке жіберді, Италияға да солай етті. 1264-жылы кейіннен Неапіл мен Сицилия кәрәлі болған Карл Анжуйский Каирге өзінің елшісін жіберіп, сәлем хатына қоса мол етіп сый-сыяпат жасады, мұның өзі Бейбарыстың күш-қуаты мен бедел-ықпалын анық мойындаудың белгісі еді. Бейбарыс арагондық Яков I, Леон мен Кастилия кәрәлі Альфонс X сынды алыс елдер әміршілерімен де сауда келісімдеріне қол қойды.

Оның ең тамаша саяси шешімдерінің бірі Аббасидтер әулетінің маңғолдардан бас сауғалап, Бағдадтан қашып жүрген үрім-бұтағын Каирға алдыртып, 1261-жылы халиф, яғни мұсылмандар қауымының басшысы атандыруы болды. Бұл арқылы Бейбарыс өзінің сұлтандығын мұсылман әлемінде заңды түрде мойындатуды көздеді, алайда Аббасидтер халифі мәмлүктер мемлекетінде нақты билік тұтқасына ие бола алған жоқ.

Бейбарыстың жұрт мойындаған қолбасшы, тәжірибелі, іскер дипломат қана болмағанын атап айту керек. Ол билік құрған тұста елде көптеген арналар қазылды, кеме келетін

айлақтар жөнделіп, жақсартылды. Каир мен Дамаскінің арасында тұрақты, жедел пошта байланысы орнатылды, бұл екі араға енді төрт-ақ күнде жетіп баруға болатын еді. Үлкен мешіт пен мектеп тұрғызды, Каирдағы ол мектеп Бейбарыстың атында. Бейбарыс Египет тарихында бірінші болып ислам құқығы бойынша негізгі төрт бағытты жүргізетін судияларды (казиларды) бекітті.

Бейбарыс тек жүрек жұтқан жауынгер ғана болған жоқ, ол сонымен қатар мықты спортшы да еді, аңшылықпен, атсайыспен, найзагерлікпен, садақ атумен ұдайы айналысқан. Бейбарыс исламның қағидаларын қатаң сақтайтын нағыз мұсылман еді. Қолы барынша ашық болатын. Кез келген мәселенің морәлдік жағына қатты көңіл бөліп, қадағалап отыратын. 1271-жылы Бейбарыс шарап ішуге тыйым салдыртқан.

Бейбарыс 1277-жылы І-шілдеде Дамаскіде басқа адамға деп у құйылған көжені ішіп қалып қайтыс болған. Сондағы кезінде негізін өзі қалаған, қазіргі әз-Зәкірия кітапханасының астына жерленген **“Британикадан” – “Британия энциклопедиясынан” аударған – Асқар Абдрахманов. “Егемен Қазақстан” 16.09.00).**

* * *

“Мен ана жылы Мысыр еліне барғанымда Бейбарыс салдырған мешітте құран оқыттым, даңқты бабамызды араптардың қалай құрмет тұтатынын өз көзіммен көрдім” (Президент Нұрсұлтан Назарбаев, 1998-жылы Атырау халқы алдында сөйлеген сөзінен. “Егемен Қазақстан”, 16.09.00).

* * *

“...дүниені дүр сілкіндірген әйгілі адамдардың ішінде дәл Бейбарыстай тағдырдың тәлкегіне ұшырап, құлдық пен хандықтың арасында қатыгез ғұмыр кешкен, өмірінің ақыр соңында жер шарын шеңгеліне алуға ұмтылған маңғол шапқыншыларына да, “крес жорығын” бастағандарға да тойтарыс беріп, арап елін тұтас мемлекетке айналдырып, төрткүл елге әмірін жүргізген, таңғажайып аңызға айналған екінші тұлға жоқ...”

Арап елдерінің “Мың бір түнмен” қатар қоятын халық романы **“Бейбарыстың”** өзінде оның Хорезм, Дербент қыпшақтарынан тарағанын, әкесінің аты Жамақ, шешесі Әйек екені айтылады” **(Тұрсын Жұртбаев, “Дулыға”, 2-кітап, 368-бет).**

* * *

“Әл-Мәлік аз-Заһир Рукн аддин Бейбарыс сұлтан Мысырда он жеті жыл екі ай билік жүргізіп, елу жеті жасында дүниеден қайтты” (Байұзақ Қожабекұлы Албани, “Мамлүк түріктер”, “Егемен Қазақстан”, 15.09.00).

* * *

“Венаның көпшілік кітапханасында сақтаулы тұрған, 1234-жылы Мысырда жазылған әл-Харирдің мақамдары... кітабын безендірген суреттер... мәмлүк тарихына қатысты өте құнды дүние болып табылады...

Жоғарыда аталған кітаптың мұқабасындағы суретте... ортада тақ үстінде салтанатты түрде ұзын қара шашты сұлтан малдас құрып отыр. Басында сұлтан билігінің белгісі – сәлде... Қолдарында сұлтан билігінің белгісі – тоқым – ұстаған...

Сондықтан осы бейне қыпшақ сөзінің және ісінің ірісі, ислам үмбетінің мақтанышы сұлтан Бейбарыс емес пе деген сұрақ ойға келеді. Себебі Бейбарыс сұлтанның даңқымен одан кейін билік құрған бірде-бір қыпшақ немесе Шеркеш сұлтандары тең келе алмағандығы – тарихи шындық” (Қайрат Сәки, “Бейбарыс заманынан жеткен бір бейне”, “Егемен Қазақстан”, 11.03.00).

* * *

“...қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі деректерді қорыта келіп, Бейбарыстың тегі түркі, оның ішінде қыпшақ, қыпшақтың бурджоглы, яғни беріш тайпасынан шыққандығын нық сеніммен айтуға толық негіз бар деп есептейміз” (Мұхтар Құл-Мұхаммед, “Бейбарыс сұлтан”, “Жас Алаш”, 16.09.00).

* * *

“Заманымыздың ірі мәмлүктанушылары Қасым Абдуһу Қасым мен Сағид Абдул Футтах Ашурдың еңбектерінде де сұлтан есімі “Бибарыс” екендігі көрсетілген” (Ақжігіт Әлібекұлы, “Ана тілі”, 19.08.04).

КЕРЕЙ ХАН

18

XV-ғасырда өмір сүрген

* * *

Қазақ мемлекетінің тұңғыш ханы

* * *

Қазақ деген атпен алғаш құрылған мемлекетті тарихшылар “Қазақ хандығы” деп атайды. Ол жайында тұңғыш мәлімет жазып қалдырған адам – Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хусейін гурган. “Гурган” дегені – төре тұқымына күйеу бала, яғни сүйек шатыс деген сөз. Оны тарихшылар қысқаша Мұхаммед Хайдар Дулати деп атайды. Ол өзінің “Тарих-и Рашиди”, яғни “Хақ жолындағылар тарихы” атты кітабын XVI-ғасырдың қақ ортасында жазған. Былайша айтқанда, қазақ хандығы құрылған кезден бір ғасырдан соң. Мұхаммед Хайдар Дулатидің қазақ хандығына байланысты жазғаны мынау: “Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны берді, – дей келіп, – Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465–1466)-жылдан басталады”, – деп түйіндейді (М.Х.Дулати, “Тарихи-и Рашиди”, Алматы, 2003, 110-бет).

Бұл сөздәйек кітапты тұңғыш рет толық қазақшалап шыққан Мұхтар Қазыбектің аудармасы бойынша беріліп отыр. Орысшасымен салыстырып қарағанда да онда ешбір мағыналық ауытқу жоқ.

Сонымен, Жәнібек пен Керейдің, тағы басқа да қазақ сұлтандарының жеке, дербес ел боп билік жүргізуінің басы, Мұхаммед Хайдардың айтуынша, 1465-жыл: бұдан 540 жыл бұрын.

Қазақ хандығын алғаш құрушылар қатарында бүкіл тарихшы Керей мен Жәнібекті бір-бірінен бөле жармай, ылғи да бірге атайды. Сонда қазіргі “Ақ жол” партиясының тең төр ағалары құсап Керей мен Жәнібек тең хан болған ба, қалай?

“Қазақ” деген сөз қазақ хандығы құрылғанға дейін де бар. Оны тіл білімінің ғалымдары жазып та, айтып та жүр. Мұнда мәселе сөздің қашан шыққандығында емес, солай аталған хандықтың қашан құрылғандығында, ол хандықты тұңғыш кімнің басқарғанында. “Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергендеңде болғандықтан, оларды “қазақ” деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды”, – дейді М.Хайдар Дулати (**Сонда, 306-бет**).

Бәрін айтқан Дулати қазақ хандығының тұңғыш ханы кім болғанын ашып айтпайды. Бірақ Дулати былай дейді: “Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі... Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан биледі. Одан немересі Таһир хан биледі... одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан билікті қолға алды” (**Сонда 111-бет**).

Көбімізді адастырып жүрген, меніңше, осы мәлімет. “Керейден кейін Бұрындық хан болса, онда Керейден бұрын Жәнібек хан болған”, – деп ойлаймыз. Сол оймен хандар кестесін Жәнібектен бастап та жүрміз. Сөйтіп, көбіміз оны Әз Жәнібек атаймыз. Бұрынғы ҚСЭ-Қазақ совет энциклопедиясы да – солай атапты. Былай қарағанда, тұңғыш ханыңды әз атамағанда, кімді әз атамақсың?

Алайда тарих біздің бұл оны “әз” деуімізді құтпай қоймайды. Жазба деректерге жүгінсек, Әз Жәнібек бұл Жәнібек емес.

Шамамен XVI-ғасырдың басында жазылған иесі белгісіз “Таварих-и Гузида-йи Нусрат-наме” деген тарихи шығармада Жошы ұрпақтарын шежірелеп, Батудың үлкен ұлы – Сартақ, одан кейінгісі – Тұқыхан, (қазақтар Тоқан дейді – Б.Н.), үшіншісі – Айухан (Әбуқан деушілер де бар – Б.Н.), төртіншісі – Ұлақты деп таратады. Сартақтан ұл болмаған, сондықтан ол өлген соң, оның орнына Тұқыханның ұлы

Тудаменгі, одан соң Тоқтай, одан кейін Өзбек хан болған. “Одан соң оның (Өзбектің – Б.Н.) ұлы Жәнібек хан болды. Оны Әз Жәнібек деп атады”, – дейді. Орысшасы былай: “Его называли святым Джанибеком” (**“Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков”**, Алматы, 1969, 33-бет).

Кітаптың 502-бетіндегі түсініктемесінде “святой” сөзінің арапшасы “ғазиз” деп жазылғандығы көрсетілген. Оны қазақтың “әзіз”, “әз” деп кеткенін бәріміз де білеміз. Қадырғали Жалайыр да “Шежірелер жинағы” кітабында: “Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық қылды. Оның ұлы Жәнібек хан болып Өзбек ханның орнына отырды. Екеуінің патшалық қылғаны елу жылға жетті”, – дейді де, Құйыршақ-Барақты айта келіп: “Оның ұлы Кіші Жәнібек хан деп атанған”, – дейді (Алматы, 1997, 113-114-бет). Қисынға қарасақ, “әз” деп Кіші Жәнібекті емес, үлкенін және ұзақ жыл ел билегенін атауға тиіс қой.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баянында” да **Әз Жәнібек пен Жиренше шешеннің** аты, істері айтылады: “Былтыр Жиренше шешен науқастанып, сырқатына шипа ем дарым зәруатын дарымдап, сауыққан соң ой тапсырғы айтып, қайтқалы жатқанымда, Жиренше шешенге хан Әз Жәнібек тақай шақырғыш жасауылын жіберіп, шешенді шақыртыпты”, – дейді (Алматы, 1996, 37-бет).

Содан Өтекең **Ақордаға** барады. Қазақ ханы Жәнібек Ақордада отырған емес. Бұл айтып отырған Ақорда ханы Жәнібек жоғарыда “Тауарихта” айтылған Алтын Орданың ханы Жәнібек болу керек. Ол кезде қазақ хандығы әлі құрылмаған. Үнемі Әз Жәнібекпен қатар айтылатын Жиренше шешен туралы әңгімелердің қарақалпақ, қырғыз, түрікмен халқында да кездесуі, әлбетте, Әз Жәнібек пен Жиреншенің бұл халықтар әлі бөлінбеген кезде өмір сүргендігін дәлелдесе керек.

Әрине, Өтейбойдақ Әз Жәнібек заманында өмір сүрмеген, алайда оның Жәнібек, Жиренше, Әл-Фараби, Баласағұн туралы айтқандары, Құзорда, Ақорда атауларын пайдалануы тарихшыларды ойлантуға тиіс. Өйткені тарихшылар Ақорданы ертедегі жазбаларда неге Йуз Орда деп атаған дегенге әлі бас қатырып, жұмбағын шеше алмай жүр (**“Қазақстан, Средняя и Центральная Азия в XVI –**

XVIII вв.” Алматы, 1983, 133-бет. П.Юдиннің мақаласы), Өтейбойдақты оқыған адам Ақ Орданы Йүз Орда деу қате оқу екенін, дұрысы Құз Орда, яғни Үлкен Орда екенін түсіне қояды. Құз Орда туралы Өтейбойдақ кітабының “Тектелгі” тарауында айтылады (417-бет). Құз Орда туралы Махмұт Қашғари да айтады. “Қазақ әдебиеті” газетінің 2000-жылғы 28-шілдесіндегі “Әз Жәнібек қай Жәнібек?” деген мақаласында тарих ғылымының докторы Ибраһим Шәмшәтұлы:

“Жоғарыда айтылғандарды қорыға келіп, орыс жылнама-ларында Алтын Орда деп жазылып кеткен қыпшақтар мемлекетін қазақтың алғашқы мемлекеттік құрылымы деп, ал 1341-1357-жылдары хандық еткен Өзбек хан баласы Жәнібекті қазақтың бірінші ханы, нағыз Әз-Жәнібек осы дейміз”, – деп тұжырым айтқан екен, менінше, басқасын қоя тұрғанда, дәл Әз Жәнібектің қай Жәнібек екенін өте дұрыс дәлелдеген деп ойлаймын. Жарайды, Әз Жәнібек Алтын Орданың ханы болды, ал мына Жәнібек кім? Қазақ хандығының бірінші ханы ма әлде...

Тағы сол шығармаға жүгінейік. Өйткені бұл Жәнібек те Жошы ұрпағы ғой. Бұл Жәнібек пен Керей Ұрысханнан тарайды: Ұрысхан – Тоқтақыйа – Болат – Керей болса; Ұрысхан – Құйыршақ – Барақ хан – Бусаид (Әбусайд), жанама аты – Жәнібек. Керей екеуі – үшінші атадан қосылатын ағайын адамдар. Керейдің балалары – Бұрындық хан, Қожамұхаммед, Сұлтанәлі. Жәнібектің балалары – Иренше, Махмұд, Қасым. (Сонда, 42-бет).

Қазақы жолмен қарағанда, Керей аға баласы, жолы үлкен. Өйткені Керей тарайтын Тоқтақыйа – Ұрысханның тұңғыш ұлы, ал Жәнібек тарайтын Құйыршақ – Ұрысханның жеті ұлының төртіншісі.

Керейдің әкесі Болат – Тоқтақыйаның үшінші, кенже ұлы. Ал Керей – Болаттың – жалғыз ұлы.

Жәнібектің әкесі Барақ хан – Құйыршақтың жалғыз ұлы. Ал Жәнібек – Барақ ханның үш ұлының кенжесі.

Көріп отырғанымыздай, аға-іні жөнімен келсек, Керейдің жолы қай жағынан да Жәнібектің алдында тұрады. Ал қайсысының жасы үлкен болғанын кесіп айту қиын, өйткені тарих ондай мәлімет қалдырмаған. Бірақ шежіреде Керей хан мен соның ұрпағы бұрын жазылғанына қарап, жас жағынан да Керей аға болған шығар деп шамалауға болады.

Осының бәрін ойға, жөнге салып қарасақ, Керей мен Жәнібек қазақтарды Әбілқайыр құзырынан бөліп әкеткен соң, сөз жоқ, қазақтың бірінші ханы жолы да, жасы да үлкен Керей болуға тиіс-ті. Сонда Керей, “қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы” деп Дулатидің айтқанына қарағанда, 1465-жылы тұңғыш хан болуы керек қой. Солай болуы заңды да сияқты.

XVII-ғасырдың орта шенінде қайтыс болған шығар деп жорамалданатын Махмұд бен Уәли деген кісінің “Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар”, яғни “Қасиетті адамдардың ғажайып істерінің ұшан-теңіз құпиясы” деген шығармасында қазақтардың Әбілқайырдан қалай бөлініп, қалай қазақ аталғанын қайталай келіп: “Сол кезде Керей хан елбасы аталды”, – деп кесіп айтады. Орысшасы былай: “В то время Кирай хан был назван государем” (Сонда, 353-бет).

Осы шығарманың осы бетінде тағы мынандай дерек бар: “Керей хан қайтыс болған соң, оның үлкен ұлы Бұрындық патшалық құруға кірісті, ал Жәнібек ханнан соң басқару жұмысын Жәнібек ханның Қасым ханнан үлкен ұлы Әдік сұлтан (қазақ Жәдік дейді – Б.Н.) қолға алды”.

Бұған қарасақ, Бұрындықтан кейін Жәнібек, Жәнібектен кейін Әдік қазаққа хан болған сияқты. Керейден кейін Жәнібек хан болды дейтін де тарихшылар бар. Бірақ олардың қай дерекке сүйеніп айтатыны беймәлім. Керейден кейін, яғни 1480-жылы Керей қайтыс болған соң, Бұрындық хан болғанын Дулати ап-айқын-ақ айтқан ғой. Ал енді Махмұд бен Уәлидің мына айтқанын қалай түсінеміз?

Ол үшін сол кездің ел басқару тәртібіне, тарихи жағдайға үңілу қажет. Белгісіз автордың бастапқыда сөз еткен “Тауарихына” жүгінейік:

“Сол қыста Түркістанға Керей хан жау болып келді” (Сонда, 21-бет);

“Ол кезде Әлеке сұлтан Сауран қорғанында болатын. Жәнібек ханның баласы Иренше хан (бәлкім, Жиренше – Б.Н.) келді де, Әлеке сұлтанды өлтірді” (Сонда, 21-бет).

Көрдіңіз бе, Керей хан да хан, Жәнібек ханның баласы Иренше хан да хан – бәрі хан.

Ертедегі үйсін мемлекетінің ел билеуші хандары ұлы күнби, кіші күнби аталған, кіші күнби ұлы күнбиге бағынған. Әбілқайырдың, Керейдің хандық құрған кезінде

де соған ұқсас дәстүр әлі бар-ды. Мәселен, Әбілқайыр өзінің Бұқара, Самарқанымен қоса Дешті Қыпшақ жерін де биледі. Бірақ Бұқардың, Самарқанның, Дешті Қыпшақтың Әбілқайырға бағынатын өз билеушілері де болды. Дулатидің, Бабырдың кітабын оқыған адам оған оңай көз жеткізеді. Демек сол дәстүрмен Керей хан болған кезде Жәнібек те кіші хан дәрежесінде билік құрған. Бұл пікірімізді Дулатидің мына сөзі де дәлелдесе керек:

“Керей хан (қайтыс болғаннан) кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі **әкесі сияқты** барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлы болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары бар-ды. Соның бірі Әдік сұлтан-тын. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды мырза Сұлтан Махмұт бин Сұлтан Әбу Саид мырза қайтыс болған соң Әдік Сұлтанға берді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. **Әдік сұлтаннан кейін** Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп, Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен, Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді” (306-бет).

Байқап қарасаңыз, белгісіз автордың “Тауарихында” айтылғанды Дулати да айтып отыр. Әдік (Жәдік) сұлтан хан болды дегенді “Тауарихша” айтпағанмен, “Әдік сұлтаннан кейін” Қасымның хан болғандығын Дулати да аңғартқан.

Меніңше, мұның бәріне дұрыс жауапты Дулатидің Қасым ханға қатысты “әкесі сияқты” деген сөзі береді. Яғни Қасым хан “әкесі сияқты” “барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынып” жүрген болса, әкесі Жәнібек те “барлық іс жағынан Керей ханды тыңдап, соған бағынып” жүрген. Аудармадан күдіктенбес үшін, сол сөйлемнің орысшасын да келтіре кетейін:

“Названный выше Касим хан был сыном Джанибек хана и, подобно своему отцу, во всех делах слушался и подчинялся Бурундук хану” (М.Х.Дулати, “Тарих-и Рашиди”, Алматы, 1999, 323-бет).

Жәнібек өлген соң Әдік сұлтан да біраз уақыт сөйтіп жүрген. Әдік сыртқа кетіп өлгенше біраз уақыт Қасым да сөйткен. Бұрындық, яғни үлкен хан тақтан тайған соң ғана Қасым үлкен хан болған. Оған дейін ол белгілі бір тайпалар мен руларды ғана басқарған хан болуы мүмкін. Бұл ойымызды Қадырғали Жалайырдың мына дерегі де дәлелдей түсетін секілді: “Әдік сұлтан балалары Бес ұл (Беш оғұл) деп атайды... Бес ұлға патшалық тимеді, алайда бірнеше ұлы уәлияттарда кіші (келте) хан боды, бірақ аты шығып, әйгілі болған жоқ” (Алматы, 1997, 122-бет).

Керей мен Жәнібектің қазақ хандығын құруға негізгі себепкер болғандығы – ақиқат. Сонымен бірге қазақ елінің тұңғыш ханы Керей болғаны да ақиқат. Бұлайша анықтап айтқаннан ешкімнің рөлі, еңбегі төмендемейді. Тек тарих дәлдене түседі.

Керейдің хандық құрған кезіндегі оқиғаларды ешбір тарихшы толық тәптіштеп жазбаған. Сірә, өйтіп жазу да мүмкін болмаған шығар. Өйткені жаңадан мемлекет құру, ел іргесін бекіту қай заман, қай кезде де оңай болмаған. Оның үстіне ол кездің ерсілі-қарсылы шапқыншылық заман болғанын, бір ханның соғыс ашатынын алдын ала мәлімдемей-ақ екінші ханның елін тұтқиыл бас салатынын тарихтан білеміз. Сондай жағдайда басқаға жем боп кетпей, қазақ хандығын аман-есен сақтап қалғандығы; сақтап қана қоймай, бірте-бірте оны нығайтып, шекарасын кеңейтіп басқарғаны оның ақылды, алды-артын ойлайтын, ел бас-қара білетін адам болғандығын білдіреді.

Әбілқайыр хандығынан қазақтардың бөлініп кетуі, бір жағынан, тұтас елді бөлшектеп әлсіреткен де сияқты. Сөйтіп, түркі елінің тұтастығына нұксан келтірді деп те қарауға болатындай. Алайда сан бірігіп, сан бөлшектенген түркі елінен тағы бір бөлініп қазақ атты жаңа мемлекеттің құрылуы – ол да тарихи заңдылық. Сол заңдылықтың тұңғыш билігін ұстап, тұсауын кескен Керей ханның тарихи орнын дәл белгілеу де ұрпақ борышы деп ойлаймын (Бексұлтан Нұржекеұлы. “Жас Алаш”, 2005).

ҚАСЫМ ХАН

19

1445-жылы туып, 1521-жылы олген

* * *

Қазақ хандығының ел іші тәртібін реттейтін, кейін “Қасым ханның қасқа жолы” аталған тұңғыш әдет-ғұрып заңын енгізуші

* * *

Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың-мыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан биледі. Одан соң немересі Таңир хан биледі. Таңир хан заманында қазақтардың саны азайып кетті. Одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан билікті қолға алды. Қазақтар Бұйдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді. 940 (1533–1534)-жылдан соң Бұйдаш хан да о дүиелік болып [бұл жерде] қазақтар қалмады десе де болады.

Қорығып айтқанда, Есенбұға хан заманынан Рашид хан уақытына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық пен татулық орнаған еді, алайда Рашид сұлтан оны бұзды. Бұл жағдай Рашид ханның өмірбаяны баяндалған кезде еске алынады. <Алла бұйырса> (111-бет).

Керей хан [қайтыс болғаннан] кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлы болған. Жәнібек ханның Қасым ханнан басқа балалары барды. Соның бірі Әдік сұлтан-тын. Жүніс ханның төртінші қызы

Сұлтан Нигар ханымды Мырза Сұлтан Махмұд бин Сұлтан Әбу Саид мырза қайтыс болған соң, Әдік сұлтанға берді. Ташкент ойрандаған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып, қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді.

Алайда Қасым хан Дешті Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді. Ақырында 924 (1518)-жылы қайтыс болды. Қазақ сұлтандарының арасында тартыс басталды. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хандық таққа отырды. Ол шайқастардың бірінде тұншықпадан өлді. Одан кейін Әдік сұлтанның ұлы Таһир хан таққа отырды. Ол қатігез адам болатын, қаталдығы өз шегінен шыққан соң, елінің саны төрт жүз мың бола тұра одан бірден безіп бытырап кетті. Оның қарабасы қырғыздардың арасында жалғыз қалды, мүшкіл жағдайда қаза тапты...

Қасым хан хан тағына отырмай жатып-ақ оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға да алмайтын. Алайда Қасым хан Бұрындық ханның жанында болуды қаламайтын. Өйткені оның жанында болатын болса, оны құрмет тұтуға тура келеді. Егерде құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Ал іштей жек көрушілік оған құрмет білдіруге жол бермейтін-ді. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын. Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым хан одан мүмкіндігінше қашық жүрейін деп, Моғолстан шекарасына кетіп қалды.

Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді. Сонда бұған Кеттебектен бір кісі Сайрам әкімімен бірге келіп, Сайрамның кілтін алдына тартты. Қасым хан оны қабыл алып, содан моғолдар Ианги деп атап жүрген Тараз жаққа бет алды. Өзінен

бұрын ол әмірлерінің бірін жіберді. Кеттебек оған Сайрамды тапсырды және өзі оның қызметіне кірді. Әрі [Ташкентті алуды] үгіттеді. Қасым хан қалың қолмен Ташкентке бет алды. Сүйіншік хан Ташкент қамалына тығылды. Қасым хан сонда барды. Ташкент қамалы жанында бір түн болып, қайта оралды. Ташкент маңайында шабуыл жасап, тапқанын тонап кетті. Сайрам айналасындағы жайлауға малын жайды...

918 (1512)-жылдың көктемі шығысымен, Шайбан өзбектері, яғни Шанибек ханның қол асындағы өзбектер Мауараннахрде билік құрды. Олардың алдында [адамдардың] жүрегіне қорқыныш ұялады.

[Саид] хан қыс мезгілін үлкен айламен өткізген-ді. Көктемде енді не істеу керек, алда қандай амал қолдану қажеттігін ойластырып жатқан кезде, Қасым ханның шабуылға шыққаны туралы күтпеген хабар жетті. Ол шыққанға дейін [Саид] хан Ташкентке қарайтын аты мәшһүр Ахангаранға жорық жасады. Мен ол жорықта ханның жанында бірге болдым...

Сол жорықтан [Саид] хан олжалы оралды. Ізінше Қасым хан Ташкентке Сүйіншік ханға шабуыл жасады деген хабар келді. [Саид] хан тездетіп Ташкентке бет алды. Ферғана және Ташкент уәлаяттары арасындағы Кендірлік асуына жеткенде-рінде Қасым ханның қайтып кеткені туралы хабар жетті. [Саид] хан да Ахсиге оралды әрі Ферғана уәлаятының қамалдарын бекемдеп, қазақтарға қарай бет алды. Ондағы ойы Ташкентті алуға тағы да қазақтарды көтеру болатын. Мен ол сапардан сырқаттануыма байланысты қалып қойдым.

Хан жолға шығып, Моғолсанның мәшһүр жері – Шуға (Жудке) келіп жетті. Қасым ханның сол уақытта жасы алпыстан асып, жетпіске таяп қалған кезі. Ал ханның қылшылдаған шағы болатын – жасы отызға жете қойған жоқ еді. Әзірше талай қажет деген жерге жаяу жүріп жететін. Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп құрметпен

карсы алсын деп бұйырды. Соның ішінде Жаныш хан, Таныш хан жас жағынан [Саид] ханнан көп үлкен болатын. Олар тізе бүккен кезде хан орнынан тұрды. Қалған сұлтандардың бәрі де тізе бүккен уақытта хан өз орнына оырып, сәлемін қабылдады. Қасым хан [Саид] хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан емес. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып <Алланың нұры жаусын оған>: Қасым хан асқан мәрт адам болған деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді.

Осындай бір кездесуде Қасым хан [Саид] ханға жақындап: “Біз дала халқымыз, бұл жерде қымбат бұйымдар мен тағамдар жоқ. Ең қымбат байлығымыз – жылқы және ең дәмді тамағымыз – оның еті әрі ең сүйкімді сусынымыз – оның қымызы мен одан дайындалатын тағамдар.

Біздің өлкемізде бау-бақша мен зәулім үйлер жоқ. Серуендейтін жеріміз – малдың жайлауы, сонда барып бәріміз бірге бой жазып, сайран салып, жылқыларды қызықтаймыз”, – деді. [Саид] хан одан әрі үйірге жақындап, Қасым хан талай аттарды көрсетіп, былай дегенін, айтқан еді. “Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды”, – деп, арғымақтарды алып келді. [Саид] хан мына екі сәйгүліктей жылқыны ешқашан көрмегенін талай рет сүйсіне әңгімеледі.

Бірде Қасым хан: “Ел жылқының күш-қуатына қарай тіршілік етеді. Менде осы екі арғымақтан басқа өзіме лайық сенімді ат жоқ. Сондықтан екеуін бірдей сізге тарту ете алмаймын. Енді сіз қадірлі қонағым болғандықтан, екеуінің бірін таңдап, қабыл алыңыз”, – деді. Ол әрқайсысын жеке-жеке сипаттап шықты. [Саид] хан біреуін алды. Ол арғымақтың аты – **Оғылан Түрүк** еді. Шынында да ондай арғымақ бұдан кейін туған жоқ. Қасым хан тағы бірнеше атты сол үйірден таңдап алдына тартты.

Сонан соң қымыз құйған кесені ханның алдына ұстап тұрып Қасым хан: “Біздің қонақ сыйлауымыз осылай, егер дәмін татсаңыз, біз үшін үлкен мәртебе болмақ”, – деді. [Саид] хан осыдан біраз уақыт бұрын ішімдікті қойып кеткен еді. Сол себепті айтты: “Қойғаным бұл оқиғадан бұрын болған, енді сертті бұзуым қалай болар екен?”. Қасым хан: “Бұрын айтқанымыздай, біздің сусынымыздың ең кереметі – жылқының сүті және одан дайындалатын тамаша өнімдер болып табылады. Сізге қандай қызмет көрсетіп, көңі-

ліңізден қалай шығу керектігін біле алмадым. Сіздей қадірлі қонақ біздің дастарқанға күнде келе бермейді, мен күнде қонақ иесі бола бермеймін. Ал мен сізді дұрыстап қонақ етіп, күте алмасам, бұл арманды қалай орындай алар екенмін?” – деп, басын төмен салып, жүзінен мұңайған нышан көрінді. [Саид] хан ашылып Қасым ханға: “Сертті бұзамыз, қымыз ішеміз!” – деді. Қасым хан қатты қуанды. Әңгіме басталып кетті. Жиырма күн қатарынан қымыз кесесін тауыса босатып ішіп жүрді.

Жаз айының аяғы еді. Қазақтар Қасым ханның бұйрығымен қыстауға бет алды. Қасым хан: “Бұл кезде Шайбанға шабуыл жасау қиын. Дала елі қазірден қыстың қамын жемесе болмайды. Қазіргі кезде жорық жасау мүмкін емес. Әрі бұл уақытта әскер де жинала алмайды”, – деді. Ол сыпайы түрде жорыққа шығудан бас тартты. Кешірім сұрады. Бірақ әр түрлі адамгершілік, ілтипат көрсетіп, [Саид] ханға қайтуына рұқсат етті. Өз көшін туған жеріне қарай бастады. [Саид] хан өте қатты риза болып, қайта Әндіжанға аттанып кетті. Шілде айы еді. Хан сарайының бір ғалымы бұл оқиғаға “Ашти-йи казак” (“Қазақтармен татуласу”) сөзінен хронограмма тапты ол – 919 (1513–1514)-жыл...

Осы аралықта өзбектердің жорығы жайында хабар келді. Бұл былай болған еді. Өткен жылы Қасым хан келген еді, көктем бойы өзбектер одан үрейленіп жүрді. Қыс түсіп, Аму өзенінің суы тартылғасын Шаһ Исмаил Әмір Нәжімнің өшін алуға келетін шығар деп ойлады. Осы себептермен сол жылы Шайбан [өзбектері] жорықтан бас тартқан болатын. Шаһ Исмаил сол күндері Иракқа кетті. Ал Қасым хан туған жеріне қайта оралды.

Шайбан өзбектерінің сұлтандары Әмір Нәжімді өлтіріп, түрікмендер мен [Бабыр] патшаны жеңгеннен кейін – бұл оқиға қыстың басында 918 (1512-жылы, желтоқсанда) жылы болған еді, сол жылдың көктемінде 918-жылы (1513-ж. наурызында) Шаһ Исмаилдың кек алуына һәм Қасым ханның баса көктеп кіруінен қорқып, бұл жайында жоғарыда айтқанбыз, маңайындағы иеліктерге шабуыл жасай алмады. 919 (1513)-жылы қыста Шаһ Исмаил Сұлтан Сәлімге қарсы соғысуға атбасын Иракқа бұрды. Қасым хан өз иеліктерін басқару үшін Аспараға жүріп жетті (Мұхаммед Хайдар Дулати, “Тарих-и-Рашиди”. “Тұран баспасы”, 2003. 308–310, 313-бет).

* * *

Жәнібек ханның оғландарын (ұлдарын) бұл заман тағы еске түсіреміз. Оның ұлдарынан немерелеріне дейін тарқалып көп ұрпақ өсіп-өнді. Бірақ олардың әрбірі бір ұрық [әулет] болып өз уәлаяттарында патшалық құрып билеп өтті. Сондықтан атақ-даңқы осы заманға дейін белгілі мәшһүр болды.

Ең алдымен айтылатыны – Қасым хан, Жаған бегімнен [бәйбішеден] туған еді. Біраз жылдар бойы атасы бастараптағы уәлаяттарды бағындырды. Оның хиякасы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр. Оның ұлы Хақназар хан Ханық сұлтан ханымнан туған еді. Оның да атағы мен абыройы туралы көп айтылады. Алайда Хақназар хан өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған. Бұл күндері оның ұлдарынан патшалық тайды.

Қамбар сұлтан әрқашанда Қасым ханмен бірге болды, оның әскерлерінің бас қолбасшысы болды. Оның ұрпақтарының ешқайсысы патшалық құрмады (**Қадырғали Жалайыр. “Шежірелер жинағы”, Қазақстан, 1997, 121–122-бет).**

* * *

Ендігі айтар бірер сөз – Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде Шығыс жазба деректеріндегі мәліметтер әртүрлі жылдарды айтады. Дулати мен Хайдар Рази 1518–19-жыл десе, Гафари және басқалар 1523–24-жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518–23-жылдар аралығындағы кез келген жылды көрсетуде. Қайтыс болған жылды анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А.Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

1519-жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520–21-жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3–4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп естиді. 1521-жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III-Василийге жіберген хабарламасында: “Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды”, – деп жазады. Бұдан басқа

көздер арқылы да Москвадағы Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек. 1521-жылы июнь (маусым – Б.Н.) айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III-Василий “Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп-қонып жүр”, – соны анықтауға тапсырма береді. Бұдан көріп отырғанымыздай, Қасым хан 1518-жылы не 1523-жылы емес, 1521-жылдың қысында қайтыс болған.

Қадырғали Жалайыри Қасым хан Сарайшықта жерленген деп жазады. Ол түсінікті де, өйткені Қасым ханның соңғы 3-4 жыл өмірі Еділ-Жайық бойында өтеді. Қайтыс болғанда Ұлы хан 75–76 жастар шамасында болады (**Берекет Кәрібаев. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымының кандидаты. “Егемен Қазақстан”, 24-желтоқсан, 1996-жыл.**

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

20

*1499-жылы Ұратөбеде (Тәжікстан) туып,
1551-жылы Кашмирде өлген*

* * *

Тұңғыш қазақ-моғол тарихшысы;

Моғолстан және моғол хандары жайлы тұңғыш мәлімет беруші ғалым;

Қазақ хандығының қашан, қалай құрылғандығын, кімдер құрғанын тұңғыш жазған тарихшы

* * *

XVI-ғасыр перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ Геродоты атанған тарихшы, ғұлама, ақын әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулати, ныспысының өзінен-ақ көрініп тұрғандай, ол — қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі дулаттан шыққан ойшыл. Ғалымның бабалары осы күнгі Орта Азия Қазақстан һәм Шығыс Түркістан жерінде орта ғасырларда болған Моғолстан атты мемлекет басында тұрған белгілі бектерді.

Ұлы ғалымның толық аты-жөні Мырза Мұхаммед Хайдар бин Мұхаммед Хайдар, яғни оның өз аты Мырза Мұхаммед Хайдар. Бірақ ол өзін әдетте қысқаша Мырза Хайдар деп атаса, Бабыр (1483-1530) оны Хайдар мырза деп көрсетеді. Әкесінің ныспысы — Мұхаммед Хүсейін. Ал бабасының есімі — Мұхаммед Хайдар мырза, яғни ұлы ойшылға бабасының есімі берілген. Бабасы дегеннен шығады, оның арғы аталары Қашғарияда тұрып алма-кезек ел басқарғанымен, 1480-жылдары Мұхаммед Хайдар мырзаны ағасы Сансыз мырзаның баласы Әбу Бәкір биліктен айырып, Орта Азияға кетуге мәжбүр еткен. Әйтсе де оны Моғолстан әміршісі Жүніс хан (1415-1487) жақсы қарсы алады. Өйткені олар ежелден көңілі жақын дос-жарандар еді. Жүніс хан мен Мұхаммед Хайдар мырза қайтыс болған соң, олардың қатынасын балалары да жалғастыра берді.

Мұхаммед Хүсейін сондықтан да Жүніс ханның баласы Махмұт хан атынан Ұратөбе аймағына (қазір Тәжікстан жерінде) әкімдік етті. Мырза Хайдардың 1499-жылы Ұратөбеде тууының себебі де, міне, осында еді.

Осы ретте айта кетер жәйт: Жүніс ханның бәйбішесі Исан Даулат бегімен үш қызы болған. Үлкені Миһр Нигар ханым мен ортаншысы Құтлық Нигар ханым Әмір Темір әулетінен тараған Сұлтан Ахмет мырза мен Омар шейх мырзаға ұзатылса, ал кіші қызы Хуб Нигар ханымға 1493-1494-жылдар шамасында Мұхаммед Хүсейін үйленген. Омар шейхтен 1483-жылы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр, Мұхаммед Хүсейіннен 1499-жылы, жоғарыда айтылғандай, Мырза Мұхаммед Хайдар туды, яғни түркі халқының болашақ екі ұлы перзенті осылай өзара бөле боп келетін.

Бірақ олардың бейбіт өмірі ұзаққа созыла қойған жоқ. Дешті Қыпшақ елінің басын құрап үлкен күшке айналдырған Мұхаммед Шайбаниге тақ үшін таласып қырық пышақ болған Әмір Темір әулеті жөнді қарсылық көрсете алмады. Соғыс-соғыс Бабыр Кабулге кетуге мәжбүр болды. Көшпелі өзбектер, сөйтіп, 1500-жылы Бұхара, 1501-жылы Самарқан, 1503-жылы Ахсикент пен Ташкент, 1504-жылы Әндіжан, 1505-жылы Хорезм, 1507-жылы тіпті Ирандағы Герат, Астрабат, Гурганга да ту тігіп үлгерді. Басқыншылардан Мұхаммед Хүсейін де бас сауғалауға мәжбүр болды. Ақырында құрығы ұзын Мұхаммед Шайбани кісілерінің қолынан ол қырыққа енді ғана толғанда 1508-жылы Гератта қазаға ұшырады.

Болашақ ғалым әуелі Самарқан мен Бұхараны паналағанымен, өміріне қауіп төнген соң, әкесінің достарының көмегімен 1508-жылдың соңғы айларында таулы Бадахшан жақтағы Қала-и Зафар қамалына келеді. Өйткені ол әлі де Сұлтан Махмұт мырзаның баласы Хан Мырзаның (?-1521) қолында болатын. Мырза Хайдар онда 1509-жылдың қарашасына дейін болған. Соңыра бірақ Бабыр арнаулы кісілер жіберіп оны Кабулге алдырады.

Аз ғұмырының ішінде талай қуғын-сүргін һәм жол азабын көріп барған Мырза Хайдарды Бабыр жақсы қарсы алған. Бауырына басып жас мырзаның басынан сипайды. Мұның өзі де үлкен адамгершілік, үлкен кісілік еді. Әйтпесе Бабырдың өзі де қиын жағдайды басынан кешіп жатқан-ды. Кабулге келіп қоныстанғанымен, іштен шыққан дұшпандары мен ізіне түскен жауларының оны анталап тұрған кезі болатын. Соған қарамай, Бабыр жас бөлесіне қолынан келгенінше жақсылығын аямаған.

Осы тұста, яғни 1510-1513-жылдар арасында сол кездегі қоғам, өмір, тіршілікке бетбұрыс жасаған бірнеше оқиға болды.

Мысалы, 1510-жылы Мары түбінде Мұхаммед Шайбани ханның Иран шаһы Исмайыл I-ден ойсырай жеңіліп мерт болуына байланысты, көшпелі өзбектер біраз есенгіреп, абдырап қалды. Осыны пайдаланған Бабыр Бұхара мен Самарқанды басып алды. Мырза Хайдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммедтің де жолы болып шайбандықтардан Әндіжанды тартып алғандығы жайлы Кабулге хабар жетті. Бабыр оларға өз сарайында тұрып жатқан Жүніс ханның немересі Саид ханды үлкен күшпен көмекке аттандырды. Кейінірек оларға Мырза Хайдар да келіп қосылды. Сөйтіп, олар біраз уақыт Әндіжан аймағында билік етті. Бірақ көп ұзамай Қашғардың әкімі Әбу Бәкір Әндіжан өлкесін Саид ханнан тартып алмақ боп атқа мінді. Әйтсе де ол Әндіжан түбіндегі Тұтлық деген жерде жеңіліп, Қашғарияға қайта шегінді.

1514-жылы шайбандықтар көп әскермен енді Әндіжанға бет алды. Көмек берер Бабырдан қайран жоқ еді. Өйткені ол топтаса, ұрандаса тағы да ұмтылған шайбандықтарға тойтарыс бере алмай, Бұхара мен Самарқаннан айрылып қалған. Саид хан тығырыққа тірілген соң кеңес шақырады. Сейіт Мұхаммед мырза өздерінде шайбандықтармен күресер күш жоқ екенін айта отырып, Қашғарияға жорық жасау ойын ортаға салады. Өйткені Тұтлық түбіндегі жеңілістен кейін Әбу Бәкірдің өз әмірлерімен араздасып, оларды жанынан аластап, қасына ата-тегі төмен қаратобырларды жинағанын, халықтың озбырлық көріп, күйзеліске ұшырап қанауда отырғанын және т.б. жәйттерді тілге тиек ете келе барлық күшті енді Қашғарияны басып алуға жұмсау керектігін ұсынады. Санд хан бұл ойдың өміршендігін пайымдап, 1514-жылдың сәуір-мамыр айларында өзіне ерген сенімді қосындарымен Әндіжанды талақ тастап, Қашғарияға аттанды. Онда ол Қашғар, Жаңа Хисар, Жаркент, Қотанды алып Әбу Бәкір әскерлерін тағы да талқандайды. Сөйтіп, онда жаңа мемлекет — Қашғар хандығының ірге тасын қалайды.

Осы жерде Мырза Хайдар 17-18 жылдай тұрған. Сонда оқыды. Ержетті. Мырза Хайдар бірте-бірте осы мемлекеттегі үлкен лауазымдарға ие бола бастайды. Кейде хан, арақідік балалары Әбдірашид һәм Іскендірмен бірге қол бастап 1524—1525-жылы осы күнгі Қырғызстанның оңтүстігі, 1527—1528-ж. Кәпірстан (Ауғаныстанның солтүстігіндегі Ислам дінін қабылдап үлгермеген таулы өлке), 1529—1530-жылы Бадахшан, 1532—1533-жылы Кіші Тибет пен Кашмирге жорық жасайды.

1533-жылы шілдеде жорықтан қайтып келе жатқан Саид ханның қайтыс болуына байланысты, Жаркенттегі хан тағына оның үлкен ұлы Әбдірашид отыра салысымен “мемлекет тізгінін тартып алар” деген және т.б. қауіптен әуелі Сейіт Мұхаммед мырза Дулатиді отбасымен өлтіртеді.

Жорықта жүріп осындай қайғылы хабар алған Мырза Хайдар өз өміріне де қауіп төнгенін сезіп, біраз уақыт Тибет пен Балтистанда, сонан соң Бадахшан мен Кабулде болып, ақыры Үндістандағы Бабырдың балалары Камран мен һумаюнды іздеп жолға шығады. Әуелі ол Лаһорда (қазіргі Пәкістанның ғылыми, мәдени орталығы) бірнеше жыл тұрғанымен, соңыра һумаюнға біржола қосылып, оның да жорықтарына қатысады.

Мырза Хайдар 1540-жылдың күзінде сенімді серіктері мен сарбаздары һәм һумаюн берген аз ғана қосындармен бір оқта шығармай Кашмирді алып, онда 11 жыл жеке патшалық құрған. Сөйткен дарын 1551-жылы жергілікті тайпалардың көтерілісі кезінде қапыда қазаға ұшырайды.

Мырза Хайдар Дулати Кашмирде билік құрған жылдары сол кездегі ғылым, білім тілі — парсы тілінде “Тарих-и Рашиди” атты Орталық Азия халықтарының ХІІІ–ХVІ-ғасырлардағы тарихи, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы өзі көрген, куәсі болған һәм басқа да жайттерді баяндайтын классикалық тарихи шығарма жазған. Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіпті түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Европа ғалымдарының да ешқайсысы сол себепті күні бүгінге дейін “Тарих-и Рашидиге” жүгінбей, оған соқпай кете алмайды. Сөйтіп осы күнгі қазақ, өзбек, ұйғыр, ауған, үнді, тибет халықтарының тарихын зерттеушілер “Тарих-и Рашидиді” аттай алмайды. Еңбек осысымен де құнды, осысымен де бағалы. Бұл дүниені ағылшындар ХІХ-ғасырда Индиядан тауып, белгілі шығыстанушы Дэнисон Росстың тәржімасымен 1895, 1898-жылдары бірнеше рет Лондонда жариялады.

“Тарих-и Рашидиді” Мырза Хайдар 1542-1546-жылдар шамасында Кашмирде жазған. Ол “екі дәптерден”, яғни екі үлкен бөлімнен тұрады. Біріншісінде Мауараннаһрдегі Шағатай әулеті құрған мемлекеттің ХІV-ғасыр ортасына таман біржола ыдырап, екіге бөлінуі, Моғолстан деген атпен белгілі болған шығыс бөлігіне беделді де белгілі тайпа-дулаттардың күшімен дербес мемлекеттің негізі қаланғаны жайлы баяндалады. 1348-жылы осы мемлекетке дулаттардың қолдауымен Тоғылық Темір (1330-1362) хан болады.

“Тарих-и Рашидидің” бірінші дәптерінде, сөйтіп, сол Тоғылық Темір ханнан өзін Жаркенттен кетуге мәжбүр еткен Әбдірашид (1512-1560) ханға дейінгі Моғолстанда екі ғасырға жуық уақыт арасында болған түрлі тарихи оқиғалар әңгімеленеді...

Мырза Хайдар жазбаларының ішіндегі ең қызықтысы, әрине, халқымыздың тарихына қатысты мағлұматтары. Ғалым нағашы атасы Жүніс хан мен Уәйіс ханның кенже ұлы

Есенбұғаның (1418-1462) билікке таласар тұстарын сөз еткен. Дешті Қыпшақ әміршісі Әбілхайырдан көп қысым көрген Жәнібек хан мен Керей ханның одан бөлініп, Моғолстандағы Шу мен Қозыбасыға келуі, Есенбұғаның оларды жылы қарсы алуы, соңыра Әбілхайыр қайтыс болған соң, оның ұлысынан үдере көшкен елдің Жәнібек хан мен Керей ханға келіп қосылуы жайлы айтуды да автор ұмытпаған. “Олардың ұзын саны жүз мыңға жетті және оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының билік құра бастауы 870 (1465) жылдан басталады. (Бірақ оны) Алла (бізден) артық біледі”, – деп жазады Хайдар мырза.

Сөйтіп, қазақ халқының тарих сахнасына көтерілген кезі 1465-жыл екенін Мырза Хайдар шегелей көрсеткен. Одан әрі ол: “содан қазақтар 940 (1533-34)-жылға дейін Өзбекстанның көпшілік бөлігін тұтастай биледі. Керей ханнан кейін Мұрындық хан болды. Сонан соң Жәнібектің баласы Қасым хан болды. Ол өз билігін Дешті Қыпшаққа да жүргізді. Оның әскері миллионнан да көп еді. Жошы ханнан кейін бұл үйден одан күшті хан шыққан емес. Қасымнан соң оның баласы Мамаш хан болды. Одан кейін... Таһир хан болды. Осы Таһир хан тұсында қазақтар көп қиыншылықтарға ұшырады. Одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан болды... Қысқаша айтқанда, Есенбұға ханнан бастап Рашид ханға дейінгі аралықта моғолдар мен қазақтар тату-тәтті, тыныштықта өмір сүрді, бірақ оны Рашид сұлтан бұзды”, — деп жазады ол. Ол рас та еді. Өйткені Әбдірашид сұлтан қазақтардан гөрі шайбандарға көп мойын бұрған, солардан одақ іздеген.

Сөйтіп, қазақ хандығының құрылуы мен тыныс-тіршілігі, өмір сүрген ортасы һәм көршілерімен болған қарым-қатынасы жайлы Мырза Хайдар секілді осылай жүйелі де нақтылы жазған қаламгерлер кемде-кем-ақ...

Сөйтіп, ол Моғолстанның хандары, дулаттан шыққан әмірлері мен бектері, онда өмір сүрген түркі тайпаларының тыныс-тіршілігі, Әбілхайыр хан негізін салған Дешті Қыпшақ мемлекеті, ханның өзі және ұрпақтарының Мәуараннаһрде, сондай-ақ қазақ хандары һәм сұлтандарымен жүргізген соғыстары жайлы тәптіштей баяндаған. Мырза Хайдардың бір ерекшелігі ол шындықты жазады. Тарихшы ғалымдардың барлығы да оның осы бір қасиетіне ерекше мән береді...

“Тарих-и Рашидиде” тек тарих ғана емес, сондай-ақ әдебиет пен тіл, мәдениет пен өнер, әдет пен ғұрып, география мен этнография мәселелері де ұмыт қалмаған. Онда сондай-ақ сөз болған ру, тайпалардың тіршілік-тынысы мен салт-санасы, ауыз әдебиетінің үлгілері жайлы да әңгімеленеді. Соған қарап “Тарих-и Рашидиді” XIII–XVI-ғасырлардағы Орталық

Азия елдерінің белгілі бір дәрежедегі энциклопедиясы деуге де болатын сияқты.

Ал “екінші дәптердің” тарихи-мемуарлық сипаты басым. Мұнда ол өз өмірбаянын тілге тиек еткен әрі оны “бірінші дәптерден” бұрын туындатқан. Мұнда автор өзі көріп куәсі болған, басынан өткен немесе естіген жәйттер мен түрлі оқиға-ларды қаз-қалпында баяндаған. Сол себепті де оны әдеби-мемуарлық көркем прозаның туған әдебиет тарихындағы алғашқы үлгісіне жатқызуға болады. Онда сан қырлы суреттер мен эпитет, тенеулер, айшықты образдар мен сол заманда өмір сүрген ақындар мен ойшылдар, көрнекті сөз зергерлерінің шығармалары ғана емес, сондай-ақ автордың ойға толы өз жыр жолдары да ұшырасады.

Сонымен, “Тарих-и Рашиди” ұзақ жылдар бойы қолжазба күйінде қалып келгендігіне қарамай, жоғарыда айтылғандай, тарихи деректерінің нақтылығы, дәйектілігі, айқындылығы мен шынайылығына орай Үнді, Пәкістан, Ауғанстан, Иран һәм Орта Азияның ғана емес, сондай-ақ Ресей, Еуропа елдері ғалымдарының да назарын аударумен келеді.

Шоқан Уалиханов Мырза Хайдар еңбегін зерделей оқып, құрметпен қараса, В.В.Вельяминов-Зернов (1830-1904) оның қазақтар туралы деректеріне қатты мән бере келе: “Мұхаммед Хайдардың жазғандарының барлығы дерлік жаңалық және мейлінше қызғылықты. Әңгімелері қай жағынан қарағанда да үйлесімді және жауапкершілігімен ерекшеленеді”, — дейді. Әрі ол ғалым жазбаларын өз зерттеулеріне молынан пайдаланған. Орта Азия мен Қазақстан тарихын кеңінен зерттеген В.В.Бартольд те Мырза Хайдардың еңбегіне зор мән берген. Кеңес дәуірінде “Тарих-и Рашиди” жайлы қазақ ғалымдарынан әр жылдары Ә.Х.Марғұлан, Т.И.Сұлтанов, Н.Н.Мингулов, өзбек оқымыстыларынан Р.Г.Мукминов, С.Ә.Әзімжанова, Х.Хасанова және тағы басқалардың үлкенді-кішілі зерттеулері жарияланды. Әлкей Марғұлан Мырза Хайдарды қазақтың тұңғыш тарихшысы десе, көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза оны “Қазақ Геродоты”, “Қазақ тарихының атасы” деп орынды атаған (**Әбсаттар Дербісәлиев. “Мұхаммед Хайдар Дулати”, Алматы, 1999).**

* * *

Қасиетті ғылым барлық елдерге ортақ, әлем халықтары осы ғылым негіздерін бірдей қолдана отырып, өткен тарихтан қисса, хикаялар, аңыз-әңгімелер айтады және оларды тарих дерегі ретінде пайдаланады. Әсіресе түрік халықтарының тіршілігін жазуға аңыз-әңгімелер негіз болған.

Сондықтан мен, құдайдың құлдарының бірі, әрдайым бір Алланың құзырына ғана мұқтаж Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсейн гурган, ел ішінде Мырза Хайдар

атымен танымал болған пақыр мүмкіндігімнің аздығы және білімімнің кемдігіне қарамай, осы зор жұмысқа ден қойдым. Тағдырдың салған жүгі қаншама ауыр болғанына қарамай, ұлы [істі атқаруға] лайықты болуды қаладым. Дәл осы дәуірде моғол хандары өздері жаулап алған елдерден, мемлекет басқарудан, биліктен шеттеп, қол үзе бастады, сол себептен де олардың ішінен [ешкім] тарихын жазған жоқ еді. Моғолдар қазір де сахараны мекендеуде. Данқты, гүлденген дәурен тек ауыздан-ауызға айтылып келе жатқан тарихи аңыз-әңгімелерде ғана сақталып қалған.

Ал бүгін, 951 (1544–1545)-жылы, ол хикаяларды, аңыз-әңгімелерді есінде сақтап қалған адам кемде-кем. Егерде мен батыл түрде осы маңызды іске бел шешіп кірісіп, бет бұрмасам, моғол хандарының шежіресі тарих бетінен мүлдем жойылып кетеді-ау деген жүрек лүпілі еді бұл...

Менің анам, әжем және нағашы әпкелерімнің бәрі де хан тұқымынан шыққан, ханның әпкелері-тін. Әкем жағынан да осылай ханға жақындық туыстығым бар болатын. Оған қарамастан мен, тұлдыр жетім қалып, он үш жасымда Сұлтан Саид ханның қызметінде болдым. Оның маған деген әкелік мейірімі жетімдіктің қайғы-қасіретін көрсетпеді. Тіпті мені жақсы көргендігі, құштарлығы өз балалары мен ағайындары арасында қызғаныш тудырды. Жиырма төрт жыл хан сарайында тұрып әртүрлі өнер-білім, тәлім-тәрбие алдым, өмірім сән-салтанатты жағдайда өтті. Оқу, жазу өнерінен, өлең шығарудан, шығарма жазудан, сурет салудан, алтынмен аптаудан, сондай-ақ басқа қолөнер түрлерінен: асыл таспен безендіру, ағаш оюдан, зергерліктен, таспа тілуден, оқ жону, садақ ию, сауыт, кездік соғудан, жабу, ат әбзелдерін жасаудан қатарластарымның арасынан алдыма жан салмадым, құрылыс жұмыстарында, ағаш ұсталығы ісінде аса шеберлікке жеттім...

Мемлекет істеріне қажет барлық нәрселерде мемлекет жұмыстары мен соғыс әдістері, садақ ату, аң аулауды ұйымдастыруда нағыз ұстазым әрі тәлімгерім ханның өзі болды. Оның балаларынан көрген теперішімді ханнан көрген мейір-шапағатыммен салыстыра отырып, бұл қысқа тарихты оның перзентіне арнамақпын. Оны ол қабылдай ма, жоқ па, – өз еркі. Менің оған деген естелігім болып, одан – халыққа қала бермек (**Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарих-и-Рашиди”**. Алматы, 2003. 40, 43-бет).

ӨТЕЙБОЙДАҚ ТІЛЕУҚАБЫЛУЛЫ

21

XVII-ғасырда өмір сүрген

* * *

**Тұңғыш дәрігерлік кітап жазған қазақ;
Шешек вакцинасын тұңғыш тауып емдеген шипагер**

* * *

Өмірдің барша сәтінде келе бермейтін некен-саяқ келелі қуанышты халық даналығы “Өшкенің жанып, өлгенің тіріліп пе еді” дейтін аталы сөзбен сыпаттайды. Бес жарым ғасыр жалғанның жарығын көре алмай, енді ғана тіріліп отырған ғұлама ғалым, қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баянын” ғылымдағы, ұлт мәдениетіндегі осы бір жарқын шұғыла, келелі қуанышты “Өшкен жанып, өлген тірілді” десек, кем қалмаса, артық айтылған болмайды.

Өз алдына кемел медициналық ғылыми жүйесі, өз алдына кемел медициналық ғылыми атауы (терминологиясы), өз алдына бір төбе тану ғылымы бар, қазақ жазуы (арап әрпі), қазақ әдеби тілінде жазылған үш жарылғы, жеті кітаптан тұратын бұл бір жойқын қолжазба – дәу ғылым-нама. Мұнан тыс бес ғасырдан ілгері о дүниеге аттанған ғұлама ғалымның замандастарын былай қойып, арада 30 ата аралап, 21-ғасырға аттағалы отырған бүгінгі ұрпақтың да қолынан келе бермейтін керемет! Өзінен туған осындай керемет ұлдың араға 5 ғасыр салып барып жоқтан бар болғанын естігенде, оның туған халқы қалай қуанбасын!

Ғұлама ғалым кітабының бір жерінде “Сегіз ат сабылтқыны” ауызға алады. Қазір “Сегіз атсабылтқы” дәстүрі күнгірттеп, тілімізде тек “атсабылту” дейтін сөз тіркесі ғана сақталғанымен, кезінде қазақтың ат міну мәдениетінің өзі де үлкен бір ғылым, атқа қалай жүруде де өзіндік өре, әс-

петті мән болғаны байқалады. “Сегіз атсабылтқы” – аса бір шұғыл жағдайды білдіретін асығыс та қатты суыт жүріс. Осындай суыт жүріспен келе жатқан адам тіл қатысып жатпай-ақ, қарсы көрінген жерден “сегіз атсабылтқының” бірінен дерек береді. Ғұлама ғалымның “сегіз атсабылтқыны” бұлайша ауызға алып, ұмыт болған дәстүрімізді тірілтуіне оның сырқат белгілерін айыруы себеп болған. Әйгі етілуінше, “сүйінші сұрау” да осы “сегіз ат сабылтқының” бірі екен. Бүгін сол ұлы ғалымның шырағы өшкен еңбегі қайта жанып, мәдениет көгінен сөнген шұғыла тамып, ғылым түрі нұрланып жатса, мұндайда сұралмаған сүйінші қайда сұралып, мұндайда сабылмаған ат қайда сабылады, қалың қауымға ұлы еңбектің жүрек жарды ретіндегі осы бір сүйінші хабарын ұсынып отырмыз...

Тарихи дүниеде (әрине, шындық дүние де бұдан тыс емес) сол дүниенің авторының кім екендігін және оның қалай туғандығын анықтау – үлкен ғылыми мәселе. Басқа емес, жазба дүниенің иесіміз деп жүрген елдердің өзінде де мұндай даулар екінің бірінде кезігіп отырады. Тарихының білерінен білмесі көп болып отырған қазақ жөнінен алғанда, мұның өзі, әрине, онан да зор маңыз алады. Мына тұрған 14-ғасырдағы Қадырғали би Қосымұлы Жалайри жазды делінетін “Жылнамалар жинағының” иесінің кім екені мен “Жинақтың” қалай туғаны күні бүгін шытырман дау болып отырғанда, мұнан табаны күректей бес ғасыр бұрын жазылған еңбектің иесінің кім екендігі мен оның қалай туғандығын білу тіпті қиямет деуге болар. Бір есептен, осы қияметтің тууына басқа біреу емес, тағы да өзіміз себепші секілдіміз. Біткен аңсарымыз халыққа аумай, жазбаға ауып, өз дүниесін, өз тілін, өз мәдениетін өзі жарататын халық былай дейтін батыстың назариалық өлшеміне қол қусырған соң, ол қиямет болмай, не қиямет болады?! **Егер тарихты үзіп жұлмай, қазақ тілінің иесі қазақ халқының өзіне үңіліп, қазақ әдеби тілінің өлшемін сол халықтың тіл тарихынан қарастыратын болсақ, тарих бойы жалғасып келе жатқан, өз мағынасын өзі туғызып, өзін өзі түсіндіретін, екінші бір көлденең көздің дәлелдеуін керек етпейтін қазақ әдеби тілінің төл белгісі бұлттан шыққан күндей әлдеқашан өз нұрын жарқыратқан болар еді.** Ғұлама ғалымның “Шипагерлік баяны” осындай. Ол бізге жоғарыдағыдай қияметті тудырмайды. Иесінің кім, еңбектің қалай туғаны табиғи түрде жарыққа шығып, қазақ әдеби тілінің өз белгісі өзінде екені айқын көрінеді. Мәселен, кітаптың бірін-

ші бетінде: “Хан жарлық дестір жазмыш егер” деп жазылған (қолжазба, бірінші бет). Екінші бетінде: “Өтейбойдақ Тілеу-қабылұлы бин ұлұ иүз бин Зарман бин Албан Әл-Ақорда анданы” деп жазылған (қолжазба, 2-бет). Үшінші бетінде: “Өтейбойдақ Тілеуқабылұғлы бин ұлұ иүз бин Зарман бин Албан Әл-Құзорда” деп жазылған (қолжазба, 3-бет).

Бұдан біз иесінің толық аты-жөнін, яғни “хан жарлығы бойынша кітап жазған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы...” екенін білеміз. Десе де, “Қозы бұты, қой саны” емес, ғылымнамалық ұлы еңбек жөнінен алғанда, мұндай аты-жөн де жеткіліксіздік етеді. Иесінің тарихи өмірбаяны болу керек. Басқа жұрт мұны арнаулы жазады. Әйтпесе біз үшін мұның пәлендей бір оқасы жоқ көрінеді. Қазақ әдеби дәстүрінің арнайы өмірбаянға онша зәруі түспейді. Неге десеңіз, айтқан немесе жазған дүниесі егер сол автордың шын өзінікі болса, онда соның ішінен оның кім екені табиғи түрде-ақ өздігінен білініп отырады. Ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы да кітабында өзінің жоғарыдағы авторлық аты-жөнінен басқа арнаулы өмірбаян жазбаған. Солай да өзінің кім екені, тіпті, өң-түсі, бөгенайына шейін ап-айқын білініп тұрады. Мәселен, адамның тұлғалық сыпаты мен сыртқы органы қатынасын түсіндірген бір абзацтар, әрбір жеке адамның бітім, әлпет, өң, мінез, жыныс, ататек, мекен, жас және басқа жақтарынан бір-біріне мүлде ұқсамайтындық ерекшелігін ашалай келіп, ғалым өзін мысалға алады: “Атым – Өтейбойдақ Тілеуқабылдың ұлымын. Ататегім – ұлы жүз Зарман, Зарман ішінде Албан. Мекенім – Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жананда Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым – иіртеқ, сексен беске келдім. Бойым ұзын, қара торы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қап сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын” (қолжазба, 129-бет). Демек, адамның қарабасы жөнінде мұнан артық қандай сыпаттау болсын, өң-түс, ататек, мекен-жай, жас, туған жыл – бәрі де аян. Десе де, ғалым жөнінде мұнан да маңызды бір нәрсе бар. Ол – ғалымның қай жылдары дүниеге келіп, қай заманда жасағаны; айтылмыш Жәнібек хан, Жиренше шешендердің кім болғаны. Ғалым мұндай өзекті дүниелерді де ескермей қоймаған. Жәнібек хан – кәдуелгі қазақ хандығын алғаш құрған Әз Жәнібек, Жиренше – оның (Жәнібек ханның) шешені. Мәселе былай, “Жананда” деп жоғарыда атап өткеніндей, Жиренше шешен

ғалымның жан досы екен. Оған байланысты бір жайды ғалым былай баяндайды: “Былтыр Жиренше шешен сырқаттанып, шипа ем дарым зәруатын дарымдап сауыққан соң, ой тапсырғы (көңіл бөлуге тиісті істер) айтып қайтқалы жатқанда, Жиренше шешенге Әз Жәнібек хан тақай шақырғыш (ерекше шақырушы) жасауылын жіберіп шақыртыпты”. Жиренше: “Сен қайда бармақсың, бірге жүрейік”, – деп, болмаған соң, “Мен оған ілесіп Ақордаға бардым. Барсам, Жәнібек хан тағында, уәзірлері...екіге жарылып, ортасын бос тастап отырысыпты” (қолжазба, 17-бет). Демек, Жиреншенің ертуімен Ақорда барған ғалым ойламаған жерден Жәнібек ханмен жолғасады. Өзінің ғылымнамалық ұлы еңбегінің жазылуына себепші болған бұл жолғы жолғасуды ғалым толығырақ жазады. Хан бара сала Жиреншемен жауаптасып, одан көп нәрселерді сұрайды. Жиренше сұраған әрқандай нәрсесінің бәріне іркілмей жауап беріп отырады. Сұрай-сұрай бір сөздің кезегіне келгенде хан одан: “Бізде қара үзген шипагер бар ма?” – дейді. “Тақсыр,.. алдыңызда”, – деп Жиренше ғалымды нұсқайды және біраз әңгімеден соң назарын ғалымға аударған хан шипагерліктің өзекті мәселелері жөнінен, мәселен, сырқат қалай пайда болады? Жазылмайтын қандай сырқат бар, т.б. бірқанша сұраулар қояды. Ғалым сұралған сұраулардың бәріне мүдірмей жауап беріп, сырқаттардың шығу, таралу, емдеу негіздерін қолмен қойғандай түсіндіреді. Жауапқа ханның қатты иланып, қол қойғаны сонша, ғалымның дәлелдеген кейбір ғылыми анықтамаларын, мәселен, жеті атаға толмай қыз алысса, қандық уылмаға (қан уылу) душарласып, ұрпақтың жарымжан, кемтар болып қалатынын сол кездің өзінде-ақ дереу басшылыққа алып, табанда хатшыларын шақырып: “Күллі алаш ұранлы бұқараларымның өздерінің және ұрпағының мінсіз болмағы шарты үшін ... жеті атаға толмай қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт”, – деген жарлығын жаздырып, “алтын мөрін басып”, қолма-қол шабарман аттандырып, жарлықты атқаруға уәзір Жарнаманы бұйырады (қолжазба, 54-бет)...

Демек 1470-жылы “Шипагерлік баянын” бастап жазған ғалым 1470-жылдардың орта шенінде, яғни 1475-жылдары (тарихи деректер Әз Жәнібек ханның өлгенін осы тұсқа туралайды) алғашқы нұсқасын аяқтап, ханға енді тапсырамын дегенде, жаудың ордаға жасаған тұтқиыл шабуылы-

нан хан қаза тауып, шипагердің өзі әрең қашып құтылады. Ғалым жазған бұл деректер тарихи шындыққа әбден үйлеседі. Жәнібек ханның XV-ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде дүниеден көшкені, онан соңғы бес жылдың толассыз жаугершілікпен өтіп, хан тағына тек 1480-жылы ғана Бұрындық (Мұрындық) ханның отырғаны мәлім.

Жәнібек ханың қаза болуы шипагерге едәуір ауыр тиген...

Кітапты сақтап келген мұрагер ұрпақтарының жазып қалдыруына қарағанда, ғалым 95 жасқа келгенде көз жұмады. Қашан көзі жұмылғанға дейін “ұрпақтардың игілігі” үшін бұл бір қасиетті кітабының “түзейтінін түзеп, күзейтінін күзеп, жөңдей береді (қолжазба, 58-бет). Тіпті қаратұяғынан қайыр кеткен шақта да: кіндіктес інім Топайға тапсырамын. Өткен іс өтті. Өлер шақ таяды. Мезгілсіз шақырған шақырауықтай (әтеш) дестір таңлай тұрлауы (кітаптың туылуы) болып осы жазылды. Бұл соңғылыққа үлгі де болар. Олайы білімнің тіккеуікпен құдима қазғандай (инемен құдық қазғандай) қиын екеніне көзі осыны оқығанда жетіп те қалар. Өмірлеу жөрелгісінде ұғынар”, – деп, (қолжазба, 57-бет) соңғы ұрпақтарды өздеріне қалдырған бұл бір асыл кітаптың қадірін білуге үндейді...

Кітаптың екінші бір жерінде мұнан да ілгерілей түсіп, Жүсіп Баласағұнның түп мәнге бойлай алмайтын, сөйте тұрып, мені неге ұстаз тұтпайсың дегендей басқаларға жөн көрсетіп қортандайтын жұқаландығын да ашық әзіл етеді:

Әйтсе де көкірегі ояу, шалымды ғалым жалпы жағынан Баласағұн Жүкеңді де қатардан қағып тастамайды. “Мейлі Әбунасыр болсын, Жүсіп Баласағұн болсын, мейлі мен болайын, біріз, бір тілектіктерміз. Ол екеуінің менен артығы жырлауыл, сөйлеуіл шижаламада (қалам) ғана. Сонымен қоса үшеуімізге ортақ теңдік шопан үсті бозторғай ұяламдықтап жұмыртқалағандықты таппақ (Қой үстіне бозторғай жұмыртқалауды қарастырмақ). Таксыр аллажар, сіздің арманыңызда осындаулық. Әбунасыр жеті тіл сөйлемелігі айқын ұғыныс”, – дейді (қолжазба, 3177-бет) ғалым...

Баста атап өткеніміздей, бұл бір жүрек жарды ретіндегі шағын сүйінші хабарымыздың борышы – “Шипагерлік баянды” талдау емес, оның ғылымнамалық ұлы маңызы жөніндегі хабарын ғана жеткізу. Шынына келгенде, өз алдына толық медициналық ғылыми жүйесі, өз алдына ғылыми атауы, өз алдына бір төбе дәрі тану ғылымы бар, қазақ шипагерлік білімінің үш шың, алты белесі деп

аталатын медицина салаларының баршасын қамтитын дәу ғылыми еңбекті талдау арқылы түсіндіру мүмкін де емес. Мәселен, қараузген шипагер адамнан шығатын тердің өзін “тер қасқанғы, тер жасқанғы, тер астарлы, тер жасқарлы, тер бастаңғы, тер саспалы, тер қашпалы, тер тастаңғы, тер майланғы” деп тоғыз түрге бөлген екен (қолжазба, 3559-бет). Мұндай дүниелер түсіндіруге қайдан болсын. Тек әркімнің өзі “Шипагерлік баяннан” тікелей оқығанда немесе кәсіп етіп әмәлиатына араласқанда ғана ұғына алатын жұмыс. Дегенмен кітаптың ғылымилық өресіне қатысты өзімізді тандандырған кейбір мәселелерді атап кетпеске де болмайды. Ғалым: “Сау денелі адам – ыстық, суық, кебір-сұйқыл, қатаң-босаң, сіңірім-шығарым, ояу-тыншу сынды он жаралыстық түрден құралып: кеңістік, тұрақ, жарық, қараңғы, ыстық, суық, алты тұрғыға тұрақтанады. Адамзат – осы тұғырлардың өзара араласым, сыйласым, жарасым, сәйкесім, ұштасым тапқан тұлғалық бітістігі. Бұл тұрғылар тойда айтысқан қарама-қарсы екі әріптес тақылетті үш топ. Бірі енді бір жағына шартсыз кезек беріп айтысты жалғастырғанындай, әрбір тұғырдың кезеңі біткен сайын енді біреуіне жол беру жерелгілік жүлдісі. Осылайша іркіліссіз, толассыз, шашаусыз кезектесіп, адам затына және оның несіптік ризығына тіршілік жолын ашады. Бірі біріне орын беріп, бірі біріне айналады. Бұл мәңгі толастамайды” (қолжазба, 81 және 156-беттер). Көріп отырсыздар, ғалым адамның өзінің материалдық денесіндегі он түрлі материалдық қозғалыстың бірлігі, оның түп қазығы алты тұғыр, яғни жаратылыстық орта, олар толассыз бір-біріне орын беріп, бірі біріне айналуға дейді. Былайша айтқанда, ғалым адамның өзін қарама-қарсылықтың бірлігі, ескі мен жаңаның алмасуы деп біледі. Және қарама-қарсылықтың бұл бірлігін қазақтың өз тұрмыс салт-санасындағы айтыс өнеріне, айтысқан әріптестеріне теңей отырып түсіндіруі тіпті қызық. Тіршілікті бұлайша материалистік жолмен түсіндіруі ғылым дүниесіне 1870-жылғы Энгельстің “Анти-диурнигінен” белгілі. Бізді тандандырған нәрсе: қараузген шипагер мұны одан 400 жыл бұрын қолданған. Енді бірі-шешек вакцинасы. “Шешек ел басына торғай қаққан тарыдай қырғын салған бір жылы”, ел қамы үшін күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылған шипагер жар құлағы жастыққа тимей, тәжірибеден тәжірибені жасап жүріп, ақыры шешек суын табады. Табу жолы аса қара-

пайым: “Баланың шешек ірінің алып тананың шап терісін тіліп, қан шыққан соң жағады. Бір жұмадан соң, жұдырықтай болып томпиады. Томпақты жарып, камсек курай қуысымен бүйрек қабына құйып, күн тимейтін салқын орынға қойып, ағашты қаламдай үшкірлеп, шешек баланың білегіне жағып, жаққан жерді инемен сызып қойса болғаны”, – дейді (қолжазба, 707-бет) шипагер. Қазіргі медицина бұл ғылымның атасы ағылшын шипагері Эдуард Женнер ол 1796-жылы тұңғыш рет шешекке қарсы вакцина егіп, шешек бір шыққан адамға шықпайтынын дәлелдеді дейді. Бізді таңдандырған нәрсе: қарауызген шипагер Өтейбойдақ Тілеу-қабылұлы шешекке қарсы бұл вакцинаны Эдуард Женнерден 350 жыл бұрын табады. Бүкіл денесі түгел үсініп, денесінде сулық шыбыны қалған жанды “тұншықтырма” делінетін емдеу жолымен ада-күде жазу да (қолжазба, 303–305-беттер) шипагердің тағы бір кереметі. Бұл секілді адамзат медицина ғылымына қосқан еселер “Шипагерлік баянда” баршылық...

Халықтың өзі жөніндегі нәрселердің өзінен табылатынына “Шипагерлік баян” ешбір шек келтірмейді. Біздегі бұрынғы қырсықтардың көбі, осы халықты көзге ілмеуден туған жайы бар. Сауатымызды ашсақ, оның үстіне шет жұрттың бірер тілін біліп, азды-көпті жазба мәдениеттермен таныссақ болғаны. **Үш мың жылдық тарихы бар халқымыздан отыз жастағы өзіміз білгір болып шыға келеміз.** Халықта ештеңе жоқ және ештеңе білмейтін секілді...

Қазір халық ұлылығы өз кеудесін көрсетіп, “Шипагерлік баян” сахнадан бой көтеріп, “Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа” қарсы алдыдан түрегелген шақта әлгі өзіміз түшкіріп, өзіміз: “Бер, тәңір!” – деп немесе шет жұртқа бір тәңір дегізіп жалданып жүрген талай өтірігіміздің шиканы жарылып, шиі шығатындай түрі бар. Ұлы еңбектің ғылымнамалық сыпатын аша түсетін мұндай дүниелердің де кейбірін атай кеткеніміз теріс болмас. Мәселен, “Күллі алаш ұранлы қазақ” деген сөзді Әз Жәнібек хан өз аузынан айтады (қолжазба, 54-бет). **Мұнан бұл кезде, яғни он бесінші ғасырда, алаш ұранының әбден қалыптасқан байырғы дүние екендігі байқалады.** Олай болса, оның шығуы, әрине, одан да арыда. Алашты қойып, Алашордасының өзі сол күнде халықтың байырғы бейнелі сөзіне айналып болған. Сүйектің дене

күрлысындағы атқаратын қызметін сыпаттағанда, шипагер: “Сүйек алашордасындай еңсені тік көтертіп тұрмақ”, – дейді. Ал қазақтың жүздері туралы әңгімеге келсек, өзінің ата тегін “Ұлы жүз Албан” деп шипагер қолжазбасының тұңғыш бетіне жазғаны, бұл кездің 15-ғасыр екені белгілі...

Бәрінен де маңыздысы – “Күнби” есімі. Қазақта “Патша” яғни “Теңдессіз хан” деген мағынаны білдіретін күнби ұғымы тек бұл бір аңызда ғана емес, кітаптың бас-аяғының бәрінен кездеседі. Бір жерде: “Күнби бұйырған жауынан жеңіліп, күнбиді көрер бет жоқ болған қолбасыдай”, – (қолжазба, 650-бет) делінсе, енді бір жерде, адам денесіндегі жүректің қызметі сөз болғанда: “Жүрек – ішкі сарайдағы күнбиден ауғысыз”, – (қолжазба, 998-бет) деп сыпатталады. Енді бір жерде, “Күнбилік жұлдызы” жөнінде сөз болып, “Қазақ күнбилерінің жұлдызы болады”, – (қолжазба, 337-бет) дейді.

Демек үш мың жылдың алдындағы үйсін елі күнбиінің күнби есімі, осы бір әлеуметтік саяси атау ретіндегі әкімшілік лауазымының өзінен кейін қаған, хан деген талай өзгерістерге ұшырап, ғасырлар ғана емес, мыңдаған жылдар үйірін жолға салып отырса да, сонда да, Жетісудағы ұрпағы Албан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының 15-ғасырдағы “Шипагерлік баянында” ешбір өзгеріссіз сол күйінде аталып, бейнелі сөзге айналып халық зердесінде қаз-қалпында сақталуы әсте де кездейсоқ құбылыс емес. Мұнан бұрын да үйсін аталып, алтыншы, жетінші ғасырларда Дулат, Оноқ, Түркеш-алаш атанып, 15-ғасырда қазақ аталып отырған елдің осынау Жетісудан тапжылмаған этникалық бірлігі мен территориялық кіндігін, халықтық саралану барысын айқын көруге болады. Тілі ұғылмаса, жазудың нөлмен тең екенін (Орхон ескерткіштерінің танылудан бұрынғы кезін еске алыңыз), тарихтың нағыз күл бетін ашатын тіл екенін ескерсек, халық зердесінде сақталып, “Шипагерлік баянға” түскен бұл бір деректердің маңыздылығында өлшеу жоқ. Қазірдің өзінде-ақ көп жайлардың басын ашуға мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, қазақ хандығын құруда Керей мен Әз Жәнібек хан үлкен рөл атқарады. **Бірақ қазақты хандар құрған, хандық қалыптастырған жоқ, хандықты қазақ қалыптастырды.** Хандық құрған сол хандардың өзі де басқа біреу емес, қазақ. Арғы тегі Шыңғыс тұқымы делінгенмен, үш жүз жыл бойы

қазақ ортасында, Ақорда хандығында жасап қазақ болып өткен. Өйтпегенде, Әз Жәнібек: “күллі алаш ұранлы қазағым”, – деген де болар еді. Кейбіреулер қазақ қоныстанған Алтынорда, Ақорда, Шағатай (кейін Моғолстан) ұлыстарын қазіргі темір торлы шекарасы бар мемлекет қатарында қарайды. Қазақтар үш ұлысқа бөлініп, телім-телім болып өткен-мыс. Шындық олай болмаған. Қазақтың сырты әр ұлысқа қораланғанмен, ішкі территориялық тұтастағы бөлінбеген. Мәселен, 14-ғасырдың соңғы жылдарында туып, Әз Жәнібек қазақ хандығын құрмастан бұрын қазақ даласын аралаған шипагер Өтейбойдақ “Шипагерлік баянында” біресе Омбыда, біресе Жезқазғанда, біресе Есіл, Нұрада, біресе Торғайда, біресе Шалкөде мен Жаркентте, тағы басқа жерлерде, былайша айтқанда, қазіргі қазақ даласының бәрінде болып, науқастарды емдеп, жұғымтал сырқаттармен айқасады. Сонда ол бәлен ұлыс, түген ұлыста болдым демейді, қазақ ортасында жүрдім дейді. Әз Жәнібек хан ордада жасалған тұтқиыл шабуылда жазым болғанда да, ол кітабын тақыр тұлыбына салып алып, мекеніне, өз қазағына тартып отырады. Неге десеңіз, ол ханның шипагері емес, қазақтың шипагері. Мұнан қазақ ханы деген хандық болмаған кезде де қазақ елінің бар екені, этникалық бірліктің әлдеқашан қалыптасып болғаны айқын көрінеді. Мұндай халық, қарасты ханы болмаса да, этникалық қалпын сақтай береді. Мәселен, Ресей 300 жыл отарласа да, бүгінгі қазақтың ештенесі құрымағаны сияқты.

Ия, бір ғана бұл нәрселер емес, “Шипагерлік баян” осы секілді талай нәрселердің бетін ашады. Баста аталып өткендей, мақаламыздың борышы соның бәрін түгендеу емес, жұртқа осындай бір ұлы еңбектің бар екендігі жөніндегі хабарды ғана жеткізу. Ал еңбектің жан-жақты зерттеліп, ғылымнамалық сыпатының толық ашылуына келсек, ол – келесідегі көптің еншісі... (Әзімхан Тышанұлы, доцент (қазір марқұм – Б.Н.) “Байырғы мәдениет көгінен жарқ еткен бір шұғыла”, Шыңжаң. 1993).

* * *

Шырағым Нұртайым!

Бұл – ақтық уәсиетнама. Бұл мұра атадан балаға, баладан балаға жалғасқан, бірі-бірінен асып толықтап отырған. Бірінші рет Райымбет, екінші рет Шыбыл, үшінші

рет Қоңырбөрік, төртінші рет Тама, бесінші рет Бұршақ би аталарымыз бұрынғы жалғыз нұсқасын көзбе-көз көріп отырып көшіртіп, теңестіріп болған соң, ашжаз сайын бірден өртеп отырған. Соңғысы әжрияның 1170-жылы екен.

Мен де осы рет... Сен танымайтын болған соң, өйткені енді сенің оқитының төте оқудан да төте оқу, төте жазудан да төте жазу делінген бір түрлі жазу формасы екен. Сондықтан жазуы жақсы әрі маңғаз, сыршыл Кәтіп мұғалімге қалағанын беріп, қасында отырып, көшіріп болғанын қотарылғанымен салыстырып, ата жолы бойынша отқа жағып отырдым. Бұл – тек осы жалғыз нұсқа ғана. Айрылып қалма, жан баласының көзіне түсірме, өзіннен қуат кетіп бара жатса, көзін жоюдың амалын қарастыр. Тұтас жаттап ал! Әгәр тапсырсаң, ұлыңа тапсыр! Қызыңа тапсырма. Қатыңыңа сеніп кетпе, сақ бол! (Әкең – Түменбай Ыстанбайұлы, 1952-жыл. Шилөзек. Текес).

Бұл бабамның арманы еді. Ол орындалды. Өтейбойдақтың “Шипагерлік баян” деген баласы еліне қызмет етсін. Шырмап тастамай, еркіне жіберейік дегенге бел байладым. “Шипагерлік баян” туылғанына неше ғасыр болса, буылғанына да сонша ғасыр болды. Халқына нендей игілік жара-тып берді? Қаншалық пайдасы тиді?

Шынымды айтайын, жариялау ойым жоқ еді. Оның төрттен үш бөлігі жанып кетті. Қолдағы бар қалдығы да еліне еңбек сіңіріп, халқына мақтаньш болатындығы үшін тапсырдым (Нұртай Түменбайұлы, 1994-жыл 26-ақпан. Үрімжі).

* * *

Жеті әулие

(қазір жеті қазына деп жүрміз – Б.Н.)

Ауыз (бір – Б.Н.). Әулие – татім (қазіргі тілде – дәм – Б.Н.);

Көз (екі). Әулие – атым (ат);

Көз мұрын (үш). Әулие – тұз;

Көз құлақ (төрт). Әулие – қыз;

Оң қол (бес). Әулие – күн;

Қол ауыз (алты). Әулие – байтақ (жер);

Қол көз (жеті). Әулие – айтақ (ит) (Өтейбойдақ Тілеукабылұлы, “Шипагерлік баян”. Алматы, 1996. 316-бет).

1981-жылы Мәскеуде шыққан үлкен медициналық энциклопедияда (17-том, 464-б.) шешекке қарсы егу Шығыс мемлекеттерінде көне заманнан болғаны туралы айдан анық жазылған.

Ұлы Әмір Темірдің (1333-1405) өзі жазған өмірбаянында 1354-ж, қатты сырқаттанып қалғаны туралы, оны Самарқанның шипагері анардың шырынымен емдей алмай, Түркістанның шипагері қан алып, айықтырып жазғаны туралы дерек келтірілген. Тек осы айтылғандардың өзі Орталық Азияда X–XV-ғасырларда өте жоғары дамыған медициналық білім болды деуге толық негіз береді. Бұндай жағдайда XV-ғасырда қазақ елінде қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы болуы әбден мүмкін. Дегенмен бұл бабамыздың “Шипагерлік баян” атты еңбегін тарихи шындық деп дәлелдеу үшін, қолжазбаның түпнұсқасының сақталмауы өте өкінішті – ақ! Қолжазба ұрпақтан ұрпаққа беріліп, 7 рет көшіріліп, қазіргі қазақ тіліне ыңғайландырылған түрінде ғана қолымызға тиіп отыр. Осыған байланысты “Шипагерлік баянның” жазылған мазмұнына, тіліне, онда келтірілген мысалдарға қарай отырып, оның ерте заманда жазылғанына сенуге болады. Бұл ктап көне қазақ тілінде өз заманына сәйкестендіріліп жазылған. Онда бірде-бір халықаралық грек, латын, т.б. тілдерден алынған медициналық аталымдар кездеспейді. Сондықтан “Шипагерлік баянның” авторын еуропалық медициналық білім алмаған адам деуге болады. Ал ондай білім алған адам бұндай кітап жаза да алмайды...

“Шипагерлік баян” – әлем тудырған ғажайыптардың қатарынан орын алатын қазақ халқының даңқын арттыратын теңдесі жоқ ғылымнама, қазақ даналығының елшеусіз биігі. Сондықтан да Шашты Әзиз аталған, қараүзген шипагер дана бабамыздың асыл мұрасын көрінгеннің ермегіне айналдырмай, өзі айтқандай, сарқылмайтын бұлақты от басы тулақ қылып алмай, мемлекет деңгейінде жан-жақты, байыпты терең зерттеп, халық игілігіне айналдыру, сөйтіп, әлемге таныту – бүгінгі ұрпақтың бұлжымайтын міндеті... (Әділман Нұрмұхамбетұлы, “Көненің көзі, дананың сөзі”. Алматы, 2000, 12-13, 73-бет).

* * *

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – XV-ғасырда, 1388–1483-жылдар аралығында өмір сүрген ғұлама ғалым адамдардың бірі. Ол – қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханның бас шипагері. Оның аты Ресей, Қытай ғұламаларына, патшаларына да белгілі болған. Өтейбойдақтың артына 5000-ға жуық кеселді қандай шөппен қалай емдеуге болатыны жөнінде “Шипагерлік баян” атты кібатын қалдырған. Кітапты Өтейбойдақтың ұрпақтары бірінен кейін бірі көшіріп жазып, мұраға қалдырып, сырт көзден жасырып ұстап келген. Кейін бұл кітап туралы Қытай билеушілері естіп, кітап иелеріне жарты патшалыққа жететін құн ұсынады. Бірақ алмағайып замандарда қытайлықтар бұл кітаптың бір көшірмесін қолға түсіріп, өз медицинасында пайдаланған тәрізді. Қазіргі әлемді таңқалдырып отырған “Қытайдың дәстүрлі медицинасы” дегеннің негізі осы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баянынан” алынған деген сөз бар. Кітаптың жартысы жоғалып, аман қалған жартысын қытай қазақтары кітап етіп шығарған. Бұл кітап осыдан бір-екі жыл бұрын Қазақстанда да аударылып басылды. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының басына қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Шәлкөде жайлауының төріндегі Айқайтастың бөктеріне Зиядан Қожалымов бастаған бір топ азамат құлыптас қойған. Өтейбойдақтың ілімін сол күйінде меңгеріп, жалғастырушы шәкірті жоқ (“Қазақтың іліміне Қытайлар қатты қызыққан...”, “Жас Алаш”. 13.02.03).

* * *

2000-жылдың 28-көкегінде Санжар Асфендияров атындағы Қазақтың Ұлттық медицина университетінде Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баян” кітабын талқылаған ғылыми конференция өтті.

1. Конференцияны университет ректоры академик, медицина ғылымының докторы, профессор Талғат Момынов ашты.

Ол өз сөзінде бұл конференцияны өткізуге ғалым Әділман Нұрмухамбетұлының себепкер болғанын баса айтты.

“Кітаптың сиқыр қисияттері бар, оқыған сайын оқығың келіп отырады”, – деді ол. Сонан соң экранға түсірген слайдтар

арқылы Өтейбойдақтың адам–табиғат–ғарыш байланысын қозғайтын жүйелі көзқарасына тоқталды.

Атақты шипагердің адам бойындағы қан алмасуын жыл мезгіліне қарай сипаттауын, “еш теңдесі жоқ, бұрын болмаған жағдай” деп бағалады.

Сонан соң ұшығудың түрлерін стреске байланыстыра талдады.

Биологиялық сөлдерді топтауына тоқталды. Тамырдың тромбоздану үрдісін айқын бейнелегенін, соның бүгінгі категорияға өте жақын екенін, осыны талдаса, дап-дайын кандидаттық диссертация шығатынын айтты.

Қазіргі медицинаға шипагердің мына айтқандарын толық пайдалануға болады деді:

Адам баласының қуатын топтау;

Ауруға төтемелік төзімділік етуі. Вакцинация.

Анатомиялық атауларын термін жасауға пайдалану. Қазір қазақша термін жасауға 100-деген ғалым үлес қосып отыр.

Диагностика әдістері: бет-келбетіне, түріне, көзіне, тағы басқа мүшелеріне қарап ауруын анықтау;

Дәрі-дәрмектердің атауларын реттеу;

Сонымен қатар әлі анық шешілмеген мәселелердің бар екендігін ескертті. Мәселен, шипагер қай заманда туған, XV-ғасырда ма әлде XVIII-ғасырда ма? 1500 шипашақтың бірде-біреуі қалмағаны қалай?

2. Сонан соң медицина ғылымының докторы, университет ұстазы **Әділман Нұрмұхамбетов** баяндама жасады.

(Ғалымның баяндамасы өзі жазған “Көненің көзі, дананың сөзі” атты 2000-жылы жарық көрген кітабы негізінде болды)

Жұрттың бұл кітапты оқымай жатып-ақ: “Өз руын көтеру мақсатында жазылған шығарма”, – деушілердің табыла кеткеніне қынжылыс білдіріп, “оған өз кінәміз де бар, өйткені дұрыс насихаттай алмай жүрміз”, – деді.

3. Ақын **Керім Елемес** (кітапты арап қарпінен кирил қарпіне көшірушінің бірі) сөз алып, кітаптың тіліне, ондағы аталған жер, су аттарына, тарихи мәніне тоқталды.

4. Академик, филология ғылымының докторы **Әбдуали Хайдаров** сөз алып, “Мұндай ғылыми кітапты шығарған Шыңжаң қазақтарына, “Жалын баспасына”, оның деректі-рі ініме және осы конференцияны ұйымдастырушы ректор інім Талғатқа рахмет!” – деді.

“Қазақ білімсіз, надан деген ұғым санамызға ұялап қалғандықтан, үндемей қалуымыз – заңды дүние. Толық тану үшін уақыт керек. Бірақ баяулау болып жатыр. Менің де түгел оқып шығуға уақытым болмады. Мұндағы және Қазыбек бектің кітабындағы көне сөздер арнайы зерттеуді қажет етеді”, – деген пікір айтты академик ағамыз.

5. Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің профессоры **Жақан Молдабеков**: “Шипагерлік – кәсіп. Күш-қуатты адам бойына қайта оралтудың үлкен мектебі. Сондықтан осындай бас қосып кездесу дәстүрін жалғастыру қажет. Және арнайы қор құрып, соған араласу керек”, – деген ұсыныс айтты.

6. Әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университеттің филология ғылымының докторы, профессор **Құбығұл Жарықбаев**: “Бұрын белгісіз “Түп-тұқианнан өзіме шейін” деген кітабы шықты деп жүр ем, тағы біреуі шықты”, – деп, “Шипагерлік баян” кітабының жарыққа шығуына риза еместігін білдірді.

7. “Жалын” баспасының деректірі, “Шипагерлік баян” кітабын шығарушы, жазушы **Бексұлтан Нұржекеұлы** кітаптағы көне сөздердің мән-мағынасына, олардың тіл тарихын зерттеудегі маңыздылығына тоқталды. “Егіз деп барайық” дегенді біз қазір “бірге барайық” дейміз. “Егіздеп” деген бейнелеп айтқан сөз секілді, қазір де мағынасы түсінікті. “Жиренше зымырғай” дегенді “Жиренше шешен” дейміз, ал “амандағыш жөрелгі” дегені – “амандасу жоралғысы” деген. Сәл ойланып қарасак, бәрі түсінікті сөздер”, – дей келіп, кітаптағы кейбір сәйкессіздіктердің де бар екенін атап көрсетті.

“Мәселен, – деді ол, – кітап жазылып бітіп, енді Жәнібек ханға апарғалы отырғанда, сол түні хан Темір шабуыл жасап, Жәнібек қаза болады. Бұл қай Темір? Бәлкім, тарихшылар табар, бізге кесіп айту қиын. Өтейбойдақ өмір сүрген заманды анықтау үшін бұл өте қажет нәрсе. Сонан соң Есім ханның әйелі жайында айтылады. Ол дегенің XVII-ғасыр. Сонда Жәнібек ханның заманында ма әлде Есім ханның заманында өмір сүрген бе? Ал екі арада 200 жыл. Бұл қателік пе әлде басқа бір сыр бар ма?

Кітап 7 рет көшіріліпті. Көшірушілер қате көшіруі мүмкін, білгішсініп қосуы да мүмкін. “Тектелгі” дейтін шежіре жазуда да шындықтан гөрі аңызға бейім жәйттер бар.

Өтейбойдақ өлгеннен кейінгі де ұрпақтың шежіресі бар. Демек оны көшірушілер қосқан. “Тектелгіге” бірдеме қосқандар басқа жаққа неге қоспасын?

“Тектелгіде” Фараби мен Баласағұнды замандас етіп қоятыны да бар. Сонан соң “Снайпер” деген арғы тегі ағылшын сөзінің кездесуі де көшірушілердің кінәсі шығар деп ойлаймын.

Қолжазба тек бір дана болып қана көшірілуі тиіс болған және тек өз ұрпағына ғана табысталған. Сондықтан бұл кітаптың басқа данасы болуға тиіс емес. Ең керек жерлері жоқ болғанына қарап, біреулер әдейі тығып қоймады ма екен деп үрейленуге де болады. Көне дүниенің шығармасы екендігі бүкіл бітімінен – тілінен, сөзінен, баяндауынан – бәрінен көрініп тұр. Тіпті, ол “Хауата” мен “Хауана” депті, біз “Адам ата”, “Хау ана” деп жүрміз ғой. Жеті қазынаны атайды, барлығының аты ескіше.

Алматыдағы халықты емдеу орталығын Өтейбойдақ атымен атауды сұраған дұрыс.

8. Арын Саржанұлы, Қытай Республикасында тұратын емші. “Бұл кітап – қазақ халқы үшін асыл қазына, – деп бастады ол сөзін. – Бұл кітап Қытайда 1-дәрежелі кітап сыйлығын алды. Рас, онда Түменбайұлы қосқан сөздер бар. Оның бәрін ажырату қиын емес”.

Сонан соң ол кітаптағы пікірлерді қазіргі түсінік тұрғысынан талдады.

“Білетін азаматсың деп Ақселеуге бардым, – деді ол – “Не ойыңыз бар? – деді кітап туралы. Ол: “Өзің қалай қарайсың?” – деді. “Мен бұл туралы 3 кітап жазған адаммын?” – дедім. “Әй, бекер әуре болған екенсің”, – деді ол маған”.

Ректор Т.Момынов: “Сол сыйлықтың көшірмесін бізге берсеңіз!” – деп өтінді.

Арын (Әрін) Саржанұлы: 1998-жылдың 12-айында берілді.

9. Фармацевт ғылымының докторы Кеңес Ұшбаев: “Бұл кітапты шығарған “Жалын” баспасының деректіріне рахмет. Оған рахмет демеуші де көп. Өтейбойдақ – біздің 40-атамыз. Бүйректен сирақ шығарып бұрмаламай, ондай адамның бұл дүниеде болғанын мойындап, медицинаның негізін салғанына нүкте қойсақ. Орысша кітап шығарсам деп ойлап отырмын, орыстар мен орыс тілділер оқысын. Алдымен соларға танылып алайық”.

“Қор құрайық!” – деген ұсынысты құптап, “Үлес қосайық”, – деп сөзін аяқтады.

Т.Момынов: “Сол қордың ғылыми негіздемесін жасау мақсатында жиналып отырмыз”.

10.Педагогика ғылымының докторы, профессор, Оңтүстік Қазақстандағы Мұхтар Әуезов атындағы Мемлекеттік университеттің оқытушысы **Тұрсын Әлисатов:** “Әр нәрсені құптау үшін де, құптамау үшін де ғылыми негіз керек, – деді. – Мен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының еңбегі туралы он шақты ғылыми мақала жаздым. Оның қолданған сөздері, сөз тіркестері “Тарихи Рашидиде” де, Жалаириде де бар, қуанатын кітап. Оны мектепте оқыту керек, сонда әрі білім береді, әрі ертеден білімді халық екенімізді білдіреді”.

11.Алматыдағы Медицина мұражайының деректірі **Мәриям Жақыпова:** “Облыс көлемінде екі дүркін ғылыми талдау конференциясы өтті. Бүгінгі конференция материалдарын біздің мұражайға өткізулеріңізді өтінем!” – деген тілек айтты.

Т.Момынов: “Бірде-бір орысша қоспай талқылаған бірінші конференция болды”, – деп күлді де, үзіліс жариялады.

Үзілістен кейінгі отырыста Әділман Нұрмұхаметұлы басқарды.

12(1).Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, медицина университетінің анатомия кафедрасының меңгерушісі, профессор **Алшынбай Рақышевтың** пікірінше, “Өтейбойдақтың кітабы бұлақ секілді. Тек кәусарын дұрыс пайдалануымыз керек. Мырзатай Жолдасбеков: “Бұл – көшірме”, – деді... Өтейбойдақтың шығуы – заңдылық. Әл-Фараби: “Ибнсинаның кітабын 40 рет оқып, базардан оның түсініктемесін тапқанша түсіне алмадым”, – деген. Күмән келтіру – әншейін риторика нәрсе. Ұлттық мақтанышымыз екені рас. Бірақ ол одан да биік”.

13.Қазақтың Ұлттық мемлекеттік университетінің тілтану кафедрасының маманы, “Шипагерлік баянды” кирил қарпіне көшірушінің бірі, ақын **Дүкен Мәсімхан:** Совет заманына дейін қазақ сауатсыз болды деген пікірдің санамызға сіңіп кеткені сонша, одан бұрын қазақта талантты адам болды дегенді қабылдай алмаймыз. Шіркін,

бұл кітапты орыс, ағылшын тіліне аударса! Шындықтың аты – шындық. Кітапта айтылатын, оны соңғы көшіруші Кәтіп молда Шығыс Түркістандағы Шилі Өзекте туған. Кәтіп шағатай тілін жақсы білген, 1956-жылы Қазақстанға келіп, кейін Нарынқолда қайтыс болды. Бұған өзі күмәнді адам ғана күмән келтіреді.

14.Бабаш Әбілқасымов, Қазақ Ұлттық Мемлекет университетінің профессоры: Мен тіл тарихымен айналысам. Бұл – медицина үшін табылмайтын кітап. Алайда бұл қай ғасырдың дүниесі екенін айту қиын екен. Тілші ретінде мынандай күмән бар: 1.Аптаның аттары Аттал, Ғаттал сияқты аталады. Ол кез – арап тілі кірген кез. Неге апта аттары сақталмаған?Жұманы ғана мереке дейді. Жыл аттары да солай. Ондай атау еш ескерткіштерде жоқ. Махмұт Қашқариде де жоқ. Киелі санап, жанамалап атау ма дейсің. Махмұт Қашқаридың кітабын оқымаған ба? Махмұт Қашқари: “(қазақша) апта аттары жоқ”, – дейді. Айдың үш күнін қосып бір-ақ атайды. Ұсыныс: Әз Жәнібекке қатысты жағын алып тастап, таза медицинаға қатыстысын жеке кітап етіп шығарсақ. 2.Әр ғылым саласы бойынша да жеке-жеке кітап жасасақ.

15.Ж.Абдуллаев, профессор: Мұндай ғалым еш елде болған емес. Жеті атаға дейін қыз алыспау қазақ халқында ғана бар. Оқулыққа енгізу қажет.

16.Хамит Нұржанов, акушер-гинеколог, доцент: Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – қазақтың бірінші акушер-гинекологы: 1.Теріс біткен баланы 3 рет ары, 3 рет бері аударады. Соны қазір біз қолданамыз; 2.Екі қабат әйелді керіп қойып босандыруды да енгізсек; 3.Баланы емшекпен емізу – қазақы әдіс; 4.Сақтану. 5.Университеттің құрметті профессоры деген атақ берілсе.

17.Исатай Құлмұханбетов, стоматолог, доцент: Бұл кітаптың тілін, сөзін шәкірттеріміздің құлағына құйып жатырмыз. Осылай жыл сайын бас қосып отырсақ, ақылдасып отырсақ.

18.Әбдісабыр Өмешев, фтизиатр, доцент: Киелі кітап. Шығысқа аттанғандар батыр да, батысқа аттанғандарды жабайы дедік қой бұрын. Мұнда көп нәрсе бар: көз тию, жерік ас, 62 тамыр. Қазір аппаратпен 12 тамырды табамыз. Егер бұл кітап өзбекте болса, ондiгi 4 докторлық диссертация

жазылар еді. Бізде екі кітап шықты: 1- “Түп-тұқианнан”, 2- “Өтейбойдақ”. Рухты күшейту үшін, осыларға насихат керек. Инемен емдеуді тапқалы 62 тамыр бізде. Дауа дейміз. Бұл – бейдәстүр емес, дәстүрлі ем. Рекомендацияны “ойтапсырғы” дейді. Тік ішекті “көтен ішек” дейді.

19.Бабақұмар Инаятов, Ғылым Академиясының Шығыстану институтының қызметкері: Қуанышқа қосыламыз. Сәйкессіздіктерді сейілту керек. Кітап түркі жұртына, қазаққа неге таралмады? Кландық, отбасылық ауқымнан неге аспады? Өзбектер Авицинаға арнап жыл сайын жиын өткізеді.

20.Зиядан Қожалымұлы, халық емшілері қоғамының бастығы: Бұл кітаптың өнегесін үйрену дәрігерлерге де, халық емшілеріне де қажет. “Шипагерлік құлып”.

21.Сәкен Әбдиев, жұқпалы аурулар маманы: “Вакцина” деген сөздің өзі “сиыр” деген сөзден алынған. Ал Өтейбойдақ соны сиырдан алып отыр. Технологиясы түп-тура келеді. Жылына бір рет “оқуын” өткізсек. Бұл әңгіме осы жерде қалмаса, елге жетсе.

22.Нұрсила Нұрмұхамбетова, гигиена кафедрасының маманы: Қазақ медицинасының тарихынан түк айта алмап ем. Естіген соң, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлынан бірдеме білейін деп “Денсаулық” журналына бардым. Олар: “Оған тыйым салды”, – деп, түк айтпады.

23.Әскен Есенқұлов, университет емдеу фәкултетінің деканы, профессор: Өтейбойдақ атындағы қорды облыс ашыпты. Біз де ашпақпыз. Соларды үйлестіретін республика қоры болса. Кітапта айтылған әр ғылымды зерттейміз. Соның бәрін үйлестіру керек.

Конференция жұмысын Әділман Нұрмұхаметұлы қорытындылады. Ол өз сөзін: “Кітаптың күмәнді тұстарын шешу – басты міндетіміз”, – деп аяқтады.

Сонан соң Медицина университетінің 6-курс студенті Орынбасар деген қыз сөз алды. Ол Өтейбойдақтың жиені (жиеншары) болып шықты. “Нұртай (“Шипагерлік баянды” сақтап, кітап етіп басуға берген адам – Б.Н.) – менің шешемнің туған бауыры болады”, – деді ол. Конференцияны ұйымдастырушыларға, қатысушыларға рахметін айта келіп: “Халықаралық дәрежеде жиын өткізсек!” – деген тілек айтты.

Сонымен конференция жұмысы аяқталды. Таңертеңгі сағат 10-да басталып, сағат 17^{35-те} бітті.

* * *

“Шипагерлік баянда”: “Әжірияның 1062-жылы күзде” (69-бет), “Айталық, былтыр әжірияның 1062-жылы көктемнен келер күзге дейін...” – деген сөйлемдер бар (Алматы, 1996, 97-бет). 125-бетте: “Әжірияның 1054-жылы Қаратаудағы ауылдар-да жаугершілікте өлген бір адамның қаны өлген жерінде... толып қалыпты”, – дейді. 139-бетте: “Олайы оба, шешек, қызылша, көкжөтел, күл, сүзек таралған 1062-жылы әжриада Торғайда... ел басына сырқаттық опат әкелгенде...”, – дейді. 233-бетте: “Өткен жылы әжірияның 1058-жылы Жезқазғанда өрт кетіп, алпыстан астам кәрі-жас... күйікпен науқас атанды”, – дейді.

Бұл жылдар кітаптың ортасында айтылғандықтан, көшірушілер қоспаған, өзгертпеген даталар шығар деп ойлаймын. Кітап ұзақ жылдар бойы жазылғандықтан, бір “былтыр” мен екінші “өткен жылының” үйлеспей, бір-бірінен басқа жыл боп келуі де заңды болар. Сонда әжірияның, яғни хижраның 1054, 1058, 1062-жылдары К.Э.Босфордың “Мұсылмандар әулеті” атты кітабы бойынша салыстырғанда, 1640-жылдарға сай келеді екен. Мәселен, онда хижраның 1057-жылы 1647-жылға тура келетіні көрсетілген (“Мусульманские династии”, Москва, 1971. 270-бет).

Бұған қарағанда, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – еш күмәнсіз XVII-ғасырда өмір сүрген адам (Б.Н.).

САЛҚАМ ЖӘНГІР

22

*1653-жылы қалмақ батырымен
жекпе-жекте қайтыс болған*

* * *

**Соғыс тарихында ор (оқпана) қазып соғысқан тұңғыш
қазақ қолбасшысы**

* * *

Хандарға қатысты “Қасымның қасқа жолы”, “Есімнің ескі жолы” деген бар. Әкесін “Еңсегей бойлы ер Есім” десе, оның өзін “Салқам Жәңгір” атапты. Сірә, Жәңгірдің өмірі ұрыс-соғыспен өтіп, жинақыланып отырып хандық құрып шіренуге жағдайы болмаған-ау. Ел қорғаудан басқа ойы да, арманы да болмаған, басқаға мұршасы да келмеген, жеке басын күйттеуге қолы тимеген, ер жастанып, түз қонған батыр хан болса керек.

Жәңгірдің әкесі Есім ханның дәл қай жылы өлгені тарихта күнірттеу. М.Тынышбаев 1643-жыл деп шамалайды, Қ.Салғараұлы, тағы басқалар 1645 деп болжайды. Жоғарыда айтқан кітабында Қазыбек бек былай дейді: “1018-ұлу жылы (яғни 1640-жылы – Б.Н.) қазақты Есімнің ұлы Жәңгір сұрай бастады. Өйткені Есім хан науқас болды”.

Бұған қарағанда, Есім ауырып өлген. Қазыбек бектің жазбасын әрі қарай оқиық:

“Талай (қалмақтың есімі – Б.Н.) тайшыны осы соғыста қазақтар төрт талдың бұтағына байлап, жібере салғанда, оның быт-шыты шығып, төртке бөлініп кетті. Сол кезде жасы елуден асып кеткен Есім хан: “Қалмақты осылай төрт бөлек қыламын”, – деген еді. Бірақ сол жылы өзі қайтыс болды да, арманына жете алмай кетті. Енді қазақ билігіне Есімнің ұлы Жәңгірдің келуі қалмақтарды қатты дүрліктірді. Өйткені бір жылдай қалмақ арасында тұтқында болып, олардың жай-күйін білген, сырын мол түйген Жәңгірден олар қатты

қорқты. Сондықтан да қалмақтар енді Батыр қонтайшының төңірегіне қатты топтасып, бұрын-соңды болмаған бірлік жасады. Сөйтіп, ол өзінің қас болып жүрген Үлден тайшыны, бұқар, қазақ елшілерін қабылдап, өзінің күшін көрсетпек болды. Бірақ Батырдың да бұл қуанышы ұзаққа бармады.

1021-жылы (яғни 1643-жыл — Б.Н.). Алтын ханның ұлы Омбы, ойраттың білікті нояндары қазаққа қайта лап қойды. Оның басында әкесінің қолға түсіп қорлық көргенін ұмыта алмай жүрген Батыр хонтайшы болды”.

Бұған қарағанда, 1643-жылы Жәңгірдің хан болғаны, яғни Есімнің дүниеден өткені ғой. “Бірақ сол жылы өзі қайтыс болды да, арманына жете алмай кетті”, — дейді ғой Қазыбек бек. Бұл деректі ол өзінің Матай атасының жазба дерегіне сүйеніп айтып отыр. Талай тайшымен бірінші ұрыс 1635-жылы болып, сонда Есімнің ұлы Жәңгір тұтқын болыпты. Содан кейінгі екінші ұрыс 1640-жылы (дұрысы 1643 болар. — Б.Н.) болып, Есім оны талға байлап өлтіріпті. Арманына жете алмай Есім де сол жылы, яғни 1643-жылы елуден асқанда науқастан қайтыс болыпты. Бұл — әлі біздің тарихта айтылмаған тың дерек.

“Бұл соғысқа ол елу мыңдай қолмен келді. Жәңгір хан жолындағы қорғандарды таптап өткен ойрат қолына мыңға жетер-жетпес адаммен қарсы шығып, соғыста тәсілін арттырып жеңіске ие болды. Ол адамның жартысын тас арасына орналасырып, оған мосқалдау батыр Жиёмбетті, Жақсығұлды қалдырды. Жас батырларды Қарасайға бастатып шабуылға дайындады. Сөйтіп, олар жаудың желкесінен келу үшін тау айналып кетті. Алаңсыз Лабастағы Доңызтауға кіріп келе жатқан қалмақты Жәңгір адамдары атып, көп адамын өлтірді. Олар сасып-салбырап қалғанда, желкесінен келген Жәңгір мен Қарасайдың азғантай тобы ойраттарды ойсырата қырды. Бәлкім, енді арттан жиырма үш мың қолмен Алшын Әлімұлы Төртқара Жалаңтөс батыр келмегенде, қазақтар жеңіліп қалар да еді. Батыр қонтайшы осы соғыста он мыңдай адамынан айырылып, қайтуға амал жоқ бой бүрды”.

Әрине, Қазыбек бектің бұл айтқанын бастан-аяқ ақиқат деп қабылдауға болмайды. Өйткені ол — өзі 1692-жылы ғана туған адам. Ал мына оқиғаны оның атасы Матай деген кісі оған жазып қалдырған, Қазыбек бек соның жазуы бойынша бізге жеткізіп отыр.

“Бұл соғыс осылай аяқталуы тиіс екен, — дейді Қазыбек бек, — өйткені Жәңгір жанындағы жеті жүз адам бәрі “сен түр, мен атайын”, сыннан өткен Қарасай, Ағынтай, Жиёмбет, Сарбұқа, Көксерек, қырғыз Көтен, Табай батыр әрқайсысы

жүз кісіге татитын адамдар болатын. Осы ұрыста төрт адам ерекше көзге түскен: жекпе-жек болмаған, мерген Дулат Жақсығұл, арғын Тоқан баласы Қомпай батыр, бұл Сүйіндік тұқымы еді; Шапырашты Алтынайұлы Қарасай және Суан Ханбағыс тұқымы Елтінді батыр. Байтүгей баласы Елтінді батыр осы ұрыста баға жетпес жәрдем жасады. Бұрын қазақтың қалмаққа барымтасына көп қатысқан, жылқы алатын Елтінді Ертіс пен Іле арасын талай сүзіп өткен-ді. Оның жер жағдайын жақсы білуі Қарасайдың оң қолына шығарды. Бұдан кейін де Елтінді үшбу жердегі ұрыстарда мехкамдық жасады”.

Бұл баяндаудан ұрыстың қай арада өткендігін болжамдау оңайға түсе қоймайды. Алайда Елтіндінің суан екендігін, ал оның жер жағдайын өте жақсы білгендігін ескерсек, бұл соғыстың Суан тайпасы жайлаған жерде өткендігін шамалау аса қиын бомаса керек. Күні бүгінге дейін Суан тайпасы негізінен Жаркент өңірін ғана жайлап келе жатқандығы баршаға аян.

Тағы Қазыбек бекке сөз берейік:

“Есі жиналып болғанда, ол (Батыр қонтайшыны айтады – Б.Н.) 1024-жылы (яғни 1646-жыл – Б.Н.) қазақпен қайта соғысты. Соғыс ескі Жаркент балығынан күншілік жерде Қосқолаң тауының арасында болды. Жәңгір Қарасай мен Ағынтай екеуінің қолын оқпанаға орналастырды. Батыр қолының дайын жатқан, оқпанадағы жайын білмеген олар қатты қырғынға ұшырады. Әйтеуір, қазақ қолындағы кіші қатынын босатып алуға ғана шамасы жетті. Қосқолаң ұрысқа әдейі тандалған болатын. Өйткені таудың терісінде беткей, түстігі тауға кірер өзен еді. Ал жау келетін жақ тегіс және көп жер көрініп тұратын. Оқпана қазылған жер биікте еді де, сырты – терең сай. Аттар сонда әзір тұрды. Хан өзі Қызылқиядан атой салды. Сөйтіп, қалмақ тағы шығынданды. Бұл ұрысты мен өз басым жоғары бағаладым. Мұндай ұрыс жүргізу үшін, әжептәуір әскери білім керек болатын. Бірақ бұл жолы қалмақ қолы бұрынғысынан әлдеқайда аз болатын. Осы ұрыста Суан Елтінді батырдың көрсеткен ерлігі ерекше болатын. Әсіресе жер жағдайы соның ғақылы еді. Ғалаба жеткен Жарбұлақ үстіндегі Асартөбеге жалау тігіліп қойылды. Бұдан соң жеті-сегіз жыл арада тыныштық орнады”.

Бұл үзіндіден соғыстың Қызылқия деген арада болғанын, оның Жаркенттен күншілік жерде екенін анық білеміз. Жаркенттен күншілік жерде Бел жайлауында Қызылқия деген жер әлі бар. Сол Қызылқияның дәп үстінен солтүстікке қарай келесі тауға дейін созылып осыдан 350 жыл бұрын

қазылған ордың сілемі әлі көрнеу жатыр. Ол араны жұрт қазір Ор, Ордың бұлағы дейді. Оның үстіне, “Жарбұлақ үстіндегі Асартөбеге жалау тігіліп қойылды” дейді, ол төбені ел әлі күнге Жалаулы деп атайды. Ал жардан шыққан бұлақ әлі Жарбұлақ, әлі ағып жатыр, дәл соның үстінде жұрт Қабанбайдың бейіті деп атап кеткен тасқорым бар. Жәңгір соғысқан жердің осы екендігіне дау жоқ, оны қазылған ордың өзі-ақ куәлендіреді. Алайда әлі анық емес бір жай бар: Қазыбек бек Доңызтауында соғыс 1643-жылы болған дейді. Қазақтардың ор (оқпана) қазып соғысуы, оның айтуынша, 1646-жылы болған. Менің бұған күмәнім бар.

Күмәнімнің негізі мынандай: Қазыбек бек бір жерде болған ұрысты екіге бөліп қарап, сірә, шатастырып отыр.

Біріншіден, бұл ұрысты өзі көрмеген, ол атасы Матайдың жазбасынан алып келтіріп отыр. Ал атасы туралы Қазыбек бек өзі былай дейді: “Мен енді сөзімді өзім білетін 978-жылдан (яғни 1600-жылдан, — Б.Н.) бергі жерді ғана әңгімелеймін. Өйткені бұл кездерде менің атам Матай ғұмыр кешкен. Мен кітабыма сол атамның жазбаларын қолдандым. Ал атам күнделікті оқиғаны болған-болғанындай етіп қана тіркеп отырған. Ол — қорытып жазбаған кісі”.

Жоғарыдағы ұрыс жағдайын жазуына қарағанда, Матай да ол ұрысқа өзі қатыспаған, тек естіген, естігенін ғана жазған.

Екіншіден, екі ұрыс болған жердің де жалпы ыңғайы өте ұқсас. Екеуінде де жаудың желке тұсынан айналып соғатын қалқаның бар екендігі еріксіз Қызылқияны еске түсіреді: Қызылқияға тығылған топқа жаудың желке тұсынан шығу өте қолайлы.

Үшіншіден, Суан Елтінді батырдың ерлік сипаты екі ұрыста да ұқсас көрсетіледі. Жер жағдайын көрсетуші екі соғыста да сол. Екі ұрыстың да бір жерде болғанына ол да қосымша дәлел.

Енді басқа тарихи құжаттарға сөз берейік. Қазақтың 600 қолмен қалмақтың 50 мыңына төтеп беруі, сөз жоқ, соғыс тарихында өте сирек кездесетін ірі оқиға. Ондай оқиғаға қыбыр еткенімізді бағып отырған орыс көршілердің елең етпеуі, әрине, мүмкін емес.

Бұл жеңісті алғаш хабарлап, тарихи айналымға түсірген — Г.Ильин деген казак орыс. Ол туралы мәліметті тарихшы И.Я.Златкин “История Джунгарского ханства” деген кітабында (Мәскеу, 1983) бір сыдырғы толық баяндайды. Г.Ильин 1644-жылы ақпанда Тобылға келіп, Батыр қонтайшыда болып қайтқанда көрген-білгенін әскербасы Куракинге жазбаша

баяндайды. Сол жазбасында Батырдың қазақ ордасы Жәңгір сұлтан мен Жалаңтөске, Алатау қырғыздарына қарсы 50 мың қолмен соғысқанын айтады. Аударып берсек, тағы бір күдік туып жүре ме, Златкин келтірген Ильиннің жазбасын сол күйінде сөздәйекке тартайық:

“Как де он, контайша, ходил на Янгир-царевича и на Ялантуша войною, и взял де он, контайша, две землицы алатай-киргизов да токмаков тысяч з 10. И после де того учинилась весть Янгир-царевичу. И Янгир де к контайша пошел навстречию с войском, а войска де было с Янгиром 600 человек, И Янгир де, покопав шанцы меж камнем, и в те шанцы посадил 300 человек с огненным боем, а сам с тремя стами став в прикрытье за камнем. И кон де тайша с воинскими людьми приступил к шанцам и ис шанцов де у контайши побили многих людей. И з другую да сторону на нево ж, контайшу, приходил с воинскими людьми сам Янгир и побил де у контайши **на тех двух боях** людей тысяч з 10. И в ту же пору на тот бой Янгир-царевичу пришли на помощь Ялантуш, а с ним пришло воинских людей тысяч с 20” (130-бет).

Г.Ильин бұл мәліметті 1644-жылдың ақпанында жазып отырғанын ескерсек, оқпана қазып соғысудың 1644-жылдан бұрын және 1643-жылы болғандығы ап-айқын дәлелденбей ме? Қазыбек бек 1646-жылы қазылды деген оқпананы Ильин 1643-жылы қазылды деп алдын ала айтуы еш мүмкін емес қой.

И.Я.Златкин бұл соғыстың жағдайын ойрат елшісі Бахтыйдың да 1644-жылы ақпанда Тобылда растағанын айтады.

“Халық кеңесі” газетінде (27.07.92) жазушы Қ.Исабаев осы соғыс жайында 1644-жылдың 6-ақпаны мен 9-мамыр аралығында Тобыл әскербасы Г.С.Куракиннің жазбасын архивтен тауып жариялады. Онда былай делінген (аударма Қ.Исабаевтікі): “Гриша (казак Ильинді айтады, сірә,) мен Кучемберді (ұлты татар, Ильиннің қасында болса керек – Б.Н.) тағы да мыналарды айтты: Жәңгір мен Жалаңтөске және Алатау қырғыздарына (соғыс салу үшін) контайшы 50 мың әскермен Тоқмаққа дейін барған екен. Жәңгір де оны 600 адамнан тұратын әскерімен қарсы алыпты. Жәңгір әскерінің 300-ін қолайлы жерге орналастырып, үш жүзімен өзі тау-тасты тасаланып жатыпты. Қонтайшы шабуылға шыққанда, оның көптеген адамы шығын болған көрінеді. **Жәңгірдің өзі тиіскен екінші соғыста** оған Жалаңтөс бастаған 20 мың адам көмекке келіп үлгерген. Мұны көрген контайшы шегініп кетеді”.

Байқап отырсыздар, мұнда ор қазу жағдайы айтылмаған. Бірақ бұған қарап, бұл айтып отырғаны басқа соғыс деуге бола ма? Әрине, жоқ.

Жәңгір мен Жалаңтөстің бірігіп соғысуы қазақ қолын, сөз жок, үлкен жеңіске жеткізген. Олардың ор қазып соғысқанына біреу сенген, біреу сенбеген. Бәлкім, сенгісі де келмеген. Үлкен жеңістің дақпырты жан-жаққа, әрине, көбінесе ауызша тараған. Сірә, бір соғыстың екі соғыс боп тарауы да сол ауызша әңгіменің әсері болар. Өйткені Ильин мен Куракиннің жазбаларында да “на тех двух боях”, “Жәңгірдің өзі тиіскен екінші соғыста” деген тіркестер ұшырасады. Ал олардың айтып отырғаны — қалмақтардың екі рет қырылуы. Біріншісі қалмақтардың қаперсіз келіп, қазған орға тығылған қазақ әскерлерінен қырылуы. Екіншісі — қалмақтардың, сірә, ес жиып барып жасаған шабуылы. Бәлкім, олар келесі күні немесе бірнеше күн аралатып барып шабуылға шығуы да мүмкін. Сонда олар ордың Қызылқия түсындағы осал жерін, яғни жота үстімен өтпей, жазықпен өткен тұсын бұзуды көздеген болу керек. Соны сезген Жәңгір де жарты әскерді Қызылқияның тасасына немесе оның қарсысындағы Есенгүлдың сайына тығып ұстаған болу керек. Ордың осал жерін қалмақтар бұзуға айналғанда, хан өзі ту сырттан атой салған болар.

Оның үстіне, Жәңгірмен бірге соғысуға үлгермеген Жалаңтөс көмекке дәл сол алғашқы күні жетіп үлгеруі мүмкін бе? Ол қайткенде де бір-екі күн кешігіп жеткен ғой. Әйтпесе, бір күн ерте ұрысқа түспей-ақ Жәңгір оны күте тұрмас па еді? Қазыбек бектің, оның атасы Матайдың бір арада екі-үш күнге созылған соғысты жеке-жеке екі соғыс деп жүруі, сірә, осыдан болар деп шамалаудың қисыны бар сияқты.

“Бұдан соң жеті-сегіз жыл арада тыныштық орнады” деген Қазыбек бек одан кейінгі қалмақпен соғыстың 1030-жылы, яғни 1652-жылы болғанын айтады. Мұның өзі де Қызылқиядағы соғыстың 1646-жылы емес, 1643-жылы өтуі иланымдырақ екенін көрсетпей ме? Себебі $1643+8=1651$ емес пе? Ал егер 1646 болса, онда $1646+8=1654$ болып кетеді.

Жәңгірдің өзінен 83 есе көп жауды ор қазып токтатуы аса үлкен жеңіс әрі аса білгірлік екені даусыз. Ал ол кезде Жәңгір сұлтан ба еді, жоқ хан ба еді — оны тарихшылар тағы анықтай жатар. Ал енді Жәңгір қашан, қалай өлді?

Қазыбек бек 1030-жылы (яғни 1652-жылы — Б.Н.) ұрыста: “Қалмақтар көп уақытқа дейін үні шықпастай болып жеңілді, — деп жазады. — “Кескілескен долада Қарасай батыр Батырдың оң қолын шауып түсірді. Ол жара қағынып кетіп, қонтайшы келесі жылы (яғни 1653-жылы) о дүниеге аттанды. Өлерінде Батыр көп баласын жинап алып: “Қарасайды өлтірмесендер, туа шөгіңдер”, — депті. Бірақ осы ұрыстың аяғы келесі жылға созылып (яғни 1653-жылға — Б.Н.), Жәңгірдің

жекпе-жекке шығуына тура келді. Сесеннің ұлы Қалдан Жәңгірді атап шақырды. Қарасай мен Ағынтайға қара қазақ деп қарады. Оған өзі сияқты хан тұқымы керек-ті. Жәңгір шықты. Ұзаққа созылған ұрысқа, сәскеден бесінге дейін Жәңгір он жеті жасар қалмаққа шыдас бере алмады. Ақыры ханды Қалдан сайып түсірді. Енді қазақ намысқа шапты. Қатты кескілес болды. Жеке гәләбқа жеткенмен, олар біразға дейін бас көтермес болып жеңілді. Жәңгірдің сүйегі өзі алғаш қаздырған оқпаннан атшаптырым Сарыбелге қойылды”.

Бұған қарағанда, Жәңгір біз айтып жүргендей 1652-жылы емес, 1653-жылы өлген болып шығады. Жекпе-жек 1643-жылы оқпана қазылған жердің маңында болған. Ханды сол жекпе-жек өткен, қаза болған жеріне қойған. Өйткені батырды солай жерлеу ол кезде дәстүр болса керек. Екіншіден, жауатершілік кезең басқаша жағдайға мүмкіндік те бермеген болу керек.

Жекпе-жек жазықтау жерде өтетін болса керек. Ондай жер, біздің шамалауымызша, Үйгентастың белі болуға тиіс. Мұнда аса атақты біреудің жерленгендігін бұл арамен 1856-жылы өткенінде Шоқан Уәлиханов та жазған. Ол былай дейді:

“Югенташ значит буквально – каменная насыпь. Название это происходит от маленького кургана, сложенного из булыжника, как делается много могил у киргиз; кургана, подобного которому степи тысяча. Но, как бы нибыло, югенташский курган славен и дал название целой горной долине и проходу; народное предание основание его относит к одному из джунгарских ханов, хонтайджиев, кажется, Батору”.

Біздің ойымызша, Батыр қонтайшы емес, бұл араға Жәңгір жерленген. Ор мен Үйгентастың екі арасы түп-тура атшаптырым. Қазыбек бектің айтқанына бұл дәлме-дәл.

“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезінде бұл араны қалмақтардың 1723-жылдан бастап отыз бес жылдай қол астында ұстағанын ескерсек, аңыздың да әрқалай бұрмалануы мүмкін екендігін естен шығармағанымыз жөн.

Елдің жаңсақ айтуы бола береді. Мәселен, Қазыбек бек айтқан Жарбұлақ үстіндегі мойнақтағы бейітті жергілікті жұрт әлі күнге Қабанбай батырдікі дейді, бірақ Қазыбек бек аталмыш кітабында: “Ақыры Дәулетбай қылығына ыза болған Қабанбай елінен көшіп Сарыбелге кетті де, сонда бір жылдан кейін көз жұмды. Оған, міне, үш жыл болды. Сүйегі Арқада Сарыбелде қалды. Бірақ ол ешкімге белгілі емес. Оны табамын деу бос әурешілік болады. Өйткені Қабанбай ғұмырында көп адаммен сайысқа түсіп, қасын-жауын мерт қылған адам. Сондықтан ол көрінде тыныш жатуы үшін, сүйегі жатқан жерді белгісіз етті”, – деп жазады.

Жәңгір жерленген обаны зерттеп табу, анықтау, меніңше, тарихи-археологиялық қазба жұмысын жүргізсе, еш қиындыққа түсе қоймайды. Батырдікі болса, мәйіттің оң қолы қылышпен шабылған боп шығады; Жәңгірдікі болса, бөлкім, найза жарақатының орны табылар.

Жетісудың ғана емес, бүкіл республикамыздың шекара ауданында Жәңгір соғысқан әйгілі ордың және Жәңгірдің өз бейітінің болуы — үлкен тарихи оқиғалар бірлігі. Ол араны қасиеттеу, қастерлеу, ұлттық мақтанышқа айналдыру тарихшылардың ғана емес, күллі қазақ азаматтарының абзал борышы болса керек. Өйткені Ордағы қазақ жеңісі — ұлы бірліктің ұлы жеңісі. Сол соғысқа исі қазақтан өңкей хас батырлардың іріктелуі (Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Әлімұлы Төртқара Жиёмбет, Қанлы Сарбұқа, Найман Көксерек, Дулат Жақсығұл, Арғын Тоқан баласы Қомпай, Суан Елтінді), оған Алаш баласы қырғыздан Көтен мен Табай батырлардың, қазіргі өзбек жері Самарқанттан Жалаңтөс батырдың бірігіп соғысуы ерліктің ең үлкені бірлік екендігін көрсетеді.

Келесі жылы Ор мен Қызылқиядағы ұлы жеңістің 350 жылдығына орай Жаркент қаласында ғылыми конференция өткізіп, Белжайлауда сол соғысқа батырлары қатысқан қазақ, өзбек, қырғыз бауырлардың біріккен жиын-тойын өткізу өте-мөте орынды әрі мәнді болар еді. Бірлікті тойлау әрқашан абырой әкеледі. (**Бексұлтан Нұржекеұлы. “Жәңгірге қатысты жәдігерлер”. “Егемен Қазақстан”, 07.11.92**)

* * *

ОРЫС—МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫ. 1607—1636

(Құжаттар жинағы. Құрастырушылары — Л.М.Гатауллина, М.И.Гольман, Г.И.Слесарчук. Москва. Наука. 1959)

1644-жылы 16-ақпан мен 9-мамыр аралығы. Тобыл әскербасы Р.С.Куракиннің Сібір билеушісіне қазақ әскері мен жоңғарлардың әскери әрекеттері, таудағы шайқас туралы жазбасы.

Таксыр, биылғы 152-жылдың (1644—Б.Н.) 12-февралі күні Тобыл қызметіндегі Гришко Ильин мен жұрт татары Күчембердейке Кучеев Тобылға келген-ді, олармен бірге Қонтайшыдан 2 елші Долги Чанбаев пен Ургудай және олармен бірге 2 адам келді. Сұрастыру барысында бізге, сіздің бас июшілеріңізге, Гришка мен татар Күчембердейке мынаны айтты:

Бізге, өзіңнің құлдарыңа, Гришка мен Күчембердейке Қонтайшының ұлысында ноғай және қырғыз тұтқындарынан естігендерін, Қонтайшының қалай Жәңгір сұлтан мен Жалаңтөске қарсы соғысуға барғанын, қалай ол, Қонтайшы,

2 жерден Алағау қырғыздары мен тоқмақтықтардан 10 мың алғанын айтып берді. Содан кейін оның хабары Жәңгір сұлтанға жетеді. Жәңгір Қонтайшыға қарсы әскермен шығады, ал Жәңгірдің әскері 600 адам болады. Жәңгір тастардың арасынан оқпана қазып, ол оқпанаға отты қарумен 300 адамын отырғызады да, ал өзі 300 адаммен тау-тастың артына жасырынады. Қонтайшы жауынгерлерімен оқпанаға жақын келгенде, оқпанадағылар Қонтайшының көп адамын қырады. Екінші жағынан оған, Қонтайшыға, Жәңгірдің өзі жауынгерлерімен шабуылдап, сол екі ұрыста Қонтайшының 10 мың адамын қырады. Дәл сол кезде сол ұрысқа Жәңгір сұлтанға көмекке Жалаңтөс келеді, ал онымен бірге 20 мың жауынгер болады. Қонтайшы ол жауынгерлерді көрген соң, кейін шегінеді, ал Жәңгірдің қолға түскен адамдарын ол, Қонтайшы, өзімен бірге алып кетеді. Ол жерлер қазір де Қонтайшыға тиесі. Биыл көктемде Қонтайшы Жәңгір мен Жалаңтөске қарсы тағы соғысқа аттанбақ (В.З.Галиев, “Хан Джангир и Орбулакская битва”, Алматы, “Ғылым”, 1998. 96–101-бет, қысқартып аударылды).

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

23

Шамамен 1667-жылы туған

* * *

1723-жылы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” аталған қазақ-қалмақ соғысының 35 жыл бойы басы-қасында болып, 1758-жылғы Шимойын деген жерде өткен жеңіс тойына қатысқан тұңғыш жырау;

Абылайдың басты-басты батырларының есімін өз жыры арқылы тарихта қалдырған тұңғыш жырау

* * *

Бұқар аға — жасы келіп қалған кісі. Маған қарап ұзақ сөйлеп, өлеңдетіп кетті. Оны сол кезде қағазға түсіріп, өзіне ұстаттым. Қағазды алып Бұқар аға:

— Бек, бұдан бұрынғы түсіріп берген өлеңімді жоғалтып алдым. Бұрнағы жылы ойымда қалғанын бір ноғайға түсіртіп едім, оным бұрынғыдағыдай шықпады. Егер, Бек, ауырсынбасаң, менің өлеңдерімді өзінде де қалдырсаң етті. Ұрпаққа жетсін, “Атамыз Бұқар: “Арғын деген арыспын, азуы кере қарыспын, сен — бұзау терісі шөншексің, мен өгіз терісі талыспын”, — деп жүріп артына түк қалдырмапты ғой”, — демесін. Бек, осыны бір ескер”, — деп, мына бір өлеңді, өзінің мұнда неге келгенін өлеңмен айтты:

— Ей, Қазыбек хатшым-ай!
Сөзімді жазып қалдырсаң,
Балаларым сенің атшың-ай.
Сүзгендей судан жалбызды,
Жаным мұрным ұшында
Алып бір келдім жалғызды.
Қайта шапқан жау жаман,
Жалғыз да болса қайтейін,
Осында бүгін алғыздым.
Бұл сөзді айтсам, жылайсың,
Жылайсың әлде күлесің,
Жалғызымды жауға саламын

Дұшманнан алсын үлесін.
“Ата-баба жері үшін,
Кешегі олген ері үшін
Ашпаған әлі ұйқысын
Бодырлау бала сүлесін”, —
Деп әкелдім: “Шыжымсын,
Қатырсын дұшман сілесін!
Жауға шапсын, түлесін!
Найзасы қалмақ өткір дүр.
Оған да болар, сірә, сын.
Жалғыздың жары Жаппар-ды.
Өлмеймін десең, жалғызым,

Қуалай шап жақтарды
Жерден соң байлық не керек,
Жерден, шіркін, не ерек?
Біле де жүргей жок-барды.
Бұқардың жалғыз ұлы деп,
Мүсіркетіп біреуге
Кетіре көрме әр-арды!”
Ей, Қазыбек бегім-ай!
Қаламға қолтың ебін-ай,
Көп жасадым десем де,
Көрмегеннің көбін-ай!

Қазақ, қалмақ дауына,
Жалғызды салдым жауыма.
Зорға, зорға жүрмін мен
Жібере жаздап ауыма.
Ей, Қазыбек Асылым,
Жауға кетті асылым,
Тартып тұрмын мінеки,
Қайғының жаман ғасылын.
Өз үстіне түсірсін,
Жаудың бір атар жасылын!

Бұл жолы Бұқар жырау басқа сөзге келмеді, көзін сығып орнынан тұрып кетті. Отырғандардың бәрі де: “Қайтсін-ай, жалғыздың аты жылғыз ғой”, — десті. Менің де көңілімде бір мәтел келіп тұрды. “Бәйтеге жалғыз бала атқа шапса, үйде отырып тақым қысар әке-шеше”, — деген емес пе еді бұрынғылар. Бұқарға қатты жаным ашыды. Ол жасы келіп, артым не болады дейтін шаққа келіп тұр ғой...

...Арада бір апта өткенде Абылай ғаләбақа арнап той өткізбек болып Шимойын деген жерге үш батырдың қолын тегіс жинауға әмір берді. Бұқар аға топтан топқа жүріп белгілі жырын айтты. Оны маған той өткен соң төрт-бес күннен кейін келіп өзі жалғызды. Ол әленде Бұқар аға жауға қатысқан, жекпе-жекке шыққан батырлардың дерлік барлығын-ақ айтты:

— Оу, халайық, халайық!
Шимойынға барайық,
Шимойын бүгін шүлен-ді
Хан бергенін алайық.
О, халайық, үш жүзім,
Көріндер бүгін хан жүзін,
Айдынсудың ақ жүзін,
Жаз қылды хан күр күзін.
Шимойында күз еді,
Күзі енді жаз болды,
Шұршітті жеңген Абылай,
Көңілі көкте мәз болды.
Тасыды көңіл, тасыды.
О, Абылай, Абылай,
Қазақ қазақ болғалы,
Көрді ме мұндай жеңісті?!
Тай мінген тазша қайдағы
Батырлармен теңесті.
Нараду тап жұртыңмен,
Күр төкпінді, кеңесті.
Қаракерей Қабанбай,
Қағжығалы Бөгебай,
Шапырашты Наурызбай!

Оларды қазақ көруші еді
Жер жібіткен наурыздай.
Жан келмейтін бетіне
Үшеуі де ер еді.
Үшеуі тұрса ту ұстап,
Азуын айға білеген,
Абадан қызыл бөрі еді.
Қаңтардағы бурадай,
Бөгебай батыр қайратты
Жасанған жауын жайратты.
Ерасыл жауға көк-жасыл,
Арыстандай айбатты.
Жас жолбарыс Наурызбай
Сарымақтай азулы,
Осы үшеуі тұрғанда,
Дұшпанның көрі қазулы.
Қаракерей Қабанбай
Қалмақты қырды — тасырды.
Бөгебай Бөке атанды,
Дұшпаны келіп бас ұрды.
Ала ат мінген Наурызбай
Алапат сын асырды.
Шақырды Абылай бұ бір күн

Жакын менен кийрды.
 Бөліске түссін бауар деп,
 Хан Абылай бұйырды.
 Ардақта, жұртым, ардақта!
 Ардақта Қабанбайынды,
 Ардақта Бөгембайынды,
 Ардақта Наурызбайынды!
 Сол үшеуі емес пе
 Тыныш ішкізген шайынды?!
 Ардақта, жұртым, ардақта!
 Ардақта үшем батырды.
 Сызыла келген танынды
 Тыныштықпен атырды.
 Шал бозынды құдайға,
 Ор боз қасқа тамағын,
 Тік көгалға шатырды!
 Қаракерей Қабанбай
 Қанжығалы Бөгембай,
 Шапырашты Наурызбай —
 Қазақтан шыққан үшемді
 Ардақта, жұртым, ардақта!
 Қаракерей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгембай,
 Шапырашты Наурызбай
 Ту түбінде тұр еді.
 Абылай хан осы күн
 Айбатты дағы сұр еді.
 Құрт пен малта ас болып,
 Қалмақпенен қас болып,
 Балғалы Барақ бас болып,
 Жиылды Қаратөбеге.
 Жасақ біткен жосылды.
 Женіспенен бөленіп,
 Һәмбесі дағы дос болып.
 Туға таман жақындап,
 Қатарға Сасан қосылды.
 Қалмақтың кетіп кенеуі,
 Ойындары осылды.
 Тауасар, Қара, Шоңайым,
 Сеніменен шоңайдым.
 Дәулетбай өзі дәулеттей
 Бір өзі бір әулеттей.
 Матайдан шыққан Шәкәрім,
 Бұрадан шыққан Борамбай,
 Көрсеткен жауға қаһарын.
 Дәрімбек, Дақа садырым.
 Көтерген шоклар содырым.
 Уақ Сарымай, Шағыным
 Төртуыл найман Бағарым.
 Қалмақ қашып қаз тұрдық,

Кобейсін енді бағарын!
 Ырысқұл, Сакан, Доғалбай,
 Жұдырығы добалдай,
 Аттың басын жібердім,
 Жырымды төктім доғармай.
 Түбіт иек Ағалық.
 Ол да болар жағалық.
 Өңкей батыр, бәрі ер,
 Қайсысыңды түгендеп,
 Қайбіріңді табалық?!

“Қабанбай қолы, түп-түгел,
 Бәрілерің жиыл!” — деді.
 “Тастүйін боп үйіл!” — деді,
 “Абылай асып-тасыды,
 Берені енді сыйын”, — деді.

* * *

Қаракерей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгембай,
 Шапырашты Наурызбай,
 Ту түбінде тұр еді.
 Абылай хан асқынды,
 Білетін шүлен-шүр еді.
 Үшемге келді жақындап
 Шакшақтың ұлы Жәнібек,
 Жаныкештің жанында,
 Өңкей алмас, бәрі бек.
 Алтайдан шыққан Олжабай,
 Құдаменді құлжадай,
 Естербек ерім қылыштай,
 Дұшпаннан тұрар ығыспай,
 Байұлы Бітік, Баспаным,
 Қатарынан асқаным.
 Орал батыр — Жетіру.
 Жаппастан келген Ақберді,
 Түтеткен жаудың аспанын.
 Қаракесек Қарабек,
 Темеш Нұра қаракөк,
 Атығайлы Ағындық,
 Һәмбе қазақ, шіркін-ай,
 Бейкүт күнді сағындық!
 Тарақтыңдан Тоғайым,
 Сыпыра атап батырды
 Жырымды бір тоғайын.
 Айнағұл Бәти ішінде.
 Бұл бір шақта күшінде,
 Ағаты жоқ ісінде
 Қарауыл Қасым, Қалабек,
 Тағы да бар Қанайым,

Атығай Жәпек ұшқырым,
Тізер едім талайын.
Оу, Сүйіндік, Айдабол.
Толыбай келді сол жақтан
Қанжығалы Бозым мен
Жантай, Есен — үшеуі
Алынбас қамал, қол жатқан
Қолқанатым Досайым,
Сені де жырға қосайын.
Қыпшақтан жас Мақатай
Бәрің батыр, бәрің ер,
Қайсыңның басыңнан
Айтпай ғана асайын?!
Тым мақтанып кеттім бе?
Алтығымды басайын.
Мәмбет ұлы Атаным,
Арт жағында болса да,
Сені дағы атадым,
Түн қатқан ерлер түлеген,
Найзасын тасқа білеген,
Қылышын қыя қайраған.
Жауын қойдай айдаған,
Сауырлы бұлт ат мінген,
Ерлерімсің сен мінкен.

“Бөгембай қолы түп-түгел,
Бәрілерің жиыл!” — деді,
“Абылай хан бауардан
Тартады қазір сыйын”, — деді.

* * *

Ой, ерлерім, ерлерім,
Ерлерім, бүгін ерледің.
Соғыс салам тағы деп,
Дұшпан тіліне ермегін!
Асықта ажал аузына,
Татар дәмің таусылса,
Берерсің сонда бермегін.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шапырашты Наурызбай
Ту түбінде тұр еді.
Айбатты бұ күн Абылай,
Төбеде жыға шаншылып,
Әрі-бері жүр еді.
Қиядан қиқу салғанда,
Қазағым халқым батырым
Дұшпанын жерге тіреді.

Бауырын сөгіп іреді.
Ерегіскен көп дұшпан
Қара жерге кіреді.
Қазақ деген халқынан
Батыр шыққан даңқынан,
Сіргелі қара Тілек,
Қарақалпақ Қылышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Келді туға жанасып,
Көп қосынды шатқа бөлеп,
Батырлардың аскары, —
Қазыбекұлы Қасқары,
Қаумен Дәулет қасында.
Бақ-дәулеті басында,
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсық қожа Мәмбет бар
Осылардың қосында.
Достын жаудан айырған,
Тағыны таңнан қайырған,
Қасқарыұлы Молдабай

Қара күші мол Бағай —
Бәрің батыр, бәрің бек,
Тұрсың-ау, ығай мен сығай,
Бағайым аз Суаннан,
Ат жалын тартып мінгенде,
Барлық елі қуанған,
Асылдан шыққан Еспенбет,
Қалмақтың жолын

кескен көп,

Жауырыншы көріпкел,
Албаннан асқан Хангелді,
Қарақалпақ жиналып,
Алдына тартты Жангелді.
Сәменім — ерім Ботпайым,
Екі көзі оттайым,
Кежіуілші Кокбарақ
Жансызы қалмақ таппады,
Арасынан көп қарап.
Қалай айтпай Шымырды?
Шымырдан шыққан Қойгелді
Жауын тапап жымырды.

“Наурызбай қолы түп-түгел,
Бәрілерің жиыл!” — деді,
“Тас түйін боп үйіл” — деді,
“Абылай хан береді
Енді қазір сыйын”, — деді...

Бұқар ағаның жасына қарамай о қыр мен бұ қырға кеткен дауысын естігендер Шимойын мен Қаратөбе арасына тез жиылып, ханның сыйын көрді. Жиналған жұрт алдынан сый-уақиғ көрген соң тарқағанда Қабанбай да, Бөгембай да кешегі хан мінгізген ақ боз атты мінген екен.

— Сенің атың қайда? — дейді Бөгембай Наурызбайға.

— Міне, — деп, Наурызбай торы ала атын көрсетеді. Әңгімелесе келе екі нарттың мінгені де Наурызбай өзі қолға түсірген ат екенін білген соң, Қабанбай мінген ақ боз аттан түсіп, Абылай алдына келіп:

— Абылай хан мырза, әділетсіз берілген сыйынды алмаймын, Наурызбай мұны жаудан түсіреді, ал сен Бөкең екеуімізге сыйлайсың. Мұндай әділетсіздікті мен көтере алмаймын, — деп дүрсе қоя берді.

Абылай сұрланып, қазір ғана жадырап тұрған елдің қабағының қатуын көріп, не дерін білмей тұрғанда, Бөгембай қатты кетеді:

— Хан — қара емес: қате қарадан кетеді, хан әділетінен тайса, қара болады.

Екі нарт та екі ақ боз аттан ер-тұрманын сыпырып алып, жігіттердің біріне өңгертіп, екеуі де басқа атқа мініп кетіп қалды. Мұны көрген мен Наурызбайды ертіп өз қосымызға тарттым. Әділет үшін күрескен екі алып Абылай қанша шақырса да, оны адам орнына санамай, бармай қойды. Мұндай әділетсіздік болады деп ойламаған Наурызбай бұған алдымен күле қараған болып еді, артынан ақылына сала келіп, ол да түнеріп алды.

— Қарабай жаманның баласы бізді неге қорлайды? — деп, шапыраштылар қатты намыстанып кетті. Дулат батырлары Сенкібай мен Шойбек, Қойгелді мен Сәмен үнсіз қалды.

Ақ боз аттар дауы Бұқар ағаға да жеткен. Ол да қатты күйінген. Ел арасы қайта жаман болып кетеді деп, Бұқар аға қатты күйзелген. Алғашқы күні өзін қолдай санаған Абылай екі күн өткен соң қинала бастаған. Мен ақ боз ат дауына араласпадым. Ол былай, қазақша қарағанда, жалғыз ат дауы сияқты. Бірақ шынымен қарағанда, ғәділет үшін күресетін һәрбір адамның адамшылық арының ісі. Дегенмен мен бұл даудан жоғары тұрғым келді, қалыс та болғым келді. Бүгін бір жағын жақтап, ертең олар татуласып кеткенде, ақымақ шал болып қалмайын дедім. Араға ақыры Бұқар аға түсті. Ақынның тілі де, ділі де қатты да, тәтті де. Енді Бұқар ағаның осы оқиғаға қатысты адамдарға не айтқанын берейін. Ол Абылайға өте қатал да, әділ де сөз айтқан және аямай айтқан. Оны Бұқар ағаның маған жаздыртқан сөзімен дәл бермекпін.

Ей, Абылай, Абылай!
Ал тілімді! Аласың.
Егер тілімді алмасаң,
Жалғыз жәутік қаласың.
Кішігіңде сен
Әншейін-ақ тұл едің.
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай үл едің,
Түркістанда жүр едің.
Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Сабалақ деген ат алып,
Үйсін Толе бидің
Түйесін бакқан құл едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың
қолында
Түнде туған үл едің.
Қазыбек, Толе болмаса,
Сартқа сатар пұл едің.
Ей, Абылай, Абылай!
Сен балай бар, балай бар.
Өлтірдім деп Шарышты
мактанба,
Осы көптің ішінде
Сен сықылды талай бар.
Уағда беріп Төлеге,
Қазыбек сені хан қылды.
Сені қорғап, қорғаштап,
Бетіңе жан қаратпас
жан қылды.
Сөйтіп жүрген Абылай
Бүгін әділетсіздігімен
Ел арасын даң қылды.
Сен жиырмаға жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде

Бұл ғаламда мағишат,
Нелер де жоқ қияфат,
Не жетпейді дүнияда,
Тыныштықты уя қат.
Өзіңе салған ұяны
Өзің бұздың бүтінде.
Қабанбай мен Бөгембай
Бұлт боп үйілді тобенде.
Өтіңменен жарылма,
Коп ойланып сарылма,
Рижан жаса, көбенде!
Ей, Абылай, Абылай!
Момынға келіп бек болдың.
Атанды білмес күл едің.
Атанның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің.
Қай жерінде торе едің?
Қарсы менен Кұзарда
Жалаң аяқ жар кешкен.
Боз тоқыған сарт едің,
Шешенді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді?
Қолға түскен қалмақтан,
Қазақи катын шуы еді.
Оны да мен білуші ем,
Түрікпенге барып торкіндеп,
Қашып жүрген қара қуң еді.
Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан
Он сан Алаш баласын
Аузына құдай қаратып,
Жусатып, тағы өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ақтан болды-ау күнініз,
Арсы менен күрсіңе
Дау таласты үнініз,
Өзің болған күнінде,

Бір көшке сыймайды
Азаткерде құлыңыз.

Ашуланба, Абылай!
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген.

Бұқар аға бұдан кейін Қабанбай мен Бөгембайға да жанға тиетін, батыл-батыл сөз айтып, оларды да ынтымаққа шақырды.

— Ей, Қабанбай, Қабанбай!
Күркіреме қабандай!
Қолтоқпақтай Бөгембай
Сенің еді бабандай.
Ханнан кетті бір қате.
Қойсаңшы енді қабынбай!
Қабанбай болсаң мен көрген,
Тікірейтіп мұртынды,
Өтерсің хан-қараға табынбай.
Алдыңда ағаң — Бөгембай,
Артыңда інің — Наурызбай,
Қанды көйлек қадірлесің
болған соң,
Әділет күттің ауғызбай.
Алдыңда — аға, артта — іні
Тасып та тұрсың бұл күні.

Ей! Қабанбай, Қабанбай!
Бүлінбе сен, бүлінбе!
Бүлінгенің жөн емес,
Жеңіске жеткен күнінде.
Ыза-ашу бар үнінде,
Қабағың қатал, түрің де.
Қабағың көтер, көзіңді аш!
Арамызға белектей,
Құрт кірмесін қарабас.
Токсанда ағаң кеп отыр,
Ерімейсің бе енді де,
Болмасаң егер қаратас.

Ей, Қабанбай, інімісің,
Інім де болса ірімісің.
Тілімді егер алмасаң,
Жалқаяқ онда іріңсің,
Ірі деп келдім бірлікке.

Жұртыңа жаулық сағынба!
Күнде жырлар Бұқарың
Бүгінгідей қабынбас,
Токсанға келген қария
Енді саған табылмас.
Дағуаға басың байлама,
Алысқа атың айдама.
Ғәфилияттан арылып,
Өкпе-наздан бол бейдама!

Келмесең егер икемге,
Көрмеймін сені тірлікте.

Ей, Қабанбай, Қабанбай!
Күркіреме қабандай!
Қолтоқпақтай Бөгембай
Сенің еді бабандай,
Жасанған жауы шыдамас,
Бөгембай тұрса табандай.
Қалың жау оған көрінер.
Егіннен қалған сабандай.
Бөгембай атқа мінгенде,
Неғып қалдың терсігіп,
Көп мінілген шабандай?
Алдыңда Бөгембай

ер болмаса,
Артыңда інің
Наурызбай болмаса,
Солармен ортаң толмаса,
Жауыңды үштеп шолмаса,
Көрер едім көгіңді.
Бұл екеуі болмаса,
Жау түсірер өтіңді.

Ей, Қабанбай, Қабанбай!
Токсанға келген Бұқарды
Толқытпа, енді толқытпа,
Қабағыңды аш, қорқытпа!

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шапырашты Наурызбай!
Сен үшеуің — ошақтың
үш бұты.
Сен үшеуің тұрғанда,
Жаудың да кетер құш-құты.

Бірлікті қалап тепсіндің,
Ғақылыңнан айналдым.
Бұзылмасын бірлік деп,
Қартайған ағаң қиналдым.
Екі нартым, бірлігің!
Бірлігіңе иландым.

Ей, Қабанбай — арыстан!
Жауынды іздеп алыстан.
Бірлік жоқта не болар,
Көрдің ғой кеше қалыстан.
Әмірсана, Дабашы
Жер жарған-ды дабысы.
Өздері ала болды да,
Сәтсіз болды шабысы,
Шығынға кетті табысы.
Шығанға кетті дабысы,
Ала болып өздері,
Кетті ауыздағысы,
Енді, міне, келіп жүр
Қазақты бауыздағысы.

Ей, Қабанбай — құлыным!
Шекемдегі тұлымым,
Омыртқамдағы жұлыным!
Ала болсақ өзіміз,
Жалармыз қалмақ жұлығын.

Бұқар аға Қабанбайды иліктірген соң, енді Бөгембайды қолға алады. Оған да қатты бастап, жайбағыстап аяқтайды:

— Ей, Бөгембай, Бөгембай!
Қаңжығалы Бөгембай!
Көтермесең сөзімді,
Сетінетіп сөгем бе-ай?
Еңкерістен жау келсе,
Сыртыма киер көбем-ай,
Бейқұтшылық кезінде,
Ел аман ба дейтуғын
Шығып қарар төбем-ай,
Қазаққа керек ер едің,
Ғақылың түспес жерлерге
Болмайтын бір кері едің.
Тем, тем үшін, тем үшін,
Ақсұңқар құс жем үшін,
Ашулы батыр деген соң,
Бір ашуын берер деп,
Келдім дағы сен үшін.
Не қылам жұрттың кенішін,
Нараду тап, келісім!
Тем, тем үшін, тем үшін,

Бастырмаққа ұмтылар
Сүйретіп бізге тұлығын,
Қазақ қалай ел болар,
Сыйламаса ұлығын?
Аталық көрсе бізден жау,
Салар қармақ, құрығын.
Одан дағы қармақ боп
Құрталық қалмақ ұрығын.
Арманым — бірлік, арманым!
Арманым үшін

бір қармандым.
Келгенім үшін сендерге,
Демеймін бүтін арландым.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз.
Судан суға шүйтумен
Көлден көлге қоныңыз,
Бай ұғылы шоралар,
Шоқпарлы батыр содырлар,
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды жерге түсіңіз,
Айнала алмай ат өлсін,
Жат бойынан түңілісін,
Бөріңіз бір анадан
туғандай болыңыз!

Соның бөрі ел үшін.
Ғақылды батыр, ақ едің,
Кетті ме әлде бар күшің?
Балалық көрдің балғын-ды,
Жігіттік көрдің алқын-ды.
Бөгембай батыр атандың.
Сақал қаптап бетінді,
Тұтас алғанда алқымды.
Аштықты да көрдің сен,
Жақ ашпаған күндерге
Бұралып жүріп көңдің сен.
Мақтаншақ байға кіжіндің,
Жауыңа найза кезендің.

Ей, Бөгембай, Бөгембай!
Шешен сенің Баяу-ды,
Кісі еді аяулы.
Сусындатпай жібермес,
Жалғыз-жарым жаяуды.

Ей, Бөгембай, Бөгембай!
Әкең сенің Ақша еді.
Емес еді ақшалы,
Ақша ақыннан бата алып,
Бұл Бұқарың қақсады.
Токсан тұсау салған соң,
Енді мұң боп бір басу,
Аяғынан ақсады.
Жаныңа келдім ақсандап,
Жүргенім жоқ қақшандап,
Айтуға басу мен келдім,
Сақалыммен сапсандап,
Ақсандап келсем алдына,
Сөз айтасың шапшандап.
Неге сен сонша секірдің,
Бір қылқұйрыққа бола екеуің
Осыншама көпірдің?
Шабамын дейсің шатынап,
Мен қайғырам жатып ап.
Ханды бұдан жақсырақ,
Қайдан берем сатып ап?
Ханда да болар бір қате,
Қарада болар мың қате.
Шалағай туган ініңнің
Қадіріне жүр жете.
Сен соншама неге
Абылайға мұздадың?
Ащы сөзіңді тұздадың?
Бір ағат болды ханыңнан,
Татқан едің ғой тұз-дөмін.

Бұдан кейін Бұқар жырау сөздің бетін Наурызбайға бұрды:

— Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Шапырашты Наурызбай!
Асылы едің Асылдың,
Жасылы едің жасылдың.
Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Жауға киер беренім,
Миуа ағашта берегім,
Еңкерістен жау келсе,
Бетіме ұстар керегім.
Ағайын қызыл сөз айтса,
Өсекке тоспас құлағын,
Түк естімес кереңім.
Арандай ашып ауызын,
Серен келсе сестеніп,
Аттана шабар керенім.
Өліспей тірі беріспес,

Жалғыз батыр мен деме,
Басқаны өзіңнен кем деме.
Асқақтама, асқынба,
Ынсап берсін пендеге.
Уа, сен Қанжығалы

Бөгембай!

Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және түс қашып,
Қараңғы қапас жүр едің.
Қабанбайдан бұрын

найзанды,

Қай жерде жауға піредің?

Оның да жөн болар-ды.

Сен аға, інімен ірі едің.

Асқақтама оншама,

Әйтпесе, сен

коп батырдың бірі едің.

Сен саһарсың, саһарсың,
Ашулансаң, қаһарсың.
Қу бастайтын саһарсың.
Сабаңа түс, Бөгембай,
Әйтпесе, бір бәлеге тақарсың!
Абылай отыр жабырқап,
Сабыр, батыр, сабыр тап!
Айтса Бұқар сөз сүрлеп,
Ханға керек бір көмек.
Сен ашулы тұрғанда,
Екі інің не демек?

Артықша туган өренім.
Жау қыспаққа алғанда,
Қазакты қанға малғанда,
Өткел бермес тереңім.
Майданның қанды өтінде,
Жасанған жау бетінде
Сені ылғи көремін.
Ұлы дүбір бәйгеде
Жаныға ат қосқанда,
Алдында көрем сөренің.
Сендер қисық сөйлесен,
Токсанға келген басыммен,
Қисыққа қалай көнемін?
Көтере алмай қалыпсың
Бір ағатын төренің.
Қарада болар мың ағат,

Ханда да болар бір ағат,
Табындар, сірә, бір тағат.
Шырымын алшы көзіңнің,
Бары жайыл болады,
Арай-арай, тап сабат!

Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Тем, тем үшін, тем үшін,
Ақсұңқар құс жем үшін,
Оны білмес мен бе едім?
Өкпелеген көтенге,
Қойшыдай қыңыр қалатын,
Қабақ шығар сен бе едің?
Бұлттай болып жауам деп,
Тілімді алар Науан деп,
Өз демімді демдедім.
Жалғыз батыр сен емес,
Тыңда ағаңнан бір кеңес!
Бөрідей арлан Бөгембай,
Қаһары қатты Қабанбай,
Сөзіңді сөйлеп екеуі,
Күркірейді қабандай.
Сөзіңді біреу сөйлесе,
Сөйлегені жаман ба-ай?!
Сен үшін отқа күмедім,
Хан қаршына түнедім.
Таласып ханмен тайталас,
Кешке дейін күнедім.
Суы қатты Қабанбай,
Бөрідей жылдам Бөгембай,
Екі ағаң болмаса,
Оларсыз сен кім едің?!
Екеуі бірдей сабылып,
Ханның отын сабалап,
Сен үшін болып қара тер,
Қапалап отыр, қапалап,
Сен үшін жан берем деп,
Сен үшін жан алам деп,
Ұран сап отыр бабалап.

Ей, Наурызбай балғыным!
Жайылсам, соны шалғыным!

Бұқар жырау сөзінен кейін һәммесі орнына келді, батырлар сабасына түсті, хан қатесін түзеді, қазақтың үш арсыланы бұдан кейін үнемі Абылайдың төңірегінен табылды.

Теңгерер уақтың болды ғой,
Көз жүгіртіп бәріне,
Артқы менен алғының.
Хан да адам баласы,
Сөзі оның түйе көш,
Қадісі емес жарғының.
Айтар саған тәкбірім,
Ғақылға салшы барлығын!

Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Бір сөзіңді айт деймін,
Ырайыңнан қайт деймін!
Ей, Қабанбай, Қабанбай!
Қой ашуды қабынбай!
Ей, Бөгембай, Бөгембай!
Сен алмасаң тілімді,
Сөзімді жерге көмем бе-ай?

Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Тарт тізгінің дау қызбай,
“Қой!” — де екі ағаң,
Қараспанды жауғызбай.
Қаракерей Қабанбай!
Қанжығалы Бөгембай!
Шапырашты Наурызбай!
Бүлдірмендер ел ішін!
Болғанда жаңа сау мұздай.
Ханда да бар қателік,
Айтпай оны не етелік?
Ішкі дауды қойындар,
Жау түбіне жетелік!
Қаракерей Қабанбай!
Қанжығалы Бөгембай!
Шапырашты Наурызбай!
Үшеуінде құт-береке.
Қазақтың бүркіт түлегі.
Жауға салса, — жарағы,
Күреске салса, — білегі.
Ала болсақ өзіміз,
Қалмақ сонда бүледі.
Бүлдіріп бәрін, тұлдыр қып,
Ыржалаңдап күледі.
Сақта қазақ бірлігін!
Тоқсанға келген қарт Бұқар,
Осы соңғы тілегі.

Бұл өлеңдер — Бұқар ағадан жазып алған ең соңғы өлеңім. Бұдан бұрын екі кітап етіп, екі мәрте өлеңдерін хатқа түсіріп бергенмін. Сондықтан басқа өлеңдерін беруді артық санадым. Өйткені ол менің кітабыма сыймасқа керек. Бұқар аға — асқан шежіре, оның Арғынның жетпіс үш атасына дейін айтқан шежіресін де көшіріп бердім. Оны ұрпағы жаттап, жадына сақтап өсер деген дәмелімін. Бұқар жырау сияқты адам бүгінде біздің тұстарымыз арасында сирек. Ақтамберді жыраудан зор мұра кездестірмедім (**Қазыбек бек Тауасарұлы. “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, Алматы, 1993.340–341, 363–382-бет).**

* * *

Абылай 1757-жылы Талқы бойындағы соғыста жеңіске жеткеніне Шимойын деген жерде той жасады. Сол тойда Бұқар жырау:

“Токсанға келген қарт Бұқар,
Осы соңғы тілегі”, —

дейді. Егер 1757-жылы тоқсанға келсе, онда ол 1667-жылы туған болып шығады. Біз де осы дұрыс болады деп ойлаймыз. Өйткені, “Қазақстан ұлттық энциклопедиясы” (2-том, 456-бет) көрсеткендей, 1693-жылы Далба тауының бойында туған болса, онда ол өзі “ағаңмын” деп жүрген 1684-жылы туған Қаракерей Қабанбайдан да, 1687-жылы туған Арғын Олжабайдан да кіші болмай ма? Аңырақай шайқасында алғашқы жекпе-жекке шыққан, 1696-жылы туған Бөлек батыр сонда Бұқардан 3-ақ жас кіші болған ба? Бізше, бұл жағдайда Бұқар бабаның көзін көрген, өлеңін өз аузынан жазып алған Қазыбек бектің кітабындағы мөлшер дұрыс (**Б.Н.**).

ҚАЗЫБЕК БЕК ТАУАСАРҰЛЫ

24

*1692-жылы көкекте Іле Матайының етегінде туып,
1776-жылы қараша айында Ақши оңіріндегі Қазыбек
тауының етегінде дүниеден өткен*

* * *

**“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” дәуірінен
тұңғыш естелік жазып қалдырған куәгер;**

**Қазақтың Жолбарыс, Әбілқайыр, Абылай, тағы басқа
хандары туралы тұңғыш өз көргені мен білгенін жазып
қалдырған адам;**

**Қазақтың ұлы жырауы Бұқар Қалқаманұлының
Абылайға арнаған әйгілі өлеңдерінің тұңғыш толық
түпнұсқасын біздің заманға жеткізуші;**

**Абылайдың бас қолбасшы батырлары Бөгенбай-
дың, Қабанбайдың, Наурызбайдың, тағы басқа қазақ
батырларының өмір деректерін тұңғыш жазып қал-
дырған солардың замандасы;**

**Қазақтың Ата шежіресін тұңғыш әріден жүйелеп
жазып қалдырған шежіреші**

* * *

Өз заманының озық ойлы жиһанкез-оқымыстысы, ақын,
қайраткер Қазыбек бек Тауасарұлы жазған тарихи өмірбаян-
дық шығарма арнайы әңгіме студі қажет етеді. Шығарманың
өзі тарихи өмірбаян болып табылатындықтан және онымен
зиялы қауым жақсы таныс болғандықтан, Қазыбек бек
Тауасарұлының өмірбаянына тоқталып жатпай, мәселенің
тарихи жағына ауысуға рұқсат етіңіздер.

Өздеріңіз білесіздер, бұл кітап қазақ зиялыларының ара-
сында қозғалыс, соны серпін және әртүрлі пікірлер туғызды.

Кез келген тың, тосын дүниенің қоғамға көрнекі ықпал ететіні бұрыннан белгілі. Зиялылар арасындағы әртүрлі пікірлердің бастауы Қазыбек бек еңбегінің қолжазбасы туралы екендігі ешкімге құпия емес. Олай болса, әңгімені осы еңбектің қолжазбасы туралы мәселеден бастағанымыз жөн болар.

Бәрінен бұрын мынаны ашып айтқан жөн: Қазыбек бектің өз қолымен жазылған түпнұсқа қолжазбасы біздің қолымызда бүгінде жоқ. Алайда XVIII-ғасырда өмір сүрген Қазыбек бабамыз тұрмақ, XVI-ғасырдың ұлы тарихшысы, дарынды қолбасшы, үлкен ақын Мұхаммед Хайдар Дулатидің бүгінде бүкіл әлем мойындаған кемел шығармасы “Тарих-и Рашидидің” де түпнұсқа қолжазбасы біздің қолымызда жоқ. Бұл еңбектің күні бүгінге дейін біздерге бірнеше көшірмесі белгілі. Олардың ішінде Тәшкент ғалымдары пайдаланған екі Санкт-Петербург, бір Тәшкент көшірме-қолжазбаларын білеміз. (қараңыз: Урунбаев А. От ответственного редактора. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы: Санат, 1999, 17-беті.)

XIV-ғасырдағы ұлы Дешті-Қыпшақтағы көшпелілер өмірінен терең сыр шертетін Өтеміс қажының Шыңғыснамасының күні бүгінге дейін XVIII немесе XIX-ғасыр басындағы көшірілген екі ғана (оның бірі Түркияда) көшірмелері белгілі. Түпнұсқа тағы да жоқ (қараңыз: Б.А.Ахмедов. От ответственного редактора. Утемиш-Хаджи. Чингизнаме, Алма-Ата, 1992, 5–11-б.)

Бәріміз білетін Әбілғазының “Түрік шежіресі” XVII-ғасырда жазылса да, зерттеушілерге оның көшірмесі келесі XVIII-ғасырда белгілі болды. (Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991, 3–4-бб). Бұл еңбектің де түпнұсқасы әлі күнге дейін табылған жоқ.

Қазақ елінен шыққан, кемеңгер тарихшы, мемлекет қайраткері XVI-ғасырдың екінші жартысында XVII-ғасырдың басында өмір сүрген Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың 1602-жылы өз қолымен жазған түпнұсқа қолжазбасы да бізге жеткен жоқ. Пайдаланып жүргеніміз – бірі Санкт-Петербургте, екіншісі – Қазанда сақталған екі көшірме (Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазған Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. Алматы: Қазақстан, 1993, 3-б.)

Осылардың бәрін айтып отырған себебіміз, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының қолжазбасының, оның

өзі жазған түпнұсқасының бүгінде бізге жетпеуіне таңдандың қажеті жоқ. Білім негіздерін жаугершілік ахуал таптаған “аттың жалы, түйенің қомында” өмір сүрген бабаларымызды қолжазбалардың түпнұсқаларын бізге жеткізіп бере алмағаны үшін кінәлау орында бола қояр ма екен? Ғасырлар қойнауынан, небір тар қыспақтардан өтіп, бүгінге көшірме түрінде сарғайып жеткен қолжазбалар көшірмелерімен жұмыс жасағанда, ұлттық тарихымыздың осындай ерекшеліктерін ескергеніміз жөн.

Егер осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Қазыбек бек Тауасарұлы еңбегінің бізге жеткен көшірмелеріне де үрке қарамай, қайта осы көшірмелер келтірген деректерде тарихымыз үшін қандай бағалы және құнды нәрселер бар, сондай-ақ қандай мәселелерде, бәлкім, автордың өзі де немесе оны кейіннен көшірушілер тарихи шындықты дөп баса алмаған? – деген мәселенің айналасында ең алдымен тарихшылар батыл түрде зерттеу жұмыстарын жүргізулері керек деп ойлаймыз. Тарихымыздың деректерге кедей кезеңдерінен мағлұмат беретін, тіптен түпнұсқадан бұрмаланған көшірме қолжазбаларды зерттеуден үзілді-кесілді бас тарту – туған тарихқа жан ашушылық бола қояр ма екен?

Осы орайда негізгі тақырыбымызға қайта оралар болсақ, кезінде Қазыбек бек Тауасарұлының өз қолымен жазған түпнұсқа қолжазбасы болған деп сеніммен айта аламыз.

Ұлы жүздің шежіресін таратудағы өзіндік ұстаным, белгілі шежірешілер Нұржан Наушабаевты, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхаметжан Тынышбаевты, Мәшһүр Жүсіп Көпеевті және т.б. қайталамай, өзіндік жаңа деректер келтіру – біз әңгімелеп отырған еңбек авторының өз халқының шежіресінен жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. Бұл – бір.

Екіншіден, біздің қолымыздағы қолжазба көшірмесінде 100-ге тарта көне шағатай, арап, парсы тілдеріндегі сөздер қайталанып кездесіп отырады. Бүгінгі заманғы қазақ сөздерінде ұшыраса қоймайтын бұл түсініктер бізге түпнұсқадан жеткен деуге негіз бар.

Үшіншіден, Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегінде бұрынғы қазақ даласының көптеген көне жер, елді мекен атаулары ұшырасады. Бүгінгі замандастарымыздың мұншама көп атауларды өз жанынан шығарып айналымға қоса алмасы күмәнсіз. Бұл атаулар, әрине, кезінде түпнұсқада жазылған.

Төртіншіден, еңбектегі тарихи тұлғалар есімдері, жан-кешті ұрыстар болған мерзімдер мен қалмақ жағындағы қайраткерлер, батырлар есімдері, сондай-ақ оларды жүйелі түрде баяндау үлкен энциклопедиялық білімді қажет етеді. Біздің білетініміз мұндай білім Қазыбек бекті бізге көшіріп жеткізгендердің ешқайсысында жоқ.

Қазыбек бек Тауасарұлының түпнұсқа қолжазбасы бүгінгі біздің қолымыздағы “Түп-тұқианнан өзіме шейін” кітабына негіз болғанын мойындағанымыз жөн болар еді.

Әрине, тарихымыз талай рет дәлелдегендей, қолжазба көшірмесі түпнұсқасының өзі емес. Қолжазба уақыт салып қайта-қайта көшірілген сайын тарихи шынайылық жағынан да, тілдік ерекшелік жағынан да бұрынғы түпнұсқадан алыстай түседі. Тіптен оны кейде бұрмалап баяндауы да мүмкін. 1776-жылы жазылып, 1852-жылы, онан соң 1934-жылы және 1944-жылы, ең соңында 1971-жылы, яғни барлығы әртүрлі тарихи кезеңде төрт қайтара көшірілген және бүгінде қолымызға “Түп-тұқианнан өзіме шейін” деген атпен жеткен еңбектің де осы тұрғыдан алғанда, кейбір өзгерістерге және толықтыруларға ұшырауы әбден мүмкін нәрсе.

Алайда бүгінде біздің қолымызда кәдім әрпімен жазылған Халметов көшірмесі мен кирилицаға түсірілген “Түп-тұқианнан өзіме шейін” кітабы түріндегі Жұматай Түбісов деген кісіге оқытып отырып жазып алған Балғабек Қыдырбекұлының көшірмелерінің ғана болуы, түп-нұсқаның жоқтығы, бұрынғы, басқа көшірмелердің сақталмауы зерттеушілерімізді тарихи деректерге мол Қазыбек бек Тауасарұлы еңбегіндегі айтылған мәселелерді тарихи-салыстырмалы әдіспен басқа деректермен салыстыра отырып зерттеуге бағыттады. Себебі Қазыбек бектің еңбегінің бүгінгі қолымыздағы нұсқасының бұрынғы түпнұсқадан қаншалықты өзгерістерге ұшырағанын бүгінде анықтау, әрине, аса қиын шара. Соңғы көшірмеші марқұм Балғабек Қыдырбекұлы ағамыз баба еңбегіне арнап жазған алғы сөзін мынандай сөздермен аяқтаған екен: “... Мен өзім бұл кітап осындай көлемді деп ойламайтынмын, сөйтсем кәдіммен жазылған ескі жазу (арапша) кәзіргімен көп шығады екен...”

Бұл кітапқа мен қол тигізген жоқпын, өндемедім де, оқушыға қалпымен жетсін деп ойладымын...” (қараңыз: “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 22-б.)

Алайда қолжазбаның Балғабек Қыдырбекұлынан бұрын да бірнеше рет көшірілгенін жоғарыда айттық. Мұның бәрі тарихи шындықты анықтау жолында әсіресе тарихшылар еңбегін ауырлата түсері де сөзсіз.

Басқаны былай қойғанда, ғылыми салмағы ауыр, тарихымыз үшін аса құнды және көшірушілері айтарлықтай сауатты болған Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиінін” Санкт-Петербургте және Ташкентте сақталған қолжазбаларын өзара салыстырған өзбек ғалымдары олардың көшірілуі барысында түсіп қалған немесе толықтырылған көптеген сөз тіркестерін тапты емес пе?

Сондықтан кез келген тарихи қолжазба көшірмесі зерттеушілердің ыждағатты, жан-жақты толғауларын қажет етеді.

Әруақты сыйлау, оған құрмет көрсету – ежелден халқымыз қалыптастырған рухани дәстүр. Осы дәстүрді Қазыбек бек те сақтаған, өзінен бұрынғы бабалары Мұхаммед Хайдар Дулатиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Жүсіп Баласағұниді, Қожа Ахмет Яссауиді, Қадырғали Жалаирды ауызға алғанда, олардың еңбегі туралы пікір білдіргенде, оның үлкен имандылық танытқанын айта кеткеніміз жөн. Өз кезінде Қазыбек бекке байланысты біздің де осындай ұстанымды басшылыққа алғанымыз жөн деп ойлаймыз. Кезінде түпнұсқаны көшірушілер тарапынан кемшіліктер орын алған болса, оған, әрине, Қазыбек бектің қасиетті әруағы жауап беруге тиіс емес. Осыны естен шығармағанымыз жөн тәрізді, ағайын, құрметті зиялы қауым!

Осы қағиданы берік ұстанар болсақ, біздің қолымыздағы Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегі салиқалы да байсалды талдауды қажет ететінін де мойындар едік.

Еңбекке тарихи-хронологиялық әдіспен талдау жасар болсақ, оның негізінен үш бөліктен тұратынын аңғарамыз. Бірінші бөлігі – ежелгі және ерте орта ғасырлардағы қазақ тарихын шежірелік үлгіде баяндау; екінші бөлігі – Қазыбек бектің өзінің атасы Матай өмірге келген 978 (біздіңше 1500-жылдар) жылдан басталады да, Қазыбек бектің өзі туған 1070-мешін жылына (біздіңше 1692-жылға) дейін созылады. Бұл кезеңдегі тарихи оқиғаларды баяндауға Қазыбек бек атасы Матайдың жазбаларын пайдаланған. Қолымыздағы көшірмеден Қазыбек бектің мынадай сөздерін оқимыз: “Мен кітабыма сол атамның жазбаларын қолдандым. Ал атам Матай күнделікті оқиғаны болған-

болғанындай етіп қана тіркеп отырған. Ол – қорытып жазбаған кісі...” (қараңыз: “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 191-б.).

Мұның өзі, біздің ойымызша, екінші кезеңнің деректік тұрғыдан сенімділігін нығайта түседі.

Еңбектің үшінші бөлігі – Қазыбек бектің өзі өмірге келген 1070- мешін жылынан басталып, Абылайдың хан ретінде таққа отыруына дейін келеді. Бұл кезең Қазыбек бектің өзінің өмір сүрген кезеңі болғандықтан, тарихи оқиғаларды атап көрсетуге және олардың мерзімін атауда тарихи шынайылық, әрине, үстем болуы тиіс. Алайда кез келген тарихи өмірбаян (мемуар) бұлтартпас шындықты дәлме-дәл көрсетеді десек, қатты қателесер едік. Өйткені өзінің тарихи өмірбаянын баяндап отыратын кез келген тарихи тұлға – кейде тарихи мерзімдерді қателесіп немесе әдейі өзінің ыңғайына қарай бұрмалап баяндауы, сондай-ақ көргендеріне ғана емес, естігендеріне де сүйенуі – көптеген тарихи өмірбаянға тән нәрселер. Мұндайда тарихи өмірбаян авторының жазғандары субъект ретінде басқа деректермен салыстыра қарауды қажет етеді.

Ал енді еңбектің әр бөліміне толығырақ талдау жасар болсақ, оның алғашқы бөлігі, яғни шежірелік баяндау Қазыбек бектің айтуынша, атасы Матайдан қолжазба түрінде қалып, оның кіші баласы Төлекей шежірелік ата мұрасын Қазыбекке тапсырған.

Еңбекте ата шежіресі былай таратылады: Мұхаммед туардан мың тоғыз жүз жыл бұрын (яғни бізше – б.з.д. 1330-жылы) Қадыр, Қалша деген кісілер болған. Қадырдан Алаш, Алаштан Жайыл, Жайылдан Қазақ. Қазақтың екі ұлы Жұман және Тұман өмір сүрген. Жұманның екі ұлы – Арыс, Сабыр туған. Арыстан алты ұл болған, бірақ олардың үшеуінен ғана Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстан ұрпақтар тараған. Кезінде жүз-жүзден әскер басқарған бұлар үш жүзді негіздеген (қараңыз: “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 32–37-б.).

Айта кеткен жөн, жалпы қазақ шежірелеріне жүгінер болсақ, әдетте оларға қазақтың арғы атасы Қадырдан емес, Алаштан басталады. Алаштан Қазақ, Қазақтан – Бекарыс, Ақарыс, Жанарыс атты үш ұл туады (қараңыз: Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, Жалын, 39-б.).

Қазыбек бекке жүгінсек, Ақ деген кісіден, яғни Ақарыстан Киікбай (Кейкі), одан Төбей мен Моған. Төбейден Бақтияр, Байтерек, Жаңылық туған. Байтеректен Қоғам, Қоғамнан

Қаңлы, Шанышқылы (Қатаған), Бақтиярдан – Қотан, Қотаннан Үйсін тарайды (қараңыз: “Түп-тұқияннан өзіме шейін” 37–38-б.)....

Қазыбек бек Үйсіннен 7 атаны таратып Елсауға шығады, ал Елсаудан кейін 6 атаны санап Майқы биге келеді. Майқы биге келген соң, ол тәптіштеп 18 ата таратып Бәйдібек атаға шығады. Бәйдібектен шежірешінің өзінің атасы Матайға дейін 40 ата таратылады. Шежіре әңгімелеу барысында Қазыбек бек аңызға айналған ірі тарихи тұлғалар туралы және Ұлы жүздің басты тайпалары туралы кеңінен баяндайды. Біздің ойымызша, жоғарыдағыдай кейбір ерекшеліктеріне қарамастан өзінің атасы Матайдың жабаларына сүйенген Қазыбек бектің шежірелері, негізінен алғанда, жалпы қазақ шежіресінен ауытқымайды, және шежіретану саласын жаңа деректермен толықтырады.

Сондықтанда шежірені тарихи дерек ретінде қарастырып жүрген зерттеушілеріміз бұл еңбектен қашқақтамай, қайта оны басқа шежірелік деректермен салыстыра зерттеу ісін қолға алулары керек деп ойлаймыз.

Қазыбек бек еңбегінің екінші бөлігінде бүгінгі біздің Қазақстан тарихына байланысты іргелі зерттеу еңбектерімізде кездесе бермейтін есімдерге және әртүрлі тарихи мерзімдерге жолығамыз. Олардың бәрі, әрине, зерттеушілер тарапынан әлі де салыстыра талдай түсуге мұқтаж. Еңбекте кейбір оқиғаларға байланысты нақты жылдар да атап көрсетіледі. Олардың кейбірі Қазақстан тарихында қалыптасқан көзқарастарды қайта қарауға итермелейді. Мәселен, Қазыбек бектің мынандай баяндауларына назар аударалық: “Ойраттар 850-жылы (біздіңше 1471-жылы – Т.О.) Масаншы тайшысы кезінде қазақ жеріне шабуыл жасады да, Іленің оң жағалауында Жүніс хан жеңіліп, Сыр бойына кетті”. Еңбектің тағы бір жерінде осы ойды жалғастыратын мынандай пікір бар: “Ойраттың қазақ жеріне шабуыл жасағанына, міне, биыл мешін жылы тура 255 жыл болыпты. Ойрат шабуылын 899-жылы (біздіңше 1521-жылы – Т. О.) бастаған”.

Тарихи деректер мынаны растайды: Қазыбек бек әңгімелеп отырған XV-ғасырдың екінші жартысында Ойрат бірлестігінің нығая түскені тарихта дәлелденген (қараңыз: қазақ Совет энциклопедиясы. 8-т. 447-б.).

Моғол ханы Жүніс ханның өзінің інісі Есенбұға 1462-жылы қайтыс болған соң, алғаш Моғолстанның батысында,

ал жоғарыда айтылған ойраттармен соғыстан бір жылдан кейін бүкіл Моғолстанда хан болғаны белгілі. Бұл туралы кезінде М.Х.Дулати да жазған еді (қараңыз: М.Х.Дулати. Тарих-и Рашиди. 102,570-66.). Бұл жерде Қазыбек бек келтіріп отырған деректі теріске шығара алмаймыз, өзінің хандығын кеңейтіп келе жатқан Жүніс ханның Іле бойында ойраттармен соғысуы және жеңілуі М.Х.Дулатидың еңбегінде де айтылған.

Дегенмен де, жалпы, дәл бүгінге дейін ойраттардың қазақ жеріне қашаннан бастап ұйымдасқан шабуыл жасай бастағаны туралы нақты пікір жоқ. Ал Қазыбек бек болса нақты 1521-жылды атап көрсетіп отыр. Бұған сенуге бола ма? Белгілі еңбектер “Бабурнамада” да, “Тарих-и Рашидиде” де осы кезеңдерде ойраттардың ол кезде Моғолстан құрамында болған Оңтүстік Қазақстан өлкесімен қақтығыстары туралы жазылған. Нақты фактіге жүгінер болсақ, осы датадан сәл ілгерірек (1509-ж.) қайтыс болған Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмуд ханның қалмақтарға бірнеше жорығынан кейін қалмақтар оны Алаша хан (өлтіруші хан) атағаны да белгілі (“Бабур-наме” 12, 13-б. “Тарих-и Рашидиде”, 148-б.)

Біз әңгімелеп отырған еңбектегі Есім ханның 998-жылы яғни 1620-жылы қалмақтарға үлкен жорығы (қараңыз. История, политика, дипломатия. Алматы, 1998. 204-б.), Батыр тайшысының 1635-жылы қалмақтардың басын біріктіріп үлкен хандық орнатуы (Хасенов Ә. Көрсетілген әдебиет, 186-б.). Қалмақтардың Сібір арқылы батысқа ығысуы, Салқам Жәңгірдің 1635-жылы қалмақтар тұтқыны болуы (Абусейтова М.Х. аталған кітап, 205-б.), оның қалмақтармен соғыста қайтыс болуы, 1643-жылы Салқам Жәңгірдің Батыр Қонтайшыға қарсы Орбұлақтағы шайқасы, осы ұрысқа қолдау көрсетіп Жалаңтөс баһадүрдің көмекке келуі туралы мәселелер қолда бар тирихи деректерді теріске шығармайды, қайта толықтыра түседі (қараңыз: Галиев Б. Хан Джангир и Орбулакская битва. Алматы. Ғылым, 1998, 34-45-б.).

Сондай-ақ Қазыбек бек атайтын адам аттары да тарихи деректерде, зерттеулерде кездесетін адамдар аттарымен негіінен сәйкес келеді. Олар, мысалы, қазақ жеріне шабуыл жасаған Толай тайша, Құжытай тайша, Торғыш тайша тәрізді қалмақ қолбасшылары және Салқам Жәңгірдің бастауымен болған қалмаққа қарсы соғысқан шапырашты Қарасай,

арғын Ағынтай, алшын Жиенбет, қаңлы Сарбұқа, найман Көксерек, дулат Жақсығұл, суан Елтінді батырлардың осы ұрыстарға белсенді қатысқанын тарихшылар зерттеулері дәлелдеп отыр (қараңыз: В.З.Галиев аталған кітап, 36–44-б.).

Орбұлақ шайқасына қатысушылар әскерлерінің саны жөніндегі Қазыбек бек келтірген Салқам Жәңгірдің 600 жауынгері және қалмақ ханы Қонтайшы-Батырдың 50 мыңдық әскері туралы мәліметтері орыс тарихшысы Левшиннің айтқандарымен дәл келеді (қараңыз: сонда, 120-б.).

Айта кеткен жөн, Матай атасының жазбаларына сүйенген Қазыбек бектің баяндауында жаңа деректер де бар. Мысалы, автордың айтуынша, Салқам Жәңгірді Сесеннің ұлы Қалдан өлтіреді. Ал қалмақ Батыр Қонтайшы Қарасай батыр салған ауыр жарадан өледі. Ал басқа нақты емес, жалпылама деректерде Жәңгірдің Қонтайшы батырға қарсы күресте өлгені айтылады (қараңыз: История Казахской ССР. Т.2, с.289). Тарихшылар арасында Есім ханның қашан қайтыс болғаны туралы да ортақ пікір жоқ. Көпке дейін ол, әдетте, 1628-жылы қайтыс болды деген пікір басым болған еді (ҚС.Э.1 т., 23-б.). Бірақ оның баласы Жәңгір 1635 жылы да әлі сұлтан аталады. Егер Есім хан 1628-жылы өлсе, оның баласы Жәңгір 1635-жылы сұлтан емес, хан аталар еді ғой (В.З.Галиев көрсетілген еңбек, 45-б.). Қазыбек бек Есім ханның науқас болуына байланысты 1640-жылдан бастап қазақты Жәңгір сұрай бастағанын айтады. Тарихшы Ә.Хасенов өзінің “Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны” деген кітабында Есім ханның 1645-жылы қайтыс болғанын нақты атап көрсетеді (193-б.). Егер осы деректі қабылдасақ, 1640-жылы Есім ханды ауру деп көрсеткен Қазыбек бек шындыққа жақын болып шығады. Оның үстіне елшілері Батыр Қонтайшы ставкасында Жәңгірдің төрт елшілерін көрген. Яғни Қазыбек бектің 1640-жылдан бастап қазақты Жәңгір сұрай бастады дегені тағы да дәлелденіп отыр.

Зая-Пандиты хроникасы 17 жасар қалмақ Қалданның Жәңгірді өлтіргенін растайды, яғни Қазыбек бек атап көрсеткен осы дерек басқа құжаттар арқылы дәлелденіп отыр.

Қазыбек бек деректеріндегі қалмақ Қалдан Бошықтудың өміріне байланысты мәліметтер қабылданған тарих деректерін теріске шығармайды. Қазыбек бек айтуынша, Қалдан Қытайдан жеңілген соң, күйінгендіктен өзін-өзі жарып тастайды, ал басқа деректерде ол у ішіп өледі (Ә.Хасенов. Көрсетілген әдебиет, 197-б.).

Қазыбек бектің тарихи өмірбаяндық еңбегінде шапырашты Қарасай және арғын Ағынтай батырлардың қайтыс болулары, Қанжығалы Бөгенбай батырдың, арғын Олжабай батырдың, Қаракерей Қабанбай батырдың, Өтеген батырдың, албан Хангелді батырдың, Бөлек батырдың туған жылдары туралы нақты мәліметтер бар. Сондай-ақ Тәуке ханның, Әбілмәмбеттің, Абылайдың таққа отыруларына қатысты деректерге де осында кездесеміз.

Еңбектен қазақ батырларының қалмақ батыларымен жекпе-жектері, қазақтардың ұрыстарды өзіндік ұйымдастыру тәсілдері, басты-басты жоңғар-қазақ шайқастары туралы біраз тың мағлұматтар алуға болады.

Қазыбек бек еңбегінің көптеген тарихи деректерді қозғауы және жеке тарихи тұлғалар туралы автордың өзіндік көзқарастары тарихымыздағы кейбір даулы мәселелерді айқындай түсуге көмектеседі деп ойлаймыз. Сондай мәселелердің бірі өз дәуірінің ірі мемлекет қайраткері, Ордабасыда Үш жүздің әскеріне қолбасы болып сайланған қайшылықты тұлға Әбілқайыр туралы осы еңбектегі пікірлер дер едік.

Тарихнамада Әбілқайыр мен Семекенің Қазақстанның оңтүстігінен кетіп қалуы туралы әртүрлі көзқарастар бар екенін білеміз. Олардың алғашқысы – аға хан Болат өлген соң, Әбілқайыр мен Семекенің аға хан болғылары келгендігі туралы, алайда Әбілмәмбеттің хан болуына байланысты ренжіген олардың өз өлкелеріне көшіп кетулері жайлы тарихшылар пікірлері.

Тағы бір пікір – Әбілқайырдың Ресейге сүйеніп, бүкіл қазақ жерін өз қоластына біріктірмек болған асқақтығы туралы. Сонымен қатар тарихшылар арасында осы кезеңде қайта күшейген, батыстағы қазақ жерлеріне қауіп төндірген башқұрттардың қауіпін Әбілқайырдың өз қонысына оралуының басты себебі деп санайтын көзқарас та орныққан (қараңыз: /И.Ерофеева. “Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик...” с.186-187; Б.Ирмуханов “Казахстан: историко-публицистический взгляд”. Алматы: Өлке, 1996, с 80-82; Ибасарова Г.Б. “Казахско-башкирские отношения в XVIII-веке (1701-1755гг.)” канд. дисс. Алматы, 2000).

Сонымен бірге тарихшылар арасында осы кезеңде Қытайдың Шығыс Түркістанды және жоңғар өлкесін басып алға

жылжуына байланысты Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге қосылуын мақұлдайтын да көзқарас бар (сонда, 62-б.).

Заманы аса күрделі және өзі қайшылықты қайраткер Әбілқайырға байланысты мұндай түрлі көзқарастың болуына, жалпы алғанда, түсінушілікпен қарауға болар еді.

Алайда нақты айта кеткен жөн, Қазыбек бек Тауасарұлын оқыған кезде Әбілқайырдың орысшылдығына көзіңіз жете түскендей болады. Бұл, әрине, тарихшылар тарапынан әлі де арнайы салыстырмалы-тарихи зерттеулерді қажет ететін мәселе.

Бұл мысалды келтіріп отырған себебіміз, Қазыбек бектің еңбегінде Қазақстан тарихының өткір мәселелерін көтеретін тұстар баршылық демекпіз. Ал ол мәселелер зерттеушілер назарын өзіне аударуы тиіс. Себебі тарихи шындыққа жан-жақты зерттеулер арқылы ғана жақындауға болады. Біздің ең басты айтарымыз да, міне, осы (**Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков, “Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегі – тарихи өмірбаяндық шығарма”, “Қазыбек бек Тауасарұлы – тарихи тұлға, ғалым және ақын” деген тақырыппен 2000-жылы 4-қазанда Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде өткен ғылыми конференцияда жасаған баяндамасынан. Алматы, 2001. 8–18-бет).**

* * *

“Қалданменен ұрысып” өлеңінде (“Бес ғасыр жырлайды”, 1984, 110-бет) он төрт (14) батырдың аты аталады, ал Бұқардың өз аузынан жазып алдым деген Қазыбек нұсқасында (364-369-бет) алпыс төрт (64) батыр аталады. Менің ойымша, солардың барлығы да біздің болашақ ұлттық энциклопедиядан құметті орын алуға қақылы батырлар. Алдыңғы нұсқада кісі аттары бұрмаланып аталса, кейінгіде дұрыс айтылады. Мәселен, алғашқы кітапта **Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, Тігеден шыққан Естербек, Құдаменді Жібекбай, Секербай, Шүйбекбай, Мамыт, Қасқарауұлы Молдабай, Айнакүл Бәти аталса**, бұлардың бәрі Қазыбек бекте дұрыс аталады: **Сіргелі Қара Тілек** (аты – Тілек, қалғаны тайпасы мен руы), **Қарақалпақ Қылышбек** (үнемі ұлы жүз қолына қосылып соғысқан), **Текеден шыққан Сатай, Бөлек** (әкелі-балалы (немерелі) шапыраштылар) және **Құдаменді құлжадай** (Бөгембай қолынан), **Сеңкібай мен Шойбек** (екеуі де Төле бидің інілері, **Секербай, Шүйбекбай** деген батылар тарихта

жөк), Мәмбет (шапырашты), Қасқарыұлы Молдабай (Қазыбек бектің немересі), Айнағұл Бәти (Бөгембай қолынан).

Қазыбек бек нұсқасында Бөгембай, Қабанбай, Наурызбай қолының батырлары бөлек-бөлек айтылса, бұрынғы нұсқаларда араласып және Бөгембай мен Наурызбай қолдарының ғана кейбір батырлары аталады. Осының бәрін салыстыра келгенде, бұл өлеңдердің дұрыс түпнұсқасы Қазыбек бек кітабындағы нұсқа екені дәлелді боп шығады. Бұл Қазыбек бек нұсқасында Қабанбай қолынан Балғалы Барақ (мыңбасы), Сасан, Тауасар (мыңбасы), Қара (мыңбасы), Шоңай (мыңбасы), Дәулетбай (мыңбасы, кейін ақ атанға бола Қабанбаймен араздасып қалады), Матай Шәкәрім, Бура Борамбай, Садыр Дәрімбет және Дақа, Уақ Сарман мен Шағын, Төртуыл Бағар, Ырысқұл, Сақан, Доғалбай, Ағалық батырлар мадақталса; Бөгембай қолынан Шақшақұлы Жәнібек, Жаныкеш, Алтай Олжабай, Құдаменді, Естербек, Байұлы Бітік, Баспан, Жетіру Орал, Жаппас Ақберді, Қаракесек Қарабек, Темеш Нұра (көшірушілердің кінәсінен бұл батырдың аты 250-бетте Тұра делінген. Арғынның ішінде Темеш, Әйгілі Ағынтай батырдың немересі. Дұрыс аты Нұра ма, Тұра ма – біле алмадық), Атығай Ағындық, Тарақты Тоғай, Айнағұл Бәти, Қарауыл Қасым мен Қалабек, Қанай, Атығай Жәпек, Айдабол Толыбай, Қанжығалы Бозым, Жантай, Есен, Досай, Қыпшақ Мақатай, Мәмбетұлы Атан деген батырлар мадақталады.

Ал Наурызбай қолынан Сіргелі Тілек, Қарақалпақ Қылышбек, әкелі-балалы Сатай мен Бөлек (Бөлек – жекпе-жекте Аңырақайды өлтірген), Қазыбекұлы Қасқары; Қаумен мен Дәулет (Қарасай батырдың Түрікпен деген баласының немерелері), Жаныс Сеңкібай мен Шойбек, Таңсық Қожа, Шыбыл Мәмбет, Қасқарыұлы Молдабай, Суан Бағай (қалмақтың Мұқырын жекпе-жекте өлтірген), Асыл Еспенбет, Албан Хангелді, Қарақалпақ Жангел, Ботпай Сәмен, Айқым Көкбарақ, Шымыр Қойгелді батырлар мадақталған...

Қазыбек бек кітабының ең құнды, теңдессіз пайдасының бірі – кейбір Бұқар өлеңінің түпнұсқасын бізге бұзбай жеткізуі (Бексұлтан Нұржекеұлы. “Бұқар жырлаған батырлар”, “Қазақ әдебиеті”, 11.02.00).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН

25

*1693-жылы туған,
1748-жылы Барақ тобы өлтірген*

* * *

“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезінде, Ордабасы шешімі бойынша, біріккен қазақ қолын басқарған тұңғыш Бас қолбасшы;

Айрантөгілген, кейін Қалмақ қырылған деп аталған жерде “Ақтабан шұбырынды” оқиғасында тұңғыш рет қалмақ қолын ойсырата жеңген Бас қолбасшы;

Россия бодандығын қабылдаған тұңғыш қазақ ханы

* * *

Біз қаңтарда Шымбасқа келгенде, Шона – Лаузан Асыны алған екен, бірақ Әбілқайыр қолды бастап Асыны да, ондағы қалмақ қолындағы 30 ұлыс елді қайтып алған. Көкбарақ батырдың, Балдан жансыздың айтуына қарағанда, ойраттар бар күшін Асы маңына жинамақ, бұл шайқас оларға да, қазаққа да сын болмақ. Осыны білген қазақтар 1104-жылқы (1726-ж. – Б.Н.) жылы Асының түстік шығысында кейін Ордабасы аталып кеткен жерде кеңес құрды. Бұған Үш жүздің игі жақсыларының бәрі жиналды. Бұған себепші боған үш басты жыландай үш жаққа қараған хандар да емес, сол кездері ұлық хан саналатын Болат та емес, қазақтың үш данышпаны Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүз Әйтеке би еді. Бұл билерді заманында-ақ осылай атаған. Төлеге үйсінді қосып, Қазыбекке ұруын қоспай Қаз дауысты деген сөзді қосып айтатын, ал Айтықты Әлімнен шыққан немесе Төртқара демей, Кіші жүз Әйтеке дейгін. Міне, осы үш би Ордабасыға жиналмай тұрып-ақ өздері келісіп наараду тапқан.

Сөйтіп, жиынды Болат ханға ашқызды. Сөзіне, ісіне қарағанда, Болат хан ел басқаруға лайықсыз, бодалақтап бос ескен арқандай кісі екен. Жігерсіз адам көрінді маған. Жиынды ол бастағанымен, сөз де, байлам да, бар билік те қазақтың үш биінде болды. Үлкен кеңестің аяғы Әбілқайырды үш жүздің қолына қолбасшы етіп сайлады, бірақ оны қазақтың бәрінің ханы деп жарияламады. Өйткені оның хан сайлануына Әйтеке қарсы болды. Жалпы, Әйтеке төреден болатын хандарға қаны қас еді. Онысы дұрыс та болатын. Олардың ойлайтыны халықтан бұрын өз қамы еді. Тағы бір әбестігі қалмақтан қатын алуға құмар-ды. Мұны билер бөлек қалып аталы сөз айтқанда да Әйтеке ашық кетті. Төле мен Қазыбек мәмілелеу, бірақ олар да бетін танытып еді. Оған ұлы жүздің ханы Жолбарыс та, Орта жүз ханы Сәмеке де бәрібір келісім бермес еді. Келісім ұрысты аяқтап, қазақ даласы қалмақтан тазарғанда, бүткіл қазаққа белгілі батырды хан көтермек болып келісті. Ақ киізге оралмағандықтан, Әбілқайыр қолбасшыға арналған боз арғымаққа көңілсіз мінді. Сонда да бұған оның туған ағасы саналатын Жолбарыс та, өзін нағыз төремін деп есептейтін Сәмеке де қызғана қарап тұрды. Қашан да сөздің ғаділін айту керек, егер хандардан бір қолбасшы сайлануы керек болса, онда Әбілқайырдың қолбасшыға лайық екені әмбеге аян болатын. Өйткені Асыны отыз ұлысымен қайтарып алудағы, Еділдегі қалмақтар шабуылынан қазақты қорғаудағы, Түрікпендердің шабуылына тойтарыс берудегі оның ерлігі ұшан-теңіз. Әбілқайырдың жауынгерлігі жанында аталған екі хан да жіп есе алмайтын. Әбілқайыр, тым өзімшілдігі болмаса, ерлігін қазақ қатты бағалайтын. Әбілқайырдың Төле аға мен Қазыбек аға айта беретін бір ерекше жаман мінезі өте кекшілдігі болатын. Билер оның кекшілдігін қазаққа бітпеген мінез, қазақ кешірімділікті, кендікті, көтерімпаздықты ұнатады, қазаққа өзі сияқты кең мінезді, ғаділ адам керек десіп отыратын. Сондықтан да Әбілқайыр ұлық хан аталмады. Ал Әбілқайыр басқолбасшы сайланды, бірақ билер ұрыс туын Бөгенбайға көтертті. Бұл Әбілқайырға қатты тиді. Өйткені “киз кімдікі болса, білек соныкі” еді. Билер осы жерде болашақты да ойлады білем. Бөгенбай

бұдан бұрын да жиырма алты жасында қолбасшы болып сайланды деседі біреулер. Ол жасы Қанжығалы Бөгеубайдан көп үлкен, әкесіндей, арғын қарт Бөгенбай болатын...

Жылқы жылы (1726 – Б.Н.) жазда қиян-кескі ұрыс болды. Бұл түмен қолын Қазыбек би басқарды. Әрине, ол соғысқа ол өзі араласқан жоқ, бірақ ұрыста олсыз бұл қолдың бір ісі нұым таппады. Осы ұрыста алғаш Қанжығалы Бөгеубай батырды көрдім. Ол Орта жүзден келген бір түмен әскерді бастап келді. Бөгеубай қолтоқпақтай, оңқай асықтай, өте тез қимылдайтын, батыл адам екен. Былай қарағанда, оны бір тездатар, жеңілтек адам деп қалар едіңіз, жоқ, бірақ айтқан сөзі де, істеген ісі де тап-тұйнақтай, ешнәрсені шашау шығармайтын, орынсыз сөйлемейтін кісі екен. Ол ұрыста бұған дейін де көп болған, жылан, жылқы, қой жылдары Асыны, Сауранды қорғап, зор қайрат көрсеткен, жасақты бастаған, ақыры олардан қалмақты қуып шыққан. Бәріміз ұрыс басталардан екі күн бұрын алпыс үш адам бас қостық. Бұл жолы жиынды төбе төріндегі үшеудің ортасындағы Төле би ашты. Сонан соң Әбілқайыр қолды қалай орналастыру, кімнің қолы қай жақтан келуі керек дегенді тәптіштеп түсіндірді. Осы жиында Бөгеубайдың маған қатқан тілі:

– Қол жетпейтін аспан ғаламын оқығанша, жердегі ұрыс өнегесін үйреніп қайтпадың ба? – болды. Бөкең менен сегіз жасы үлкен еді, әзілдеп қана:

– Оны Аягөзде, Жетісуда оқыдық қой, – дедім.

Орта жүздің екінші түменін Қабанбай бастап келді. Қабанбаймен Аягөздегі тауық жылғы ұрыста (1717-жыл – Б.Н.) бірге болғанымды айтқанмын.

Кіші жүз қолы жеті мыңдай адам еді, оны Әбілқайыр өзі басқарды. 1104-жылы (1726 – Б.Н.) Сарысу бойындағы Айрантөгілген деген жердегі соғысқа қазақтан тура 44 мың адам қатысты. Жер-көктің бәрі маған қазақ болып кеткендей көрінді. Ұрыстың алғашқы үш күні жекпе-жекке шығу болды да, аяғы қырғын майданға айналды. Қалмақ та аз емес еді, олар да көп болатын. Дегенмен қазақ қатты көтерілген екен, адам шамадан тыс көп болды. Майдан төрт жерде жүріп жатты. Маған бәрінің куәсі болу маңдайыма жазылмапты. Біз Жетісулықтар араласқан ұрысты ғана анық

байқап, ішінде болдым. Жолбарыс хан шатыры Бұланты дейтін кішкентай, Сарысудың батысындағы өзен бойында еді. Онда күні-түні бірдей Төле би тапжылмай ұрыс барысының мағлұматын біліп отырды. Осы ұрысқа жекпе-жекке басы Сатай болып жетісулық тоғыз батыр шықты. Оның Қоңқай батырдан баскасының бәрі де тірі қайтты.

Келісім бойынша төртінші күні додаға түстік. Нағыз майдан енді болды. Біреуінің қолы сынып, біреуінің басы айырылған нағыз қан төгіс еді бұл. Ойбай, айқай-ұйқай, “Бақтиярлаған” үйсіндер, “Ақжолдаған” арғындар даусы жерді жаңғыртады. Нағыз кескілескен соғыс. Алдымда бара жатқан ұлым Қаскарыға біреу ту сыртынан найза салайын деп жатқан соң, тұра ұмтылып, әлгіні бүйірінен сайып түсіріп, басымды көтере бергенде, ұшып барып бір қылыш жерге шаншылып, дірілдеп тұра қалды. Сөйтсем, балама жан ұшырып бара жатқанымда, мені біреу шаппақ екен. Үнемі менің артымда жүретін Шапырашты – Асыл – Орымбет тұқымы Әйтей батыр немересі Еспенбет батыр қалмақтың оң қолын найзамен ұрып жіберген екен, оның мені шаппақ қылышы қолынан ұшып кетіпті. Ажалы жоқтық, міне, осы. Соғыс атаулыда үнемі артымда болатын Еспенбет батырдың мені талай өлімнен аман алып қалғаны хақ. Мен өзімнің ұзақ ғұмырымда оған ылғи қарыздармын деп өткен адаммын. Шынымен оған қарыздармын.

Нақ осы бір сәтте жанымға Көкбарақ батыр келді де, Төле би шақырып жатыр дегенді айтты.

– Айқорланды соғысыңды қашан қолданадың, соныңды жаса! – деді Төле аға.

– Ойбай-ау, оған қол аз ғой, – дедім мен.

– Дулаттың қазір екі мың қолын беремін. Өзің басқар.

“Айқорланды” ұрысы – жауды айландыра сыртынан қоршап алып, сонан соң біртіндеп қыса түсу. Қалмақтар білмеуі үшін, атын өзім осылай қойғанмын. Кім сыртқа ұмтылса, сонымен соғыс салу. Сәлден соң ұрысқа кірмей тұрған Дулаттың екі мың қолы ұрыс майданына жетті. Біз көбейген соң қоршай бастадық. Қазақтың бәріне майданды тастап, сыртқа беттеуге жарлық бердім. Алғашта біздің батырлар мұны қашу деп түсініп қалып, көпке дейін кескілесе берді. Кіші бесінде ұрыс майданынан қазақтар шетке шығып күріктене бастады. Қалмақтардың арасынан

өздерінің тілінде: “Құрыдық, құрыдық, бізді қамады!” – деген сөздер естілді. Оны Көкбарақ жеткізді. Қалмақтар майдан ортасында тай шаптырым жерді алып тұрды. Енді қашар жер жоқ. Ендігі амалдары – орнынан тұрып садақ тарту. Олардың бізге тартқан садағы тимеуі мүмкін, ал біздің тартқан садағымыздың кез келген жебесі біреуіне тиері сөзсіз. Жай тартып біз садақ оғын қардай бораттық. Әрине, олар да атып жатыр. Бірақ сирек тұрған бізге оның оннан бірі тимейді. Ал біздің жеті мың адамның оғының жетеуінен біреуі тисе де, бір мың оқ тиеді. Солай болды да. Ойбай, жылқы кісінесі, қарынынан тиген оқтан тулаған ат, ат бауырына тығылған жаяу қалмақ. Біз жақындай түстік. Кеш батар мезгілде біз қоян-қолтық барып қамадық. Қалмақтың қорқақтары ортасына тығылып не оқ шығара алмады, ешбір қайрат қылуға шамасы жоқ, өйткені айналып-толғануға мүмкіндік болмай қалды. “Қоян қашты” жасадық. Сөйтіп, біз қамаған төрт жарым мың қалмақтан тірі кеткені аз болды. Нақ осындай соғысты Қабанбай қолы да, Бөгембай қолы да салды. Олардың қорасынан да тірі қалмақ шықпады. Тек қаша ұрыс салмақ болған Әбілқайыр қолы жауды бытыратып алды. Дұшпанның ұрысқа кірмеген қолы енді быт-шыт болып-бет-бетіне қаша бастады. Өрте қашқанының артынан біз түстік, шығысқа қашқанына Қабанбай қолы, терістікке қашқанына Бөгембай қолы түсті. Батысымызда Әбілқайыр соғысып кетті. Бірақ осыдан кейін Әбілқайыр да, оның әскерлері де бұдан былай бұл жаққа қайта оралмады. Ақыры жарымжан Болаттың орнын көздеген Әбілқайыр оның орнына 1108-жылы (1730 – Б.Н.) оның ұлы Әбілмәмбет сайланып кеткен соң, мені ұлы хан жасамады деп өкпелеп, майданнан шегініп Ырғыз асып кетті. Арада бір жыл өткенде, ол қатын патша Аннаға хат жолдап, соның құзырына қарады. Дәмесі тым зор болды. Патша арқылы бүкіл қазақты өзіне бағындырмақ еді. Бірақ бұл бір Бек баласының ойы еместі. Кейін Әбілқайырдың хатын пайдаланған Ересей Ор мен Електінің бойына қамал орнатқан соң, Әбілқайырды керек ете қоймады. Оны Барақ өлтіргенде, “Неге бұлай болды?” – деген де жоқ. Ол Барақ өлтіретін жолда Қарақалпақты қаратып, қан жылатпақ еді, ажалына шыққан екен. Әбілқайырдың баласы Нұрады да хан тағынан қарақшы болды. Енді қазақ арасынан орысқа

жағынушы Тілеуберділер де шыға бастады, 1121-жылы (1743 – Б.Н.) жансыздығы үшін ол хан дәрежесіне жетті.

Айрантөгілген даласы енді бұдан былай “Қалмақ қырылған” атанды. Қалған қалмақтар әлі де қазақ жерінде сай-сайда, тау-қырқа аралығында бастарын құрап, топтанып жатты. Біз тұтқын алмадық. Өйткені кегіміз көп, бұл жолы суымыз қатты.

Ұрыс басылған жоқ. Мың-мыңдаған қалмақ қолы ол кезде қазақ жерінің әр шалғайынан-ақ көріне беретін еді. Қалмақтар төрт бөлек болды. Терістікке беттегендеріне Бөгембай қолы Ұлытау бетте, Шығысқа беттегендеріне Қабанбай қолы Қарқаралы бетте соғыс салып жатты. Ал бұл кезде Бек балаларының арғы жағындағы Еділ бойындағы қалмақтар да тыныш емес еді, Әбілқайыр жолшыбай Жан, Бал, Бол ұрпағының кейбір ауылдарына шабуыл жасап, барымталап, батыс бетке тартты. Ұлытаудың батыс бетіндегі Найман – Мендіқара ауылын, атамзаманнан келе жатқан қара қазақ – азғантай, өспей қалған ру Мойын мен Қарашорды шауып, малын талап, адамдарын өлтіріп, күңіrentіп кеткенінен бүкіл қазақ даласы хабардар болды. Бұған ызаланған Бөгембайды, Өтегенді, Қабанбайды, Сенжібайды Төле мен Қазыбек зорға басты. “Алдымен жау тентектерін жояйық, өз тентегімізге сонан соң келейік”, – десті екі би. Төртқара Айтық би Төле мен Қазыбекке хат жазыпты. “Әбілқайырдың есерлігін естіп, екеуіңіздің алдыңызда өлмегенім қара жер болып жа-тырмын. Науқасым содан бері мендеп кетті”, – депті онда. Жұртта бір өлең бар-ды:

“Қыздар киер сораба, салбыратып шашағын,
Жаман жігіт бүлдірер, өз отбасын, ошағын”, –

делінетін онда. Әбілқайырдың қарәқаты да сондай болды. Батырлар қанша ашынғанымен, қаншалықты ызаланғанмен, ағаларына қарсы келмеді, екі би тентектікке кешірімділікпен қарады.

Хан тауында қалмақ жиыны өткен соң, Жолбарыс пен Төле Әбілқайырға да сөз салды. Бірақ одан хабар-ошар болмады. Ол Қордай шұбыртпасындағы қолын алып, батыс бетке жөнелі дегенді естідік. Жолбарыс хан хаты жауапсыз қалды. Ол менсіз жерде Төлеге жалғыз ауыз сөз айтыпты: “Ағасын жауға тастап кетті деген осы

болады, ит-ай, бір үйде өсіп едік қой”. Бұдан кейін Жолбарыс Әбілқайырды ауызға алмады.

Қалмақ Хан таудан жоғары қарай қозғалды деген хабар жетті сәскеде. Біз де әзір болатынбыз. Шоғылар жеріміз Далатаудың, кейін Аңырақай атанып кеткен адырдың үсті болатын.

Мен, Қазыбек бек, қазақтың бұрын-соңды мұндай ұжымдасқанын, қазақтың шын етескенде соншалықты жанкешті-лігін көргенім осы. Осыған дейінгі біздің ұрыс салып жүрміз дегеніміз Далатаудағы бұл ұрыстың жанында баланың ойыны сияқты болып қалды. Шыңғыс пен Батыйдың салған ұрысының неге ғәләбті болғанын енді түсінгендей болдым. “Менің қазағым шын өз ісіне берілгенде, өлген-тірілгеніне қарамайды екен ғой, өліспей беріспейді екен ғой”, – деген қорытынды жасадым. “Мұндай жауынгермен дүниенің жүзін алмай не?..” – дегендей болдым. Бұл соғысымызға Бөгеубай екеуміз өзіміз де риза болдық. Өйткені қалмақ өлімі жойқантабе болып қалды. Қай жағына қарасаң да өліп жатқан, ыңырсыған жау. Енді ол жау емес, тірі өлік немесе марқұм. Аттам сайын, арқан бойы сайын десем, өтірік болар, бай үйдің желісінің о басы мен бұ басындай жерде бір өлік жатты. Ертеңіне осы далаға барғандар үймелеген құзғын-қарға, қалықтаған қарақұс, жалақтаған шүйебөрі көрген. Бәрі де өлікке тойынған. Қалмақтар кісі салып сұранып Шарыштың өлігін алуға келгенде, тамтығы қалмаған, киімін ғана таныған.

Кіші жүз Шекті батырлары Қабақ ұрпақтары Байрақ, Қайрақ, Тайлақ – үшеуі осы Далатаудағы соғыста үш ұрулы елдің ұрысын жүргізді. Мен осылай дегенімде, бұған Бөгеубай да құптап жауап берді. **Бірақ не керек, Әбілқайырдың алалығынан Бек баласының азғантай Шекті тұқымы ғана бізбен қанын бірге төгісті.**

Бірігудің, иттифақ арқасында біз қалмақтың легінің он мыңдайын осы Далатауда қырдық. Енді жүре соғыс салатын халге келдік. Далатаудағы “Аңырақай өлген жер” деп жүріп, Аңырақай атанып кеткен адырдағы бір жарым айлық кескілескен ұрыс біздің қалмақты – ойратты, хошоутты, торғауытты, дүрбітті – дүниенің бетінен түп орнымен құртып жіберуіміздің басы болды.

Егер біздің үш ханымыз ұлық хандыққа таласып, үш басты жыландай Әбілмәмбет, Сәмеке, Әбілқайыр үш жаққа тартпағанда, осы қалмақпен болған соғыстың аяғы төрт-бес жылда-ақ көрініп қалатын еді. Ал үшеуінің алағөздігі, иттифақ таппауы қазақ ішіне де алалық түсіріп, қалмақпен ұрысты тағы да жиырма жылға созып алдық. Бұған тағы да айтарым: ең алдымен кінәлі Әбілқайыр еді. Төле өлер алдында қазақтың басының бірігуін көрмей барамын деп армандағанда, Әбілқайыр туралы: “Түлкі сипат кісі еді, ол тұрғанда Кіші жүзді қоспайды. Абылайды білмеймін, көптен көрмедім”, – депті...

1113-жылы (1735 – Б.Н.) Жолбарыс күшейіп тұрғанмен, өзін мықты отырмын деп сезінбеді. Сондықтан Әбілқайырдың Ересейге бодан болуын бұл да ойлай берді де, ақыры Ересейдің тамырын тартып, жағдайын біліп келуге саудагер Нұрмұхамбетті жіберді. Шамасы, саудагер өз жұмысымен жүріп ештеме бітіре алмаған соң, оған қанағаттанбаған Жолбарыс бұл істі Әбілқайырмен бірігіп жүргізуді ойлады. Ол Әбілқайырға Шапырашты Наурызбайдың әкесі Құттымбет Көштай баласын жіберіп, одан әрі Әбілқайыр бұл жағдайды өзіне пайдалана қойып, өзі де жібергелі отырған Сейітқұл Қойдағұл баласына Құттымбетті қосып патшаға жібере қойды. Әбілқайыр: “Қазақ елімен бірге Хиуа, Бұхараны қосып алуға мүмкіндік мол, оның үстіне Ұлы жүз ханы да Ересейге қарауға бейіл болып отыр. Оның айғағы, міне, елшісі біздің елшімен Сізге бірге келіп отыр”, – дегенді білдірді. Ересейге қарау түгіл, маған Құттымбетті Әбілқайырға жіберудің өзі ұнамайтын еді.

Наурыздың басында Кіші жүзден Әбілқайыр келді. Бұл мешіннің кірген кезі еді. Ордада оған арнап сый-сияпат көрсетілді. Үш күн болып, ол қайтып кетті. “Ағасын сағынған соң келген ғой”, – деп жүрді қаршыдағылар. Ол аттанғанда, Жолбарыс шығып қоштаспады. Оны кейбіреулер екеуі ірен-жісіп қалыпты деп жүрді.

Әбілқайыр ордадан кеткенмен, бұл елден кетпей, Шахрух бидің үйінде екі күн жатқан. Оны көргендер айтып жүрді. Біз оған пәлендей маңыз бермедік. Арада үш күн бойы күні-түні бірдей жаңбыр жауды. Сол жаңбыр басылған күні Жолбарысты ордада бауыздап кетті. Естіген соң, жүгіре

басып бардық. Кеш алдында осы маңнан Шахрух бидің қызметшісі тәжік жігітін көргендер бар екен. Іздегенде, ол Шахрух бидің үйінде жоқ болып шықты. “Ол менен бұрын кетіп қалған”, – дегенді айтты. Бірақ нақ Әбілқайыр Шахрух бидің үйінде қонып жатқан күні оның қызметшісі Файыздың Шахрухтың үш ұлымен сөйлесіп тұрғанын көрген. Бұл біздің елдің ай есебімен мамыр айының алғашқы күндері болатын. Біздің елдің ай есебі дейтінім, қазақта айдың аты әр жерде әртүрлі ауыса береді...

Қалдан Серен тағы бір қулық шығарып, қазақ билеушілерінің бәрін Асыға таластырып қойды. Ол Әбілмәмбетке де, Әбілмансұрға да, Бараққа да Асы билігін бермек болды. Біздің төрелеріміз арасына тастаған алаторғайды байқамады. Оны кешірек түсінді. Ал қалмақ һәрбіріне жеке илтифат жасап, бәрін майда тілмен риза етті. Бұл шақта шыны Әбілмәмбет те, Абылай да, Барақ та һәрбірі бөлек ел секілді болды. Олар Қалдан Серенге алым төлемеді.

Қалмақ арасының алалығындай, бізде де жікшілдік көп еді. Орта жүз бен Кіші жүз арасында алакөздік пайда болды. Барақ сұлтан Әбілқайырды өлтіріп қойды. Өйткені Әбілқайыр Бараққа Қайыптың жіберген кіресін тонады. Шатақ осыдан шықты. Ақыры өзімізді өзіміз тонап жүріп ажалымыз жетті.

Шыны керек, баяғыда Аңырақпен болған ұрыста бізді тастап кеткен соң-ақ мен Әбілқайырды ұнатпайтынмын. Өйткені ол өзінің мансабы үшін бүткіл Һәмма қазақ баласының мүдде-мұқтажын сатып, бізді, яғни барша қазақты, қызыл отқа тастап кетуі адамшылықтан жырақ демей тұра алмаймын. Ал бірақ қазақ болғандықтан, мен Әбілқайырды өлімге қимас едім. Барақтың мұнысы құптарлық болмады. Бірақ Әбілқайырдың жеген дайрағын ит жесе, құтырып өлер еді. Біресе Орта жүз ауылдарын шапты, естектерді шауып, оның кесірі Орта жүз қазақтарына тиді. Олар естектер сен Орта жүз, сен Кіші жүз деп қараушы ма еді, оларға оның бәрі қазақ. Дұрысы да сол. Егер олар естектер бізді сөйтіп бөлер болса, сөз жоқ, қазақ билеушілері оған қарсы болар еді. Сондықтан олардың бәрің де бір қазақсың деуі орынды-ақ. Қалайда Әбілқайырдың өлтірілуін құптауға болмайды. Бірақ түбінде Барақ өлтірмесе де,

Әбілқайыр ғұмыры осылай тәмамдаларға керек еді. Бірақ соны Барақтың өлтіргені жаман болды.

Енді сондай құныкер адамды Төле ағаның хан болуға шақырғанын құптай алмадым.

Мен ғайры қазақ қаракатына кепіл болмаймын, ал ләкин өзім көзім жұмылғанша бодан болуға қарсы боламын. Мен Әбілқайырды да осындай қылығы үшін жек көргенмін.

Ақыры Төле ағаның айтқаны болмай қалды. Барақты Қарнақтағы Монар қожа 1128-жылқы жылы (1750 – Б.Н.) у беріп өлтірді. Қожалар жиырма адамды мейман етті де, хәм-мәсін улады. Бірақ, әйтеуір, ішінен үшеуі ғана өлді. Соның бірі – Барақ. Ақыры Барақ та дүниеден солай кетті. “Көп асқанға бір апат, кесірліге кірафат” деген осы дағы...

Бөгембай өте оңтайлы, тез қимылдайтын, бірақ ойланбай ештеме істемейтін адам болатын. Ол тіпті екі ел арасына елшілікке де жүрген Қазақтың Қарасай батыры сияқты адам еді. Оған 1116-жылқы жылы (1738 – Б.Н.) тамызда Әбілқайыр орыс генералы Татищевке барғанынан белгілі. Ол сол әңгімеде Әбілқайырдың өзінің мансабы үшін бәрін сатып жіберуге бейіл екеніне көзін жеткізген де, оны Төле биге де, Қазыбек биге де хабарлаған (**Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, “Жалын баспасы”, 1993).**

БӨЛЕК БАТЫР САТАЙҰЛЫ

26

*1696-жылы туган, қайтыс болған жылы,
ұлттық энциклопедия бойынша, 1785-жыл*

* * *

1729-жылы 33 жасында әйгілі Аңырақай соғысында қалмақ батыры Аңғырақпен тұңғыш жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен батыр

* * *

Қысылғанда көп ғақыл беретін Сатай аға болатын. Ол менің әкемнен жеті жасы кіші, сондықтан маған аға есепті. Ал оның ұлы Бөлек сол Ордабасыда жиын өткенде (1726—Б.Н.) отызға толған-ды...

Арада үш күн өткенде, Қазыбек аға Шу бойына жетті. Ол мың қолмен келді: “Ұлытаудағы соғыс жүріп жатыр. Бірақ сендердің жағдайың қиын”...

Қалмақтың қалған қырық мың қолының 25 мыңы Хантауда. Қазыбектің келгені және Бөгембайдың қолының тегіс осында қалуы Төле ағаның да, Жолбарыстың да инабатын арттырды. Төле аға тіпті қуанышын жасыра алмай: “Жаралысын жауға жалғыз қалдырмаған жолбарысым, келдің бе!?” — деп көрісті Қазыбек ағаға. Ол да жақсы сөзін айтып: “25 мыңға қарсы шапқалы қасқып отырсың ба, арыстаным?” — деп, екеуі төс түйістіргенде, Өтеген есіме түсіп, менің көзімнен жас шығып кетті.

Егер адам баласында достық деген бар болса, соның ең биік-ғарышы қазақтың осы екі арысының, екі данасының достығы, татулығы шығар. Мен осы жерде бұл екі дананың бірін бірі қалай бағалайтынына таңданып та, сүйсініп те қалдым. “Шіркін, осы екі дананың татулығы, біріне бірінің қалтсыз, тәуфиқлы инабаты менің келешек ұрпағымызға қонса!” — деп армандадым. “Мен де Өтенді осылай жанымдай жақсы көретін едім, бірақ қапылыста айырылып қалдым емес пе?” — деп

камығып та, қайғырып та алдым. Бұл екі дананың хәйрияттығы, сәләхияттығы адам қызығарлық болатын.

Қазыбек ағаның құрметіне екі күн еру болдық. Бұл күндері мен үнемі Бөгембаймен бірге болдым. Алдағы соғыстың жайын ғақылдастық. Бөгембайда он бір мың қол бар болатын, енді ол Қазыбек ағамен бірге ере келген сарбазбен он екі мың болды. Біз одан жиырма тоғыз мың қолмен Хан тауында жатқан қалмақтың жиырма бес мыңына аттандық.

Мен қазақтың мұнша жер қайысқан қолы болар демеп едім бұл жолы. Бүкіл Шу аңғары адамға толып кетті. Маған бұл Асы төңірегіндегі жиыннан да көп көрінді. Осыны айтқанымда, Бөкең: “Иншалла, Қазкен, егер осы жолы жеңгендей болсақ, бұл қалмақтың құруының басы болады”, — деді. Екеуміз соғыстың тәсілі туралы кеңестік. Келістік. Біз сарбаздардың бие сауымнан артық соғыспауын ойластырдық. Егер жау жекпе-жек сұраса, кімді шығарамыз, кім лайықты дегенге тоқталдық. Алғашқы жекпе-жекке шыққан кісі жеңбей қоймайтын адам болуы керек дегенді Бөкең екеуміз де құптадық. Екеуміз оңаша ой қорытып алған соң, ұлы жүз қолындағы батырлар, мыңбасылар: Сіргелі Қара Тілек, Қарақалпақ Қылышбек, менің үлкен ұлым Қасқары, әкелі-балалы Шапырашты Теке Сатай мен Бөлек, Төленің бауырлары ағайынды Сеңкібай мен Шойбек, Шапырашты Шыбыл Мәмбет, Шапырашты — Айқым Жапар, Суан Бағай, Ошақты Саңырық, Албан Қангелді, Қарақалпақ Жангел, атақты Қарасай батырдың Түрікпенінің немерелері Қаумен, Дәулет, Жөпек; Орта жүзден Жаныкеш, Алтай Олжабай, Құдаменді, жап-жас жігіт, менің Қасқарым құралпы Естербек; Қаракесек Қазыбек ағаның туысқаны Қарабек, Темеш Ағынтай батырдың немересі Тұра, Атығай Ағындық, Тарақты Тоғай, Қарауыл Қасым мен Қалабекті шақырдық. Мұның сыртында жас жолбарыс Құттымбетұлы Наурызбайды өзім әдейі шақырттым. Ол бұл кезде Қасқарының қол астында жүзбасы болатын. Мұны арнайы шақыртқаным: бүткіл осы жиырма алты батырдың ішінде үш-ақ сауатты адам болатын. Ол — арғын Олжабай батыр, сонан соң Наурызбай мен Қасқары екі жас. Сол кездің өзінде Наурызбай осы көптің ішінде ұрысты ойлап жүргізетін бала еді. Осылармен кеңесіп, ұрыс тәртібін батырлар кеңесіне салдық. Бұл заманда, осы бүгінде, мен сартөсек болып жатқанда, біздің жастарымыз соңғы отыз бес жылға созылған ұрыстан әжептәуір тәсіл үйреніп, бұрын тек қара күшпен, қылыш, найза, садақпен соғысса, енді айла-амалдың да керек екенін түсініп қалып еді. Батырлар кеңесіп, осы мыңбасылардың жасы менен ілгері Сатайдан басқаның бәрі де жекпе-

жекке шығады деп келістік. һәркімнің күшін, һарәкатын, әдіс-айласын ойластырдық, ұрыс үстінде тек қара күш емес, әдіс-айланы пайдалануды, найзаға қарсы қылып шабу, қылыпты найзамен қағу, қалқанды пайдалану, босмойын шоқтарды соғуды, қысқасы, қарудың қайсысын болса да қолдану керектігі әңгімеленді. Ең алдымен жекпе-жекке Сатайұлы Бөлек шығады, “жаман айтпай жақсы жоқ”, ол жеңіліп, аттан түсіп қалса, Олжабай шығады деп шештік. Мұны Төле би мен Қазыбек биге, Жолбарысқа құптатуға барғанда, олар бірден Бөлекке тоқтады. Екінші кезекке Олжабай шықсын деді. Өйткені билердің шешімі маған бастан мағлұм, олар “киіз кімдікі болса, білек сонікі” деген тұрғыдан келіп отыр. Оның үстіне алдымен Олжабайды ұрысқа айдап салды деген бүткіл қазақтың өсегінен қашты. Егер Олжабай алдымен шыққанда, гәләбқа жете қалса құба-құп, егер зәу-шайтан ол аттан қисаяр болса, мұның арты өкініш болмақ. Ал ұрыстың басынан жеңісті, зийінді болғанына не жетсін.

Соньмен, Бөлек батырға, Олжабай батырға ат дайындалды. Елдегі ат сөз болғанда, екеуі де сырдескі өз аттарымен шығатынын, аяқ астында басқа аттың қандай болатынына шүбә келтірді. Біздің ұрысымыз қара күш пен аттың соғысы еді. Кейде адам нашарлау соқса, аттың омырауы, жылдамдығы да ұрып кетер шақ болушы еді. Оның үстіне “сырын білмеген аттың сыртынан жүрме” деп қазақ та бекер айтпаған болар. Жалпы, біздің халқымыздың мұндай тәуфиқлы сөзі көбіне атам заманнан бергі адамзаттың ғақуаларының мәктүбінен алынған-ды.

Қалмақ Хан таудан жоғары қарай қозғалды деген хабар жетті сәскеде. Біз де әзір болатынбыз. Шоғылар жеріміз Далатаудың, кейін Аңырақай атанып кеткен адырдың үсті болатын.

Сатай — шапыраштының отыз тоғызыншы ұрпағы. Ол қазір кезеңде қолдан беске бөліп жүрген Шамның үш баласы Желдіден тарайды. Оның Асыл деген баласынан — Байбағыс, одан — Батыр, одан — Көрпе, одан — Теке. Осы жерде айта кету керек, Бұқар ағаның “Текеден шыққан Сатай, Бөлек”, — деп жүргені — осы. Текеден — Дұғай, одан — Бұғы, одан — Қодыр, одан — Сатай, одан — Қара, одан — Бөлек. Бірақ үлкен немере Сатай баласы болып жүреді. Қалмақтың майданға шыққан алғашқы батырымен жекпе-жекке түсетін — міне осы. Бөлектің алғашқы болып жекпе-жекке шығуына тағы бірнеше оның артықшылығы бар еді. Ол — атүсті мендерген шабандоз. Аттың мына бауырына түсіп, ана бауырынан шығу оған түк емес. Ол шауып бара жатқан атқа кез келген жеріне қолы тисе

болды, оның үстінде болатын. Шауып бара жатып теріс қарап отыру, өз атынан екінші, үшінші атқа ауысу өнері бар еді. Ең тиімдісі: оның оң қолы мен сол қолы жұмысты бірдей қазанатын. Оның тақымынан ең үлкен, қара күш иесі Наурызбай көкпарды тартып ала алмайтын. Садақты да екі қолымен бірдей тартатын. Бір кісідей күші де болатын. Әсіресе оның өндіріштіктен ұрған найзасы жаза баспайтын. Осыларды сарапқа салғанда, осы жиырма алты батырдың бәрі оның өнерін көріп, оған қол қойды. Барлық батырды-ақ жігіттер өздері сынағанда, Бөлекке қарсы тұрған, оның өнеріне тең келер ешкім болмады...

Сәскеде Аңырақ елшісі келді. Соғыстың қалай жүретінін келісті. Түске таман Далатаудың терістік батысын алып шоғырланып тұрды. Шарт-белгі басына қыл байлаған байрақ көтерілді. Сол кезде астында біздің жылқы тектес жалдас торысы бар бас батыр Аңырақтың өзі майданға шықты.

Біз жақтан Бөлек шабдар жорғасына мінді. “Аңырақ күриды”, — деді. Албан Хангелді батыр. “Қой, менмендік айтпа!” — дегендер болды. “Шабдардың қабағы күліп тұр, Бөлек жеңеді”, — деп қайталады Хангелді. Ақұдайлап, ақсарбасын айтып сақалынан алты тарам жасы ағып Сатай батыр тұр. Ол тіпті баласы өлімге бара жатқанына шыдамаған болуы керек: “Мен барайыншы Бөлектің орнына!” — деп салды. Жасы ілгері адамдар: “Қайтсін-ай!” — десті, жастар күлісті.

Бөлектің үстінде торкөз үш қабат сауығы бар еді. Оны ол ат үстінен шешіп, лақтырып тастап, найзасыз, қылышпен, шоқпармен аттанды. Белінде кісесінде сапысы бар. Сатай батыр көзінің жасын тыйып: “Балам өнер көрсетпек”, — деді. Бөлек майдан ортасындағы Аңыраққа соғысуға емес, жолығуға бара жатқандай, шабдар жорғаны бүлкілдетіп жөнелді. Аңырақ жалдас торысын тебініп ұмтылып еді, Бөлек оған қарамай, қалмақтың қалың қолына қарай өтіп, өз білген қалмақшасымен әлденелерді айтты. Кейін сұрағанда: “Бұдан күшті ешкім жоқ па?” — деп сұрадым деді. Аңырақ, қалмақшасы Аңғырақ, Бөлекке тұра ұмтылып найзасын ұсынды. Бір қызығы: құры қылышпен барған Бөлек найзаны үстінен ұрады деп тұрғанда, жау қолындағы найза астынан үстіне қарай көтеріліп, Аңырақ қолынан ұшып кетті. Аңырақ қылышын көтергенде, Бөлек ат үстінде жоқ болып шықты. Шабдар Аңырақтың артына қарай шауып барады. Бір шақта үстінде адамы жоқ ат Аңыраққа қайта келе жатты. Аңырақ қылышымен шабамын дегенше, ат бауырындағы Бөлек шоқпармен Аңырақтың сол аяғынан жіліншіктен сәкетермен ұрды. Аңырақтың Бөлек енді оң жағына шықты. Онысы сол

аяғы тіреуге келмей қалған Аңырақ не істер екен дегені еді. Бөлек Аңырақ оң жағына бұрылам дегенде, сынық аяғы тіреуге келмей қикалақтап қалды. Бөлек оның жалдас торысының артынан айнала беріп, Аңырақты оң жақ жауырынан шоқпармен беріп кетті. Аңырақ қолындағы қылыш көтерілмей қалды. Өйткені жауырын мен шошақ иық арасынан тиген шоқпар оң қолды да жарамсыз қылып тастады. Амалы құрыған Аңырақ қайта Бөлек шоқпары көтерілгенде, екі қолымен басын басты. Бірақ осы жолы шоқпар көк желкеден тиіп, Аңырақ аттан аумай, ат жалын құшып қалды. Енді оның қайта басын көтере алмайтынын білген Бөлек оның үзетінен тыс қалған сол аяғын асықпай көтеріп, оң жағына аударып тастады да, жалдас торының тізгінін іліп алып, қазақ жаққа қарай салдыртып жүріп кетті де, ұзай беріп жоқ болды да қалды. Қазақтар қорқыңқырап қалып еді, бізге жақындағанда ол аттың бауырынан қайта көтерілді. Ол қазақтар жанына келіп аттан түсіп, бір кесе қымыз жұтты да, салдыртып майданға кетті. Қалмақ жағы да шу, қазақ жағы да шу. Біреуі қуаныштан, екіншісі іреніштен болатын.

Майдан ортасына арғы беттен он шақты қалмақ жаяу жүтіріп жетті. Олар ортада шабдар жорғамен шолан ұрған Бөлектен сескеніп, состиып тұрыңқырап қалып барып, қайтадан Аңырақ өліміне ұмтыла түсті. Олар аузынан қан төгіліп жатқан Аңырақты қаумалап көтеріп ала жөнелді. Енді бие сауым уақытқа дейін майданға қалмақ жағынан ешкім шықпады да, ақыры ұрыс түстен кейінге қалды. Шамасы, қалмақ жағы енді шығатын адамын ойластырып жатты. Қалмақтар дүрлігіп кетті. Бәрін біліп тұратын Көкбарақ пен Балдан жекпе-жекке шығатын адамдарын түтендеп жатыр деді. Бөкең екеуіміз түсте Бөлекті іздеп қосқа кірсек, ол жаңа майданда кісі өлтіріп, мазасы кетіп жатқан адам сияқты емес, етпетінен түсіп, қатты ұйқыға кетіпті (**Қазыбек бек Тауасарұлы. “Түп-түқианнан өзіме шейін”, 1993. 231, 249, 255-бет).**

* * *

Біз Андасай, Ақсүйекке бекініп алған қалмақтарға жекпе-жек соғыс салуға сөз қозғамақ едік, осы жерде әлдеқандай жер астынан батыр тауып алғандай, олардың өзі осындай ұрыс ұсынды. Біз келістік. Өйткені бұл бізге пайдалырақ еді. Біріншіден, арттағы көшімізді-көжемізді қорықтап алу керек болды. Екіншіден, ғәскеріміздің, қару-жарағымыздың дәл есебін алу да үлкен іс-ті. Үшіншіден, ғәскерлеріміз оң-солын танып алсын дедім. Өйткені қалмақтың оң мың қолын қырғанда, өзіміз де біраз шығындадық және күн-түн демей,

әдейі аш қалмақтарға мұрша бермеу үшін үзіліссіз ұрыста адамдарымыз салығып та кеткен болатын. Осыларды ойлай келіп, ұрыстың осы жолын тандап ала тұрдым.

Ортаға көп жекпе-жекпен кейін Долаңқара шықты. Бұл қалмақтың өз аты емес. Оның өз аты — Хасару. Долаңқара жуан қара болғандықтан, бұл оған қазақтардың қойған аты еді. Бұл ойрат шінде бояғат деген азғантай, өспей қалған тайпадан болатын. Астында жал-құйрығы қалың, тобыршықтау жирен жорғасы бар. Былай қарағанда, үстіндегі мола бүркіттей болып отырған Долаңқараны қалай көтеріп тұр екен деуге болар еді. Долаңқара осыдан екі күн бұрын біздің екі батырды Шапырашты Наурызбайдың туған ағасы Құдайбергенді, Дулат-Ботбай Сәмет батырды өлтірген еді. Сәмет — өзінің жастығын ала жатқан батыр, ол да жеті қалмақты жайратқан-ды. Содан осы Долаңқара шыққанда, мынаған ол төтеп бере алмады. Бұл оны сүңгімен сайып түсірді.

Міне, сол Долаңқара тағы да майданда тұр. Күдібергеннің өлгені бірге туған Наурызбайдан гөрі үнемі бірге жүретін құрбысы Бөлекке қатты батты. Содан бері Бөлек: “Енді Долаңқараға мен шығайын!” — деп иегінен ілінді. Шабдар жорғасымен ортаға Бөлек жалаң жейдемен, сауыт-саймансыз шыға келгенде, Долаңқара сасып, атының басын бұрып ала салып қалмақтарға қарай тартып беріп еді, оны қалмақтар қаумалап сыртқа жібермей, қайта майданға итермелегендей, оның атын қамшымен салып-салып жіберіп, ортаға шығарды. Долаңқара барар жері болмаған соң, амалсыз ортаға келді. Оның жанына шабдардың бар жорғасымен ағызып келген Бөлекті Долаңқара шанышпақ еді, ол аттың арғы бауырынан шығып, шоқпармен қалмақ найзасын беріп қалғанда, найзаның дүмі Долаңқара қолында, ұшы жерге кіріп кетті. Ол найзасын шығарамын дегенше, қайта бұрылып көкжелкеден шоқпармен салып өтті. Жануар шабдар иесіне әбден үйренгені сонша, қамшысыз, тізгінсіз бұрылысты тақымнан біледі екен. Шабдар жорғаның тізгіні түюлі, жалында жатыр. Шабдар шырқ иіріліп қайта айналды, Долаңқараның қару қылуға мұршасын келтірмей, көкіректен сәкетермен қайта соқты. Долаңқара әлі ат үстінде. Бөлек қылышын қолына алып қалмақтың оң иығын шауып өтті. Долаңқараның оң қолы саландап қалды. Бірақ ол найзасымен сол қолымен-ақ Бөлекті бір шаншып қалды. Бөлектің ауырсынғаны байқалды. Бірақ алыстан найзаның қай жерден тигенін анық біле алмадық. Шабдар шырқ иіріліп артқа бұрылғанда, Бөлек Долаңқараның артынан шоқпармен бастан екі-үш соғып жіберді. Оның бет-аузын қан жуып кеткенін жұрт көрді. Ол

атынан ауып түсті. Жалдас жиренді оң қолымен іліп алып, Бөлек бері жетелеп жөнелді.

— Кегімді қайтардым, Құдайбергеннің одан қанын алдым, — деді ол маған қарап. Бірақ сол қолының білегінің сыртынан тиген найза, сүйегіне дарымағанымен, етін біраз жерге дейін ырситып сойып кетіпті. Жігіттер оған киіз күйдіріп басамын дегенше қалмақтар бізге қарай лап қойды. Атта тұрғандардың бәрі сайысқа түсті. Артта демалып жатқандарға хабар жетті. Бұл ойда жоқта болған ұрыс екі жаққа да жеңіл тимеді. Күн батарда қалмақ Сарбастауға қарай қашты (Сонда. 263, 264-бет).

* * *

“Қазақстан ұлттық энциклопедиясының” 2-томында: “Бөлек Қараұлы (1700, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы — 1785, сонда) — батыр, қолбасы. Ұлы жүздің шапырашты тайпасының асыл руынан. Сатайдың тұңғыш немересі болғандықтан, Сатай баласы атанып кеткен... 1729-ж. шайқаста жоңғар әскерлерінің қолбасы Аңырақаймен жекпе-жекке шығып, оны өлтірген. 1734-жылы орыс бодандығын қабылдау жөнінде Ресей патшасы Анна Ионовна атына Қодар би, Төле би, Сатай батырмен бірге хат жолдауға қатысты. Бөлек батыр бастаған қазақ жасақтары 1750-ж. жоңғарларды Түрфаннан асыра қуған”, — деп жазылған (Алматы, 1999, 406-бет).

АБЫЛАЙ ХАН

27

1712-жылы туып, 1881-жылы қайтыс болған

* * *

Тұңғыш рет дауыс беру (шар салу) арқылы сайланған қазақ ханы;

Қытай елімен тұңғыш сауда жасау ісін жолға қойған хан

* * *

Осыдан кейін Төле би Сеңкібайды шақырып, әлдеқандай Сабалақ атты біреуді сұрады. Мен оған әһмият бермедім. Бірақ оның Әбілмансұр екенін кейін білдім. Мен Бөгембайға еріп шығып бара жатқанымда, бойы биік, қабағы қатқыл, екі ұрты суалыңқы, сақал-мұрты сирек, қоңырқай жүзді, атжақтылау ұзын бойлы, жасы жиырмаға жақындаған жігіт кіріп келе жатты. Мен оны Төленің көп баласының бірі болар дегенмін де қойғанмын. Мен енді Жолбарыс ханнан: “Ұлы жүз қолын баста!” – деген ресми жарлық алдым...

Қаша ұрыс салу, ол үшін жауды алдан тосып алатын адамдарды дайындап қою сияқты керекті тәсілдің бәрі ойластырылған еді. Мысалы, Шойбек қолы қаша ұрыс салды да, қазақ қашып бара жатыр деп бұған мастанған қалмақ қолы алдында аңдып, мылтығын, садағын кезеп жатқан Сеңкібай қолына ұрынды. Нақ осындай соғыс Арқаға қарайтын Хан тауы бетінде де жүргізілді. Оған Жаныкеш пен Олжабай қолы жіберілді. Қуып келеміз деп мәз болған жау қалай арандағанын білмей, қатты қырылды. (Бұл кітапта оқыған адам қаша ұрыс салу әдісін б.д.д. әуелі сақ батыры Иданфирс, содан кейін құн батыры Мүде сәтті қолданғанын біледі. Енді сол әдісті Аңырақай шайқасында Шойбек батыр қолданыпты. Демек бұл әдіс – бабалардан үзілмей келе жатқан әдіс. – Б.Н.) Қайта қашқан қалмақ қолына Сеңкібай сарбаздары ат қойғанда,

ең алда: “Абылай! Абылай!” — деген айқай шықты. Жұрттың құлағы үйренген “Бактиярдан” бөлек шыққан дауысқа бәрі қарады. Кәдімгі Сабалақ. Осыған дейін Төле есігінде жүрген Сабалақ. Төледен мен шығып келе жатқанда кіріп бара жатқан қабағы қатқыл, бір қараған адам Төле балаларына ұқсататын, екі ұрты суалыңқы жігіт Сабалақ. Міне, Әбілмансұрдың ілік көзге түскені де осы Далатаудағы соғыс болатын. Осыдан кейін жігіттер Әбілмансұрды бірі қалжың, бірі шын Абылай атап жүрді де, оның ерлігі жиілеген сайын, бұл ат оған лайық болды. Мен ол хан болған қоян жылы (1771—Б.Н.) соңғы кезек көрдім. Оны ғұмыр бақи Әбілмансұр деп кеттім. Сеңкібайдың айтуынша, осы ұрыста ол он екі қалмақты шауып аттан түсірген. Соның бірі Қалдан жақыны Шарыпш болатын. Осы ұрыста Шойбек пен Сеңкібай қолындағы Дулат-Сықым қолын бастаған Ырысбек, Дулат-Ботпай қолын бастаған Сәмен, Дулат-Шымыр қолын бастаған Сарттың ұлы Қойгелді батыр ерекше ерлік көрсетті. Қойгелді інісі Ақшаның да ерлігі басым болды. Бірақ ол жараланып қалды...

Төле аға көп сөз айтпады:

— Оны өзін көрген Далатау соғысында көзге түскен соң ғана Бөгембай қолына қостық. Ендігі Әбілмансұрдың болашағы Қазыбек ағана, оның он салмақтап, бедел туғызуына байланысты. Алла жазса, ол да еліміздің басын қосуға аянбай кірісер деп ойлаймын. Кім біледі, бір күні бір ұрыста қалмақтың шанышқан бір инесінен жазым болып жүрмесе. Құдай лайым тілегімізге жеткізгей! Егер ол жуық арада хан тағына отырардай болса, онда Ұлы жүз бен Кіші жүздің басын қосып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарармыз деп отырмыз Қазыбек ағаң екеуміз.

Төле аға жаңағыны айтқан соң, менің ойыма Сабалақтың сол ұрыс алдында Төле шатырына шақырылуы енді менің ойыма түсіп, көп нәрсеге, еліміздің болашағына, кім елімізді тұтас билей алар екен деген ойға кеттім. Өйткені Әбілмансұр бір ұрыста көзге түскені болмаса, әлі жас. Ал Жолбарыс тым жұмсақ, өте сыпа адам болды. Хан болатын адам қанын шығарып жұмсай, майын шығарып сүйе білетін адам болғаны жақсы. Адам баласының басына бар қасиеттің бәрі сыя бере ме, бірі жетсе де, бірі жетпей жатады ғой...

Әбілмәмбет Асыдан шыға алмай қалды. Ол ұлы хан болдым деп, тіпті ел ісіне араласуды қойды. Осы бір шақта бүлел басқару ісі үш адамның — Үйсін Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Әбілмансұрдың — қолында болды...

Сонымен, 1130-жылдың (1752–Б.Н.) зауза айында Қайыңсауда Абылай жиын шақырды. Өйткені енді бір адам билікті тікелей қолына алмаса, ел ел болудан қалатын еді. Бұл жиынның басы-қасында Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би болды. Ал бұл кезде әлі хан аталмағандықтан, Әбілмансұр екеуінің алдында қол баласынша жүрді...

Сонымен, біз Қарқаралыға, Қайыңсауға келдік. Бізге – Жетісудан келгендерге – он бір үй тігілген. Үй тігуді де, жиын өткізуді де Әбілмансұр өз қолына алған. Біз барғанда жеткен әңгімелерге қарағанда, Әбілмансұр: “Бұл жиыннан бір қазақ іренжіп аттанбауы керек, маған керегі – қазақтың ауызбірлігі”, – деген. Ал мұны құптамауға бола ма? Біз осы ауызбірлігіміздің, иттифақ жоғынан, біріміз бау, біріміз тау болып жүргенімізден құрып жүрміз ғой...

Арада алты күн өткен соң, бүкіл Үш жүзден келген игі жақсылар Қайыңсаудан Қарақоты деген жерге жиналды. Тігулі үйлер бұл жерден әжеспәуір, тайшаптырым-ды. Қарақоты – бір биік төбе. Осы жерде көпке айтар сөз басталды. Сөзді тағы да Төле бастады, бірақ оның даусы жұртқа тегіс жетпегендей еді, оның артын Қазыбек би іліп алып, әмбе жағдайды ел алдына жайды. Осы жерде құдай жолына боз бие айтып сойылып, үш жүздің сүт бетіндегі қаймағы қанға қолын матырып уәде қылды. Қарқаралыдағы жиыннан соң қалмақ Лама Доржы шатасып Төле биді келсін деп шақырды. Жағдайдың қиын болып шатасып тұрғанына қарамай-ақ Төле қалмаққа барды. Доржының арманы қазақтардан өзінің көзіне сүйел болып шығып тұрған Дабашыны ұстатып алу болатын. Төле би оны бергізу түгіл, қайта Абылайға Дабашыны берсек, Лама Доржының күшейіп кететінін айтып, оны бергізбеді. Мұны Қазыбек би де, Бөгембай да жақтады. Ал Ересей патшалығы да Дабашыны бізге бер деп сұрады. Оның да өздерінің есебі болды. Бұл кезде барлық билікті қолына алған Абылай бұл көті көрініп тұрған саясатты жақсы ұқты және өте жақсы бағдарлады. Ересейдің де есебі белгілі-дүр. Олар Дабашыны қолына берем, маған біржола бодан боласың деу еді.

Абылай өте тапқыр саясат ұстады. Дабашының күшейіп бара жатқанын біліп, енді Әмірсананы қолдады. Қазақтар Әмірсанаға сегіз жүз жылқы, түйе берді. Дабашыға Әмірсананың істеп жатқаны жетіп, сені өлтіремін деп жатыр

деп, бұл шындық білініп қалған соң, Әмірсана қашып кетті. Бұл жолғы Абылай саясаты осылай іске аспай қалды...

Қаратал маңындағы бұл ұрысқа Абылай екі мыңға жетер-жетпес қолмен келді. Дабашының он мың қолына бұл тұл-дыр да болмады. Абылай қолы жеңіліп, үш жүздей адамның өлігі жау жерінде қалды. Бұл ұрысқа Әмірсана үлгірмеді. Бұл ұрыстың жеңілгені саясат үшін өте қолайлы болды. Өйткені Дабашы жеңілгендей болса, таққа одан әлдеқайда қу, қазақтың құлқын жақсы білетін Әмірсана отырар еді. Ол бүгін дос болғанмен, ертең-ақ қазаққа көз алартып шыға келер еді және ол әлдеқайда басқалардан күшті дұшман болатын еді. Дабашы ғәләбқа жеткен соң, Абылайға алғанын қайтар деді. Бұл кезде Әмірсана Қытайға қашып кеткен болатын. Міне, сондықтан да Абылай Әмірсанаға сенемін деп, жеңілді. Абылай соғыста қолға түскен адамды да, малды да қайтармады. Дабашы Абылайды: “Тағы шабамын”, – деп қорқытты. Бірақ қазақтар олардың ішкі жағдайы сыртқы жағдайынан әлдеқайда нашар екенін білетін еді. Сондықтан оған айылын жыя қоймады. Дегенмен ұрысқа қайта әзірленбеуге болмайтын еді.

1132-жылы (1754–Б.Н.) Абылай Қараталда жеңіліп қалғаны бізді қатты толқытты. Бұл Абылайдың өзінің Әмірсанаға сенуінен болды. Егер Абылай осы жолы Қабанбай мен Наурызбай қолына арқа сүйегенде, ондай қорлық қазақ басына кездеспейтін еді. Бұрынғыдай емес, біз енді қалмақтан жеңілуді намыс санайтын болдық. Сондықтан Наурызбай, Қабанбай екеуі келісіп, сол Қараталда 1133-доңыз жылы жазда қалмақ сазасын бермек болды. Міне, осы кездесуде мен Қабанбайдың салған соғысын көзіммен көрдім.

...сиыр жылы (1758-ж. – Б.Н.) Абылай Қытаймен келіссөз жүргізіп, өзара ұрсыспау жөнінде нараду тауып, баласы Әділ сұлтанды оларға кепілдікке тапсырды. Қытайларға алым-рамаат төленген жоқ. Абылай елді өзінше басқарды. Ол Ересейге де, Қытайға да бағынбады. Сөйтіп, қазақ елінің дербестігі сақталды. Абылайдың уәдесіне сенген қытайлар бір жылдан кейін Әділді елге қайтарды.

Қашанда жазу өнерімен айналысқан адам әділ болғаны жөн. Егер оның қаламы бір жаққа қисайса, ол келісті болмайды, тарауихқа да қиянат жасалады.

Әбілмансұр Үш жүздің басы қосылып хан сайланбаған-дықтан, онымен бақталас та, тайталас та жүрген қазақ ұру

басылары, төрелер көп болды. Бірақ расын айтар болсақ, сол кезде Төле мен Қазыбек билерді айтпасақ, Абылайға тең келер қазақ даласынан адам табу қиын еді. Ол қазақ жерінің бәрін басқыншылардан тазартты: Алтай, Тарбағатай маңындағы қалмақтар басып алған жерлерді қайтарып алды. Ол өте тапқыр саясат жүргізді деуге болады. Соның арқасында қазақ аузын айдаһардай ашқан батыстағы да, шығыстағы да жауларымызға бағынбай келді.

Кейбір қазақ шонжарлары оның қытай елімен қарым-қатынасын ұға алмады, сөйтіп, кейде Абылайға ел ішінде қарсылық та болып тұрды. Дегенмен ел ішіндегі ел басқарушылардың дерлігі соның соңында болды. Ол қытайдың Іле аймағын басқаратын әмірімен тәкбірлесіп, нараду тапты...

Қазаққа тиіскен Әтеке жырық, яғни қырғыздардың өзі болатын. Егер шынына келер болсақ, қырғыз бізге кірме еді. Өйткені Барсыған төңірегін, біздің пұстымыз, дәл айтар болсам, менің отыз тоғызыншы атам, Шапыраштының үлкен ұлы Ыстықтың кіндік қаны тамған жерді қырғыз ағайындарға Үйсіндер өздері туысқандықпен босатып берген-ді.

Енді соның бәрін ұмытып, қарап жүріп қазақты шауып, тыныштық бермеген соң, Әбілмансұр бұған қатты кеткен болатын. Бірақ көрші жатқан Ұлы жүз ірілері тәк-тәкты көбейтіп, Абылайға басу айтумен болды. Бұл 1142-мешін жылы (1764–Б.Н.) болатын.

Абылай бұл жерде де асқан ғақылдылық көрсетті. Ол ұрысқа Үйсін қолын әдейі араластырмай, жеке батырларды ғана алып, соғысты өзі жүргізді. Бұған үш мыңдай қолмен Қабанбай араласты. Абылайдың өзінің төңірегіндегі батырлары Байғозы, Баян, Оразымбет, Елшібектер ұрыста көзге түсті. Ал Қабанбай қолы азғантай қырғызды тіпті тапап жіберер еді, дегенмен аяушылық болды. Ақыры Әтеке, Садыр, Нәдір өздері ала болып, олардың ішінде де қазаққа қарсы ұрысқысы келмегендер табылып, қырғыздар ойсырап қалды. Әсіресе қырғыздың жер жағдайын жақсы білетін Дулат-Шымыр Шыңқожа, Дулат-Ботпай-Қоралас Жауғаш, Дулат-Сықым Мәлік, Шанышқылы Бердіқожа қырғызға ойран салды. Қазақпен соғысуға қырғызды көбірек үндеген Жайылханды сегіз ұлымен қолға түсірді. Қолға түскен Жайылханнан Жауғаш: “Көрші отырып мұның қалай,

қазақтың бар жазығы саған жерін бөліп беріп, пәруа жасағаны ма?” – десе, бұл бір семіздіктен әбден асқақтап кеткен адам екен: “Сегіз ұлымның ұрыста қызығын көрейін деп едім”, – депті.

Бұл сықпатты ұрыс әр жерде-ақ, тіпті басқа ел түгіл, қазақ пен қазақтың арасында да болып тұрды. Оны айтқан адам қазақтың арасын ашу үшін ғана айтады деп есептеп, мен ол туралы күн фая күн жасадым...

1149-қоян жылы (1771–Б.Н.) қазақтың ханы болып отырған, дәл айтар болсам, қаршыдағы қарақшы болып отырған, һәммә мәмләкат қарәкатынан бейдама, тіпті беймағлұм қалған, ұлық істен өзін өзі жырақтатқан Әбіл-мәмбет дүние салды. Сол жылдың жазында Қожа Ахмет бабаның мәсжідінде үш жүздің игі жақсылары, билері мен ел басылары, хандары мен сұлтандары жиналып Абылайды хан сайлады.

Бұған Малайсары мен Олжабай қарсылық көрсетті. Бөгембай мен Олжабай құдандалы еді, екеуі біріне бірі қызарандасып, Абылай жөнінде келісе алмай қалды. Бірақ қазақтың сүт бетіне шығарлары олардың аузын аштырмай, өздерін топтан шығарып жіберді. Ұлы жүз 24 шар, Орта жүз 31 шар, Кіші жүз 14 шар, Қарақалпақ 2 шар, төре 1 шар, қожа 1 шар, барлығы 73 шар салынды. Орта жүзден Абақ Керей бір шар, Тарақты бір шар даулап алды. Кіші жүзден алты Әлім, төрт Шөмекей, Жетірудан Тама мен Жағалбайлы, Байұлынан Алаша мен Жаппас қана шар салды. 29 тамғалы Кіші жүздің басқасы хан сайлауына қатыспады. Ұлы жүз Бәйдібектен тараған 7, Сіргелі, Шақшам 2, Қаңлы, Шанышқылы 2, Жалайыр 12, бәрі 24 шар салды. Сол 73 шардан Абылайға 69 адам қол берді. Шапырашты атынан шарды мен салдым. Хандар мен сұлтандар арасында да қарсылар болды. Нұралы інісі Ералының да хандықтан дәмесі бары көрініп қалды. Бірақ қазақ билері олардың сөзін құлағына ілмеді де, елемеді де. Өйткені қазақтың жүзге тарта ел билеушілері Абылайдың сөзін сөйлеп, сойылын соқты. Абылай ақ киізге отырғызылып, үстіне шентон, басына мұрақ кигізілді. Сонан соң сегіз жігіт көтеріп, он шақты қадым жүрді де, ақ боз атқа мінгізді. Міне, ол енді хан болды. “Сақылардан сұлтан ал, құтпан жалдан ұлтан ал, пат құндыздан ұлпан ал” осылай болды.

Ересей мәмләкаты Абылайды қазақ елінің ханы деп танығысы келмеді. Өйткені оның мешін жылы бодан болуға берген анты бар-ды. Сондықтан қазақ елінің ханы деп танығысы келмейді, бұған Абылайдың қазір ұстаған саясаты да себепкер. Ол орыс патшасының көңілінен шықпады...

Дүние деген шолақ. Кеше бүткіл қазақ даласына мағлұм болған менің замандастарым, жасы үлкен ағаларым Төле мен Қазыбек кетті. Қазақ даласын батырлығымен таңқалдырған Қабанбай мен Бөгембай да бұл дүниеден аттанды. Кім қалады дейсіз бұл фәниде? **(Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. “Түп-тұқианнан өзіме шейін”. Алматы. “Жалын”. 1993).**

* * *

Абылай хан бір жаққа аттанарда Бұқарекенді алдырып, айдың, күннің сәтін сұрайды екен. “Сәуе көріп бер!” – дейді екен. Сонда Бұқарекен:

– Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды, – дейді екен. Сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер Сарыбура келіп туыңның түбінде шөгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен **(Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. “Абылай хан”. “Егемен Қазақстан”, 11-қаңтар, 1992).**

* * *

Біз білетін Төле би – қарлығаштың қамымен қалмақтарға қарай салған қарт емес, бүкіл қазақ халқын жетелеген ақылшы атасы, данышпан данасы болған адам. Өйткені біздің осы айтқандарымызды қуаттайтын оның төрт тірегі, бір тұрағы бар. Солардың біріншісі – әйгілі Бұқар жырау. Оның Абылайға:

“Сен он бір жасыңда,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан күл едің”, –

деген сөздерін әдебиеттен кім алып тастай алады? Мұны Бұқар жырау бүкіл қазақ халқының ханы болған Абылайға “Аяз би, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл” деген сықылды, бүгін хан екенмін деп кеуденді кере берме, кешегінді ұмытпа” деп сақтандыру үшін айтқан ғой **(Тәңірберген Қалилаханов. Аңыз алыс, ақиқат жақын. “Халық Кеңесі”. 04.03.92).**

“Қазақстан ұлттық энциклопедиясында”: “Абылай, Әбілмансур (1711 (Ресей деректерінде 1713)–23.5.1781, Оңт. Қазақстан, Арыс жағасы) – ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат”, – деп көрсетілген (1-том, 1998, 45-бет).

Бұл – 1998-жылғы, былайша айтқанда, ең соңғы, тарихшылардың сан алуан тексеруі мен дәлелдеуінен өткен, сондықтан энциклопедияға жазылған пікір.

Оған дейінгі пікірлердің біразы мынандай: Сәбит Мұқанов: “Тарихи мәліметтер бойынша, Абылай хан 1781-жылы 68 жасында өледі, сонда Абылай 1713-жылы туған болады”, – дейді (“Қазақтың XVIII – XIX-ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер”, Алматы, 1942, 13-бет). Бұл, көріп отырсыздар, Ресей дерегі емес, қазақтың өз дерегі.

Р.К.Сүлейменов, В.А.Моисеев “Из историй Казахстана XVIII века” “Наука”, Алматы, 1988): “Абилмансуру, родившемуся в 1711 г. исполнилось в это время четырнадцать лет” (24-бет).

“Осенью 1780 г. Аблай тяжело заболел и вскоре скончался. Точную дату смерти Аблая установить пока не удалось. Скончался он осенью 1780 г. Под Ташкентом” (132-бет).

Қазыбек бек Тауасарұлының “Түп-тұқианнан өзіме шейін” кітабында “Оның үстіне Абылай менің Қасқарымнан бір жас кіші”, – дейтіні бар. Ол есеп бойынша, Абылай 1711-жылы туған болып шығады, өйткені Қасқары Қазыбек бекұлы 1710-жылы туған. Алайда ауызша есеп пен және хижра бойынша айрылған жыл мезгілі тарихи кітаптарда үнемі екі жылды қосарлай көрсетеді: 1711/1712 деп. Ал Абылайдың жасын орысша жыл санауымен есептеп отырған өз ұлы, сөз жоқ, қателеспеуге тиіс. Ал Қазыбек бектің айтуы, сірә, шамалап қана айту болар. Қазақтың ауызша шежіресінде жылдың, мезгілдің, әке мен баланың орны ауысуы әрқилы дәрежеде кездесіп қалады, себебі адам жады әрқилы: біреу жанылады, біреу шатасады, бәлкім, қате түсініп те қалады. Ал тарихшы өзінен бұрынғылардың жазып қалдырған дерегіне ғана сүйенеді, ол дерек қате болса ғана қателеседі. Өзінен бұрын жазылған тарихты оқымай, білмей тарих жазу мүмкін емес. Ал бұрын дәл, анық жазылған деректі кейін бұрмалап жазуды тарих деуге бола ма, жоқ па, – оны айту мүлдем қиын.

Осы тұрғыдан келгенде, Ұлттық энциклопедияның Абылай жайлы дерегіне тек таң қалуға болады. Өйткені,

біріншіден, Абылайдың туған жылы дұрыс емес. Екіншіден, өлген уақыты да дәл емес.

Қазақ тарихына қатысты қолда бар деректер бұдан басқаша дейді.

1964-жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы шығарған “Казахско-русские отношения в XVIII – XIX веках (1771 – 1867-годы) сборник документов и материалов” деген тарихи жинақ кітап бар. Онда тек мұрағат құжаттары ғана берілген. Жорамал, дүдәмал деген нәрселер ондай жинақта болмайды: не жазылса, қалай жазылса, тек солай ұғылуға тиіс.

Сол жинақтың 102-бетінде 1781-жылы мамыр (май) айында Сібір бағытының командірі генерал-майор Огаревтің Сыртқы істер мемлекеттік коллегиясына жолдаған Абылай ханның өлімі туралы рапорты жарияланған. Онда ол: “Ныне и сын ево Вали солтан сего **мая 23-го числа прислал ко мне с письмом нарошных...** от приключившейся ему болезни умер на шездесят девятом году,.. солтаны и старшины собираютца и едут к детям ево, Аблая, для поминовения и советов”, – дейді.

Бұл құжатқа қарағанда, Абылай 1781-жылдың мамырында қайтыс болған, бірақ мамырдың дәл қаншасында қайтыс болғаны айтылмаған. Алайда сұлтандар мен старшындардың Абылай балаларына көңіл айтуға бара жатқандарына қарағанда, ол жақын арада ғана қайтыс болған.

Сәбең айтқандай, 68 жасында емес, Абылай 69 жасында қайтыс болыпты. Онда ол 1713 те емес, 1711 де емес, 1712-жылы туған болып шықпай ма? Әлде бұл құжатқа сенуге болмай ма? Онда мұны жоққа шығаратын бұдан да сенімді басқа құжат бар болуы керек қой.

Бәлкім, белгілі тарихшылар жазғандай, ол 1780-жылы-ақ өліп қалған болар?

Бірақ 1780-жылдың 16-маусымында М.Бекчурин деген тілмештің Абылай хан жайында жинаған мәліметі бойынша, Абылай сол жылдың көкек айында Түркістан қаласына келеді, оның қасында екі мыңдай адам, оның ішінде Әбілпейіз сұлтан да болады. Ал мамыр айында Ташкенттен алты күндік жерде қасындағы екі жүздей адамымен егін егіп жатады. Сол кезде ұлы Уәли Сібір бағытында өз туыстарының қасында қаннен қаперсіз көшіп-қонып жүріп жатады. (Аталмыш жинақ, 101-бет). Абылай 1780-жылы әлі ауыра қоймапты.

Міне, осы құжатқа қарап отырғанда, Ұлттық энциклопедияның екінші бір ағаттығы көрініс береді: Абылай дәл 23-мамыр (май) күні өлмеген, себебі Абылай Ташкент маңында қайтыс болған, ал оның баласы Уәли Сібір бойында, дәлдеп айтсақ, Көкшетау мен Қызылжар жақта жүріп жатады. Ташкентте өлген адамның хабары Көкшетауға дәл сол күні жетіп үлгірді дегенге, ол кездің пошта жағдайы мен шабармандардың жүрісін есепке алғанда, сене қою өте қиын. 23-мамыр – Абылайдың өлген күні емес, Көкшетауда жатқан Уәлидің генерал-майор Огаревке өз әкесінің қайтыс болғанын хабарлаған күні. Ташкенттен хабар Көкшетауға жеткенше, одан Огаревке жеткенше арада апта өтті ме, күндер өтті ме, қазір де, ол кезде де оны ешкім білмейді. Сондықтан Абылайдың өлген күнін дәл 23-мамыр деп көрсету – өте өрескел қате. Оған дәлел жоқ.

Енді сол жинақтың 103-бетіндегі Орта жүз сұлтаны, Абылайдың үлкен ұлы Уәлидің Екатерина II-ге өзін хан етуді сұрап 1781-жылдың тамызында жазған өтінішін оқып көрейік: “Засим всеподданнейше доношу, что отец мой Абылай хан **по достижении** в жизни шестидесяти девяти лет скончался..при всей ево **шестидесятидевятiletней жизни** нигде невежества и ущербу не чинил”, – депті.

Өз ұлының және ең үлкен ұлының айтуынша, Абылай 69-ға толғанда (“по достижении”) қайтыс болыпты. Бұған сенбейтіндей қандай қосымша дәлеліміз бар? Тіпті, бұл адам қателесетін, жыл санаудан шатасатын күрделі есеп те емес қой. Сәбең 1781-ден 68-ді ала салса, біз 1781-ден 69-ды ала саламыз, сонда Абылай 1712-жылы туған болып шыға келеді.

Абылайдың 69 жасында қайтыс болғаны Екатерина II-нің жауап грамотасында да қайталап айтылады (сол жинақ, 104-бет). Бұл, әрине, дәлелге жүрмейді, өйткені ол – өзіне келген хат бойынша ғана жазылған, түпнұсқа дерекке жатпайтын құжат.

Көріп отырғанымыздай, орыс деректерінде бәрі ап-айқын жазылған, бәрін бұлдіріп жүрген – өзіміз. Басқа басқа-ау, дұп-дұрыс дерегі бар дәл Абылай сынды атақты ханымыздың өмірбаянын бүйтіп бұлдырлатып жүргеніміз жараспайды-ақ. Бәлкім, бір жыл мен бірер айға қателескенде тұрған дәнәңе де жоқ шығар, алайда бір өтіріктен туатын мың өтірікті ойласақ, тарихта, мүмкіндігі болса, сәл өтірікке де орын бермеген дұрыс сияқты (Бексұлтан Нұржекеұлы. “Абылайдың өмірбаянына анықтама”, “Жас Алаш”, қазан, 2005).

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ

28

*1742-жылы туып, 1802-жылы
Қарақалпақ жерінде қайтыс болған*

Ел басқарудың жаңа түрі “Халық кеңесі” атты тұңғыш халықтық өкімет құрған қазақ батыры;

Орыс отарлауына қарсы тұңғыш ұлт азаттық көтерілісін ұйымдастырушы

Алдақашан... Бұдан екі жүз жыл бұрын! Екі жүз жыл!..

Бұған дейін Шығыс елдері түгіл Батыс елдерінің қоғамдық тіршілігінде кездеспеген, кездесу түгіл елес бермеген, заты да жаңа, аты да жаңа, қалада емес, далада, қазақ даласының батысында, қадірлі аты сом алтыннан құйылып, қазақ тарихының қоймасында сақталар “Халық кеңесі” деген өкімет құрылды, өкімет!.. Орысша аты – НАРОДНОЕ СОБРАНИЕ!

Құрылған жері-Батыс Қазақстан, құрған ері-Сырым, Сырым батыр Датұлы. Қолдаған-қалың қазақ бұарасы.

Сонымен дүние жүзінде үлгісі жоқ, қазақ халқының өз тәжірибесінде де болып көремеген, атақты көсемі, данышпаны-данасы, ғалымы да жоқ, мал баққан көшпелі елде халық кеңесі аталған өкімет құрылып, қолма-қол іске кірісті. Кеңеске хан-сұлтандар тұқымынан, кожа-молда, сопы деген арамтамақтардан бір адам кіргізген жоқ.

Сырым алысқан майдан шеңбері кең, күш қорларын салыстыруға келмейтін еді. Ол – алдымен патша отаршылдығы, ол – хандық, ол – артта қалған халықтың өз қараңғылығы, ол – таптық жіктердің көрбілтелігі болатын. Бұлардың бірде-бірімен жеке адам түгіл, халықтың өзі күш салыстыра алмайтын кезі.

Сырымның ерлігі осынша қорлы күштермен алысуға тәуекелге бел байлауында ғой. Женемін деп аттанды ма әлде алда болар ұзақ алтыстардың басталар кезін, халқымыздың оянар кезін аңсады ма, әйтеуір, қыран қанат қақты. Бұл – оның ерліктің ең биік қырқасынан көрінетін кезі.

От пен су, долы дауыл үш жағынан бірдей қысқанда, ержүрек тайсалмапты. Күш күшке түсер іс кездескенде күшейе беретінін Сырым батыр жақсы білетін сияқты. Ол – тайсалысы жоқ, отты жүрек.

Сырым ұлы майданға халық көсемінің міндеттерін арқалай шықты. Оның өз басына төнген хауіп-қатер жоқ-ты. Ол арыстанмен алысқан, жолбарыспен жұлысқан ертегінің батыры емес, сонау-сонау Шыңғысханның бері созылып келе жатқан заңсыздықтың да шегі барын біржола ұмытқан қазақ халқының бірінші тонаушысы, бірінші қорлаушысы, бірінші зорлаушысы болып алған хандықты жоюға аттанған ер! Бұл – қазақ тарихының бір биігі, тарихи шекаралықты меңзейтін күрес. Бес ғасыр бойында тынбай келе жатқан талант-тараж, қорлық-зорлық малшы бұқараның етінен өтіп, сүйегіне жеткенін меңзейтін күрес. Сырым осы халге жеткен бұқараны қорғап майданға шықты, сүйенгені де сол бұқара. Әттең, тарихи оярудың ыңыранысы “сүт пісірімге емес, ет пісірімге” созыла берді... Ұмытпалық, бұл қазақ қоғамының жалпы балаң кезі, таптық жіктері көмескі, жұмыскер табы атымен жоқ кезі. Сырым сол таптық жіктері көмескі жұртшылықпен қолдасып күресті.

Сырым қозғалысы Франция конвентымен тұстас. Франция – ол кезде Европадағы ең озық елдердің бірі. Сол Францияның зеңбірекші бір солдатынан-сен кім үшін соғысып жүрсің, король үшін бе, республика үшін бе, – деп сұрағанда, “білмеймін” деп жауап қайтарыпты. (Виктор Гюго. “Тоқсан үшінші жыл”).

Сол тұстағы қазақ бұқарасының мұндай сұрауға қандай жауап берерін ойланып барып табуға болатын шығар. Мүмкін, “мен де құдайдың құлымын ғой” дей салып бұрылып кетер. Демек, XVIII-ғасырдың аяғы Францияда республикаға көшуге, Қазақстанда хандықтан халықтық басқаруға көшуге тарихи-әлеуметтік сананың дамуы тұрғысынан, қоғамның жетілуі тұрғысынан ертелеу болды-ау десек, шындықпен шендес ой болып шығады.

Сырым хандықты құлатып, Нұралы ханды Уфаға жер аудартып, “Халық Кеңесі” деген өкімет құрған. Сырымның даналығы сол: екі ғасыр кейін қалған дәуірде халықтық өкімет құруында, өз тұсына орай бұқаралық өкімет құруында.

Сырым хан-сұлтандардың, ру басы ірі феодалдардың қашаннан бері меншіктеніп алған жерлерін “ықшамдап” қалдырып, кедей, орта шаруалар үшін “Халық қорығы” деп аталған ортақ қор жасады. Әлденеше рет кездескен ауыр жылдарда ортақ қор кедейлер үшін үлкен арқа, сүйеу болды.

Бір кезде хан-сұлтандардың сарбазы болып, кейін (өліп кетсе, құны төлеусіз) ұрлыққа, керуен тонауға, барымтаға салып, жайшылықта отыншы, сушы, сауыншы, бақташы етіп, өз басында еркі жоқ құлға айналдырған төлеңгіттерді босатып, азды-көпті жалақыларын алып беріп, ерікті адам қатарына қосты. Құл кім, ерікті адам кім?!

Осы істерінен Сырымның қоғам қайраткері ретіндегі ерліктері де, таптық көзқарастары да, арманы да танылса керек. **Бұдан екі жүз жыл бұрынғы заманымыз үшін бұдан артық ерлік болар ма, азаматтық арман болар ма?!**

Ел билеу тізгіні Сырымның қолына тиген жерде ұрлық та тыйылды, керуен тонау да, қазақ, орыс, башқұрт, қалмақ араларындағы мал барымтасы мен адам барымтасы да тыйылды. Орынбор генерал-губернаторы Игельстром бұған дейінгі ұрлық-қарлық, талан-тараж, әртүрлі бүліншіліктер көбінесе хан-сұлтандардың ісі болғанын танып, Сырымға бейім саясат ұстады. Әсіресе Орта Азиямен сауда-саттық үзбей араласып кеткені орыс патшалығы үшін үлкен маңызды шаруа болатын. Игельстром императрицаға былай деп хат та жазды: “...Мен бүкіл халық және оның ру басылары бір ауыздан келісімде және Ордада бұл жаңа мекемелерді ерікті түрде және барынша сүйсіне қабыл алды деп анық сендіре аламын. Олар қызметтерге ең жақсы, атақты да лайықты адамдарын сайлады. Әбілқайыр хан ұрпақтарының барлық сұлтандары, қазіргі Нұралы ханның балалары, оның аға-інілері мен олардың балалары халықтан оқшау қалды және олардың бірде-бірі өз халқын билеуі осы басқару арқылы жойылды және халықтың өз қолына берілді деп есептеп, Ордадағы болып жатқан осы қайта құру ісіне араласқан жоқ, сөйтіп өздерін шексіз жәбірленген және қорланғандай сезініп жүр” (Қазақ ССР тарихының материалдары, IV-том, 57-бет).

Патша отаршылдығымен алысып жүрген кездерінде Сырымның үзеңгілес сарбаздары үш мыңға да жетіп жүрген. Бұл кезде Сырымды жақтағандардың қолдары ұрлық-қарлықтан, тонаудан, барымтадан түп-түгел таза болыпты десек, онымызға өзіміз де сенбей отырып айтқан болар едік. Үзеңгілестерінің мұндай қылықтары Сырымның өзін де талай-талай ренжіткен.

Сырым күрестерінің бірде-бірі оңайға түскен жоқ. Рас, хан жер аударылды, бірақ оның тұқымдары, әр елді билеп отырған сұлтандары бар. Олар осал жау ма? Хан кеңесіне әр рудан сайлаған старшиналар бар. Хан жер аударылған соң, олар далада азынап қалды ғой! Оларға әлі сенетін, оларды арқа тұтатын байлар түгіл кедейлер мен орта шаруалар да бар. Олар қайдан бұқара өкіметіне дос болсын!

Россияға бағынғандарымен, қазақ, башқұрт-қалмақ халықтарының күнбе-күн болып отыратын жауығулары мазалай беретін кезең тым ұзаққа созылып кетті. Сырым – осы жағдайдың тыныштыққа ауысуына да үлкен себепкер болған адам.

Сырым құрған “Халық Кеңесі” бес жыл өмір сүрді. Бұл тыныштықта, бейбітшілікте өткен бес жыл емес, ол алыс-жұлыста, айқастарда өтті. Алдымен хандық құлаған соң, ру атынан іріктеп алған старшиналар ақысыз-пұлсыз жемтіктерінен айрылды: жер дауы, жесір дауы, ұрлық, барымта дейтін жемтік бұлақтары суалып, оның барлығы да бір жағынан Сырымның әділдігімен, екінші жағынан, орыс мемлекетінің заңдарына сүйеніп шешілетін болып кетті. Күні кешегі өздеріндей қара қазақ Сырымға енді олар қайтіп жақтас болсын?!

“Халық Кеңесінің” бес жылдық тіршілігін тексере келіп, Россия әкімшілігі алдын ала сақтық жасауды мақұл көрді. Байтақ мемлекетке француз конвентінің лебі келе бастағанын сезінді. Орталық Россия үшін ол дерексіз сезіну емес-ті. Бірақ қазақ даласына конвент лебі жеткен жоқ-ты. Сырым қозғалысы – хандық пен патша отаршылдығының қос тізбесі әбден батқан елдің өз қозғалысы, өз арманы, өз жігері болатын.

Мен еліміздің қазақ деген атында еркіндікті сүйетін ел деген мағына бар деушілер жағындағы адаммың. Менің Геродотым – Левшин. Хандық құлағаннан кейін патшалық өкімет қазақ халқының өз тізгінін өзіне беріп еді, содан

кейінгі бес жылдық “Халық Кеңесінің” тұсында Россияға қарсы бір қазақ атқа мінген жоқ. Тіптен патшалық Россиямен арадағы сауда-саттық қарым-қатынас күшейе түсті. Мәселен, 1785-жылы Орынборда әр түлікте 230 мың бас мал айырбасқа түссе, 1787-жылы 379 мың бас мал айырбасталды. Бұл жөнінде генерал-губернатор өзінен жоғарыдағыларына аузын ашып, көзін жұмып хат жазып: “Қырғыз-қайсақтардың еш қауіптенбей, зор ынтамен айырбас сарайларына жиналғаны соншалық Орынбор ірге тепкелі мұндай дүбірлі бас қосуды көрген емес”, – деп тамсанды. Әрине, ол кезде патшаның отаршыл саясаты кара халықтың Жиделі байсын ниетінен басқаша пиғылды мұрат тұтты. Сондықтанда Сырым қозғалысының сыр-сипатын көрсе де көрмеуге, бағаламауға, өз қалыбына түсіруге бейім. Солай болды да.

“Әр нәрсе асылына қайтады” деген философиялық бір байлам менің құлағымда бала кезімнен бар. Қайдан келді, кім әкелді, өзінікі ме, сырттан келді ме, оны жұрт ұмытқан. Бірақ екі сөздің бірінде жиі пайдаланады. Екі ел жерге таласса да, болыстыққа таласса да былайғы бейтарап отырған халық кімнің кімге болысарын іштей жорамалдап танып отырады. Сондағы сүйенері – “Әр нәрсе асылына қайтады”, “қанына тартпағанның қары сынсын!” деген байламдар, нақылдар.

Бес жылдан кейін, ел арасында тыныштық орнаған жағдайлардың пайдасын көре отырып, Россия патшалығы “Халық Кеңесін” таратып, хандықты қайта орнатты. Кімдер кімді жақтады, кімдер қарсы болды – ол бұл арада керексіз сөз. Патшалық – хандық пен халық кеңесінің арасында от пен судай келісімге келместік бар.

Сонымен, “Халық Кеңесі” жабылды, хандық қайта орнады. Сырым да атқа мінді, ендігі қалған өмірін елінің бостандық күресіне арнады.

Кейбір тарихи бейнелер аңыздар арқылы да туады. Тұспалдама арқылы да жасалады. Кейбір аңыздарды тіршілікте болған ерлер, батырлар, сұлулар бейнелерінің өздері туғызады. Сырым жайындағы аңыздар қағазға түспеген. Анығы жете ашылмаған шындықтан туған. Сырымның толып жатқан ерліктері мен даналыққа теңеуге болатын ақылдылығы, әділдігі, табандылығы, оның қандай қателіктері болса да халқының жадында, елінің ыстық жүрегінде сақталған.

Сырым – заман тамырын баса білген адам. Сырым халқының мұң-мұқтажына, азаттық жолындағы армандарына бар өмірін берген адам. Батыр емес, ер!

Әсіресе сол алыста қалған заманда өкімет атын “Халық Кеңесі” деп қоюы, менің түсінуімше, даналықпен шектес. Осы екі сөзде таптық көзқарас та, алдағы заманға көз жіберу де тұр емес пе?

Сырымнан кейін Батыс Қазақстанда болған отаршылдық күрестің ерлері – Бекет, Исатай, Махамбет, Есет қозғалыстары, түптеп келгенде, Сырым соққан ұядан ұшқан сұңқарлар ғой. Әрқайсысы өз шамасынша, бірде түзу, бірде бұралаң жолдармен барып Сырымға қосылады. Қосылар майдандары хандықпен, отаршылдықпен күресте. Бұлардың бірі ерте, бір кеш аттанды. Кейбірінде уақыт ұранын дәл таппау да бар.

Халық азаттығы үшін екі ғасырға созылған ұлы күрес ерлерінің ішінде ең бақыттысы Аманкелді Иманов болды. Ол сол ұзақ күрестердің соңғы нокаты етіп қазақ даласына Совет елінің Қызыл туын шанышты!..

Ал Сырым Датұлы азаттықты аңсап өткен, азаттық үшін алысып өткен ардагер болып халық жүрегінде мәңгі сақталады (Академик Ғабит Мүсірепов. “Білім және еңбек”, “Асыл арман, ардақты ер”, №10, қазан, 1983).

* * *

Барлық жерде өрбіп келе жатқан қозғалысқа басшы болған, оны біріктірген, бұл қозғалыстың қанатын бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген дәрежеде кең жайдырған адам тек қана Сырым Датұлы болды. Атап айта кету керек, бұған дейінгі қазақ халқының жаумен шайқастары (мысалы, Жоңғарлармен, Хиуа, Бұқар, Қоқан хандықтарымен соғыс) Отан қорғау жолындағы жалпыхалықтық соғыс болса, Сырым бастаған мынау көтерілістің характері олардан мүлде бөлек екенін аңғару қиын емес. Бұл – халқымыздың тарихындағы ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы бағытталған ең алғашқы ұлт азаттық көтеріліс...

Сырым бастаған ұлт азаттық көтерілісінің кейінгілерге ұлағатты тағы бір жері әрі Сырымның кеменгерлігі-бірде қолына қару алып шайқасса, енді бірде қарсыластарымен мәмілегерлікпен, саясатпен, ақылмен арбасып, 1783-жылдан 1797-жылға дейін (он төрт жылға) созылған күрестің ақы-

рында Сырым жеңбесе де жеңілмей кеткендігінде; халқын қан сасытып қырғызбай, елінің еңсесін түсіргізбей, жұртының ар-намысы мен рухын жасытпай күресті аяқтағанында...

Бұл ретте Сырым Датұлының туған-өлген жылдары атап көрсетілген жазба деректер жоқ екенін айта кету керек...

Бұл күнге дейін жұртқа анық белгілі: Сырымның сүйегі – Кіші жүз Алшын. Алшын ішінде Байұлы. Байұлының Сұлтансиығынан, руы – Байбақты. Байбақты ішінде Әйтімбеттің Шоланынан. Шолан болғанда, бұл-күнінде бүкіл Байбақтының белгілі батыры болған, сол батырлық бірбеткейлігінен пайда көрмей, төрелердің қолынан жазым болған айтулы Шолан. Шоланды төрелер кескілеп өлтіріп кеткенде, төртінші баласы Дат шешесінің құрсағында қалған екен. Шешесі көп ұзамай аман-сау босанғанын, төрелермен арадағы зіл ұмыт болмас үшін, баланың атын Дат қоятыны – сол себепті. Даттың екі әйелі болған. Бәйбішесінен: Адамбай, Атантай, Жомарт туады да, он екі ағайынды Сырым (шын аты – Сырлыбай), Дүйімбай, Жандыбай, Қалдыбай, Базарбай, Қорлыбай, Шегебай, Нұрлыбай, Барлыбай, Шоланның Есенбай, Түкіш, Байторы, Дат дейтін төрт баласын “төрт Шолан” дейді...

Осы жерде, күні бүгінге дейін біздің тарихшыларымыз батылы барып айта алмай келе жатқан бір шындықтың басын арши кеткен дұрыс. Ол – Сырым батырдың мемлекеттік үлкен масштабта ойлай алатын басшы, реформатор болғандығы. Бұған дәлел “Халық кеңесі” деп аталатын ел билеудің жаңа формасын оның дүниеге әкелгендігі, және бұл әдіс-қазақ халқының тарихында ғана емес, бақ-дәулеті кемеліне келіп тұрған сол тұстағы өркениетті елдердің өзінде де жүзеге аса қоймаған демократиялық ел басқару идеясының өмірге енуі еді; ол идеяның керемет дамыған әлдебір елде де емес, өзі біреудің боданында отырған қазақ елінің бір пұшпағында өмірге енуі; соны Сырым секілді қазақтың бір шаруасының баласы үрдіске енгізгені еді...

Халқының қамы үшін бүкіл өмірін күреспен өткізген Сырым Датұлының туғанына биыл 250 жыл, дүниеден өткеніне 190 жыл толады. Ол бастаған қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысына келесі жылы 210 жыл! Осындай – осындай айтулы күндерді еске алып, Қарақалпақстанда қалған батырдың бейітіне бауырлас елден ұялмайтындай ескерткіш – белгі қою да үлкен бір борыш (**Қажығали Мұхамбетқалиев. “Егемен Қазақстан”, 22-ақпан, 1992).**

ШОҢ БИ

29

1754-жылы туып, 1836-жылы қайтыс болған

* * *

Елді төрелер билеуіне қарсы шығып, тұңғыш Төртұлы одағын құрып, ақырында қара қазақтан тұңғыш аға сұлтан болған би

* * *

Әдетте ата жауын жеңу қай халықтың болсын рухын асқақтата түсер еді, ал біздің екі жүз жылға созылған азаттық соғыста осынау даласын басқыншылардан, сырт көмексіз, жекпе-жек соғыста азат етіп алған халқымыздың XVIII-ғасырдың аяғы мен XIX-ғасырдың басынан бастап жеңіс әперген рухтан айрылып, шағын уақытта еңсесінің түсіп кетуіне не себеп болды? Біздіңше, мұның себептері мынада болса керек: Біріншіден, хандардың халқымызды басқару тізгінін Ресей қолына беріп, біреуге кіріптар қылуы; екіншіден, аталған азаттық соғыста кезінде жұмылдырылған және қол бастап ерлік үлгілерін көрсеткен би, жырау, батырларымыздың дүниеден кетуі; үшіншіден, төрелер мен қожа-молдалардың даламызда оқ ату мен қылыш сілтеуі тоқтатылысымен-ақ халқымызды “бөліп алып, билеу” тәсіліне көшуі, әсіресе соңғы кірмелердің ауыр күндерде қатарларынан ел басқарар жетекші мен қол басқарар батырлар ұсынбағаны өз алдына, сонымен бірге енді, олар сонау азаттық соғыста алда болған төл кемеңгерлерін халық санасынан қуып шығу үшін, яғни ұмыттыру үшін, олардың орнына дүниеде болған-болмағандары белгісіз мистикалық оқиғалар жөніндегі әңгіме-дастандарды тықпалауы. Бұл, яғни, бейбітшілік уақытындағы идеология тізгіні де біреудің қолында болды деген сөз. Бұл идеология алдымен кірмелердің өздерін “ак

сүйек” деп, елді жасап отырған түпкілікті халықты “қара сүйек” деп дәрежелер сатысына бөлуден басталды. Осы “ақ сүйектер” таратқан идеология біздің заманымызға “Төресі бар елдің төбесі бар”, “Төбесі мен төресі бар ел алыстан көрінер”, “Бақан – үй тіреуі, төре – ел тіреуі” деген сияқты мақал-мәтелдер арқылы жеткен. Ал басында төресі отырмаған руды қоғамда даусы, сөзге араласып, мәселе шешердей нұқы бар ел қатарына жатқызбай, өгейсітіп, шетқақпайлап, назардан ылғи тыс қалдыруға тырысқан. Бұл қара халықты ендігі үстем тапқа кіріптар етіп ұстаудың бірден-бір жолы еді...

“Қара сүйектің” өкілінде жүйрік ат, не алғыр қыран, не күміс ер-тоқым, не басқадай да әрі сирек құнды бұйым бар екен дегенді естісе, төрелер төсегінен тұрмай-ақ “әкеп берсін” деп бұйырып, алдырады екен. Төре малы барымтаға жатпаған, ал “қараның” малын қалай сырап қыламын десе де төренің еркінде. Со заманның жазылмаған заңы бойынша, біреу-міреу жазатайымда төрені өлтіріп алса, айып құны 300 жылқы, ал қарадан еркек жынысты қолдан шәнит болса, 100 жылқы, майып болған төре әулеті әйелінің құны “қара сүйектің” еркегінің құнымен тең. “Қара сүйектен” әйел қолдан өлсе, құны – 50 жылқы. Әр төре “қарадан” әмірін екі қылмай “ат!” дегенді ататын, “шап!” дегенді шабатын төлеңгіттер ұстаған...

Айдаболдың Едігесі дүние салғанда, елдің ішкі әлеуметтік жағдайы төрелер өктемдігіне кез болған уақыт болатын. Әкесінің билік таяғы қолына тиген Шоң сорақылыққа немқұрайды қарай алмады. Ол бірден елден (Сүйіндік арасынан) төрелерді аластату саясатын ұстанды. Бұған көңісі келмеген хан ұрпағы халықты оған қарсы қою мақсатында Шоң жөнінде неше түрлі өсек-аяң таратты. Шоң өз кезегінде халықтан айрылып қалмау үшін, Сүйіндіктің Құлболды, Жанболды, Қаржас және Орманшы атты ұлдарынан тараған ұрпақты “Төртұлы” деген одақ төңірегіне жұмылдырды. Ұсақ ру атымен ұрандауға тыйым салды. Артынан Одаққа бәсен-тиін мен бура найман, тама, қанжығалы рулары да қосылды...

Бөкей төре 1912-жылы Сібір бас губернаторын өзін Орта жүзге хан сайлауын сұрап хат жазған екен. Уәли әлі тірі. Мұны бас губернатор білмейді деп ойламайды. Сондықтанда өзінің сұрану себебін “Шет жақтағы қазақтар Орта жүзде хан бар дегенді біле бермейді”, – деп дәлелдепті.

Бөкей хатына жауапты екі жылдан кейін алады. Бас губернатор “Сіздің хан болуыңызға билер қалай қарайды?

Осыны білдіріңіз”, – деп жазыпты. Тегі, ой жүйесінің бір қатпарында Уәлиханның барлығы да жатса керек.

Бұл хабар жеткен Шоң бас губернаторға: “Біз қырғыз халқын өңіне қарап “қара қырғыз” деп атаймыз. Оның арасында өздерін “Ақ сүйекпіз” деп дәріптейтін хан тұқымы жоқ. Сол себепті руларын өз қатарынан шыққан билер, яғни “қарадан” шыққан адамдар басқарады. Сондықтанда біз оларды “қара қырғыз” деп атаймыз. Ендеше қазақ та өз қатарынан (кірмеден емес) ел билейтін адамдар шығара алады екен. “бір басқа біткен қос мүйіздің мақсаты бір, ал бір халықтың басына қойылған екі ханда ортақ мақсат болмайды”, – деген хат жолдап, Бөкейдің хан болуына қарсылық білдіріп: “Егер қазақ бодандарына жандарың ашыса, елді басқарудың басқа тәсілін өмірге енгізіңіздер”, – деген екен. Алайда оқиғаның одан әрі өріс алуынан сол заманғы даладан өзінің озық ойымен Шоңның жалғыз болғанын аңғарамыз. Рас, Байбақты биі Сырым Дат баласының да хан атаулыға қарсы жүргізген күресі үшін атақ-даңқының қазақ даласына түгел жайылғаны белгілі. Алайда әлде жер, әлде уақыт не болмаса жас шалғайлығынан ба екен, әйтеуір, қазақтың екі қиырынан шыққан екі кемеңгер перзенті ортақ мүдде үшін күш біріктіре алмаған. Ал феодалдық хандық билігіне қарсы шыққан Исатай мен Махамбет көтерілісі Шоң дүниеден қайтқаннан кейін бас көтерген...

1816-жылдың жазында Нұра жайлауында Бөкейді Орта жүзге хан сайлау салтанаты өткізіледі. Шоң салтанатқа Сүйіндіктен мол адам алып барады. Ойы орыс әкімінің көзінше ойыла сөгіліп, Бөкей беделін түсіру еді. Алайда мақсат орындалмай, Бөкей хан болып сайланады да, келесі жылдың ақпан айында Семей қамалында Александр-1 патша қол қойған грамота (грамота Ақмола облыстық музейде сақтаулы) құндыз жағалы ішік және алтынмен апталған қылыш тапсырылады Бөкей қолына.

Бөкейді хан тағына отырғызған бұл грамота, екінші жағынан, далада Шоңның беделін түсіреді. Бөкей мен Шоң арасындағы егесті билетін халық “би жеңілді” деп ойлайды. Мұны Шоңның өзі де мойындайды. Бірақ сырттай сыр бермеген ол іштей өзінің беделін көтеру тәсілдерін ойлап жүреді. Осы бетімен үнсіз қала берсе, қол астындағы халқынан айрылып қалуы әбден мүмкін-ау. Басыңды тасқа ұрсаң да, тауға ұрсаң да бұған жол бермеу керек!

Көп кешікпей мұның айласы табылады: Шоң әрқайсысы бірнеше ауыл болып отырған сегіз баласымен барып Бөкейдің жылдағы жайлауы Нұра бойын түгелдей басып алады. Енді Бөкей атқа қонады. Төрт жүздей қаракесек жігіттерін сойыл, шоқпармен қаруландырып, Шоңды жайлаудан қуып шығу үшін, Нұраға қарай жылжытады. 1817-жылдың маусым айында Ащысу саласының Нұраға құяр тұсында өткен бұл соғыс Шоңның жеңісімен бітеді.

Шоң Бөкей ханға билік бермеу үшін, “Төртұлы” одағын құрғаны, оған өзінің төбе би болып сайланғаны туралы бас губернаторға жазған хатында Баянауыл өңіріне байланысты мәселелерді бұдан былай Бөкей арқылы емес, Шоңның өзі арқылы ғана шешіп отыруды сұрапты. Сол хатта (Әлкей Марғұлан мұрағатында сақтаулы – Қ.И.): “Әр 10 – 10 үйден ауыл, әр 60 – 70 ауылдан – ру, бірнеше рудан “Төртұлы” одағы құрылады”, – деп көрсетіліпті. Болашақ округтердің құрылысына “Төртұлы” одағының құрылысы сол калпында алынғаны 1822-жылғы жарғының бабында көрсетілген. Екінші жағынан, бұл жарғының дүниеге келуіне Шоң хаттары себеп болды деген сөз ғой! Мұны Шоңның өзі кезінде білді ме, жоқ па, ол арасы бізге беймәлім, ал мәлімі – “Төртұлы” одағына қараған рулардың, Омбы облысы басқармасының жоспарлауына қарамастан, Қарқаралы округіне кірмей кетуі...

Бұл уақытта (1824-жылдың 29-сәуірінде) Көкшетау округі де ашылған. Аталған жарғы бойынша округтарды басқару үшін құрылған Омбы облысының бастығы полковник Броневский Шоңға өкіл жіберіп, соңғы округ құрамына кіруді ұсынады. Ал Шоң болса “Округтардың ашылуы, шындыққа көшсек, Орта жүзді Абылай мен Бөкей ұрпақтарының билеп-төстеуіне бөліп беруі. Бұған қара қазақ баласы көне алмайды. Сол себепті де Абылай немересі Ғұбайдолла аға сұлтан болып сайланған Көкшетау округінен де Төртұлыны таба алмайсыз”, – деп жауап берген екен.

Орыстардың далаға енгізген соны әкімшілігі мен оған тізгін бермей өз беттерімен көшіп жүрген қыруар халық жөнінде хабардар болып отырған қытайлықтар көрсетілген жылдың маусым айында Шоңға бір анбанын (генералын) 300 адам нөкерімен жіберіп “Төртұлы” одағын жерімен қытайға қосылуға шақырады. Алайда Шоң оған: “Қытай отыны қазақ қазанын қайната алмайды”, – деген жауап беріп қайтарған екен” (ҚҰА. 229, 348-папкалар). Жаңадан ашылған екі округтің бірде-біріне қарамай, далада қаннен-қаперсіз

көшіп жүрген Төртұлының төбе биіне Қарқаралы округінің отряд бастығы сотник Қарбышев облыс өкілі ретінде келе қалады. Осы кездесудің нәтижесі ретінде 1826-жылдың ақпан айының 15–18-і күндері аралығында дүниеге мынадай құжат келген екен: Онда Шоң: “Егер Баянауылда дуан салып, Төртұлыға арнап оңаша округ ашып, оған мені аға сұлтан қойсаңдар, мархабатты падишахтың боданы болуға бармын!” – деп шарт қояды. Бұл құжатқа Шоң пікірін қолдап “Төртұлы” одағына кірген рулардың отыздан астам биі таңбалары мен бармақтарын басқан екен (ҚҰА. 338-қор, 408-іс, 20-34-беттер). Көрсетілген істің 4–5-беттерінде жүзбасы (сотник) Қарбышевтің “Баянауыл округін ашқанда мені аға сұлтан сайлайтын болсаңдар ғана Ресей бодандығын қабылдаймын”, – деген шартпен Төртұлы одағының төбе биі Шоң Едігін 1826-жылдың наурызының 9-ы күні Ямыш қамалында ант берді”, – деген де қағаз жатыр. Ал наурыздың 19-ы күні Шоң Омбы облысының бастығы Броневскийге мынадай хат жолдайды: “Қазақ – өте аңқау, сенгіш, өзіне көрсетілген жақсылықты өмірбойы ұмытпайтын халық. Оның бойынан бала мінезін көп көруге болады. Жамандыққа жоқ, жақсылыққа ұлтымыздың қасиетін мойындайтын, әдет-ғұрпымызды сыйлайтын, тілімізді білетін, сәбидей жуас халқымызды жәбірлемейтін жақсы адамдарыңызды тағайындауларыңызды сұраймын”.

Броневский өз кезегінде 1826-жылдың наурызының 18-і күні Батыс Сібір бас губернаторына бағытталған қатынас қағазында: “Белгілі би Шоң Едігіннің Төртұлы руларын басқара отырып, қолына қисапсыз мол өкімет жинап алғаны сонша, ол өзін ешбір сұлтандардан кеммін деп санамайды. Сол себепті де ол ешқандай да сұлтанға тәуелді болғысы келмейді. Белгілі жарғының округ аға сұлтанын төрелерден ғана сайлау жөніндегі бабы оның осынау намысына тиетін болу керек”, – дей келіп, “Төртұлы” одағына арнап, Баянауыл округін ашуды ұсынады (Сонда, 31-парақ).

1827-жылдың 18-қарашасында Омбы облысының бастығына жазған хатында Шоң: “Маған 4300 ауыл қарайды. Ал Абылай мен Бөкей ұрпақтарының қол астындағы халық саны мұның жартысына да жетпейтініне мен сенемін”, – дейді (сонда. 125–127-беттер).

Аталмыш жарғыны іске асыруға байланысты жасалған құжаттарда оу баста көрсетілмеген Баянауыл округін ашу мәселесі дүниеге осылай келген екен...

Баянауыл округі ашылғанда үлкен жанжал да шығып қалады. Александр-1 бекіткен жарғыда “Округ аға сұлтаны төрелерден ғана сайланады” деген бап бар. Округті ашуға Омбы облысынан арнайы келген подполковник Камаев өз заманының пендесі ретінде патша бекіткен жарғының баптарын мүлтіксіз орындау үшін, Ертістің ар жағындағы Шарбақтыдан алып келген Тәте баласы Бопы деген төрені аға сұлтан сайлайды. Мұны көрген Шоң мен Шорман қойнауларды қуалай тігілген ақшанқан үйлерді жыққызып, елді көшіріп әкетіп, салтанаттың шырқын бұзады. Баянауыл тастарының арасында халыққа бейтаныс аға сұлтанмен оңаша қалған Камаев болған оқиға жөнінде Омбыға хат жазып жауабын күтіп келеді. Бұл жауап емес, Батыс Сібір бас губернаторының Шоң Едігеұлының Баянауыл округінің аға сұлтаны, Шорман Күшікұлын оның орынбасары етіп тағайындағаны жөнінде қараша айының 1-і күнгі бұйрығы болып шығады.

Ресей үкіметі 1822-жылғы жарғы бойынша Орта жүзді 8 округқа, 1824-жылғы жарлығы бойынша кіші жүзді (Жайық пен Торғай өзендері аралығын) Батыс жақ, Орта тұс, Шығыс жақ деп үш әкімшілікке бөлді. Еділ мен Жайық аралығын “Ішкі Бөкей хандығы” деп жариялады (ол уақытта Ұлы жүз Қоқан хандығының ықпалында болатын). Осынау әкімшілік бөліктердің Баянауыл округінен басқасының басында Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелер отырды. Ал Баянауыл округінде “қара сүйектен” жалғыз Шоң ғана аға сұлтан болып сайланған еді...

Сөйтіп, Шоң – қарапайым қазақтың да ел басқара алатынын дәлелдеп, патша бекіткен жарғыны бұздырып, аға сұлтан болған тұңғыш би. Содан кейін Шоң салған ізбен Күшіктің Шорманының, оның баласы Мұсаның, Сатыбалдының Қазанқапының, Өскенбайдың Құнанбайының, Жайықбайдың Ыбырайының, Зілқараның Мүсестінің, естеместің Есенейінің әр кездерде әр округқа аға сұлтан болып сайланғандары тарихтан аян...

Баянауыл округі ашылғаннан кейін үш жыл аға сұлтан болған Шоң 1836-жылдың қазан айында 82 жасында дүние салады. Денесін балалары Түркістанға апарып, Әзірет сұлтан мазары іргесіне жерлейді (Қалмұқан Исабаев, “Шоң би”, “Ақиқат”, №11, 2004).

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

30

1835-жылы туып, 1865-жылы қайтыс болған

* * *

**Қазақтың тұңғыш шығыстанушы ғалымы;
Ресей мемлекетінің тұңғыш халықаралық дәрежедегі
барлаушысы болған қазақ;**

**Қырғыз халқының ұлы жыры “Манасты” тұңғыш
қағаз бетіне түсірген ғалым;**

**Орыс географиялық қоғамына мүше болған тұңғыш
қазақ ғалымы**

* * *

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835-жылы қарашада Көкшетау өңіріндегі Құсмұрын бекінісінде туған. Оның азан шақырып қойған аты – Мұхаммед Қанапия, шешесі еркелетіп Шоқан деп кеткен. Оның балалық шағы Сырымбетте өтеді. Оның тәрбиесіне әжесі Айғаным көп ықпал етеді.

Шоқан алғашында Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқиды. Ол жас кезінде сурет салуға қатты әуес болады.

1847-жылдың күзінде Шоқан оқуға Омбыға барады. Сібірдегі сол кездің ең жақсы оқу орны саналатын кадет корпусына оқуға орналасады. Оны ол 1853-жылы аяқтап, атты әскер корнеті боп шығады.

Содан Шоқан Сібірдегі казак әскерінің 6-атты әскер полкіне белгіленеді, бір жылдан кейін Қазақстанның Батыс Сібір және Солтүстік шығыс аймағын басқаратын генерал Гасфорттың көмекшісі боп тағайындалады. Сонымен қатар ол айрықша тапсырмаларды орындаушы офицердің де қызметін атқарады.

1854-1857-жыл аралығында ол ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың Россияға бейбіт жолмен қосылуы жолында

игі қызмет атқарады. 1855-жылы Гасфортпен бірге Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралап, Омбыға күзде оралады. 1856-жылы полковник М.Хоментовскийдің әскери-ғылыми сапарына қатысып, Ыстықкөл аймағын аралайды. Ол сапар ғылыми жұмысына кең өріс ашады, атақты орыс ғалымы Семенов-Тянь-Шанскиймен танысады, достасады. Сол жылы ол Құлжа өлкесінде үш айға жуық болып қайтады. 1857-жылы Алатау қырғыздарын аралайды.

Содан кейін ол өзін ғылыми даңққа бөлеген Қашғар сапарында болады. Шығыс Түркістанды зерттеуге айтарлықтай үлкен үлес қосады. Қашғар сапарының басталу мекені Қапалдан 30 шақырым қашықтықтағы Қарамола тауының етегіндегі Сарыбас ауылына Шоқан 1858-жылдың 28-маусымында келіп жетеді. Керуенбасы Мұсабайдың туысқаны Әлімбай саудагер болып қазақша киінеді. Ол сапарының қалай өткенін ол өз күнделігінде тәпшіштеп жазады. Он ай он төрт күн дегенде, яғни 1859-жылдың 12-көкегінде Шоқан Қашғардан аман-есен Алматыға оралады.

1859-жылдың суық күзіне дейін Шоқан Омбыда болып Қашғар сапарының есебін жазады, 1859-жылдың аяғында Петербургке келеді. Содан қатты науқастануына байланысты, Петербургтен ол 1861-жылдың көктемінде аулына қайта оралады. Көп ұзамай қайтадан Омбыға барады. 1864-жылы ол генерал Черняевтің отрядына шақырылады. Алайда қатыгез генералдың қылықтарына шыдамаған Шоқан сол жылдың маусым айында Алматыға кетіп қалады. Содан Қоянкөздегі Тезек аулына келіп, оның қарындасына үйленеді.

1865-жылдың көкегінде Алтынемелдің бауырындағы Көшентөған деген жерде қайтыс болады. Бейіті сол арадағы Қоянкөз қыратында.

* * *

Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның басшылығымен 1961-1972-жылы Шоқан шығармаларының бес томдығы орыс тілінде шықты. Бірінші томына Шоқанның өмірі мен шығармашылығын талдаған Әлкей Марғұланның іргелі зерттеуі басылды.

* * *

Ақиқатына келсек, ол ешкімге тәуелсіз, бас бостандығы мол, ал қажет болса ойына келген шаруамен айналыса беретін қатардағы азамат (гражданское лицо) емес. Керісінше,

бұйрыққа сөз айтпай бағынатын, құқығы шектеулі әскери қызметкер емес пе? Олай болса, оның жұмысы қызмет бабына орай басшылық бекіткен қалыпты бір шеңбер төңірегінде атқарылады. Әскер қатарындағылардың бәріне қойылатын талап осы. Ал әскер бар жерде құпия бар.

Мәңгілік құпия болмайды десек те, оны санаттан шығару кезеңі (мән-маңызына қарай) әртүрлі мөлшерде 5, 10, 25, 50, 100 жылға дейін созылады, кейде мүлде жария етілмеуі де мүмкін. Ал Шоқан ең жоғарғы деңгейге – мемлекеттік құпияға жататын мәселемен айналысқандығын еске алсақ, ресми орындар мұны көп жалаулата бермеді, қайта назарды басқа жаққа аударуға тырысты.

Орыс офицері Шоқан Уәлиханов Қашғарияға қыдырып, уақыт өткізу үшін бармағаны анық. Оның Шығыс Түркістанға арнайы мақсатпен жіберілген жасырын сапарын саяхат, ал Шоқанның өзін саяхатшы деп жүргеніміз қисынға келе қоймайды. Дұрысында бұл – аса құпия жағдайда жүргізілген барлау операциясы.

Ресей Қашғарда несін жоғалтты, нені іздеді? Ежелгі ұйғыр жеріне сонша ықыласы неге ауды? Талай ғасыр шет ел тепкісіне түскен жергілікті халыққа қол ұшын бергісі келді ме, қалай?

1857-жылы мұнда маньчжур басқыншыларына қарсы көтеріліс болыпты, оны басуға қытай отрядтары жіберіліпті, ал Қашғарға келген кейбір ағылшындар наразылықты күшейтуге ықпал жасауда деген хабарды алған соң, Ресейдің берекесі тіпті кетті. Айдаладағы ағылшындар осында жүрсе, іргедегі біз неге қол қусырып отырамыз? Қашғардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік хал-жағдайы қандай бағытта дамуда? Осыған орай Ресей қандай шараларды жүзеге асыруға тиіс? Міне, Шоқан орыс империясын мазалаған осынау көп сұрақты саралап, қажетті дерек жинап беруге тиіс болатын. Яғни Шоқан Уәлиханов Қашғарияға саяхатшы есебінде емес, Ресей өкіметінің ресми тапсырмасымен әскери барлаушы ретінде келді. Ал оның жинаған мәліметі ең алдымен Ресейдің стратегиялық, әскери-қорғаныс мақсаттары үшін пайдаланылды. Егер олай болса, **Шоқан қазақ арасынан шыққан тұңғыш кәсіпқой профессионал әскери барлаушы екенін атап өткеніміз жөн...**

Шоканның Қашғар сапарынан жазған есебі ғажап дүние болатын. Бір сәт назар аударып көріңізші. Географиялық шолу. Тарихи очерк. Халықтың орналасуы. Үкімет жүйесі және өлкенің саяси жағдайы. Өнеркәсіп пен сауда. Осы жазбаларды оқып отырып, Ресей Сыртқы істер министрі, Азия департаментінің бастығы Егор Ковалевский: “Гениально!” – деген екен. Бұл жәй шенеунік емес-ті. Ауғанстан мен Африканы, Қытай мен Орта Азияны шарлап зерттеген, ондаған роман, повесть, талай өлең жазған, шығармалары Белинскийден жоғары баға алған оқымысты адам болатын.

Шокан жазбалары орыс империясының келешекте Шығыс елдерімен қалай қарым-қатынас орнатуына белгілі ықпал еткені сөзсіз. Біздіңше, негізгі қорытынды Сыртқы істер министрі Д.Милютиннің 1864-жылдың 20-қарашасында II-Александр патшаға Ресейдің Орта Азиядағы саясаты жөніндегі жазған запискада айтылған. Мұнда аймақты басып алу пайда бермейді, одан да ішкі істеріне қол сұқпай-ақ ортазиялық хандықтарға ықпалды күшейтіп, сауда қатынасын молайтқан әлдеқайда тиімді делінген.

Патша үкіметі әскери барлаушы Шоқан Уәлиханов еңбегін жоғары бағалады. 1860-жылғы 8-сәуірдегі жарлықта “...поручик сұлтан Уәлихановқа штабс-ротмист әскери атағы, 4-дәрежелі ізгі Владимир ордені және бір жолғы көмек ретінде 500 сом күміс ақша берілсін”, – делінген. Оның Қашғар сапарындағы сенімді серіктестері – Семей көпесі Боқаш пен керуен басы Мұсабай мойындарына алтын медаль тағумен шектелмеді. Мұның алғашқысына Семейдің іргесінен жайылымдық жер берілсе, соңғысы сол кезде қыруар қаржы болып есептелетін 600 сом күміс ақша алды. Құпия әскери операцияны ұйымдастырушылардың бірі полковник К.К.Гутковский де үкіметтің сый-сияпатынан құр қалған жоқ.

Шоканның Қашғар сапары Ресейдің барлау қызметінің абырой-беделін әлем алдында аспандатып қана қойған жоқ, оның өзін де қазақтың тұңғыш кәсіпқой барлаушысы ретінде ұлы тұлғалардың қатарына қосты (**ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінің оставкадағы полковнигі Амантай Кәкен, “Шокан – патшалық Ресейдің барлаушысы”, “Егемен Қазақстан”, 29-мамыр, 2002).**

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

31

1841-жылы туып, 1889-жылы қайтыс болған

* * *

**Қазақтың тұңғыш балалар жазушысы;
Қазақ жастарына тұңғыш кәсіптік мамандық беретін
мектеп ашушы;**

**Қазақ қыздарына арнап тұңғыш мектеп-интернат
ашқан педагог;**

**Қазақ тілінде тұңғыш “Қазақ хрестоматиясы”,
“Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы”
атты оқулықтар жазған ғалым ағартушы**

* * *

Ыбырай 1841-жылы Торғайда дүниеге келеді. Ол 1857-жылы Орынбордағы жеті жылдық орыс-қазақ мектебін үздік бітіреді. Содан кейін тілмәш, Торғай уезінде мұғалім болып, 1879-жылдан бастап өмірінің соңына дейін Торғай губерниясында мектеп ініспектірі болып істейді (**қысқаша мәлімет**).

* * *

Мен Ыбырайды 22 жасымда көрдім. Алтынсарин келеді деп ояздың үйі дүрлікті кеп бір күні. Қораның іші-сыртын, басқыштарды жудырды. Ат қораның тақтайларын жудырып, әбден састы. Мен келетін кісіні қазақ деп жүргенім жоқ. Бір кезде үш күрең төбел жеккен ақ пауескемен қоңыраулатып келе қақапаға кірді. Ояздың қатын-баласы, өзі – бәрі далаға жүгіре шықты. Ыбырайдың алдындағы әдемі еркек баласын ояздың өзі көтеріп алды. Ыбырайды баласы сүйеп түсірді. Әйелін қызы сүйеп түсірді. Ыбырайдың әйелі кәдімгідей сол кездегі орыс халқының киімін киген. Басында жерге сүйретіліп жатқан ақ шәлісі бар екен. Әйелімен екеуінің қатар

отырғандағы қияпатын қандай шешендердің тілі суреттеп жеткізе алмас мен түгіл. Бізге олардың үстіне кіру қайда онда, кешке дейін қонақ болды. Ояздың үйі бес-алты қаз, үйрек сойдырды маған. Неше түрлі тамақтар әзірледі. Ыбырайдың әйелінің екі көзі тостағандай, екі беті алмадай, екі иығына екі кісі мінгендей зор адам екен. Бір кезде тысқа еркек баласын қақпаның алдына қарай жетелеп жүрді. Мен құдықтан су тартып жатыр едім, бала су сұрады шешесінен. Содан кейін менің қасыма баласын жетектеп келіп: “Шырағым, сен қазақпысың?” – деді. Мен олардың қазақ екенін сонда ғана білдім. Содан былайғы жерде баласы менің қасымда жүрді. Мен кешке дейін ояздың баласы мен екеуін ояздың атарбасына мінгізіп алып, Тобылды жағалаттым. Олар сол күні кешке қайтты. Мен содан бастап олармен араласып жүрдім. Жаз қымыз алуға жалғыз барып, келіп жүрдім. Сөйтіп, араласып жүріп Ыбырайға әбден жақтым. Содан бір жылдары сайлау болғанда ауылнай болдым. Биге кандидат болдым. Жарықтық, Ыбекең қайдағы нашар адамды сүйейтін еді ғой.

Міне, сол жақсылардың арқасында кісі қатарына кіріп отырғанымыз мынау...

Ол кезде Қостанай қаласында Крейсмер деген ояз болды. Мен сол ояздың атын жегіп жүрдім. Одан кейін әбден сенімді болған соң бір жаққа шыққанда салт атпен қасында жүрдім.

Соның карамағында көп уақыт қызмет еттім. Ол ояздың ұлты орыс емес, қошқар тұмсық, қарасұр адам еді. Осы күнде ойлаймын, сол еврей болар деп. Бірақ анық еврей деп айта алмаймын.

Мен сол оязда істеп жүргенімде, Ыбырай оязды үйіне қонаққа шақырды.

Ыбырайдың үйі Қостанай қаласынан 3 шақырымдай жоғары тұратын, 12 бөлмелі әдемі ағаш үйі бар екен. Есіктің басқышына дейін сырлап тастаған. Терезенің алдына еккен ағашы бар екен. Сол ағаштың бұтағының бәрі құстың ұясы екен. Мен өзім соған таңқалдым. Қаптап жатқан адамнан қорқпай қалай ұялады екен деп. Ұядан ағаштың бос жері жоқ. Ыбырайдың Тобылдың жағасында еккен ағашы бар екен. Ояз оған да барды. О да сондай құстың ұясымен майысқан. Біз көрген ағаштардың бәрінің де айналасы кертеленген қоршалып. Сол кертенің бәрін де көк сырмен сырлатқан екен. Адам кіріп шығатын есіктері бар. Далаға шыққанында, Тобыл бойына барғандарында мен бірге

жүрдім. Ал үйге келгенде олар залда болатын да, мен көшір, басқа қонақтар қонақ үйде болдық. Ыбырайдың барлық бөлмесін көрдім. Бір бөлмесін ашып қарасам, жайнатып кілем төсеп тастаған. Шайы көрпе төсеп, ақ жастықтар дінкиген. Бір бөлмесін ашып қарасам, қыз, келіндері отырған бөлме екен. Ол кезде қыз, келіндер отырған бөлмеге әуес кезіміз ғой. Бөлменің іші сондай жасаулы. Грамафон дегенді тұңғыш рет сол Ыбырайдың үйінде көрдім. Аузы кең бір машина, бірде күліп, бірде өлең айтты, бірде айқайлап сөйлеп тұрды. Онда, біздіңше, оның ішінде шайтан бар дейміз. Грамафон мен тұрған оязной үйінде де жоқ еді. Онда болса, көремін ғой. Бірінші рет сол Ыбырайдың үйінен көрдім...

Ыбырай өлгенде Қараман Көбектің үйі құлағандай болды. Қараман Көбек емес, бүкіл Орта жүз боп қайғырды ғой Ыбырай қайтқанда. Намазға арнап шақырылған ел былай тұрсын, Қостанайдың орыс казактары мен татарлары қала мен Ыбырай ауылының екі арасына сыймай кетті ғой. Сонда Әлім, Омар қажы дегендеріңізді кісі танымай қалды. Ең жанашыр ағайындары ғой. Ыбекең қайтты деп қалаға хабар келгенде, сол кездегі орыс төрелерінің қайысқанын көрсеңіздер. Қашан Ыбырайды жерлеп болғанша кеңседе қызмет істеген адам кем болған-ақ шығар...

Алтынсары өлгеннен кейін Ыбырайдың шешесі Айман деген бәйбішені Қошан деген кісі алады. Қошаннан Оспан деген бала туады. Сол Оспанның баласы болатын Ахметбек. Ахметбектің бір көзі қысықтау еді. Ерлердің бәрін аттандырып, тоқсаннан асып отырған жәй бар, шырағым. Бізге берген зайғы жасты кешегі Ыбырайларға берсейші жасаған. Қайран сабаз 46 жасында өлді. Ер адамға ол жас па? – деп Хасен қарт әңгімесін аяқтады (**Хасен Сәбитов. Өз аузынан жазып алған – Мариям, “Алтынсарин өмірінің кей сәттері”, “Ана тілі”, №47, 21-қараша, 2002).**

Естелікті Ыбырайды көрген, бірнеше рет үйінде, елге шыққанында сапарлас болған, кезінде араласып, дәм-тұзы жарасқан 91 жастағы Хасен Сәбитов қарттың өз аузынан жазып алған.

Естеліктің артықшылығы сол – Хасен өз көзімен көріп, араласқандықтан, Ыбырайдың жұртшылыққа беймәлім тұстарын қолға ұстатқандай нақты деректейді. Ыбырайдың үйін, әйелін, ояздың Ыбырайды қонақ етіп күтуін суреттейді (**жазып алған – Қазақстан Журналшылар одағының мүшесі Зияда Ижанов, “Ана тілі”, №47, 21-қараша, 2002).**

* * *

Жақында біз Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен (К-372, №2, 23-бет) Ы.Алтынсариннің бұрын еш жерде жарияланбаған төрт шумақ өлеңін таптық. Өзін жөнсіз “шоқынды”, “кәпір” деген жалауыздарға ағартушы қатты қапаланып, ішкі өлеңмен төгіпті:

..Аласы ағайынның алаңдатты,
Көре алмай көп ішінен жамандатты.
“Шоқынды”, “крест тақты”, “әйкәпір” деп,
Ауызына келгенді айтып бақты...
Надандық қандай “қызық” қарап тұрсаң,
Көңлі соқыр көрмейді көзге ұрсаң,
Бабын тебед жаныңды құрбан қылсаң...
Бар айбым баласын оқытқаным,
Орыстың біліміне тоқытқаным,
“Білімсіз кеңімейді кереген”, – деп,
Айтқанымнан атандым “кәпір-залым”.
Білдірген де сен едің білім жолын,
Шалқыған жалындай боп көкірегім,
Қаларсың өзін жанып, өзін сөніп,
Ғұмырдың аяқтасаң текірегін...

Сирек кездесетін қолжазбалар бөлімінде сақталған құжатқа қарағанда, Қазақ КСР Ғылым академиясы 1947-жылы арнайы экспедиция ұйымдастырып, Торғай өңірінен Ыбырай Алтынсариннің мұралары мен оған қатысты деректерді жинаған. Бұл ғылыми экспедицияның құрамында ақын Мәриям Хакімжанова да болған. Жоғарыдағы өлеңді де М.Хакімжанова жазып алған. Өлең толық емес. Бұл жөнінде М.Хакімжанова былай дейді: “Өлеңнің басы, аяғы жоқ. Айтушының есінде қалғаны осы”.

М.Хакімжанова бұл өлеңді Мендіқара ауданы, Қарақоға ауыл кеңесіне қарасты “Күзек шоқ” колхозында тұратын Ахмет Жансақалұлының айтуынан жазып алған. Ахмет Жансақалұлы мұны кезінде Жақып ақынның (руы – Балта керей) айтуынан жаттаған екен. Жақып ақын 1941-жылы соғысқа аттанған да, қайтып оралмаған (Түсініктемені жазып, өлеңді арап қарпінен көшірген – Зияда Ижанов, “Жас Алаш”, 15.10.02).

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ

32

23.08.1845—06.07.1904

* * *

Қазақ жазба әдебиетінің тұңғыш классигі;
Қазақ өлеңіне тұңғыш жаңа түрлер енгізген ақын;
Пушкин, Лермонтов, т.б. шығармаларын және солар арқылы Гете, Байрон, өлеңдерін тұңғыш қазақшаға аударған ақын

* * *

Абайдың туған облысы Семей, оған көршілес облыс Ақмола, содан ары Торғай, Орал облысы болады. Кейінірек Түркістан өлкесі түгел алынған соң, Жетісу, Сырдария облыстары жасалды. Сөйтіп, Ұлы Октябрь Социалистік революциясына шейін қазақ жайлаған Сарарқа, Жайық, Сыр, Алатау өлкелерінің барлығы патшалық құрған алты облысқа бөлінген...

Семей облысының өзін алсақ, ол бес уезге бөлінген: Семей, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен, Зайсан уездері. Облыс басында әскери губернатор (жандарал) болады, оның кеңсесін “Областное правление” дейді. Уездің басында уездный начальник — мұны қазақ “ояз” дейтін. Ақмола, Семей облысы бірігіп, бір генерал-губернаторлыққа бағынатын. Оның әкімін степной генерал-губернатор дейді. Қазақ бұл үлкен әкімді — кеңсесімен қоса “корпыс” деп атайтын...

Жоғарыда аталған уездерді алсақ, бұлар 20—21—22 болыстан құралатын. Абайдың елі қараған Семей уезі жиырма болыс болатын да, көршілес Қарқаралы уезі жиырма екі болыстан құралатын. Қазақтың “болыс” — деген сөзі — орыстың “волость”, “волостной управитель” — деген сөзінен алынған. Қазақша қолдануда және Абай шығармаларында “болыс” деп, әрі әкімдік бөлікті де, әрі соның басында тұратын әкімді де атаған. Ояз бен болыстың арасында тағы бір ұлық бар, ол — крестьянский начальник. Бір уезде 20—22 болыс болса, солар бірнеше

учаскеге бөлінеді. Төрт-бес болыстан құралатын учаскенің бастағы жаңағы крестьянский начальник.

Осымен қатар, әкімшілік орындарынан басқа сот орындары болған. Олар қазақ болысында үш жылда, болыспен бірге сайланатын билер, сонан соң мировой судьялар және әр болыстың басында облыстық — окружной суд болатын.

Міне, Абай шығармалырында әралуан кескінде сыпатталынып, әшкереленетін, сыналып, отыратын ұлық, әкім, ел билеушілер дегендердің саты-саты орындары осылай еді...

Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуаты Абайдан бұрынғы ақындарда да болуға мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса, мың бірінші болар да қалар ма еді әлде қайтер еді!

Өзі орыс халқының мәдениетіндегі қасиеттерді бойына сіңіріп, еңбегіне таратқан, соның бәрін жаңа дәуірдің жаңаша тарихтық, халықтық арман мүддесі етіп, ендігі асыл қазнасы етіп берген Абай болғандықтан, өзгеше бағаланады. Барлық қазақ халқының өткен тарихында ең зор биікке шыққан, асыл тұрғыны ашқан, айнымас қадірі зор классигі боп танылады...

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845-жылы туған. Абайдың өз әкесі — Құнанбай, атасы — Өскембай, арғы атасы — Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты жуан биі Кеңгірбай — осы Жігітектің баласы. Қайдостан Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болған емес. Қайта момын, жасық адам болғандықтан, оны: “Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос” дейтін мәтел бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады. Бұлар: Ырғызбай, Көгібақ, Топай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде бір жағынан тапқыр шешендік, бір жағынан бақсы құшнаштық сияқты сәуегейлік те болған. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз — төрт баласына берген аналық сын сөзі. Сонда:

Шынжыр балақ, шұбар тос Ырғызбайым,
Топлақ жалды, торайғыр Көгібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас Торғайым, —

дейді. Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық, артық болып озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Тобықтының сол күндегі биі Кеңгірбай өзге барлық жас-желеннің ішінен Ырғызбайды сынайды. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Ол кез — көп бидің парашыл кезі. “Сыбаға” деп, “жол” деп мол параны балдырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнде көп жаманат еретін. Соның мысалы байы өлген қаралы бір әйелдің даусынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе ала алмай отырған әйел:

— Мойны, басы былкылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған қара атан,
Тігілпей еді қарана,.. —

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі: жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін үлкен балуан болған. Уақытында қазақтың көп руларының арасында зор лақап болып жайылған бір күресі бар. Ол — қазақ, Қоқан халықтары жиналған бір аста “Қоңыраулы балуан” деген түйе балуанды жыққаны.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олары: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң оның орнына Өскембайды ұстайды. Бергін келіп, өзі қартай бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би қояды.

Өскембай өзінің ел менгеру әдісінде ең алдымен көпті мезгіл қылған паракорлық мінезінен бойын қашандау ұстауға тырысқан. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде: “Ісің адал болса, Өскембайға бар; арам болса, Ералыға бар”, — деген сөз бар.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804-жылы туған. Бұның шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. 1850-жылы 72-жасында Өскембай өледі. Зере ерінен кейін көп жасаған. Ол бергін келіп, тоқсанға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені “кәрі әже” дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады. Балаларына дұға оқытып үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша батырлық,

жорықшылық сияқты істерге ғана емес, әке-шеше, жанашыр жақынға да бірқалыпта болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен айлалы болған...

Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі — қыздай алған Күнке. Бұдан туған баласы — Құдайберді. Екінші әйелі — Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұқамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Төңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан; үшінші әйелі — Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. “Атадан алтау, анадан төртеу” дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі — Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ олардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасында, жалғыз баланың халінде өткізген. Екі шешеге бірдей бала боп жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға “Телғара” деп ат қойыпты. Кейін Абай ержеткен уақытта, бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен оны “Телғара” дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бергіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай — қалжыңмен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыр күлдіргілер. Бұл әдет — Бергіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Осы шаншардың бұрын-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты қуы — Тонтай. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түтелімен бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар — қалың қазақ ортасының үнемі көңіл көтеріп жүрген, таусылмайтын думан, ұдайы қызық күлдіргісі. Осы Тонтайдың інісі Тұрпаннан әйел бала — Ұлжан.

Ол сабырлы кең мінезді кісі болған. Абай — балалық шағын сөз қылғанда, өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші ренжіңкірсіді екен. Ұлжан күндестікті көп сыртқа шығарып бідірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зарын татып, тағы да неше алуан ауыр қиыншылықты көріп өскендігін білдіреді.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы — Ғұбалжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттердің

жанында медреседе ұстаған. Оқушы шәкіртінің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін арап, фарсы тілдерінде оқиды. Жалпы, медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түрікше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арапша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болады.

Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары — Низами, Сағди, Хожа Хафиз, Навои, Физули сияқты қазіргі шығыстық совет елдеріміздің ескі классик ақындары болған.

Ақынның жас күнінен бізге жеткен өлеңдері көп емес. Сан шығармалары ұмытылып жоғалған болу керек. Абайдың нағыз өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арапшыламақ, фарсышыламақ теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта, Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы “Приходская школаға” түсіп, орысша да оқи астаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады. Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу, тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы жаңа ғана саңлау көріп келе жатқан уақытта, Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі. Әкесі ел билеу жұмысында оны өзіне серік қылмақ боп, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген...

...Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолына ел жуаны — жау. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықтақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады.

Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы уез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым түрінде болатын.

Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң, аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлықтың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақтапайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жалаламақ болған ұлық 1877—1878-жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3—4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден-тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып, аман шығады. Соңғы жылдарда Семейдің архивінен табылған бір іс Абайдың өмірінде бір-ақ жол үш жыл бойында Қоныр Көкшеге болыс болған кезін танытады. Сонда Абайға қарсы өтірік шағым, жалған, жала жапқан Үзікбай Бөрібаевтың арыздары Абайды көп тергеуге ұшыратады. Ол істі Семейдің оязы, ояздық соты, тіпті Семей губернаторы да қолға алады. Бірақ ұзақ тексеру соңында чиновниктер аппаратының өзі де Абайдың жазықсыз, адал, халыққа пайдалы адам екенін ықтиярсыз таниды...

Жігіттік шағына шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен бітеді. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену енді ғана молынан басталады...

Абайға жолығып, онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Россияда даңқы шыққан кісілер болмаса да, Абай сияқты кісілерге ала келген жаңалық пікірлерімен қымбат болған өкілдер еді...

Абайдың толық жинағы 1858-жылы жазылған екі өлеңнен басталады. Біріншісі — “Иузи-рәушан”, екіншісі — “Фзули, Шамси”. Бұлардан соң, 1864-жылы жазылған “Әліфби” өлеңі бар. Ақынның он үш жас пен он сегіз, он тоғыз жастар арасында тудырған шығармалары — осы...

Жалғыз бұл өлеңдер емес, Абайдың сол жылдарда осы алуандас жазған басқа өлеңдері де болса керек еді. Бірақ олардан із-дерек табылған жоқ.

Абай мұраларын зерттеушілердің кейбіреулері “Абай философиясы” деген тақырыпты бөліп алып, тексеруді талап етеді. Абайды философ деп атап жүргендер де табылады. Анығында, бұл жөнде дұрыс түсінік керек. Шын мәнінде алғанда, Абай философ емес. Ғылымдық кең мағынасында Абай философ емес дейтуғынымыз, оның арнап жазған, философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ...

...Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барып байқаймыз.

Мұның біріншісі — қазақ халқының, есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығын халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — арап, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді...

Абайдың “Ғақлия” атанған қарасөзі барлық құрылыс қалпымен, шебер, шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой тоғауының көпшілігін тереңдеп, еселеп, өсіріп жеткізумен біздің әдебиеттегі тағы бір соны, қызықты жаңалықтың бірі болған. Мұнда да сыншыл, ойшыл Абай көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Тостойдың кейбір толғау үлгілеріндей, бірақ қазақ халқының өз тіршілігіндегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік, кейде шешен орамды мол бір әсер көрініп отырады.

Барынша тұтас ой ықыласымен ілгері, жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болады. Өз заманының тарихтық, керттартиптік бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі-жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды (Мұхтар Әуезов. “Әр жылдар ойлары”, Алматы. 1959. “Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы”, т.б. Қысқартылып алынды).

* * *

Әрхам жазбасында Абайдың туған айы күні, дүниеге келген жері нақтылы көресітіліп жазылған: “Құнанбайдың ауылы Қасқабулақта келіп қонғаннан кейін. 1845-жылы ескіше 10-август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келді. Құнанбайдың бұдан бұрын туып, ер жетіп қалған екі ұлы болыпты. Өзінің алғашқы бәйбішесі Күнкеден туған ұлының аты — Құдайберді. Ұлжанның тұңғыш ұлының атын Тәңірберді қойған. Мынау үшінші ұлының атын Ибраһим деп арапшалап қояды”, — дейді.

Сөйтіп, Әрхамның берген мағлұматы бойынша, Абайдың дүниеге келген жері — Қасқабулақ, қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы совхоздың орталығы, туған күні ескіше 10-август (тамыз) жаңаша — тамыздың 23-і болады (Қайым Мұқаметханұлы. 1981-ж. “Қазақ әдебиеті” 29.07.2005).

* * *

1909-жылы С.Птербургте арап әрпімен Кәкітай Ысқақұлының қатысуымен “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңі” деген атпен Абай шығармалырының алғашқы кітабы шықты.

Ибраһим Құнанбай ұлы аулының Бақанас өзеніне Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі деген өлең сөз газеттің 1889-

жылғы 7-санында Көкбай Жаңатайұлының қолы қойылып басылған.

Революциядан бұрын шыққан, қазір сирек кездесетін қазақ кітаптарын ақтарып отырып, ішінен Абайдың және екі өлеңін кездестірдік. 1897-жылы Қазан қаласында Каримовтар Чирков балалары баспасында арап әрпімен шығарған 15 бет “Князь бенен Зағифа өлеңі” деген кітапша...

Осы кітаптың 12-бетінде Абайдың 1886-жылы жазған “Шоқтардай кекілі бар қамыс құлақ” деген өлеңі “Сынағандағы аттың сыны” деген тақырыппен басылған. Ал 13-бетінде Абайдың 1882-жылдары жазған алғашқы өлендерінің бірі “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген өлеңі “Бүркіт” деген тақырыппен басылған. Бұл өлендерді Абай жинағындағы нұсқаларымен салыстырып қарағанда, біраз өзгерістер бар. Авторы көрсетілмеген (Ү.Сұбханбердина, филология ғылымының кандидаты. “Қазақ әдебиеті”, 04.09.70).

* * *

Мырзалар, міне, сондықтан да мен Сіздердің жемісті жұмыс істеулеріңізге шын жүректен ізгі тілек білдіремін. Сіздер түрлі Үкіметтер мен Мемлекеттердің мерекелі де мерейлі күндер жөніндегі ұсыныстарына қолдау білдіру арқылы халықтардың рухани жағынан қайта өрлеуіне қолғабыс етесіздер, ұлан-асыр әлемдік мәдениетке демеу бола аласыздар.

Қысқаша хабарлама жасар алдында мен Сіздерден Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шын жүректен шыққан алғысқа толы сәлемін жеткізуді өзімнің абыройлы борышым деп білемін. Ол кісі 1995-жылы тойлана-тын мерекелі күндердің тізіміне қазақтың ұлы ақыны, ойшыл философы, адамгершілік туын жоғары көтерген ізгі ниетті перзенті Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуын мерекелеуді де енгізу жөнінде өзінің Бас конференциясында мәселе қарауды мүмкін деп тапқаны үшін, ЮНЕСКО-ға терең алғыс сезімін білдіреді. ЮНЕСКО-ның бұл әрекеті бізді тәуелсіздік жолына жаңа түскен жас мемлекеттерге деген ізгі қамқорлықтың және бір көрінісіне куә етіп отырмыз.

Абай мұрасы — сарқылмайтын мол қазына. Абайсыз қазақтардың философиялық та, тарихи да, этикалық та ақыл-ой дүниесін көзге елестету мүмкін емес. Ағылшындар үшін Шекспир, француздар үшін Бальзак, орыстар үшін Пушкин қандай болса, біз үшін Абай да тап сондай, ол ұлттық рухымыздың өзіндік жиынтығы, орасан зор мақтаныш етер тұлға болып табылады (Қуаныш Сұлтанов. “Абай — адамзатқа ортақ тұлға”. Қазақстан Республикасы Премьер-министірінің

орынбасары, ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның төрағасы. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993-жылғы 2-қарашада сөйлеген сөзінен. Париж. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері. “Егемен Қазақстан”, 11-қараша 1993-жыл).

* * *

1891-жылы Лондон баспасында Америка Құрама Штаттарының өте талантты және прогресшіл жазушысы Джордж Кеннанның “Сибирь және ссылка” деген документті зерттеу кітабы басылып шықты.

Әңгіме аталмыш кітаптың 140-бетінде былай деп басталған:

“Кешқұрым біз қалаға (Семей қаласына) қайтып келдік те, Леонтьевтың үйіне бардық. Бұл үйде бізге әлі таныс бола қоймаған көптеген айдалып келушілер жиналған екен. Леонтьевтың үйінде ілулі тұрған Спенсердің суретінен басқа көз тартарлық ештеңе жоқ еді, жиналған қонақтар он бес адам болдық.

Еркін де көңілді, қызықты әңгіме бізді бір-бірімізбен тез таныстырып жіберді. Менің кейбір сұрақтарыма жауап бере отырып, Леонтьев маған Семей қаласындағы кітапхананың қалай жұмыс істей бастауының тарихын айтып берді. Кітапхананың тек қана жер аударылып келгендерді жұбанышқа бөлеп қоймай, сонымен қатар қала халқының ой-өрісіне де рухани азық болғандығын айтты.

— Керек десеңіз, бұл кітапханада қазақтарға дейін пайдаланады. Мен Ибрагим Құнанбаев деген қарт қазақты білемін. Ол кітапханаға тұрақты оқырман болумен тынбай, тіпті Милль, Бокль, Дрэпер сияқты авторлардың кітаптарын оқиды.

— Семейде Миль мен Дрэпердің еңбектерін оқуға да дәрмені жетерлік қазақтардың болғаны ма? — деп, бір студент қайран қала дауыстап жіберді.

— Маған сенсеніздер, осы. Онымен кездескен алғашқы күннің өзінде-ақ ол өзінің білім парасымен таң қалдырды. Ол менен индукция мен дедукцияның арасындағы айырмашылықты айтып беруді сұрады. Содан бері мен оның ағылшын философтарының еңбегін түбегейлі оқып, үйреніп жүргендігіне және мен атаған авторлардың барлығын түгел оқығандарына толық көзім жетті.

— Сонымен сіз оны сол оқығандарын түсінеді деп ойлайсыз ба? — деп, манағы студент жігіт тағы да өршелене түсті.

— “Европадағылардың ой өрісінің дамуы” атты Дрэпердің кітабы туралы мен одан екі түн қатарымен емтихан алдым, соған қарағанда, оның түсінетіндігіне мен сенемін.

МҰХАМЕДЖАН ҚАРАБАЕВ

33

*1860-жылы бұрынғы Торғай облысының
Қиынарал болысындағы төртінші ауылда туып,
1928-қайтыс болған*

* * *

Қазақтың тұңғыш жоғары білімді маман дәрігері

* * *

Біз Введен ауылының түбіндегі ескі зираттан осында 1928-жылы жерленген қазақтың тұңғыш кәсіби дәрігері Мұхамеджан Қарабаевтың қабірін іздедік. Бұл қорымды адам аяқ алып жүргісіз қалың жыныс басып кеткен. Біз қабірдің орнын білетін, Мұханды өз қолымен қойған, бүгінде жүзге тақап отырған Кәрім атадан біраз жайларды естіп, қанық болғанбыз. Оның айтуынша, белгітасы әлдеқашан құрып біткен. Мұхамеджанның бауыры Дәулеттің есімі жазылған бір белгі бар, соны тапсаңдар, оның оң жағында аталарың жатыр деген. Айтқанындай, солай болып шықты. Бір сағаттан артық уақыт аралап жүріп, ит тұмсығы өтпейтін қалың бұталардың ішінен таптық.

Ол кісі қайтқалы да жетпіс бес жыл болыпты. Осы кезге дейін оған ізет көрсете барған қоғамдық орын өкілдері болмапты. Ал ол кісі қандай құрметке де лайық еді. Мұхамеджанды халқымыз білмейді емес, біледі. Кеңес өкіметі тұсында да арагідік жазылып, мәселе көтеріліп тұрды. Бірақ одан нәтиже шыға қоймаған. Меңдіғарадағы санаторийге тұңғыш дәрігердің есімі берілген Мұхамеджан жайында марқұм Марат Сисекенов дейтін алматылық дәрігер шағын кітап жазған. Мұхамеджанның туған жері Введан ауылында оған көше аты берілді. Осымен тәмам.

Мұхаң қандай адам еді? Шынында да бұл кісіні біз, қазақтар ғана біліп, қалың орыс-орманның одан хабары аздау болып келгенінен бе, қостанайлықтар оны есіне ала бермейді. Көп жылдар Ленин атында болып келген облыстық ауруханамыздың бүгінгі данқы жер жарады. Осы аурухананың тұңғыш дәрігері Қарабаев болған еді. Оны біреу біледі, біреу білмейді.

1888-жылдың бас кезінде, Қазақ университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін, Мұхамеджан Қостанайға келіп, қалалық дәрігерлік қызметке орналасады. Сол кезде әлденеше мыңдаған халқы бар Қостанай қаласында небары төрт орындық кішкентай ғана емхана орны болғандықтан, бұл жерге Қостанайдан ғана емес, бүкіл Николаев уезі халықтары қаптап келіп қаралатын.

Ол тұңғыш қазақ дәрігері ғана емес. Қостанай өңіріндегі бірден-бір жоғары білімді дәрігер еді. Қостанай қаласының алғашқы тұрғындарының да бірі болған...

М.Қарабаевтың өмір деректері қызықты да тәлімді. Ол елді жаяу аралап, қызмет көрсеткен. Түрлі қауіпті жұқпалы ауруларды емдеп жазған. Республикалық мұражайда Қарабаевтың өз қолымен толтырған, дәрігерлік диагноз қойған қағаздары сақтаулы. Ол кезінде Якутияда алапес ауруы тарағанда, өкіметтің шақыруымен қауіпті аймаққа аттанып, сол жақта үш-төрт жылдай кідіріп қалады, солтүстіктің науқастанған халқының денсаулығын түзеуге атсалысады. Оның есімі сол жақта үлкен құрметке бөленеді. Сонда жүргенде якут әйеліне үйленіп, одан туған екі баласы Есімхан мен Тамараны еліне ала келеді. Қостанай облысында, Алматыда оның бүгінде немерелері, жиендері, шөберелері өмір сүруде. Мұхамеджанның туған келіні бала-шағаларымен Введенде тұрады.

Кеңес өкіметі орнағанда жан аямай қызмет атқарып, денсаулық сақтау саласында өле-өлгенше қызмет етті. Оған республикада тұңғыш рет дербес зейнетақы тағайындалды. Ол ақтық демі біткенше халықты емдеумен шұғылданды. Боровский кентінде ол қызмет атқарған емхана ғимараты әлі күнге сақталған. Оның тұрған үйі де бар...

Мұхамеджан 1889-жылы Ыбырай Алтынсарин ауырып қалды дегенде, айлап қасында отырып емдеген. Ол жөнінде Алтынсариннің достарының естелік хаттарында айтылады. Алтынсарин осы Мұхамеджанды үміт етіп Троицкідегі оқуға алдыртқан. Қазанда кітабын бастырарда Ыбекең Мұхамед-

жанды корректор етті. Тегі, Алтынсарин халықтың оқу-білім алуына қандай адал қызмет етсе, Мұхамеджан Қарабаев та халықтың денсаулығын сақтау ісіне соншалықты қызмет еткен...

Мұхаң Ырғызда да дәрігер болып жұмыс істеген. Сол Ырғызда Мұхаң аса құрметпен аталады екен. Мұхамеджанның мұражайы бар екен. Онда Мұхаң жөнінде құнды-құнды құжаттар сақтаулы екен. Саха (Якутия) елінде де атам заманғы қызметі үшін халық Мұханды есте тұтады екен. Ана бір жылдары Қалаубек Тұрсынқұлов сол жаққа Қазақстан жазушыларын бастап барғанда, Мұхамеджанның Якутиядағы қызметі жөнінде тебірене жазады (Есенгелді Сүйінов, «Қазақтың тұңғыш дәрігері», «Ана тілі», 16-маусым, 2005).

* * *

Мұхамеджан Қарабаев 1858-жылы қазіргі Қостанай облысының Боровское ауданындағы «Летунов» совхозының жерінде кедей шаруаның семьясында туды. Ол Троицк гимназиясын, Қазан университетінің медицина фәкултетін бітірген. Қазан, Орынбор қалаларының ірі клиникаларында жұмыс істеп, кейін Қостанайда қалалық, уездік дәрігер болады...

Егер біз қазақтың алғашқы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин мектеп салып, білім алуға ұйтқы болды десек, Мұхамеджан Қарабаев Қазақстанда емдеу мекемелерін салдыруға, халыққа медициналық көмек көрсетуді жақсартуға ұйтқы болған адам деп айта аламыз.

М.Қарабаев – Ы.Алтынсариннің шәкірттерінің бірі. Ол университетке түсерде де, оқып жүрген кезінде де Ы.Алтынсариннен көмек алып, тығыз байланыс жасап тұрған. 1889-жылы Ы.Алтынсарин сырқаттанып жатқанда М.Қарабаев оны емдеген.

Мұхамеджан Қарабаев – қазақтан шыққан тұңғыш дәрігер, қазақ халқы үшін көп еңбек еткен адам (СССР Медицина ғылымы академиясының мүше-корреспонденті, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері И.Қарақұлов, медицина ғылымының докторы, профессор Е.Оразақов, медицина ғылымының кандидаты М.Қайрақбаев, дәрігер М.Сисекенов, «Социалистік Қазақстан», 8-маусым, 1972).

БАЛУАН ШОЛАҚ

34

1864-жылы туып, 1919-жылы қайтыс болған

* * *

Қазақ арасында тұңғыш цирк өнерін көрсеткен балуан

* * *

Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы... Ол – әрі атақты балуан, әрі ақын, асқан әнші-композитор, әрі ат үсті ойынның ерекше өнерпазы болған кісі. Шолақтың атағы, даңқы өз кезінде де, өлген соң да қазақтың құлағына шалынбай қалған түкпір жоқ.

Балуан Шолақ тек өнерпаз, туа біткен күш иесі ғана емес, сонымен бірге ол қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қазақ еңбекшілерін қанаған бай-феодалдарға, сондай-ақ өз тұсында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы шыққан.

Балуан Шолақтың туған, өскен, ат жалын тартып мінген, дүние салған жері осы күнгі Ақмола облысының Макин ауданы. Бурабайға шығатын теміржол бойында Ақкөл, Елтай, Макинка атты стансалар бар. Қайыңды, қарағайлы, көлі де көп сұлу бұл алқапты Моншақты, Домбыралы, Құндызапай, Мақпал деп атайды. Шолақтың атамекені – Елтай стансасы сыртындағы Тастөзек дейтін шұрайлы қойнау, Шолақтың мүрде-зираты орны да осы арада. «Орны» деуіміздің мәнісі – Шолақтың кезінде ақ тастан орнатқан бейітін ол өзі тірі күнінде өзімен көп жауласқан отаршыл бай-қулақтар қиратып кеткен. Олар тіпті Шөкеннің мәйіт-сүйегін де жоқ қылып жібермек болған. Сондықтанда Балуан Шолақтың ағайындары кезінде Шолақтың зираты деп Қайрақты өзені маңынан жалған бейіт те салған.

Осы Тастөзекке таяу алты-жеті шақырым Қызыл кордон селосы бар (Кордон күзет, бекініс, шекара мәнінде айтылады). Мұнда революциядан бұрын отаршыл үкіметтің қарулы отряды тұрды. Бері келе бұл жер орман қорышылардың орталығы болды. Қазірде де орман шаруашылығын басқаратын әкімшілік мекеме бар. Шолақтың шаңырағының орны осы Қызыл кордонда.

Балуан Шолақтың ауылын бұл аймақтағы керей елі үйсін ауылы деп атаған. Бурабай мен Ақкөл арасында ертеден үйсін, жағалбайлы, жалайыр, алшын, естек деп аталып кеткен жеке-жеке ауылдар болған. Бурабайдың арғы беті, сырты атығай, қарауыл әулеті, бергі жақ баурайы керей елі деп аталған. Шолақ ауылы, міне, осы әр ру жұрт ішіндегі үйсін ұрпағы. Шамамен айтқанда, бұдан 200-250 жылдай бұрын Шолақтың арғы атасы Есентай – Шу өзені бойынан, сондағы қалың дулат елінен келген кісі. Есентайдан Қазанғап, одан Жарықшақ, одан Баймырза туады. Баймырзадан бұдан 122 жыл бұрын Шолақ туады. Сөйтіп, екі ғасырдан аса уақыт ішінде үйсін баласы үрім-бұтақты, жан-жақты үлкен ауыл болып өседі.

Шолақтың өз нағашысы Қарауылдың, тарихтан белгілі, Абылайдың атақты Қанай биінің өте тапқыр да шешен баласы Бекболаттан тарайды. Бұл маңдағы үйсін әулетін маңайдағы жұрт Шолақтың өз есіміне балап, Балуан ауылы атап кетті. Қарағайлы, қайыңды орман, бұлақты өзек қойнауындағы осы ауылдың орны, көні әлі күні көп төмпеш болып сайрап тұр. Бұл ауылдан өз кезінде Тулақ дейтін батыр шыққан.

Балуан Шолақ өлгенде біз сегіз-тоғыздағы естияр баламыз. Ауыл арасы жақын. Шолақтың есімі де, ат үстіндегі тұлғалы елесі де біздің көзімізге, көкірегімізге ерте қонған. Шолақ онша ұзақ жасамаса да, он сегіз баланың әкесі болған. Үлкені, кісілікті Исажарды кезінде Шолақтың өзімен өштескен, ақынның, балуанның өз айтуынша, «Мұжық қол батқан скен тақымына» дейтін бұрынғы озбыр жаулардың қалдықтары отызыншы жылдардың бас кезінде орман ішінде қапылыста атып кеткен.

Балуан Шолақтың кіші баласы Құдайберген Шолақов 1975-жылы Қызыл кордонда 73 жасында қайтыс болды. Балуан Шолақ дүние салғанда жасы он жетіде, әкесін өз

қолынан соңғы сапарға аттандырған Құдайберген ақсақалдың айтуынша, Шолақтың мінезі мақтадай жұмсақ, үлкенмен үлкен, кішімен кіші кісі екен. Ғалияға ғашық болып, «Сексен қыз серуенге шықса дағы, ілмеймін Ғалияның кірпігіне» деп Қарөткел, Атбасар жәрмеңкелерінде әндетіп, шалқып жүрсе де, он сегіз баланың анасы, кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған **бәйбішесі Қаныкей анамызды** Шолақ отбасында қатты сыйлайды екен.

Балуан Шолақ қасына өз ағайындарынан **бес кісі ертіп, 1914-жылы жаз шыға Ұлы жүзге саяхатқа аттанды**. Арғы атасының сол жақтан келген шежіре-соқпағын қуалап, ол Шу өзені бойына, Алатауға сапар шегеді. Бұл жылы Құдайберген 12 жаста. Шолақтың атқосшыларының бірі – өз ағайыны, ел ішінде қадірлі, кісілікті Тәуекел, енді бірі – Әубәкір молда, тағы бірінің аты – Қасым, енді бірі – Сыздық дейтін кісі.

Шолақ Шу өзені бойын, бұл өңірдегі үйсін, дулат елін аралайды. Ән салады, ат ойынын көрсетеді. Ел ақсақалдары мықты жігіттерге көкпар тарту үшін бір тайынша бауыздап тастайды. Оны ат үстінен ешкім бір қолымен көтеріп әкете алмайды. Шөкең соны астындағы қара атын бауырлап тастап, жерден лақтай көтеріп әкетеді.

Мен соғыс алдында Жамбыл облыстық «Коммунист» газетінде редактор болдым. Отар стансасына таяу тұрған әйгілі әнші, ақын **Кенен Әзірбаев**, Шу ауданында тұратын ақын **Жақсыбай Жантөбетов** ақсақалдармен редакцияда да, олардың өз үйлерінде де көп сұхбаттастым. Олардың шығармаларын газетке жиі басып тұрдық.

1914-жылы, яғни Балуан Шолақ осы аймаққа келгенде, әлгі ақындардың екеуі де **әлі жас жігіттер екен**. Кенен 25-ке жаңа қараған. Шөкеңнің көп ән-өлеңдерін ол сол тұста жаттапты. Осы аймақтың Жылысбай дейтін байы Шөкеңе жол-жоралғың деп алтын жамбы, тайтұяқ тарту етеді (**Жайық Бектұров. “Балуан Шолақ”, Алматы, «Жалын баспасы», 1998, 294-бет**).

* * *

1952-жылы шілде айында, ол кезде мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президиумы жанындағы көркем-өнер секторында ғылыми қызметкермін, **Академияның президенті Нығмет Тінәлиевич Сауранбаев** мені үйіне

шақырып, сол арада қонақ боп отырған акын, әнші әрі композитор Кенен Әзірбаевпен таныстырды. Кенен жөнінде айтып тұрып, оның әндері халыққа кең тарап кеткенін, енді соларды жазып алып, зерттеп, жарыққа шығару керек деді. Болашақ жинақтағы материалға қажетті өмірбаяндық деректерді өзім беремін деді.

Сол кеште Кенен бірнеше әнін орындады, ол әндер өзіндік ерекшелігімен, ал әнші болса күміс тембірлі сұлу үнімен әрі орындаушылық шеберлігімен қызықтырып әкетті. Келесі күні Кененнің 40 әнін жазып алатын болып шарт жасастық, сондай-ақ секторда Кенен творчествосын зерттеу тақырыбы белгіленіп, ол маған тапсырылды.

Сөйтіп, біз Кененнің Отар поселкесіндегі кішігірім там үйінде 15 күн бойы, таңертеңнен түске дейін, одан түн ортасына дейін, жетілік кәрәсін шамның жарығымен жұмыс істедік.

Бірде осындай жұмыс арасында, біз шартта көрсетілген әндерді әлі түгел жазып бітпеген кезімізде, Кенен: «Балуан Шолақтың әндерін де жазып қалшы!» – деп өтініш айтты.

Мені бұл өтініш әуелі таң қалдырды. “Балуан Шолақ болса, Жетісудан мүлде алыс жатқан басқа өлкеде туған, сен оның әндерін қайдан білесің?” – деп сұрадым. Сонда Кенен маған төмендегі жайтты баяндап берді.

– Ол 15 жасқа толып, ел алдында енді-енді шыға бастағанда, Жетісуға Балуан Шолақ келген. Достарының кеңесімен Кенен Балуан Шолақтың алдына келіп, салтты сақтап бір тізерлеп отырған күйі «Балуан Шолақпен кездескенде» деген әнін шырқаған. Кенен сол арада «Бозторғай», «Көк шолақты» шырқайды. Балуан Шолақ Кененді шын ұнатып, өз жасындағы жігіттердің тобына қосылып жүруіне рұқсат етіпті. Сөйтіп, Кенен он жылға жуық Балуан Шолақпен жиі кездесіп жүріп, оның әндерін тыңдап, жаттап үйреніп алған. Өз әңгімесінің соңында Кенен маған:

– Менің ұстаздарым Сарыбас, Жамбыл және Балуан Шолақ ... – деген-ді.

– Осылай деп сөзін аяқтаған соң, Кенен нотаға түсіріп алу үшін Балуан Шолақтың 11 әнін шырқап берді (Б.Г.Ерзакович. Балуан Шолақ. «Жалын баспасы», 1998, 292-бет).

Менің нағашы жұртымды, анық қыңыр-қияс біреу болмаса, қара торы деудің өзі обалға жатар еді. Шетінен көкшіл көз, қылаң түс болып келеді. Бала кезімде талай тосын адамдардың бұл қалай деген мәнісін сұрағаны есімде. Сонда анам марқұм әрдайым:

– Біз Үйсінбіз ғой, – деп жауап беретін еді...

...Ағайын арасы қатты бүлінді. Есентай атты құтпан адамға қараған әулеттің бір тәуір бозбаласы албырт жастықтың арынымен алды-артын абайламады да, соқтықпас жердің оң жақта отырған қымбат қалыңдығына соқтықты. Ақ бата бұзған тентек атанды. Ауыл-аймағын ауыр айыпқа қалдырды. Басына сырық, малына құрық үйіріліпті.

Ағайынның ішке қан қатты кек қуынып, жаулық ниет баққаны Есентай елінің білектісі, қорғаны Тулақ батырды намысқа қатты күйдіріп, шамырқандырып жіберген-ді. Бүйте берсе, қан төгілмей қалмасын анық болжаған бірбеткей батыр бір-ақ күнде ауылға желі жинатып, үй жықтырды. Туған жерден тік көтеріліп, ірге сөкті. Ту-ту Арқаға ауды. Есентай төрт баласы: Аюкігіт, Байжігіт, Ізбасты мен тоғыз жасар Қазанғапты түгел қосып жіберіп, өзі бәйбішесі екеуі ғана елде қала берді.

Тулақ батыр бастаған көш сонау кездері Тасты өзекекке тоқтап, уһ деп иықтан жүк түсіргенде, тоғыз жастағы қаршадай бала Қазанғап та елімен бірге есейеді, ер жетеді емес пе? Үйленеді. Біреуді қойып, екі бірдей әйел алады. Ақсары керей қызынан алты ұл, атығай қызынан төрт ұл, барлығы аймауыттай-аймауыттай 10 ұл сүйеді: Құлдан, Кәнте, Медет, Қуат, Есенаман, Жарықшақ, Байсалбай, Көбен, Метей, Зақар. Бұл онының балалары 25 отау тігеді. Олардың бәрін бас-басына таратып талдап жатпаймын, сөзіміздің жүйесіне тікелей қатысы бар Жарықшақ пен Медетті ғана бөліп аламын. Сонымен, Медеттен – Бақтыбай, Татыбай, Түктібай, Құтпай төртеуі туады. Бақтыбайдан Ыбырай қажы жалғыз да, Ыбырай қажыдан Ғаббас, яғни менің нағашы атам жалғыз. Бұл кісіден өліп-өліп өлім сарқығындай қалған жалғыз менің анам Рақыш еді, ол кісінің де ертерек о дүниелік болғаны жоғарыда айтылса керек. Енді Жарықшаққа келсек, одан Шымыр, Шәбеке, Байжан, Баймырза төртеуі. Осы төрт арыстың ішіндегі ең момыны

бойы сырықтай Баймырза еді. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» деген бар емес пе, сол нағашы жұртқа тартып ағаштан түйін түйген, қайысқа «жан бітірген», қысқасы, қолы алтын, мал тапқыш осы баласына бұл кезде жақсы дәулетімен де, кісілігімен де елге танылған Жарықшақ жақсы жар тауып беруді ойлайды. Сөйтіп, Қарауылдың қараша тармағынан тарайтын Қанай ішінде Жетпіс деген кісінің Қалампыр есімді қызын қырық жетіні қырқа матап беріп, айтғырып әпереді. Қалампыр өнерімен, жайдары, жарқын мінезімен ойын-тойдың гүлі болады. Сол үшін елі еркелетіп оны Тойжан деп те атаған емес пе? Сол қадір-қасиетімен қайын жұрты – Үйсін ауылының үлкен-кішісіне бірдей сыйлы болып, абысынды аузына қаратқан Қалампыр оннан астам құрсақ көтерген екен. Содан қатарға қосылғаны тек Төлеубай, одан жеті жас кіші Нұрмағамбет, яғни Балуан Шолақ және Тәуекел үшеуі. Шөкеннің:

– Нағашым жалпақ Қанай деп айтады,
Болады Ұлы жүздік арғы затым, –

дейтіні содан.

Ал енді Балуан Шолақтың аталары шежіресін бір ғана ізбен жүйе таратсақ, онда былай түзілер еді: Бәйдібек – Кенесары – Домбауыл – Қырықсары – Жүсіп – Жүнбас – Жиенбай – Таңбай – Қыдыралы – Өте – Есентай – Қазанғап – Жарықшақ – Баймырза – Балуан Шолақ.

Үйсін ауылында жеті қажы өткен көрінеді. Соның бірі – менің ұлы нағашым Ыбырай қажы. Ол кісіні елі әулие тұтыпты (Естай Мырзахметов. “Балуан Шолақ”, Алматы, 1998, 215-бет).

* * *

1941-жылы және 1945-жылы Қажымұқанмен бірнеше күн бірге болып әңгімелесіп, Шолақпен екеуінің қарқым-қатынасын сұрағанда, ол мынаны айтты:

– Шолақпен талай кездестім, ол менен күшті еді. Ақмола мен Көкшетаудың жәрменкелерінде екі дуанның басты адамдары екеумізді екі жақтан айдап салып, үлкен бәйге тігіп күрестірмекші болған жерде мен, – Шолақ өзіме жақсы ықыласты батасын берген ұстаз ағам, мен қол көтермей-ақ бәйтіні ағама ұсынамын, – деп, күрестен бас тартқанымда, Шолақ құшақтап бетімнен сүйген еді (Есмағамбет Ысмаилов. «Спорт» газеті).

* * *

Балуан Шолақ 1919-жылдың ақпан айының аяқ шеніне таман, өшті жауы (орман ішінде келе жатқанында орыстар атқан – Б.Н.) зұлым жауыздықпен қапысын тауып атқан оқтың үш жылға тарта созылған зардабынан дәл 55 жасында дүниеден өткен деп білеміз!.. (Естай Мырзахметов. «Жалын», №2, 1988).

* * *

– Көзің жоқ немерісің, өзің, – деді екінші, – көрмей тұрмысың?

Түр-тұлғасынан-ақ белгілі емес пе? Сол сияқты кім бар осында?

Бұлай сипаттаушы кісі, Балуан Шолақты көргенімде асырып айтқан сияқтанады: жауырыны кең, төсі жалпақ болғанмен, дене құрылысы асып кеткен ірі емес, ортадан аз-ақ биік екен, бұл топта биік те, денелі де кісілер бар?.. Кескіні бір сыдырғы көркем екен: имектеу зор мұрынды, қалың қабақты, қою қасты, үлкен қара көзді, атжақты, қою, ұзын қара сары мұртты, дөңгелектеу қою қара сақалды...

Ерекше көзге түсетін киім-кешегі екен: сыртына желбетей салған, ақ ботаның түбітінен тоқыған шекпен, астары батсайы, өңіріне жалпақтығы төрт елі қып құндыз ұстаған, басында батсайымен тыстаған жекей ақ бұйра тымақ, ішкі қара барқыт қамзолының беліне жалпақ қып қызыл жібек белбеу байлаған да, бір жақ ұшын шашақтандырып оң жақ мықынынан төмен түсіріп жіберген, бұтында көк шұға шалбар, аяғында көк сауырлап, кестелеп, күмістеп тіккен қосай етік... Бұл сияқты киінген кісіні мен өмірде көрген емен.

Балуанның мінезі ақжарқын, сөзшең, ойыншы кісі екен. Амандықтан бастап-ақ ол біздің топты жатсынбай, ежелден таныс адамдарынша араласып, шүйіркелесіп кетті. Сөзді аздап мұрнынан сөйлейтін кісі екен (Сәбит Мұқанов. “Өмір мектебі”, «Азапты жолда», 1970, 233-бет).

КӘКІТАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ

35

1868-жылы туып, 1915-жылы қаза болған

* * *

**Абай шығармаларын тұңғыш кітап етіп бастырушы;
Абай өмірбаянын тұңғыш жазушы**

* * *

Бүгін, 10-қаңтарда, Семейден Медеу тілігірәм соқты. 6-қаңтарда Кәкітай (кітапша аты — Ғабдылахым) Ысқақұлы Құнанбаев опат болыпты.

Кәкітайдың әкесі Ысқақ — ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баураған. Абай қасында жүріп мектеп көрді. Кәкітай орысша оқи да, жаза да білген. Абай білетін Европа жазушыларымен Кәкітай таныс еді. Ыждағаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді.

Мен депутат сайланып шыққан жылы Семей қаласының орыстары бізді клубта қонақ қылғанда, орыс шешендеріне Кәкітай жауап та қайырған еді. “Біз Михаэлис пікіріндеміз. Солардың шәкірті Әлиханды сайлағанымыздың себебі — осы”, — деп. Абайдың тәржіма халін жазған да — Кәкітай Осы екі істен-ақ Кәкітайдың білімі оқушыларға танылып қалар.

Әуелі Кәкітайды 1900-жылы күзді күні көрдім. Қасқырдың бөлтірігіндей тоғыздағы баласы Біләлді гимназияға берем деп Семейге келген-ді. Онда заман тыныш, тұңғыық. Біз сынаса алмадық.

1904-жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басындар деп, балаларына хат жаздым. 1905-жылғы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маған келді. 1905-жылы жазғытұрғы саясат ісі қалай болғанын біздің “Қазақты” оқушылар біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мәйрам болдық. Анық таныстық.

5-мамырда саясат ісін кеңесуге мен Семейге бұғып бардым. Параходта Кәкітаймен бірге жүрдік. Содан бері саясат ісінде бір одақ болдық. Қаңтардың басында, 1906-жылы Керекуден Семейге шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген. Марқұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге достар мені қашыртпақ болып, маған қарсы үш атпен “Б”-ны жіберген. Бірақ мен Тұзқалада ұсталған едім. Бірақ мен ол күні “Б-ға жолықсам да қашпақ емеспін. Егер мен қашсам, онда қырға отырд шығып, қазақты қор қылмай ма?

Мені Тұзқалада күзетке алып, қарауылға бір орыс қойып, мені ұстаған орыстар бір үйге тамақ ішуге кетті. Сонда жиылып келіп Тұзқала кісілері: “Қашырайық, қаш!” — деді. Мен: “Қашпаймын, абақтыда бір кісінің жатқаны — жұрттың қор болғанынан ыңғайлы болар”, — дедім.

Дума сайлауында да Кәкітай марқұм выборщик болды. Екінші Дума сайлауында ынтымақ қылмай, Темірғалимен таласып, тасқа түсіп, Кәкітай бүктеледі. Шәкәрім, Кәкітай, Темірғали, Хасен, Омарбек — “осылардың бірін сайлаңдар” деп, жұртқа мен көрсеткен бес кандидат еді.

Сонда осы істің ағат болғанын Кәкіш мойнына алған еді. Ер жігіттің белгісі адасқанын мойнына алған. “Шын сөзге жан пидә”, — деп Шәкәрім айтар еді.

1908-жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі қалаға келіп, тағы да біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда келіп амандасқан да осылар болды. “Бұған өзге қазақ жарамады-ау!” — деп налыдым.

Мен абақтыдан шыққан соң, бір түн Қаражан үйінде бірге болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Кәкітай шығарып салып, қош айтысқан жерде құшақтап жыласты. Мен қарысып, буындырған құсаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін... “Тастан қатты екен”, — деп ойладың ба, асыл ер шырақтарым-ай?

Содан бері Омаш, Кәкіштерді көргенім жоқ. Арманды кестелеп жазуға, қалам шіркін шорқақ қой...

1909-жылы Шәкәрім, Кәкітай маған хат жазып, ақыл сұрады. “Не айтасың, ата қоныс, кір жуып кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба?” — деп. “Не болса, жұртпен бірге көр”, — дедім...

Бәріміз бұл сұм дүниеге қонақтыз. Артында орын басарың табылсын” Хош қарағым, достым, Кәкіш! (Әлихан Бөкейханов. Бұл естелік 1915-жылы Кәкітай қайтыс болған соң еске алу ретінде жазылған. “Қазақ” газеті, 1915, 18-қаңтар. Қайта басылуы “Егемен Қазақстан”. 17.03.92).

* * *

Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын бірінші рет Петербургтегі Бораганский баспахана-сында 1909-жылы шығарады. Сол жинақтың аяғында ақынның Кәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі. Шығармалар жинағына Кәкітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. “Ой туралы”, “Ел туралы”, “Ғашықтық туралы” деген сияқты тақырыптарды бөліп шығарып, әр өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді.

Анығында, Абай өзі тірісінде шығармаларын бұлай топтаған жоқ еді. Ақынның тілегінен тыс түрде, редактордың өзінше бөлшектеуі, редакторлық ғылымдық дұрыс түрі деуге болмайды. Бұл — шартты түрдегі, біраз зорлықпенен жасалған жіктеулер. Себебі көбінше Абай өлеңдерінің ішкі мазмұндарына қарасақ, “Ой туралы” деген бөлімде өзі турасындағы сөздер жүреді. “Ақындық туралы” деген бөлімінде — ой туралы, “Ғашықтық туралы” деген өлең тобында көңіл күйінің лирикасы да араласып отырады.

Сонымен, Кәкітай жасаған жіктеулер дәл дәлді емес. Бірақ соған қарамай, революцияның алғашқы жылдарында Абайды қайта басып шығарған кейінгі редакторлар да, сол Кәкітай берген бөлік жіктеулерді сынамай, дұрыстамай, қаз-қалпында қайталап берген. Ал соңғы баспалар Абайдың өмірбаянына да Кәкітай жазған сөз, деректерден басқа ешбір тың жаңалықтар қосқан жоқ-ты. Сондықтан Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек стуші — Кәкітай дейміз (Мұхтар Әуезов. “Әр жылдар ойлары”, Алматы. 1959. 15-бет).

МҰХАМЕТЖАН СЕРАЛИН

36

1872-жылы туып, 1929-жылы қайтыс болады

* * *

**Тұңғыш қазақ журналы «Айқапты» шығарушы және
тұңғыш редакторы**

* * *

Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ-ғасырдың бас кезінде болған елеулі оқиғалардың бірі – «Айқап» журналының шығуы. Ол қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы болды. «Айқап» өзінің сипаты жөнінен жалпы демократиялық болғанымен, іс жүзінде Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық идеялары негізінде дамып келе жатқан қазақтың қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, публицистикасының прогресшілдік және демократиялық дәстүрлерін жалғастырған, ілгері дамытқан журнал болды...

«Айқап» журналын ұйымдастырушы және редакторы демократ-жазушы Мұхаметжан Сералин (1872-1929) болды. М.Сералин журналдың төңірегіне өзімен ниеттес көрнекті ақын, жазушыларды, қоғамдық қайраткерлерді топтастырды. Журналдың секретары 1911–1912-жылдары Әкірәм Ғалимов, 1913–1914-жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Әр уақытта тілші, автор болып Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев және осылар сияқты ақын, жазушылар қатысты.

«Айқап» 1911-жылдың январынан 1915-жылдың сентябріне дейін Троицк қаласында ай сайын шығып тұрды. Көлемі 16-24 бет, тиражы 1000 дана. Журналды жаздырып алдырушылар қаражатымен жеке адамдар шығарған.

Сырттай қарағанда, М.Сералин патша әкімшілігі белгілеген программаны қолдағанымен, іс жүзінде журнал бетінде көтерілетін мәселелердің шеңберін кеңейтті. Ол Қазақстанның ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайын, экономика, право, тарих және мәдениет мәселелерін қамтитын бірнеше бөлімдер мен рубрикалар ашты.

Экономика және мәдениет жөнінен артта қалып келген қазақ халқын ояту, талпындыру үшін баспасөз күшті құрал болып табылатынын Мұхаметжан Сералин жақсы білді.

М.Сералиннің журналистикаға көзқарасы «Айқаптың» бірінші нөмірінде өзі жазған басмақаласынан айқын көрінеді. «Газет Һәм журнал, – деп жазды ол, – халық үшін пайдалы екендігіне бұл заманда шек етуші жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал Һәм кітаптардан білінеді... Бұл журналды «оқұртқа атақ шығарып, білім сату үшін емес, халыққа пайда келтіру үшін шығарып отырмын», – деп мәлімдеді ол...

«Бас әкімдер, – деп жазады ол, – патшалық пайдасына реті солай келгендіктен болса да немесе ішкі Россиядағы миллиондаған шаруа мұжықтарды жерге сиыстыру үшін болса да, – әйтеуір, қазақ сахарасындағы, қазақ пайдасынан артық деп түсінген жерлерді өлшеп, мұжықтарға беріп жатыр».

– Енді не қыламыз, қалай күн көреміз? – деп сұрақ қояды да, оған Сералиннің өі жауап береді.

Ол мал бағып, көшпелі қалыпта тұрамыз дейтін заман өтті, енді мұнан былай бізге ең пайдалы іс тезірек қала салып, егіншілікпен айналысу деп білді; «қала болсақ, мектеп, медіресе ашып, балаларымызды оқытып, сүйікті Отанымыз болған Россияның пайдалы бұқарасының бірі боламыз» деп көшпеліліктің заманы өткенін, отырықшы тұрмыстың артықшылығын насихаттайды және прогресшіл Россияға деген патриоттық сезімін білдіреді...

Мақаласының қорытындысында М.Сералин: «Әу, жұрт! Ойланайық, келешектегі заманымыз қандай болады!? Заманға муафик іс істейік. Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді», – дейді...

Журнал оқу, жас буындарды тәрбиелеу және мәдени-ағарту ісіне шын мәнісінде прогрестік және демократиялық тұрғыдан көңіл бөлді. Бұл іске Сералин өзі сияқты мұғалім, жазушыларды, публицистерді тартты.

«Айқап» отырықшы болуды мәдениет мәселелерімен байланыстыра үгіттеді. М.Сералин орыс халқының ғылымын, өнерін, тілін үйрену керек дей келіп, бұларды білу үшін школа, мектеп ашу қажет. Бұл төрт-бес үйдің қолынан келетін іс емес, кедейлердің баласын алыс жерге жіберіп оқытуға халі келмейді. Сондықтан «бір жерге қала болып жиналудан басқа ем жоқ». Ал «50 – 60 үй бір жерде жиналып отырса, оларға орталарынан молда (мұғалім) ұстап бала оқыту оңай. Сонда өкімет тарапынан орыс-қазақ школын аштыруды талап етуге болатынын» айтты...

Айта кету керек, жеке адамға табынушылық қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге де зардабын тигізді. М.Сералин 1921–1922-жылдары Қостанайда губерниялық партия-совет мекемелерінде жауапты қызмет атқарғаны белгілі. Басшылық қызметтегі кейбір бұрынғы байшыл-ұлтшылдар басараздықпен немесе сескенгендіктен, Сералинді қудалап «ұлтшыл», «пантюркист» деп айдар тағып, партиядан шығаруға дейін барған.

Партия қатарына қайтадан келгенінше уақытша куәлік қағазбен жүргені Қостанай облыстық партия комитетінің архивындағы мынадай документтен анықталады:

«Удостоверение. Настоящее выдано члену РКП (б) тов. Сералину Мухаметжану в том, что он действительно состоит членом РКП (б) с 20года. Партийный билет 22 года запрошен в Центральном Комитете партии, что с подписями и приложениями печати удостоверяется».

М.Сералиннің бұдан кейін де партия, совет және журнал-листiк қызметте болып, өз ажалынан 1929-жылы қайтыс болғаны жұртқа мәлім.

Осыған қарамастан, жеке адамға табынушылықтың зардабынан елуінші жылдың бас кезінде Сералиннің қайраткерлігіне ревизия жасалды. Қостанай губкомындағылар берген жала мінездеме бойынша Сералин қайтадан «ұлтшыл», ол шығарған «Айқап» журналы «реакцияшыл» болып шыға келді...

Осыған байланысты қазақ баспасөзінің революциядан бұрынғы тарихын зерттеуде үлкен қиыншылықтар кездесті. Кейбір баспасөз органдарын зерттеуге, тіпті оған қатысқан адамдардың атын атауға да болмайтын болды...

Рас, «Айқап» журналы, оның редакторы М.Сералин кейбір мәселелер жөнінде қателесті...

Бұл журналдың қазақ баспасөзі тарихында алатын орны бөлек. Алдымен ол, «Айқаптың» өз сөзімен айтқанда, қазақ жастарын (кітап, газет, журналды) оқуға үйір қылды: қазақша ойлауға, ойлағанын қазақша жазуға үйретті. Екіншіден, қазақ публицистикасы мен журналистикасын ілгері дамытты, оның бетінде журналистік жанрлар қалыптаса түсті, журналистік профессияның үлгі-өнегесі көрсетілді. (**Хайыржан Бекхожин. «Қазақ баспасөзінің даму жолдары», Алматы, 1964, 86–103-бет).**

* * *

Кенесарының ақылдылығын, ер адамды бағалай білетіндігін сипаттайтын бір поэма – «Топжарған». Бұл поэманы шығарушы, ХХ-ғасыр әдебиетінде орны үлкен жазушының бірі – Мұхаметжан Сералин. 1929-жылы өлген. Ал Сералинің өзі ХХ-ғасырдағы үлкен ақынның бірі, оның атақты Орынбай ақынмен айтысы және басқа да бірнеше өлендері бар. «Топжарған» поэмасында баяндалатын уақығаны Мұхаметжан Сералин әкесі Сералиден естідім дейтін еді. «Әкем – Серали, бұл Топжарған уақығасын ұзақ жыр ғып айтатын еді, – дейтін Мұхаммеджан, ауызша сөйлескенде, – бірақ мен кезінде сол атпен поэма жаздым”.

Мұхаметжанның айтуынша, оның әкесі Серали ақын хат біліп, өленді ауызша да, жазып та шығаратын адам болған. Серали поэмасы ХІХ-ғасырдың 30-жылдарында туған. ХІХ-ғасырдың аяғында өлген Сералинің жазушы ақын екендігіне және көркем сөзді күшті ақын екендігіне оның «Сұлу ағаш» деген өлеңі куә. Ол өлең ауызша айтатын ақынның өлеңі емес, жазуға төселген профессионал ақынның шығармасына ұқсайды. «Сұлу ағашта» Серали ақын ХІХ-ғасырдың орта кезінде, отарлау саясатынан, қазақ халқы жақсы жерінен айрылғанын, жерден айрылған елдің шаруасы шайқалып, күн көрісі кедейлікке айналғанын сипаттайды, өлең мынау:

Тұрмысың аман-есен, сұлу ағаш?
Қыстауға құмар еді тамам ағаш.
Малы жоқ Жаманқыздың қара-құрым,
Сып-сыйда көрінесің жап-жалаңаш.
Сұлулық қалыбында тұрсын ба аман?
Келуші ем шаттықпенен мен де саған,
Қой маңырап, сыйыр мөңіреп жатқан ағаш,
Иеңнің сөйткен сепің жоғы жаман.

Жүруші ем келіп, кетіп жүргенімше,
Көңілім тынбаушы еді көргенімше,
«Мырзаға муафық сөз қандай бар», – деп
Ағашқа ойлаушы едім кіргенімше.
Риза емен сенің тұрған бұл күйіңе.
Жаманқыз жарасушы ең ақ үйіңе.
Көрініп көкпеңбек боп тұрушы едің,
Шыққанда Қысырақтың биігіне.
Қат едің Жаманқыз бен Кентек байға,
Жатушы ед бір мың жылқы әрбір сайда.
Зор мәжіліс күндіз-түні және қайда,
Кетуші ең әрең-мәрең бір-екі айда,
Пананда құлындаған биен қайда?
Боталап боздап жатқан түйең қайда?
Айдатып сан қараны мекен еткен,
Жаманқыз, Көнтең байдай иең қайда?
Жанақай салтанатқа қарыштадың,
Жыйылып қыз-бозбала өлең айтқан,
Кетпейді қулағымнан дауыстарың!..
Кетпеген әлі күнге тілден ағаш.
Болғанда түн ортасы жаңғырықтырып,
Маңқылдап байтөбетің үрген ағаш.
Көбең ат семірген жер, жаз жайлаған,
Хан, қара мекен етіп мал айдаған.
Ағашты жаңғырықтырып өлең айтып,
Сұлу қыз кешке таман нар байлаған,
Қызығың әрбір түрлі кетпейді естен,
Жігіттің мекен етіп көңлі өскен.
Жантілес, Дәулетті ұлы көшкеннен соң.
Халыққа қор болыпсың отын кескен.
Қалыпсың енді жатқа мекен болып,
Суыйды көңілім мұз секілденіп,
Шарасыз иелерің көшкен шығар.
Жат жүрттан қала салған секемденіп.

Мына “Сұлу ағаш” сияқты көркем өлеңді жазған Серали ақын «Топжарғанды» да осындай көркем етіп айтуында дау болмасқа керек. «Топжарған» поэмасының соңғы варианты XX-ғасырдың ақыны Мұхаметжан Сералин жазғанмен, бұл поэма оның әкесі Серәліге де ортақ... (Сәбит Мұқанов. “Қазақтың XVIII–XIX-ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер”, 1-бөлім, Алматы, 1942).

ШОЛПАН (ҚАРАТОРҒАЙ) ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ

37

1880 (1889)-жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданында Телікол ауылында туып, 1923-жылы Шымкентте қайтыс болған

* * *

Әнін граммофонға жаздырған тұңғыш қазақ әншісі

* * *

Омарованың әншілік өміріндегі айрықша құнды, халық қазынасын сақтаудағы аса бағалы әні – «Қараторғай». Бұл әнді өнерсүйгіш қауым «Сырдың Қараторғайы» деп те ерекшелейді. Өйтіп ерекшелеудің өзіндік себебі де болса керек. Ақан серінің «Қараторғайы» да қазақтың жалпақ даласына кең жайылған ғой, Үкілі Ыбырайдың да «Қараторғай» атты әні болған деушілер бар, солармен шатастырмас үшін, ел бұл әнді “Сырдың Қараторғайы” деп әрі айрықшалаған, әрі мақтанышпен дәрежелеген. «Қазақ халқының 1000 әнінде» А.Затаевич бұл әннің мәтінін былай берген:

– Құс болсаң, жібектен бау тағар едім,
Күмістен тұғырыңды жабар едім.
Мойныға сары алтыннан жыға тағып,
Қолға алып сылап-сыйпап бағар едім.

Қайырмасы:

Салайын мен әніме Қараторғай,
Қараторғай, халә, иллә,
ле-лей, халә, лиллә лел-лэй-ай!

Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл,
Албырап екі бетің жанар гүл-гүл.
Бейіштің гүлжазира зарамында,
Сайраған тоты құстай сен бір бұлбұл.

Біреп сөздің бөлектеу айтылып жүргендігі болмаса, әннің өлеңі айтулы өзгерістерге күні бүгінге дейін ұшырай қоймаған деуге болады. Затаевич «Қараторғайдың» тоғыз түрлі нұсқасын жазып алыпты, оның ішінде Ақан мен Ыбырайдың «Қараторғайына» ұқсайтыны бар ма, жоқ па – білмеймін, өйткені нотадан хабарым жоқ. Алайда Затаевич Ақмола мен Семей жақтың «Қараторғайында» өз алдына жеке ән дерлік дербестік бар екенін де ескертеді. Ол жағының қыры мен сырын ашуға қазір қолдары тимей жатқанмен, түбінде бір нота оқитын зерттеуші айта жатар деп сенем.

Менің жорамалдауымша, «Сырдың Қараторғайының» өмірге келгеніне жүз жылдың сорабы болып қалған секілді. Осы ұзақ жасап келе жатқан әннің белгілі иесі, яғни авторы бар екенін бүгінге дейін беріктеп айта алмай келе жатқанымыз, сөз жоқ, үлкен ғылыми кемшілік.

«Қазақ халқының 1000 әні» жинағын А.Затаевич алғаш 1925-жылы Мәскеуден басып шығарды, ал ән жинауды 1920-жылдан бастаған. Осы кітабының «Ескертпесінде» ол «Қараторғай» әніне катысты былай дейді: «...как мне передавали, в Ташкенте в настоящее время проживает казахская певица и слагательница песен, прозванная как за свою голосистость, так и за малый рост и смуглость «Караторгаем». Она будто бы провела бурную молодость, была необыкновенно красива и слагала великолепные мелодии, которые, распространившись в народе, сохранили ее прозвище. Возможно поэтому предположить, что вообще первоисточник приводимых мною красивых мелодий данного названия следует искать **в песенном творчестве этой выдающейся казахской певицы**, которая, несмотря на свои поблекшие уже данные, как меня уверяли приезжавшие из Ташкента казахи, еще недавно выступала там на концертах» (470-бет, Мәскеу, 1963-жылғы басылым).

Өзі көзбен көрмеген соң, Затаевич әннің авторлығын кесіп айтпайды, бірақ күдік те келтірмейді, қайта құптауға мейлінше бейім. Алайда әннің әдемі әуезділігіне, ондай әнді шығарған адамның өз қатарынан аса озық, атақты әнші екендігіне сүйсіне көңіл аударады.

1970-жылы 20-наурызда «Лениншіл жас» газетіне әрі ақын, әрі прозашы Айтбай Хангельдиннің «Қараторғай»

атты мақаласы шықты. Ондағы мәліметтер бойынша, «Сырдың Қараторғайын» шығарушы әкесі сыртқы пошымбітіміне қарап «Қараторғай» атап кеткен Шолпан Жанболатқызы деген әнші әйел екен. «Шолпан – бұрынғы Ақмешіт уезіне Торғай уезінен ауысқан «Қызыл жыңғыл» болысына қарасты көшпелі шаруа, қарабала найман Жанболаттың қызы. Шолпанның шешесі Жанқыз – жөлек үстіндегі Айдарқазы қыпшақ Шегірбек деген кісінің жалғыз қызы», – дейді А.Хангельдин. Әлгі Затаевич айтып отырған атақты әнші әйеліміз, сөйтіп, Шолпан болып шығады.

1982-жылы жазушы Естай Мырзахметовтің әндерді орындаудағы жаңсақтықтар жайындағы мақаласы «Қазақ әдебиетінде» жарық көрді де, оған біраз адам үн қосты. Жазушы Тұрсын Жұртбаев («Әуен де, сөз де қағыс айтылмасын», 11.06.82): «Сырдың Қараторғайы» – Шолпанның әні. Ол кісімен жас кезінде Құрманбек Жандарбеков кездескен. Ән үйренген. Ол туралы сақталған деректер де, Құрмаш ағаның естелігінде де бар. Ендеше Шолпанның «Қараторғайы» деп неге айтпасқа? Соңғы кезде бұл ән де басқаларға телініп жүр», – деп өкіне жазды. Рас, оған бір замандасымыз: «Ондай адамды біз естігеміз жоқ», – деп, дүңк жауап қайтарды. Меніңше, ондай шындықтың бәрін қандай данышпан болса да бір кісі біле бермейді, сондықтан әр білгіштің өзге білігішке құлақ асқаны қажет-ақ.

«Жұлдыз» журналының 1984-жылғы 3-санында Бекнияз Шертаевтың «Қараторғай» әні Шолпандікі екенін, оны кезінде Дәне деген ақын аса шебер орындағанын куәлендіретін мақаласы шықты. Сол жылғы 10-нөмірінде өнер зерттеуші Зейнұр Қоспақовтың да мақаласы шықты. Онда ол: «А.Затаевичтің айтып отырған әншісі дәл осы Шолпан туралы болса керек Қазақ ССР халық әртісі Жамал Омарова жиі орындайтын «Қараторғай» әні жайындағы кейбір материалдар осылар. Осыларға сүйенсек, әнді шығарған Шолпан Жанболатқызы (1889-1923) көрінеді», – деп тұжырымдайды. Тоқтамаймын деген кісі, әрине, бұған да тоқтамауы мүмкін. Бірақ қазақ музыкасының ауы мен бауын бүкіл ғұмыр бойы жинақтап өткен академик Ахмет Жұбановқа тоқтамаған адам, сірә, кісі сыйлап өскен ортада кезіге қоймас. Өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабының кіріспесінде (Алматы,

1963, 17-бет) Ахаң былай депті: «1914-жылы Сыр бойында аты шыққан, кейін өзінің кішкенеелігі, қара торылығы, әнші құстай сайраған өткірлігі арқасында «Қараторғай» атанып кеткен келіншек пластинкаға «Сырдың Қараторғайы» мен «Ахау, Семей» әндерін берген. Ол келіншекті Құрманбек Жандарбеков көрген, ән орындауын есіткен. «Қараторғай» жөнінде А.Затаевич те жазып кетті».

Осыдан кейін де «Қараторғайдың» Шолпандікі екеніне күмандануға бола ма? Және осындай ғажап әнді қазақ өнерінің кең өрісіне алып шыққан Жамал Омароваға қалайша риза болмассың?!

Қазақ «бір сөздің артын бір сөз түртеді» дейді. А.Жұбановтың жаңағы «Ахау, Семейі» тағы бір тың ойға жетектейді. Кезінде Асқар Сүлейменов осы әннің бір сөзі «Ахау, Семей» деп, екінші сөзі «Тіл мен көмей» деп тұрғанына түсіне алмай күлген екен. Әрине, әдейі кекетіп күледі ғой. Меніңше, бұл әннің де әлі ашылмаған қыр-сыры баршылық.

А.Хангельдин «Қараторғай» атты деректі повесінде («Жазушы», 1970, 67-бет): «...Шолпан шабыттанған үстіне шабыттана түсті. «Қараторғайға» жалғастыра өзінің «Айгөк», «Ахау, Семей», «Ах, дариға», «Маусымжан» әндерін шығарып, ән қазынасын толықтыра берді».

Ал керек болса! Біз бір әнді алып бере алмай жүрген Шолпанға Айтекең бір топ әнді бере салады. Мұнысы шындыққа жанаса ма, жоқ па? Біз Сегіз серінің өзін сан саққа жүгіртіп, толық мойындай алмай келе жатқан қыңыр халықпыз. Сонда да болса бір қисынға жүгініп көрсейік.

Біріншіден, «Қараторғай» мен «Ахау, Семейдің» ойнақы жүрдектігі ұқсас, бір үйдің балаларындай. Екіншіден, Ташкент қаласында Романовтардың таққа отыруының 300 жылдығына орай өткізілген сейілде Шолпан бас бәйгеге ие болады. Оны ұйымдастырушылардың бірі әйгілі Әбу-бәкір Диваев екен. Шолпанның әнін граммофон табағына жазу, міне, осы сейілден соң барып жүзеге асқан. Ахаң екі ән жазылған десе, Хангельдин: «Қараторғай», «Айгөк», «Ах, дариға», «Ахау, Семей» және басқа әндерін жаздырады», – дейді («Лениншіл жас», 20.03.70). Әйткенмен «Ахау, Семейдің» жазылғандығын ол да жоққа шығар-

майды. Осы шындықтардың қисынына илансақ, онда Шолпан өзгенің әнін емес, тек өз әндерін ғана жаздыруы керек кой деген ой басқа ойлардан басым тұрады, сондықтан «Ахау, Семей» де Шолпанның әні дегенге сенуге болады.

Осы сенім алайда басқа бір сенімсіздіктің түбін түрткілейді. Шолпан болса Ақмешіт, Түркістан, Шиелі, Ташкент жақта өмір сүріп, 1923-жылы Шымкент қаласында қайтыс болған адам. Семейде болмаған да, ол жаққа бармаған да. Ендеше оның «Ахау, Семей» деп ән шығаруы қалай? Осының өзі-ақ бұл әннің оныкі еместігіне дәлел болмай ма? Бір қарағанда, солай екені солай сияқты. Бірақ сөз мәніне, кейбір жорамалға жол берсек, басқа ойдың да қисыны қылтияды.

«Бірақ Шолпанның пластинкаға ән жаздыруы кейін өзіне қырсық болып тиеді», – дейді А.Хангельдин аталмыш мақаласында. Діндар атасы ақыры баласына Шолпанды талақ қылдырады. Бұған қарағанда, Шолпанның «Қараторғайы» сияқты «Ахау, Семейі» де негізінен халық арасына граммофондағы дауыс арқылы тараған. Ал граммофондағы үн үнемі анық, айқын естіле бермесі хақ. Бертіндегі патефон табактары да ондай ақаудан ада емес-тін. Үнді, сөзді анық ажырата алмаған жұрт Шолпанның «Ах! Ау! – демей» немесе «Ахау! – демей» дегенін «Ахау, Семей» деп қағыс естіп, қате жайып жіберген болу керек. Тіпті, бәлкім, әзілмен де сөйтуі мүмкін. Әйтпесе, бұл өлең:

– Ах! Ау! – демей
Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей, –

болып айтылуы қисынды сияқты. Оны хабарлы сөйлемге айналдырсақ, «Сәулем келіп, «Ах! Ау!» – демей (дегізбей), жанған жүрек басылмайды», – деген түп-түсінікті сөйлем болып шықпай ма?

Сонан соң Шолпан шығарған әндердің аттарында одағай сөздердің жиі кездесуі де белгілі бір мінездік, психологиялық заңдылық тәрізді: «Айгөк», «Ах, дариға», «Ах! Ау!-демей».

Бәрін айт та, бірін айт Шолпан әндерін Жамал Омарованың үйреніп айтуында да жер ыңғайына орайлылық бар: ол 1912-жылы 8-наурызда Өзбекстанның Ташкент облысындағы Қауыншы деген қазақ аулында туған. Шолпанның әні Ташкентте граммофонға жазылып, сол төңіректе көп айтылса, ол әндерді сол төңіректе туған Жамал әнші айтпағанда, кім көп айтады?! Шолпанның:

«Ақ үйден бір қыз шықты қасын керген,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», –

деп басталатын «Айгөгің» де «Ай, көк, ай, апырмай!» – деп шырқайтын. «Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі», – деп «Ах, дариғаны» да Жамал әнші аңырататын. Оның осы репертуарына қарап отырып-ақ Ұлбике, Сара сияқты Шолпанның да қазақтың ғажап өнерлі қызы болғанына бас иесің. Сол сүйсінудің бір себепкері әнші Жамал екені де есте тұрады (Бексұлтан Нұржекеұлы, «Әйгілі Жамал әнші», «Егемен Қазақстан», 02.02.02).

МҰСТАФА ШОҚАЙ

38

*1890-жылы 7-қаңтарда Ақмешіт (Қызылорда)
қаласында дүниеге келіп, 1941-жылы 27-желтоқсанда
18 сағат 30 минутте Берлинде қайтыс болады*

* * *

**Патшалық Россия заманында Мемлекеттік Думадағы
Мұсылман фракциясының саяси бюросында қазақ
халқының мүддесін тұңғыш көтерген адам;**

**Түркістанда құрылған Мұсылман орталығының
тұңғыш басшысы;**

**КСРО құрамындағы қазақ халқының мүддесін
шетелде жүріп қорғаған тұңғыш қазақ**

* * *

Сонымен, 1916-жылы халықтың нала-назасы сыртқа тепті. Көтеріліс Түркістанды түгел қамтыды. Алайда басын біріктірер бір орталығы жоқ, оқиғалардың ығытымен өздігінен тұтанған, бытыраңқы көтеріліс қайтадан қанға қақалып, мыңдаған қышпақтар мен ауылдарды өрт жалмады, жүз мыңдаған бейбіт адам атылды, шабылды, миллиондаған жан атамекенінен босып кетті. Қайткенмен, көтеріліске түрткі болған жәйттердің өзі жемісін бермей қалған жоқ, ұлттық санаткерлердің жас өскіні көктеп, көтеріле бастады. Құлдық-тың қиямет-қайым қыспағында, әр қаракетін қалт жібермей қадағалаған патша күзетінің астында Түркістанның (мыңдаған жылдардың өн бойында әлемге талай-талай ұлы ғалым берген, Ғайса дүниеге келмей жатып көптеген цивилизацияның іргесін қалаған құт мекеннің) зиялыларының жаңа дүрмегі өз халықтарының болашағы жолында күш-жігерлерін біріктіру қамын жасады. Олардың бұл бағыт-

тағы алғашқы қадамы Мемлекеттік Думаның тура өз ішіндегі Мұсылман фракциясында (Ресейдің европалық бөлігінің татар, башқұрт, әзірбайжан... мұсылмандарынан құрылған) ұйымдастырылған Саяси бюро мінбесін Түркістандағы отаршылдардың бейбастығы туралы **Ақиқатты** баян ету үшін пайдаланып қалу мақсатын көздеп, Түркістан өкілін енгізуі еді. Ал осы бюрода Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мүддесін алғаш білдірген адам Мұстафа Шоқайұлы болды. Өзінің алғашқы сөзін – Думаны дүр сілкіндірген сөзін) – 24 жасар Мұстафа патшалықтың ресейлік Орталық Азиядағы отаршыл саясатын әшкерлеуге арнайды... (“Жас Түркістан”, Париж, 1949-50ж.ж., 20-бет).

Мұстафа – Ақмешіттің (Қызылорда) перзенті, атасының арғы тегі қыпшақтардан тарайтын Торайғырдың белді ақсүйектеріне жатады. Ол атақты Торғай датқаның немересі, беделді де бетті Шоқайбектің бел баласы, нағашы жұрты Хиуаны билеген қазақ хандарының әулетінен өрбиді. Осының өзі-ақ оның ата шаңырағының астында айта қаларлық тәлім-тәрбие алғанын, “Жеті жарғыны” жадында тоқып өскенін айғақтаса керек. Мұстафа ауылында жүріп хат таниды. Әліпті ә дегенде ата-анасынан үйренгенге ұқсайды. Содан кейін Александр Керенскиймен бірге мандай алды болып (Ташкент гимназиясын тәмәмдап), кейін Петербург университетінің заң фәкултетін үздік бітіреді. Соңынан уақытша үкіметтің басына тұрған сол Керенский Мұстафа Шоқайұлына өз кабинетіндегі министірдің пәртфелін ұсынады, ал Мұстафа бас тартады.

Түріктер елі – Түркістанның тарихын бес саусағындай білген ол мәдениеттің, саясат пен заң ілімінің дамуына деген дара көзқарасын түркі ғана емес, сонымен бірге тәжік, орыс, ағылшын француз, неміс тілдерінде шырғасын шығармай баяндап беруге қаптал еді. Әлбетте оның Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясының Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірінші әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болуының өзі де әбден табиғи, әрі заңды еді, өйткені сол кездегі тарихи ахуалдың өзі, оқиғалар барысы жас Мұстафаны осы соқтықпалы соқпаққа салған, Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды қорлық-зорлық пен рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті арқалауға бар, болып көрмеген қан шентел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идео-

логиялық Һәм саяси күресте басын тігуге әзір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан. Содан ол қазаға ұшырағанша осы жолынан тайған емес. “Жарғыда” жазылған көне өсиеттен жазған емес. Оның достары – қандас бауырлары қазақ ұлттық интеллигенциясының аса көрнекті көш басшылары: Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ Петерборда танысып жақын тартып кеткен Түркістанның басқа халықтарының марқасқалары да дәл өзіндей елім деген ерлер еді. Шок жұлдыздай шағын ғана осы шоғыр күш біріктіріп, патшалықтың Шығыстағы жазалаушы саясатына қарсы шайқасты.

Думаның зорлық-зомбылық пен жүгенсіздікті тоқтату шараларын белгілеуіне де, қазақ-орыстар мен жазалаушылардың 1916-жылғы көтеріліске қатысушыларға көрсеткен айуандығын тексеру үшін тергеу комиссиясын құруға да шешуші ықпал жасаған Мұстафа Шоқай. Тергеуге бейбіт халыққа жасалған жауыздық жайлы құжаттар мен деректер, тонау, әйелдерді зорлап, өлтіру жайында айғақтар табыстаған да, қиратылған, өртелген, тоналған ауылдардың, қышлақтар мен қалалардың санын көрсетіп, аттарын атап берген де Мұстафа Шоқай. Құрылтай жиналыстағы Түркістан халықтарының құқықтарын қорғау жөніндегі өкілдер комиссиясына басшылық еткен де Мұстафа Шоқайдың өзі. Сонымен Мұстафа Шоқай тобы біртұтас Түркістан конференциясының құрамында Түркістан ұлттық автономияларын құруға бел байлаған. Ресейдегі революциялық ахуал: монархияның құлатылуы, 1917-жылғы Ақпан төңкерісі, Уақытша үкіметтің құрылуы оны осындай ойға жетелеген. Алайда сол Уақытша Үкіметтің дәл өзі Түркістан халықтарының өзін-өзі билеу құқына ашықтан-ашық қарсы шығып, империялық саясатты жалғастыруды жақтаған. Осыған байланысты Мұстафа Шоқайдан қалған естелік бар: ол Петербордан Түркістанға жүрер алдында өзінің төңкерістен талай уақыт бұрынғы ежелгі танысы Петербор солдат және жұмысшы депутаттары кеңесінің төрағасы, IV-Мемлекеттік Думадағы социал-демократтар партиясының жөн сілтеушісі Н.С: Чхеидзе оның алдағы жоспарының жай-жапсарын сұрағанда, Мұстафа Түркістанға автономия әперуге күш салатынын, соның әзірлігімен айналысатынын айтқан. Сонда Мұстафаның жауабынан Чхеидзе ыршып түседі: “Құдай үшін,

Шоқаев жолдас, отандастарыңызға автономия жайында айта көрмеңіз, себебі, **біріншіден**, бұл туралы айту әлі ертте; **екіншіден**, халқының мәдениеті мен заты мүлде басқа, тілі мен діні басқа сіздің Түркістан сияқты елдегі автономия – тұп-тура оқшаулыққа бастайтын жол, ал төңкерісшіл демократияшыл Ресейден тысқары оқшаулықтан сіздің халыққа пайда жоқ (“Жас Түркістан”. Мұстафа Шоқай мырзаның рухына, Париж, 1949-50ж.ж. 6-бет). Қысқасы, “орыстың” Орталық Азияда егеменді автономия құруға, оның үстіне конфедерация құруға ырық беру ешкімнің ойы тұрғай, түсіне кірмеген. Империялық саясат одан әрі жүргізіледі. Бәрі де бәз-баяғы қалпында орталық өкіметтің, тек ендігі жерде, большевиктер қолындағы өкіметтің рұхсатымен, әмірімен орындалып жатты. Ташкент пен Верныйда, Бішкек пен Бұхарада, Самарқан мен Ашхабадта ендігі жерде “жаңа төңкерісшіл ұлттық саясат” ұранымен бәз-баяғы қалпында орыс өктемдігі нығайтылып жатты. Ақпан төңкерісінен кейін большевиктер мен солшыл төңкерісшіл социал-демократтар офицер, солдат, көпес пен патша әкімшілігінің шенеуніктерінен тұратын жергілікті орыстар қауымының табан астында көрсеткен қолдауына сүйеніп, Ташкентте жаппай қуғын-сүргін ұйымдастырған болатын, империя басына төнген қауіп-қатер негізінен бұратаналар тарапынан таралып отыр деп топшалайтын бұл қауым бұрын қаншама қырғи-қабақ болса да большевиктерге бет берген. Жаппай қуғын-сүргін Орта Азия мен Қазақстанның барлық шаһарларын шарпыды...

...Орыстарға қарсылық сезімі қайтадан белең алды. Жойқын қысымның күшіне қарсы тұру қамымен мұсылман саяси ұйымдары: ғалымдар ассоциациясы (Үлем жамигаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шұра-и-Исләми), сондай-ақ қазақ ұлттық “Алаш орда” партиясы құрылды. Олар күш біріктіре келе 1917-жылғы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда Орталық комитет сайлап, Мұсылман орталығын құрады.

Орталықта Түркістанның барлық аймақтарынан өкілдер болып, оның құрамында ұлттық қозғалыстардың Махмұд Бехбуди (Бұхара), Ұбайдолла Қожаев, Асадолла Қожаев (Ташкент), Нәсірхан Төре (Ферғана), Мұхамеджан Тынышбаев (Жетісу), Ораз Сардар (Түркіменстан) және басқа белгілі басшылары кірді. Орталыққа Мұстафа Шоқайұлы басшылық жасады...

Дәл сол конференцияда қабылданған қарарда мынадай жазу бар: “Ресейдің құрамына кіретін барлық ұлттардың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар”...

Қоканда 1917-жылғы 22-желтоқсанда барлық саяси қозғалыстар мен партиялардың бүкілтүркістандық конгресі өткізіліп, онда Қокан автономиясының құрылғаны жайлы жарияланды. Оның тұңғыш президенті болып Мұхамеджан Тынышбаев сайланды, ал ол кетісімен бірауыздан Мұстафа Шоқай президенттікке сайланды. Қабылданған құжаттарда саяси, ұлттық, мәдени һәм құқылық дербестік жайында айтылады. Ресеймен экономикалық байланыстар теңдік пен өзара мүдделерді ескеру негізінде құрылуға тиіс делінді. Орынборда 1917-жылғы желтоқсанда “Алашорда” басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ өкіметі құрылды. Сөйтіп, Түркістан жұрты өз тағдырына өздері қожалық ету қамымен өз мемлекеттігін жаңғырту жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Алайда... Ташкент халықком кеңесі 1918-жылдың қаңтарында “қосарлас мұсылман үкіметін” құртуға шешім қабылдайды. Қолдағы барлық зеңбірек пен пулемет есептері, Ташкент гарнизонының қызылгвардияшылары, милиция бөлімдері, қарулы жұмысшы отрядтары, қазақ-орыс атты әскерлер жасырын да жедел жасақталды. Қаңтардың 5-інен 6-сына қараған түнде Қокан жан-жағынан тығыз қоршауға алынады да, таң ата шабуыл басталады. Қаланың қарасы аз, қаруы нашар қорғаушылары қолма-қол талқандалып, тып-типыл құртылды. Жеңгендердің талауына тасталған қала түгі қалдырылмай тоналды. Адамдарды ілдете қуып, әйелдерді зорлау, мүлікті тонау басталады, қолға түскендер тергеусіз, сотсыз атылып, куәлердің тегіс көздерін құртады. Мындаған жанды қала сыртындағы орға апарып жойып жібереді. Ақыры екі жүз мың қала тұрғынының төрттен бірі ғана аман қалады. Орталықтың келісімінсіз ендігі жерде Түркістанда ешкім де, ешқашан да автономия құруды ойға алмауы үшін, осындай қорқыту шарасы қолданылған-ды. “Алашорда” туының астындағы Қазақ автономиясының үкіметі қокандықтардың аяғын құшты. Қокан үкіметінің мүшелері тегіс өлімге

кесіліп, ғайыптың күшімен бірен-саран тірі қалғандары абақтыға қамалды. Қаланы қорғаушылардың ішіндегі бір топ білекті жігіттің батылдығы мен батырлығының арқасында Мұстафа Шоқай әрең дегенде отты қоршаудан аман құтылып шығады. Содан ол партизандарға (олар соңынан “басмашылар” аталады) тап болады да, соңынан жалғыз-жарым жасырынып жүріп, сол жылдардағы тәуелсіз Грузияға жетеді, мұнда ол Кавказ халықтарының демократияшыл қозғалысына бірден білек сыбана кіріседі...

Қызыл Армия 1920-жылы Грузияға кірген кезде, Мұстафа Шоқай Түркия шекарасынан өтіп, одан әрі Берлин асады, бұдан кейін Францияға жетіп, ақырында Париж түбінде тұрақтайды, ол мұнда келе салысымен Орталық Азия халықтарының тақсіретіне назар аударту үшін, Версаль конференциясына сөз салады. Сөйтіп, Түркістан халықтарының төңкеріске дейінгі және одан кейінгі тұрмысы туралы хақиқатты үшбу әлемге әйгілейді.

Сол күннен бастап, жиырма жылдан астам уақыт бойы Мұстафа Шоқай алған бетінен қайтпайтын адал, ақ ниетті күрескер ретінде Орталық Азияның тұрғылықты халықтары өзбек, тәжік, қазақ, қырғыз, түрікпен, қарақалпақ... ағайындардың ар-намысын жыртып, қажырлы жұмыс жүргізді.

Айт-айтпа, өзі Түркістан Компартиясы басшыларының бірі болған, өзі партияның VIII-съезінде делегат болған Иван Тоболин сынды атан жілік большевиктің өзінің аузынан: **“маркстік тұрғыдан алғанда, экономикалық жағынан әлсіз қазақтар бәрібір құрып-бітіп жоғалуға тиіс”**, – деген имансыз сөздер (Рысқұлов Тұрар, “Төңкеріс және Түркістанның түп халқы”, Кіріспесі, XII-бет) шыққанда, басқа-басқа, ал Мұстафа Шоқай сабыр сақтап, самарқау қала алар ма еді?!

“Правда” газетінің 1922-жылғы 20-мамырдағы №111-санында жазылғандай... **“1917, 1918, 1919-жылдарда жерлерін тартып алу үшін қырғыздарды(қазақтарды) тірідей өртеді!”** **“...оларды аң аулағандай аулады. Олар өз-өзінен құрып кететіндей күйге жеткізілді”**... **“Олардың мал айдауына кедергі келтіру үшін, көптеген жер учаскелері басып алынды. Мал айдап өтушілерден айып-анжы үшін көш жолдарына әдейі омарталар қойылды”**.

Совет баспасөзінің беттерінен тек 1919-жылдың өзінде ғана **“Бір миллион жүз он төрт мың қазақтың”** қырғынға ұшыратылғанын білген (бұл да сонда, 77-бет) Мұстафаның ашу-ызаға булығып, қанша қайғы жұтып қасірет шеккенін елестетудің өзі қиын.

“Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және басқа Батыс орталықтарындағы қызметінің сан қырлы да сапалы болғаны соншалық, оны есептеп жату мүмкін емес”, – деп жазады Мемлекеттік думаның бұрынғы мүшесі, Грузияның сыртқы істер министірі А.Шенгелия.

“Қазақ кедейлерінің қасіреті мен совет үкіметінің арамзалығын түсіну үшін, – деп жазды Мұстафа Шоқай, – патшалық құрылыс қазақ халқынан орыс қоныстанушыларының пайдасына 40 мың тақтадай шұрайлы жер тартып алғанын, ал Совет үкіметінің ұлт азаттық төңкеріс атынан құлатылған құрылыстың жер жөніндегі әділетсіздігі түзетіледі, тартып алынған жерлері қазақтарға қайтарылады, бұдан былай қазақ жерлеріне қоныс аударушылар жіберілмейді деп уағда бергенін біту керек”. (Мұстафа Шоқай мырза. **“Советтер билігіндегі Түркістан”**, Оксфорд. 1985-ж. 88-бет).

Кем дегенде тағы да миллиондай адамның ғұмырын жалмаған 20–30-жылдардағы аштықтан кейін Қазақстанда 1927–1928-жылдары атышулы **“Кіші қазан”** жоспары жасалған-ды. Бұл науқанды жүзеге асыру үшін қазақтардың астығын, малы мен мүлкін түгін қалдырмай тартып алып, олардың өздерін қалыптасқан тіршілік салтымен санаспай, **“киіз үйлерінен қалаларға қуып әкеліп”,** онда азық-түліксіз, малсыз, отынсыз, көліксіз қалдырып отырды. Сонда қыс пен көктемде адамдар қырылып, қалғандары жол кезіп, тентіреп жүріп өлетін. Бұған қарсы шыққандар қанына тұншықтырылды. Осындай тәсілмен 1929-жылдан бастап 1933-жылдардың ішіндегі аралықта қалған қазақтың тағы да үштен екісінің көзі құртылды. Сөйтіп, Дала болашақ тың игерушілер үшін, Карлаг, Степлаг, Алжир (Отанға сатқындық жасағандардың әйелдерінің Ақмоладағы лагері) тұтқындары үшін, қудаланған халықтар; корейлер, немістер гректер, шешендер мен ингуштер, Қырым татарлары... үшін босатылып жатты.

Тегінде “Кіші қазан” 1928-жылғы 30-желтоқсанда Түркісіб құрылысының Сергиопольдегі бір учаскесінің басшылары, коммуннистер Илья Галков, Василий Соловьев, Николай Рыбин ұйымдастырған сойқаннан басталған (бұл жайында “Советская степь” газеті 1929-жылғы 30-қаңтардағы санында жазған болатын)...

Осылайша Совет өкіметінің алғашқы жиырма жылында **Орталық Азия республикаларының ішінде ең сойқан, ең қатыгез ауыртпалық Қазақстанның басына түсті**, сондықтан да 1937-жылғы санақтың қорытындыларын Мұстафа Шоқайдың қатты алаңдап, дегбірсіздене тосуы заңды еді. Ақыры ол осы санақ қорытындыларын көре алмай көз жұмды. Санақ деректерінің кемшіні көп деп жарияланып, құпия күйінде қалдырылды. Санақты ұйымдастырушылар қуғын-сүргінге ұшырады, ал енді Қазақстан мен Украинада 1926-жылғы санақтан беріде өткен он бір жыл ішінде халық санының өсу тұр ғой, күрт азайып кетуіне байланысты, осы екі республикада санаққа тікелей не жанама қатысушылар аттырылып жіберілді. Ал енді қалған республикалар мен облыстарды алсақ, олар халқының табиғи үлкен өсімімен көзге түседі. **“Өзбек ССР-і (-28,8), Тәжік ССР-і (-34,6). Түркменстан (-36,6), Қырғызстан (-37,2), Әзірбайжан (-32,8), Армения (-38,6), Грузия (-27,3), Дағыстан (-28,3) және т.т.”**

РСФСР бойынша халық саны 1926 -жылғы 93 107 796 адамнан — 1937- жылы 103 967 925 адамға жетті.

Украина халқының саны 1926 – жылғы 28 925 976 адамнан – 1937-жылы 28 387 609 адамға дейін азайды, осы орайда мұнда балалардың дүниеге келіп жатқанын ескеру керек.

Ал енді мынаған көз салайық... **“Қазақстан халқының 1930–1936-жылдар ішіндегі (әр жылдың I-маусымындағы есеп) ауытқуы Қазақстан халық шаруашылық есеп басқармасының деректері бойынша мынадай (мың адам): 1930–5873; 1931–5014; 1932–3227; 1933–2493; 1934–2631,8; 1935–2926,0; 1936–3287,9”**.

Бұл деректердің бәрі де тек 1990-жылы “СОЦИС” (“Социальные исследования”) журналының алтыншы санында жарияланып отыр. Сонда мынадай деректер келтірілген: **“Украинада 1993-жылы 1.309 мың адам өлген немесе бұл 1932-жылғыдан 641 мыңдай артық,**

358,9 мың адам дүниеге келген (ал 1932-жылы 782 мың адам туған)”. Қазақстан жайында мұндай деректер жоқ. Қатаң құпияланған құжаттың өзінен алынып тасталғанына қарағанда, сірә, бұлар басқалардың бәрінен өткен сұмдық болса керек. Оларды тіпті кәзір жариялаудың өзіне адам дәті шыдамайтын болса керек.

Ағылшын тарихшысы Конквестің куәлік етуі бойынша, 1929–1933-жылдары әсіресе Қазақстан мен Украинаның, оның ішінде Қазақстан халқы аса қатыгез қырғынға ұшыратылған. Цифрлар мынадай: **1926-жылы республика халқының саны әлі де “6 миллион 678 мың 570 адам болса” (1913-жылы Қазақстанда тек қазақтар ғана жеті миллионға тарта болған), ал 1933-жылы бұл сан “2 миллион 493 мың 500 адамға дейін” азайған.** Ендігі жерде бұған 1926–1933-жылдар аралығындағы жеті жыл ішінде Қазақстанға өз еркімен немесе орталықтың ұйғарымы бойынша миллионнан астам орыстардың көшіп келгенін, қазақ-орыстардың бәзбаяғыдай қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алуын тоқтатпағанын қосыңыз; онымен бірге табиғат әмірімен әйел құрсағының, әйтеуір, құр қалмағанын ескеріңіз, сонда екі де емес, үш те емес, тура төрт миллионнан астам қазақ жоқ болып кеткен, **“құрып біткен” болып шығады.** Бұлардың ішінде аштық бүлігі үстінде немесе жазалаушылардың “түнгі жорықтары” кезінде қазақ-орыстардың қылыш, оғы мен дырауынан, әйтеуір, аман қалған бірен-саран жарығы таусылмаған бақырлар бар.

Сонда жендеттер оғынан бас сауғалап аман қалғандар қанша екен деген сауал туады?

Сол бір құпия санақ деректерінде былай делінген: **“Қазақстаннан 1930–1932-жылдары ССРО-ның шекарасынан сыртқа ауғандардың саны 1,3 миллион адам болды... Қазақстаннан сыртқа кету 1933-жылы да орын алды және осы уақыт ішінде ССРО-да сыртқа кеткендердің жалпы саны екі миллиондай болып шығады”.**

Басы ашық деректер міне – осындай. Өткен ғасырдың соңында басталған бір халықты құрту тарихы – осындай. Мұстафа Шоқай миллиондаған қазақтардың қырылғанынан құлағдар еді: ол мұны, әйтеуір, ғайыптың көмегімен Түркияге жетіп, одан Батыс барған бірен-саран жаны сірі-

лердің әңгімесінен білген, сол жылдары республикада егін-нің бітік шыққанын да, бірақ қазақтардың соңғы қозысы мен соңғы бір уыс бидайын тартып алғанын да біліп отырған, тіпті ол аш ағайындарына азық-түлік көмегін ұйымдастыруға да әрекет жасаған.

1941-жылғы 22-маусымда гитлершілдер Совет Одағына шабуыл жасаған күні эсэсшілдер оны шұғыл тұтқындаған еді. Сол кезде Францияда жүрген орыс елауғандарымен бірге Мұстафа Шоқайды Париж түбіндегі Кемпьян концлагеріне қамайды...

Мұстафаны олар Кемпьянде екі апта ұстап, қалай шұғыл тұтқындаса, дәл солай шұғыл босатып қоя береді...

...Оның қазасына қатысты деректерді салыстырып, елпекшей келгенде, оны өздерімен қызметтес болудан бас тартқаны үшін, нацистер өз қолымен өлтірді деген бір ғана пікірге тірелесің. Өзіміздің “буржуазиялық идеологияны” “әшкерлеушілер” қанша әсірелеп жазғанымен, оны жау қосынына қосудың ешқандай қисыны жоқ, ол өзінің Ұлы Отанының патриоты болды және солай болып қалды. “Әшкерлеушілер” қанша қайталаса да, оның атышулы Түркістан жасағына ешқандай жанасымы болған емес, ол оның ұйымдастырушысы да, мүшесі де болған емес, өйткені Мұстафа Шоқай “осы жасак” баспасөздің аузына ілігерден аттай бір жыл бұрын 1941-жылғы 27-желтоқсанда дүниеден көшкен еді (Әнуар Әлімжанов. “Мұстафа Шоқай! Ол кім?”, “Қазақ әдебиеті”, 21 және 31-мамыр, 1991-жыл).

* * *

1924-жылы Орта Азияда ұлтаралық бөліс болды. Оның нәтижесінде түрікпендер (700 мың адам) одақтық республика құрып алды да, халқының саны 5 миллионнан асып кеткен қазақтардың республикасы одан бір саты төмен деңгейде, яғни автономия дәрежесінде қала берді.

Ал 1929-жылы халқының саны 1 миллионға да жетпеген тәжіктер (900 мың адам) де одақтық республика мәртебесін алды. Қазақ пен қырғыздың қолы мұндай жетістікке тек 1936-жылы ғана жетті (Аққали Қодықов. “Түркістан”. 08.09.05).

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1. Нұрсұлтан Назарбаев.....	7

ЕРТЕДЕ

2. Арыс.....	34
3. Иданфирс.....	49
4. Томирис.....	55
5. Мүде шәнүй.....	61
6. Дәу (Нәнді) баласы Елсау Күнби.....	73
7. Ұмай ене.....	79
8. Майкы би.....	83
9. Аттила.....	97
10. Бумын қаған.....	105
11. Қорқыт.....	110
12. Йоллығ тегін.....	116
13. Әбу Насыр Әл-Фараби.....	123
14. Жүсіп Баласағұн.....	129
15. Махмұт Қашқари.....	134
16. Қожа Ахмет Иасауи.....	144
17. Бейбарыс сұлтан.....	150
18. Керей хан.....	156
19. Қасым хан.....	163
20. Мұхаммед Хайдар Дулати.....	170
21. Өтейбойдақ Тілеукабылұлы.....	177
22. Салқам Жәңгір.....	196
23. Бұқар жырау Қалқаманұлы.....	205
24. Қазыбек бек Тауасарұлы.....	216
25. Әбілқайыр хан.....	228
26. Бөлек батыр Сатайұлы.....	238
27. Абылай хан.....	245
28. Сырым Датұлы.....	255
29. Шоң би.....	262
30. Шоқан Уәлиханов.....	268
31. Ыбырай Алтынсарин.....	272
32. Абай (Ибраһим) Құнанбаев.....	276
33. Мұхамеджан Қарабаев.....	285
34. Балуан Шолақ.....	288
35. Кәкітай Ысқақұлы.....	295
36. Мұхаметжан Сералин.....	298
37. Шолпан (Қараторғай) Жанболатқызы.....	303
38. Мұстафа Шоқай.....	309

ЖҮЗ ТҰҢҒЫШ

1-кітап

Сарашысы – *Ұлжалғас Зәуірбекова*
Техникалық сарашысы – *Раиса Винокурова*
Беттеген – *Гүлнұр Жәрімбетова*
Безендірген – *Вячеслав Ким*

Теруге 20.09.05 жіберілді. Басуға 31.10.05 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84х108₃₂. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 19.0. Шартты баспа табағы 16.8. Есептік баспа табағы 15.7. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1312. Келісімді баға.

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,
E-mail: rpik-daur_81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru